

1 2009
19632 к



**ЖАҢА
АТАУЛАР**

ЖАҢА АТАУЛАР

(Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар)

I

АЛМАТЫ «АНА ТІЛІ» 1992

ББК 81
А 40

Сөздік материалдарын жинап, құрастырғандар:
А. Алдашева, Ш. Сарыбаев, Н. Уәлиев.

Жауапты редактор
Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент
мүшесі *Р. Сыздықова.*

Алдашева А. т. б.

А 40 Жана атаулар. А. Алдашева, Ш. Сарыбаев,
Н. Уәлиев — Алматы: «Ана тілі», 1992—128 бет.
ISBN 5—630—00165—5

Саяси, әлеуметтік, мәдени өмір мен ғылым және техника әлеміндегі жаңалықтар, өзгерістерге орай қазақ тілінде жүздеген жаңа сөз қолданыстары пайда бола бастады. Сондай сөздердің мағыналары мен орыс тіліндегі баламалары көрсетілген шағын сөздік 1985 жылы тұңғыш рет көпшілік назарына ұсынылды. Оған негізінен, 1973—1983 жылдарда баспасөз беттерінде және өзге де әдебиеттерде кездескен тың мағыналы сөздер енген еді. Одан кейін 1984—1988 жылдарда жиналған материалдармен толықтырылған тағы бір аз тиражды басылым 1990-жылы жарық көрді.

Ұсынылып отырған басылым кейінгі кезде (1988—1991 жылдарда) пайда болған жаңа сөздер, балама-атаулар, қолданыстармен толықтырылып, алдыңғы басылымдармен біріктіріліп, екшеуден өтіп беріліп отыр. Сөздік көпшілік оқырманға, тіл мамандарына, жоғары мектеп оқушылары мен студенттеріне, жалпы ана тілін сыйлайтын қауымға арналады.

А $\frac{4602030000-024}{415(05)-92}$ 075—92

ББК 81

ISBN 5—630—00165—5

© Алдашева., Сарыбаев Ш.,
Уәлиев Н. 1992.

АЛҒЫ СӨЗ

Тіл — өмірмен өзектес жанды құбылыс. Сондықтан оның сөздік құрамы әрдайым өзгеріп, толығып, дамып отырады. Әр дәуір, әр қоғам, әр халық өзіне қажет жаңалықтарды туғызса, сол жаңа зат, құбылыс, ұғым, іс-әрекеттердің өз атаулары пайда болады. Қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік, мәдени өміріміз бен ғылыми-техникалық дүниемізге қаншама жаңалықтар еніп отыр. Осыған орай қаншама соны атаулар — жеке сөздер мен сөз тіркестері пайда болып жатыр! Мысалы, 50-ші жылдары еліміздің тың жерлерін игеруге байланысты орыс тілінде *целинник* сөзі пайда болса, қазақ тілінде *тың игеруші* деген тіркес пен *тыңгер* сөзі дүниеге келді.

Соңғы отыз жылдың ішінде адамзаттың космос әлемін танып-біліп, игере бастауы көптеген соны сөздерді туғызды. Мысалы, мұнда тек *космос*, *космонавт*, *астронавт*, *спутник* сияқты сөздер ғана емес. Космосты игеруге қолданылатын әр алуан техника, машина, құрал-жабдық т. б. атаулары да, осы саланың ғылыми жаңа терминдері де, тіпті *ғарыш*, *ғарышкер*, *ғарышнама* тәрізді поэтикалық («бағалауыш») сөздер де қазақ тілінен орын алды.

Әлеуметтік, шаруашылық, мәдени өмірімізде, халықаралық жағдайда пайда болып жатқан жаңа ұғымдар да көптеген неологизмдерді талап етіп отыр. *Алтын кітап*, *кәсіптік бағдар*, *тәлімгерлік қозғалыс*, *шаруашылық есеп*, *экономикалық қоғамдастық*, *екітілділік*, *егемендік*, *мемлекеттік тапсырыс*, *кешенді бригада*, *жеке меншіктендіру*, *орталықтандырған қор*, *фермерлік*, *бірінші оқылу* сияқты тіркестер мен жеке сөздер — осындай жаңа мағынада жұмсала-тын атаулар.

Жаңа қолданыстар тек жаңа ұғымдарды білдіру үшін ғана емес, бұрыннан келе жатқан зат, бұйым, құбылыстарды дәлірек, дұрысырақ етіп қайта атау үшін де туып жатады. Бұрын *проводник пляж*, *дача*, *призёр*, *овоц*, *установка* деп орысша атап жүрген сөздерге қазақша балама тауып, бұл күнде *жолсерік*, *жағажай*, *саяжай*, *жүлдегер*, *көкөніс*, *қондырғы* деп атайтын болсақ, бұлар да лексикамыздағы жаңа қолданыстар ретінде танылады.

Қысқасы, бүгінгі таңдағы оқырманға күнделікті баспасөз беттерінен, радио мен телехабарлардан, ғылыми әдебиеттен, тіпті көркем әдебиет кітаптарынан жүздеген соны сөздер, тосын тіркестер немесе байырғы сөздердің жаңа мағынада жұмсалып отырғаны жақсы сезіледі. Олардың бірқатары (*тәлімгер*, *мердігер*, *құрылғы*, *қойылым*, *сұраныс*, *егемендік*, *жалгер*, *мерейгер* т. б.) алғашқы сәтте

құлаққа жат естіліп, оларға тосырқай қарағанымызбен, бұлар жиі қолданыла келе әбден түсінікті, кәнігі сөздерге айнала бастады. Бір кезде, 50—60-жылдары, *оқулық, оқырман, көрермен, үйсайыс* сияқты сөздерге де жатсына қарағанбыз. Кезінде *өсімдік* (20-жылдардың жасандысы), *өнеркәсіп, кәсіподақ, баспасөз* (30—40-жылдардың табысы) дегендер де жаңа элементтер болатын. Ал қазір бұлардың барлығы ана тіліміздің атам заманнан келе жатқан байлығындай сезіледі.

Сөйтіп, бүгінгі өмір тілде де, оның сөздік құрамында да жаңалықтар тудырып отыр. Осыларды тіркеп, түсіндіріп, дұрыс-бұрысын айыру — тіл білімінің лексикография деп аталатын саласының міндеті. Бірақ кешанда да, қай тілде де лексикография өмірден («тіл тіршілігінен») кешең қалып отырады. Соған қарамастан тіл мамандары мұндай өзгеріс-жаңалықтарды тауып хатқа түсіріп, жүйелеу міндетінен бас тарта алмайды. Қай тілде де бұл жұмыс ертелі-кеш қолға алынады.

Орыс тіліндегі жаңа ұғым атауларын жеке сөздік етіп көпшілікке таныту 1971 жылы басталды.¹ Мұнда орыс әдеби тіліне тек қана 60-ыншы жылдары енген неологизмдер түсіндіріліп берілді. Бұдан кейінгі кезеңдерде «Орыс лексикасындағы жаңалықтар» деген айдармен «Сөздік материалдары» жарияланып келеді.² Соңғы жариялауларда бес газет, үш журналдың 1978, 1979 жылдардағы бір-неше сандарында кездесетін жаңа сөздер мен тіркестер тіркеліп оларға түсініктеме берілген мысалдар келтірілген. Бұл игілікті әрекет әрі қарай жалғасып, 70-інші жылдардағы баспасөз бен өзге әдебиет материалдарынан жиналған жаңа сөздер мен соны мағыналар 90 баспа табақ үлкен анықтама-сөздік болып шықты.³ Бұл — 1971 жылғы сөздіктің жалғасы, яғни осы тектес сөздіктердің екіншісі легі ретінде ұсынылған. Міне, осындай жұмыстарды қазақ тілі саласында да жүргізу керектігі даусыз. Қазіргі қазақ тілі тәжірибесінде, әсіресе күнделікті баспасөзде, радио мен телевизия тілінде, көркем әдебиетте соны сөздер мен тіркестер едәуір кездеседі. Сондай-ақ бұрынғы сөздердің жаңа ұғымда қолданылуы да аз емес.

Бүгінгі таңда қазақ тілінде жаңа сөздер мен тіркестерді, жаңа мағыналарды туғызып отырған факторлар қандай? Ең алдымен, бұған, жоғарыда айтылғандай, өмірдің өзі әкелген жаңалықтарды атау қажеттігі себепкер болып отыр. Ғылыми-техникалық революция дәуірі тек арнайы ғылыми терминдерді ғана емес, көпшілік қауым күнделікті өмірде жиі қолданатын сандаған сөздерді ұсынуда. Олардың басым көпшілігі интернационалдық қордан орыс тілі арқылы қабылданды. Бұлар сан жағынан едәуір көп, бірақ оларды түгел тіркеп қазақша түсіндіріп беру келешекте қолға алынбақ.

Сондай-ақ әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани өміріміз әкеліп отырған жаңа құбылыс, қарым-қатынас, түсінік-танымға қатысты ай сайын, жыл сайын туып жатқан ұғымдар өз атауларын талап етеді. Жоғарыда аталған *мердігерлік әдіс, тәлімгерлік қозғалыс* дегендермен қатар, *аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік, салауаттылық, теңгер-мешілдік, орталықтандыру, «ақ таңдақтар»* тәрізді сөздер мен

¹ Новые слова и значения: Словарь-справочник по материалам прессы и литературы 60-х годов. М., 1971.

² Новое в русской лексике: Словарные материалы — 77. М., 1980. Словарные материалы — 78. М., 1981; Словарные материалы — 79. М., 1982.

³ Новые слова и значения. Словарь-справочник по материалам прессы и литературы 70-х годов. М., 1984.

тіркестер — осы орайда 1970-жылдардан бермен қарай пайда болғандар.

Ал 1990-жылдардан бастап қазақ лексикасының соны тұлғалармен толығуының жаңа кезеңі басталды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуі енді бұл тілдің қызмет өрісін кеңейтіп, барша байлығын сарқа, дұрыс пайдалануды күн тәртібіне қойды. Ол үшін ең алдымен көптеген ұғымдарды білдіруде қазақ тілінің өз мүмкіндігі бар екендігі көрінді. 60—70-жылдар бойы орыс тілінен алынып қолданылып келген *устав, программа, председатель, секретарь, суверенитет, компенсация, документ, информация, пенсия, юбилей, некролог, рекомендация, спонсор, фундатор* сияқты сөздердің ұғымын қазақша беруге болатыны байқалды. Бұл орайда *бағдарлама, өтем, зейнетақы, мерейтой, мерейгер, қазанама, кепілдеме, жалгер* тәрізді жаңа атаулар дүниеге келді; 1920-жылдары біраз қолданылып, кейін ығыстырылған *хатшы, төраға, құжат* тәрізді сөздер қайтадан соны қолданыстар қатарына қосылды; *ақпарат, жарғы, жарлық, демеуші, қолдаушы, кеңес, жал* сияқты сөздердің мағынасы жаңғырып, олар да лексикалық соны дүниелер болып қосылды.

Бұл процесте, әрине, барлық жаңа қолданыс сәтті шығып жатыр деуге болмайды. Алдымен, қазақ тіліне ертеректе еніп, сіңісіп кеткен кірме сөздердің баршасына қазақша балама телу дұрыс емес екенін білу керек. Әсіресе ғылымның әр алуан саласына жататын интернационалдық сөздердің терминдік мағынасын дәл беретін қазақ сөздерін табу немесе оларды қолдан жасау қиын, тіпті кейде мүмкін емес екенін естен шығармаған абзал. Екіншіден, *газет, журнал, минут, секунд, поезд, самолет, институт, училище, телеграмма, телефон* тәрізді бұдан жүз жылдан астам бұрын қазақ тіліне еніп, қолданыста әбден дағдыға айналған кірме сөздерді енді қайтадан қазақшалап, ұсынылып жүрген *өзіушар* (самолет), *үнқағаз* (газет), *үнсандық* (телефон) тәрізді жасанды сөздермен білдіру тіл үшін де, ол тілдің иелері үшін де оңтайлы емес, өйткені біріншіден, тіл тіршілігінде дағды факторының орны ерекше, онымен қай тіл болса да санаспай отыра алмайды, себебі тіл — қалың жұртшылықтың, бүкіл халықтың құзырындағы дүние. Ғасырлар бойы халық санасына сіңіп, етене болып кеткен сөздерді тілден ығыстырып, қайтадан жаңаша атау, адамдар мүддесімен санаспау болып табылады.

Дегенмен бұл күнде жаңа ұғымдарды қазақ тілінің өз сөздерімен беруге бейімділік күшті. Бұл қазақша баламалар көбінесе орыс тілінен калька жолымен жасалады. Мысалы: *Қызыл кітап, аралатпа сауда, дөңгелек стол, қайталама шикізат, жазылыс жазылым, қайтарым, мыңшылар, мәңгілік алау, материалдық көтермелеу, жеке меншіктендіру, қайта құру, жариялылық* т. т.

Лексикалық жаңалықтардың пайда болуына себепкер екінші жағдай, ол — бұрын орысша атауымен немесе суреттеме жолмен (тіркес арқылы) білдіріліп келген ұғымдардың қазақша жатық, дәл баламасын табу әрекеті. Мысалы, жоғарыда көрсетілген *жолсерік, жағажай, иегер, жүлдегер, көкөніс* дегендерден басқа *дача* дегенді *жазхана* немесе *саяжай, учительская* дегенді *ұстазхана, новосельені қонысмай/қонысмай/қоныстой, флагманды жалаугер* деп атай бастау — осы әрекеттің нәтижесі. Қазақша баламалар көбінесе тұрмыстық зат, бұйымдар атауларына немесе спортқа қатысты болып келеді. Бұрын *простыня, фляга, рогатка, рюкзак, ванна, грелка, варенье* деп орысша атап келген сөздердің орнына *ақжайма, дүңгір, айырсадақ, жолдорба, былау, жылытқы, қайнатпа* сияқты эквиваленттері қолданылған фактілері бар. Әрине, бұлардың баршасы сәт-

ті деуге болмайды. Мысалы, *наушник* дегенді *құлаққап*, *пассажирді жүрісші* деп атау қаншалықты ұтымды екенін айту қиын. Сондықтан орысша бір атаудың қазақша жаңа баламалары екі-үш түрлі болып, жарыса қолданылып келгендері және әлі де қолданылып жүргендері де аз емес. Мысалы, көпке дейін *дача* дегенді *саяжай*, *саялық*, *жайлаужай*, *самалбан* деп, *овоц* дегенді *жасылша*, *көкеріс*, *көгегіс*, *көгөніс*, *көктар* деп, *букетті гүлгүл*, *гүлдесте*, *гүлшоқ* деп, *рюкзак* дегенді *жолдорба*//*жолқапшық*, *варенье* дегенді *тосап*//*мұрапа*//*қайнатпа*, *универсальный* дегенді *эмбебап*//*бесаспап* деп екі-үш вариантта беріліп келді. Мұндай жарыспалы қатарлар өзге ұғым атауларында қазірде де кездеседі.

Кейбір тағам, жем, аң-құс, ойын т. б. аттарын да қазақша қайта атау үстінде ұмыт болған көне немесе жергілікті сөздерді пайдалану әрекеті бар. Мысалы, *крокодилді қолтырауын* немесе *темсақ*, *меласса*, *патока* дегенді *сірне*, *шарап*, сыра дайындағанда қалатын қалдықтардан әзірленіп, малға берілетін қоймалжың жемді (барданы) *төп* деп атау, *универсал*, *универсальный* деген ұғымды *эмбебап*, *меню* дегенді *мәзір* деп жаңғыртып атаулар осыны танытады.

Орысша *издание*, *издатель*, *устройство*, *постановка*, *ввоз*, *спрос*, *путевые заметки*, *прикладной* деген ұғым атауларына *басылым*, *баспагер*, *құрылғы*, *қойылым*, *сұраным*//*сұраныс*, *жолжазба*, *қолданбалы* деп, сөз түбірі морфологиялық тұлғасы жағынан өзгеше ұсыну да жаңа қолданыстар қатарын молайтып тұр.

Соны сөздерді өмірге келтіріп отырған үшінші фактор «бағалауыш» сөздерді қажет етуімізге байланысты. Әдетте атауыш сөздер қолданылу мақсатына қарай термин сөздер және бағалауыш сөздер болып ажыратылады. Алдыңғылар белгілі бір ұғымның нақты (ресми, тұрақты) атауы болса, соңғылар кейбір заттар мен ұғымдардың образды (ресми емес) атаулары болып келеді. Мысалы, «космос» ұғымының қазақ тілінде де терминдік, нақты, тұрақты атауы — *космос*, ал осы космосты бейнелеп, экспрессиямен білдіргіміз келгенде, *ғарыш* сөзін пайдаланып жүрміз. Осы қатарда *ғарышкер* (космонавт), *ғарышшама* (космология), *атомгер* (атомщик), *мадақнама* (награда), *өмірнама* (биография), *топжарғандар* (озатар), *дүниеқоңыздық* (затқа табынушылық), *көктемір* (робот), *ғаламшар* (планета) сөздерін көрсетуге болады. Бұларда сол ұғымды (затты) белгілі бір бағамен атау сипаты бар: «түсініктілік» бағасы (*мадақнама*, *өмірнама*), экспрессия (*топжарғандар*, *дүниеқоңыздық*), көтеріңкілік (*мақсаткер*, *ғаламшар*) т. б. Мұндай қосалқы атауларға күнделікті баспасөз бен радио, телевизия хабарлары жиі жүгінеді. Өйткені бұлардың алдында ойды әсемдеп, бейнелеп беру — образдылыққа неқ арту мақсаты тұрады, осы арқылы сөзді көпшілікке әсерлі етіп ұсыну көзделеді. Оның үстіне бір сөзді қайталай бермеу үшін де «бағалауыш» қосалқы сөздер оңтайлы соғады. Сондықтан мұндай қосалқы атаулар жана қолданыстар ретінде (көбінесе мағынасын жаңғырған байырғы сөздер) танылғанымен, «бағалауыш» сөздер өздерінің түпкі терминдік сыңарларын тілден ығыстырмауға тиіс.

Міне, қазақ тілінің лексика саласында жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуына немесе байырғы сөздердің жаңа мағынада қолданылуына себепкер болатын жағдайлар осындай.

Бұл жаңа элементтер қайдан, қалай жасалады? Бұл жердегі «жаңа» деген анықтауыш шартты. Әдетте, «жаңа сөз» дегеніміз — тілде бұрыннан бар сөздердің (түбірлердің) жұрнақтар жалғауы, бір-бірімен қосақталуы (бірігуі, кірігуі, жұптасуы), тіркесуі, қысқарып барып бірігуі (аббревиатура), мағына ауыстыруы сияқты

амалдардың бірі арқылы құбылған түрлері. Біздер теріп, тіркеп отырған «жаңа сөздер» де осындай бұрынғының «жаңғырықтары». Бірақ олар естіліп барып, өшіп кететін дыбыс жаңғырықтары емес, материалдық дүниелер — тіл единицалары, яғни белгілі бір ұғымды, білдіретін дербес сөздер (және тіркестер), сөздік қазынаны молайтатын, тілдің ілгері даму процесін көрсететін бағалы «дүниеліктер».

Қазіргі жаңа сөздер негізінен мынадай жолдармен жасалған:

1. Жұрнақтар жалғау арқылы. Бұл ретте кейбір жұрнақтардың активтенгені көзге түседі. Олар: *-кер, -гер (майдангер, ғарышкер, мақсаткер, хабаргер, саясаткер, баспагер, киногер, атомгер, жалау-гер, мерейгер, айтыскер т. б.), -нама (дәуірнама, жаднама, дерекнама, тарихнама, сапарнама, құбыланама, халықнама, өмірнама, мадақнама, ғарышнама т. б.), -хана (перзентхана, жетімхана, мәйітхана, зергерхана, жазхана, дыбысхана, дәмхана, ұстазхана, ойынхана т. б.), -қы/-кі/-ғы/-гі (басытқы, құрылғы, жылытқы), -ым/-ім/-м (қойылым, басылым, бастырым, терім, тұтым, ұсталым, бағым, сұраным т. б.), -ма,/-ме (борлама, нұсқама, жариялама, қиғаштама, орама, дайындама, кескіндеме, лездеме, құлақтама, сығымдама, жиектеме, безендірме, талдама, бағдарлама, дәйектеме, анықтама, кепілдеме) т. б. жұрнақтары.*

Жаңа техникалық құрал-жабдықтар атауларын беруде *-қыш -ғыш* жұрнағы да жиірек қолданылып жүр: *үккіш, сыдыражыртқыш, қаржыртқыш, шақсорғыш, еттартқыш т. б.*

2. Түбірлерді біріктіру арқылы: *жағажай, гүлтәж (і), қонымай, ойынсерік, ақжайма, гүлпарақ, төсеқақы, зейнетақы, тілашар, «өгейшешек», тұсқағаз, қасбет, құлақілдік, аяқжол, кунқалқа, газқағар, бетесеп, қаршақыз, айнамуз, айлабұйым, аспансерік, төстабан, жолкіре, сөзтізбек, алқагүл, жерқойма, доптаяқ т. б.* Бұл — жаңа сөз жасаудағы қазіргі кездегі ең өнімді тәсіл.

3. Сөз қосарлау арқылы: *ақылшы-ұстаз, жөндеуші-реттеуші, аспашы-слесарь, таңдау-балама, айырып-қосқыш, күйме-бесік т. б.* Бұл — өзгелерге қарағанда өрісі тарлау амал.

4. Сөз тіркесі арқылы: *алтын кітап, қанаттас серік, қой тоғытпа, қайта құру, қосалқы бөлшек, өзіне-өзі қызмет ету, жеке меншіктендіру, қайта құру т. б.*

5. Бұрынғы сөзге жаңа мағына жүктеу арқылы. Бұл амал көбінесе сөзге нақты терминдік мән беруде пайдаланылады. Мысалы, *сапар* сөзі қазіргі публицистикада жай жол жүру дегенді емес, мемлекет, ұйым т. б. басшыларының өзге елдерге ресми түрде қызмет бабымен немесе арнайы шақырумен баруы (визит) деген ұғымдағы саяси-қоғамдық терминді білдіреді. Сол сияқты, *желік* деген қарапайым сөз *әскери желік* тіркесінде келіп «военный психоз» деген терминдік мән алғанын көреміз. *Жариялылық, салауаттылық, апталық, төрешілдік, ілгерішіл, қоғамдастық, теңгермешілдік* сөздері де жаңа терминдік мағынаға ие болған байырғы элементтер. Олардың «жаңа қолданыс» ретінде танылуы мағыналарының сонылығына байланысты (осы сөздікте көрсетілген мағыналары мен мысалдарын қараңыз).

Сөйтіп, бүгінгі таңдағы қазақ тілінде жаңа сөздер мен жаңа тіркестер пайда болып, бұрынғы сөздер мен бұрынғы тіркестердің жаңа мағынада жұмсалудың орын алып отырғанын көрсетуді, оларды қыруар әдебиеттен іздеп тауып, тіркеп-тізуді және түсіндіріп беруді қолға алатын мезгіл туды. Бұл жұмыстың бастамасы ретінде алғашқы шағын сөздік 1985 жылы жарық көрген еді. Екінші рет сол сөздік екі есе толықтырылып, ішінара жөнделіп, жаңа басылымы 1990 жылы ұсынылды. Енді бұл сөздік тағы да толықтырылып, әсі-

ресе 1990-жылдардан бастап қазақ тіліне қауырт, молынан енген жаңа қолданыстарды (олардың өмірге «жолдама алған» түрлерін де, әлі қолданысқа еркін түспеген, мүмкін тіпті түспейтіндерін де) тіркеп, үшінші рет жұртшылық назарына ұсынылып отыр.

Сөздік, ең алдымен, қалың жұртшылыққа пайдалы болмақ: ол күнделікті баспасөзді, көпшілікке арналған ғылыми әдебиетті, көркем туындыларды дұрыс түсініп оқуға көмектеседі, жаңа ұғымдарды дәл атауларына, оларды орнымен қолдана білулеріне септігін тигізеді. Жаңа сөздер мен тіркестер тіл ғылымы үшін де өте қажет, мұндағы материалдар тілдегі лексикалық, лексика-семантикалық жаңалықтардың құрамын, құрылысын, қызметін зерттеуге мүмкіндік береді. Осы зерттеу арқылы лексикология, грамматика, стилистика, тіл мәдениеті салаларының нақты мәселелерін шешуге болады. Дегенмен қатты ескеретін нәрсе — ол осында берілген сөздер мен сөз тіркестерінің барлығы бірдей әдеби тілге енген немесе енуге тиісті жаңа сөз деуге болмайды. Олардың ішінде сәтті табылған, жиі қолданылғандықтан мағынасы көпшілік қауым үшін түсінікті болып кеткендері де бар (*тәлімгер, мердігерлік, қондырғы, салауаттылық, қолданбалы, егемендік, құжат, бағдарлама, пікірсайыс, пікірталас, кепілдеме, өтем, жариялылық* т. б.), біреуі әлі орнықпай, екі-үш вариантта жүргендері де бар (*әмбебап//бесаспап «универсал», тіл-дескіш//тілашар «разговорник», жаяусоқпақ//аяқжол «тротуар», күл-салғыш//күлсауыт//күлдеуіш «пепельница», мәйтхана//әлікхана «морг», бесікарба//күйме-бесік//қол күйме «коляска»* т. б.). бір-екі рет қана көріне түсіп, әрі қарай көп ұшырамайтындары да бар (*тудіңгек//тутұғыр «флагшток», мүлікбасы «товаровед»,* т. т.), аса қажеттіктен тумағандары да бар (*жанұя «семья», безендірме «транспарант», қауындопшы «регбист»* т. б.), бұрыннан едәуір қалыптасып қалған сөздердің жарыспа дублеті ретінде қолданылғандары да бар (бұрын *қонық үй//мейманхана* деп атап келгендердің үшінші жарыспасы *қонақхана*), сәтсіз шыққандары да, яғни жаңа мағынасынан гөрі бұрынғы кәнігі мағынасы басым түсетіндері бар (мысалы, «сувенир» дегенді *базарлық* деп беру, «иллюзионист» дегенді *амалшы* деп ұсыну, «кнопканы» *жапсырма шеге*, киімге тігілетін «молнияны» *сыдырма темір* деп жанаша беру аса жатық, қонымды емес: бұлардың қай мағынадағы сөз екені орысшасын қоса көрсетіп отырмаса белгісіз, яғни оларды бұрынғы мағынасында ұғамыз). Бір тұлғаны екі түрлі жаңа мағынада ұсыну да бар (мысалы: *жиектеме* сөзі «тесьма» және «оправа» деген екі бөлек сөздің баламасы ретінде қолданылғаны кездеседі, *жазба* сөзі де бірнеше ұғымның жаңа атауы ретінде жұмсалып жүр). Сондықтан бұл сөздікте берілген жаңа қолданыстардың барлығы әдеби тіл лексикасының нормасы ретінде, міндетті түрде осылай пайдалануға тиісті сөздер деп ұсынылып отырған жоқ. Олардың басым көпшілігін әлі де тәжірибе елегінен өткізіп көру қажет, сол күнде сәтті табылғандары норма ретінде қалыптасып кетпек, жарыса қолданылып жүргендерінің біреуі таңдалынып, тұрақталмақ, сәтсіздері қолданыстан мүлде шығып қалмақ.

Әдеби тілдің белгілі бір саласының, айталық лексикасының, нормалана түсуі — таңдау, іріктеу, тәжірибеде (қолданыста) тұрақтандыру, сарапқа салу сияқты процестер арқылы жүзеге асырылатыны мәлім. Сондықтан осы сөздіктің көздейтін мақсаты — осындай таңдап-талғауға қажет материалды жинақтап, реттеп ұсыну.

Бұл мақсат әрі қарай да көзделе бермек. Соңғы 20—25 жыл бойындағы баспасөз беттерінде, радио мен телевизияда, көркем әдебиет пен ғылыми әдебиетте, оқу-педагогика саласында кездесетін жаңа қолданыстарды, яғни қазақ тілі негізінде жасалған жаңа атау-

ларды бұл үш басылымда түгел қамтып бердік дей алмаймыз. Және бізде орыс тіліндегідей нақты бір онжылдықтарға қарай (мысалы, 60-ыншы жылдардағы, 70-інші жылдардағы деп) жинастырып, топтастыру да басты сипат алып отырған жоқ. Сондықтан әлі де тіркелмеген жаңа қолданыстарды іздеп хатқа түсіру ісі жүргізіле бермек. Әсіресе, көркем әдебиет пен оқу-педагогика кітаптарындағы, көпшілік қолды ғылыми әдебиеттегі жаңа сөздер мен жаңа мағыналардың қазақ тілі қорынан жасалғандарын тауып, ұсыну — әрі қарайғы үлкен жұмыс болмақ.

Бұл сөздікті түзу барысында осы үшінші басылымын құрастырушылардан басқа кітаптың бірінші және екінші басылымдарына қатысқан Р. Сыздықова, Ө. Айтбаев, И. Ұйқыбаев, Ғ. Әнесов жолдас-тардың материалдары да пайдаланылды.

Р. Сыздықова

Қазақстан Ғылым академиясының
корреспондент мүшесі, профессор.

СӨЗДІҢ СИПАТЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЙЫНДА

Сөздікке тілімізде соңғы 20—25 жыл ішінде пайда болып қолданыла бастаған жаңа тұлғалар мен тіркестер және мағынасы жаңғырған сөздер енгізілді. Бірақ бұл — белгілі бір стиль бойынша немесе барша әдебиетті қамтып, түгел жиналған материалдар емес. Мұнда, негізінен, күнделікті баспасөзде, оның өзінде де соңғы 7—8 жыл барысында жиі қолданыла бастаған жаңалықтар жинақталды. Сондықтан бұдан 20—25 жылдай бұрын еніп, бұл күнде едәуір тұрақталып қалған *аялдама*, *балмұздақ*, *жемшөп* сияқты кезінде жаңалық болған сөздер бұл сөздікке қамтылмады.

Тіл тәжірибесінде лексикалық жаңалықтар ең алдымен күнделікті баспасөз беттерінде, радио, телехабарларда орын алатындығы белгілі, өйткені бұлар — өмірге ілесіп отыратын, ондағы өзгеріс жаңалықтардың тілдегі көрінісін қолма-қол беретін хабарлама құралдары. Сондықтан біз жаңа сөздерді іздестірудегі тырнақ алды жұмысымызды осы салалардан бастадық. Ал лексикалық, әсіресе мағыналық неологизмдер, оның ішінде бағалауыш жүк арқалайтын варианттар көркем шығарма тілінде жиі ұшырасатыны аян. Қазақ қаламгерлері де бұл орайда өзгелерден қалыспайды. Бірақ бұл сөздікте жазушылар тіліндегі жаңа сөздер мен тіркестерді молынан қамти алмадық. Бұл — келешектің шаруасы. Сондай-ақ Мемлекеттік терминологиялық комиссияның соңғы 10—15 жылда қабылдаған жаңа терминдері мен әр кез жеке авторлар ұсынған баламалар да бұл сөздіктің екі басылымында да берілмеді, өйткені сөздікке енгізетін материал — бір-екі рет болса да қолданыс тапқандар, ал тәжірибеде пайдалынбай жүрген сөздерді, тіпті ұсынылған терминдерді беру мақсат етілмеді.

Көркем әдебиетте кездесіп отыратын бір қолданар сөздер — окказионализмдер де сөздікке енбеді, өйткені окказионализм деп аталатын соны қолданыстардың табиғаты «жаңа сөздер» деп саналатын лексикалық единицалардан мүлде бөлек, олардың жалпы қолданысқа енуі кемде-кем, бұлар белгілі бір стильдік мақсатпен тек сол контексте бір-ақ рет қолданылатын сөздер.

Орыс тілінен калька жолымен алынып, құрамының бір бөлегі (компоненті) *авиа*, *авто*, *кино*, *теле* сияқты сөздер болып келетін жаңа туындылардың да басым көпшілігі алынбайды. Олардың ішінде *телеәңгіме*, *автотұрмыстық шеберхана* тәрізді мазмұнының өзі «су жаңа» болып табылатын бірен-сараны ғана тіркелді.

Сөйтіп, мұнда тек қолданыста кездескен (онда да біздің көзімізге шалынған) лексикалық және мағыналық жаңалықтар орын алды. Бұлардың дені — терминдік мәндегі сөздер мен тіркестер. Олар мұнда көрсетілген мағынада он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде», ғылымның әр саласына арналған терминологиялық сөздіктерде, «Қазақ Совет Энциклопедиясында» кездеспейтіндер. Ал мұндағы реестр сөздердің бірен-сараны аталған сөздіктерде орын алған болса, олардың сонылығы ескеріліп, қайталанып отыр. Сонымен, бұл арнайы сөздікке мыналар енді.

1) жаңа сөздер (олардың жұрнақтар жалғау арқылы, түбірлерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы жасалған түрлері);

2) жаңа мағынада қолданылған бұрынғы сөздер;

3) қазіргі қоғам өмірі тудырған жаңа құбылыс, зат, іс-әрекет т. б. атаулары болып келетін, мағынасын ашып беруді қажет ететін тіркестер (*мердігерлік жұмыс, сенім ахуалы, нольдік нұсқа* т. т.).

Бұл сөздік ресми түрде ұсынылған нормативтік құрал емес, яғни мұндағы сөздерді қайткенде де осы мағынада қолдану қажеттігі міндеттелмейді, өйткені жаңа қолданыстардың білдіретін ұғымына сай келетін-келмейтіндігін, қайсысының сәтті-сәтсіздігін, жаңа сөздердің тұрақталу дәрежесін олардың дүниеге келген бойында (тіпті екі-үш жыл ішінде), табан аузында үзілді-кесілді айқындап, ажыратып алу мүмкін бола бермейді. Кейбір жаңа атаулар қазіргі қолданысымызда екі, кейде одан да көп вариантта кездеседі. Мысалы, *тәлімгер//ақылшы-ұстаз//тәлімгер-ұстаз//ұстаз-жетекші; балқыма//қорытпа; кәсіби бағдар//кәсіптік бағдар; сөзтізбе//лұғаттық* т. т. Бұларды да бірден сұрыптау оңай емес. Дегенмен тіл заңы тұрғысынан немесе қолданылу жиілігіне қарап, олардың біреуін ұсыну нышанын байқатамыз. Ол үшін әдеби қалыпқа бейімделуіне түсініктеме берілді де, өзгелеріне келгенде, соған сілтеме жасалды. Мысалы: *мағлұматнама*, қара: *анықтамалық*; *мөлшерлеп тасу әдісі*, қара: *үлесті әдіс; пішен ұны, шөп ұны, дайындама*, қара: *талдама* т. т. Ал бірақтарының араларына тік сызық қойылып, қатар жіберілді: *жазылым//жазылыс, қоспа жем//құрама жем, көкбалауса//балауса жемшөп*. Бұлардың біреуінің тұрақталып, нормаға айналудың тіл тәжірибесі көрсетпек.

Сөздікте тіркелген бір алуан жаңалықтар жеке авторлар ғана қолданған баламалар болып келеді. Ол сөздер өзге әдебиетте дәл осындай мағынада жұмсалмайды. Мысалы, тіл маманы Е. Жұбанов тіл білімінде *историзм* деп аталатын сөздерді қазақша *тарихият* дегенді жөн көріпті, әдебиетші Е. Тұрсынов *святылице* дегенді *сыйынты, реликт* дегенді *таусыншық* деп қолданады. Бұл сияқты жеке-келік, «жеке меншіктік» сипаты бар сөздер ара-тұра газет-журнал беттерінде де кездеседі. Мысалы, *тамада* дегенді *асаба* деп, мағанинен бір нәрсе сатып алушыны *аларман* деп, пассажирді *жүрісші*, грамотаны *мадақнама* деп беру — тілдегі неологизмдер (жаңа сөздер) болудан гөрі, ізденістер немесе стильдік қолданыстар ретінде, танылатын тәрізді. Сөздікке бұндай қолданыстар ішінара енгізілді.

Сөздіктің құрылысы. Реестр сөздер алфавит ретімен түзілді. Әуелі реестр сөз беріледі. Одан соң қажет жерінде сөздің стильдік сипаттамасы (саяси, техникалық, ғылыми т. б. әдебиеттерде белгілі бір салалардың термині ретінде келетіндігі т. б.) көрсетіледі, бұдан кейін жақша ішінде реестр сөздің орысша баламасы

келеді. Сөз түсіндірмесі осыған жалғас курсивпен теріліп, иллюстрациялық материалдар (мысалдар) беріледі. Иллюстрацияның қайдан алынғандығы текст соңында жақша ішінде қысқартылып беріледі: әуелі газет-журнал аттары, журналдың шыққан жылы, нөмірі, кейде беті, ал газеттің атынан соң шыққан жылы мен күні, айы жазылады, мысал жеке автор шығармасынан келтірілсе, авторы, кітаптың толық аты, шыққан жылы, беті көрсетіледі.

Реестр сөздерге грамматикалық түсінік-белгілер қойылмайды (зат есім, етістік, қос сөз, біріккен сөз дегендер сияқты).

Жарыса қолданылып жүрген сөздердің немесе тіркестердің араларынан тік сызық қойылып, қатар берілді. Кейбір варианттардың әдеби нормаға айналып бара жатқандарына немесе айналу қабілеті көбірек деп танылғандарына түсіндірме берілді де, өзгелеріне келгенде, осыған қара деген белгімен сілтеме жасалды.

ҚАЗАҚ АЛФАВИТІ

А а	З з	П п	Ц ц
Ә ә	И и	Р р	Ч ч
Б б	Й й	С с	Ш ш
В в	К к	Т т	Щ щ
Г г	Қ қ	У у	Ь ь
Ғ ғ	Л л	Ұ ұ	Ы ы
Д д	М м	Ү ү	І і
Е е	Н н	Ф ф	Ъ ъ
Ё ё	Ң ң	Х х	Э э
Ж ж	О о	Һ һ	Ю ю
	Ө ө		Я я

А

- АВАНЖОБА** (аванпроект). *Бұйымдар әзірлеу үшін жасалатын техникалық ұсыныс. Жабдық пен приборлар бойынша тұтынушы кәсіпорынның тапсырмасы бойынша әзірлеуші ұйым техникалық ұсыныстар (аванжобалар) әзірлейді (СҚ, 1983, 28, VIII).*
- АВТОКӨЛІК** (автотранспорт). *Автомобиль транспорты, көлігі. Алматы облыстық жүк тасымалдау автокөлік өндірістік бірлестігіне бару керек (Жетісу, 1990, 8 шілде).*
- АВТОМЕКЕН** (автостоянка). *Қара: Автотұрақ. Бұлар желбуаз әңгіменің қызығымен жол қысқартып Алматыға түс ауа жеткен. Таңыстары көп Тойбай «Қазақстан» қонақ үйінен бір люкс алды да, «Волганы» іргедегі ақылы автотөлемге қойды (Алматы ақшамы, 1990, 23 қазан).*
- АВТОСУАТ** (автопилка). *Автоматты науа, малды автоматтық жолмен суаратын астау (Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы, 1979, 8 №).*
- АВТОТҰРАҚ** (автостоянка). *Автомобиль қоятын арнаулы орын. Басқа мысал. Бұл ауданның автотұрағы жоқ. «Алмагүл» микроауданында сегіз ай ішінде 4 рет машина ұрланып, 11 рет машина бөлшектеу жағдайлары болды (Алматы ақшамы, 1988, 5, X).*
- АВТОТҰРМЫСТЫҚ ШЕБЕРХАНА** (автобытовая мастерская). *Еңбекшілердің жұмыс орындарына барып тұрмыстық қызмет көрсететін, автомобильге орнатылған жылжымалы шеберхана. Көптеген облыстарда қалалық арнаулы мекемелердің шептік көмегі ұйымдастырылды. Мұнда 200-ден астам автотұрмыстық шеберхана бөлініп, дүркін-дүркін дикандар арасына шығады (СҚ, 1983, 7, IX).*
- АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК БІРЛЕСТІК** (агропромышленное объединение). *Мамандандырылған ауыл шаруашылығы кәсіпорны мен өнеркәсіптік өңдеу кәсіпорны тобының территориялық, ұйымдық және технологиялық бірлесу комплексі. Орақ маусымына көптеген жаңа техника келді. Аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік штабтарының ұсынысы бойынша бұлар ең алдымен әзірше жөндеу базасы әлсіз шаруашылықтарға жіберіліп отыр (ЛЖ, 1983, 8, IX). Сонау ерте көктемде құрылған аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер (РАПО) алғашқы сыннан өтті. Егіс жұмыстары, жемшөп дайындау, орақ науқандары солардың басшылығымен атқарылады (СҚ, 1983, 14 октябрь).*
- АГРОЖӘРДЕМ** (агропомощь). *Ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде берілетін жәрдем (Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы, 1979, 8-бет).*

АҒАЛАР АЛҚАСЫ (совет старейшин). *Өндірісте, мекемелерде, қоғамдарда еңбек ардагерлерінен құралған кеңес. Ағалар алқасының мәжілісі қазақ совет әдебиетінің классиктерін мәңгі есте қалдыруға орай қосымша шараларға байланысты. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов оқыған, тұрған, жұмыс істеген үйлерге ескерткіш тақта қою мәселесін қарады (ҚӘ, 1984, 10 август).*

АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ (текущий ремонт). *Күнбе-күнгі, кезектегі жеңіл-желпі жөндеу. Облыста ең таңдаулылардың бірі деп орынды түрде есептеліп жүрген машина ауласында техниканы ағымды жөндеу істерін атқаратын тұрақты бөлімше жұмыс істейді. (СК, 1982, 12 январь). № 7, 8 жатақханалардың буфеттері 22 марттан ағымдағы жөндеуге жабылған. (Өркен, 1988, 21 май).*

АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕР (текущие задачи). *Күнделікті, күнбе-күнгі, кезектегі міндеттер. Ынтымақтастықтың ағымдағы міндеттерін талқылау үшін Экономикалық Өзара Көмек Советінің кезекті сессиясына жиналған басшылар... (СК, 1983, 22 октябрь).*

АҒЫМДАҒЫ БАСПАСӨЗ (периодическая печать). *Мерзімді баспасөз. Алыстағы ауылда тұратын жас ботаник Нұрмақан Нүсіпбаев өсімдіктер табиғаты жайынан еңбек жазды. Ара-кідік ағымдағы баспасөзде жарияланып та жүр. (СК, 1980, 23 январь).*

АҒЫМДАҒЫ НҰСҚАУ (повседневное указание). *Күнделікті, күнбе-күнгі, кезектегі нұсқаулар. Мұнда ағымдағы нұсқау беру мен хабардар ету жолға қойылған. Аудандық партия комитеті айына бір рет саяси хабаршылар топтары мен үгіт коллективтерінің жетекшілеріне нұсқау береді (Қаз. үгітшісі, 1983, № 22, 2-бет).*

АҒЫМДАҒЫ ШЫҒЫНДАР экон. (текущие затраты). *Жай өндіріске жұмсалатын қаржының түрі. Бұл ретте кәсіпорынның пайдасы ағымдағы шығындарды өтеуге ғана жұмсалады да, ұлғаймалы өндіріс орталықтандырылған күрделі қаржы есебінен жүзеге асады (СК, 1987, 2 август).*

АҒЫМДАҒЫ ІСТЕР (текущие дела). *Күнделікті істер. Әңгіме ұзаққа созылды. Әлбетте, ағымдағы істер жайлы көп сөз болды (СК, 1982, 13 март).*

АДЫМДАҒЫШ МАШИНАЛАР техн. (шагающие машины). *Әдетте драглайнмен жабықталған, жылжып жүретін машиналар. Ғалымдарды қазір бірден-бір ойландырып отырған нәрсе адымдағыш машиналардың қозғалыс органдары (Біл. және еңб., 1983, № 3, 2-б.).*

АЗАГҮЛ поэт. (венок). *Қабір басына қойылатын өрілген гүл. Енді бүгін сен жоқсың арамызда. Сырласымыз шектім мен қазамұңға. Құлағымда қырық жылғы таза үнің... Қабіріне жапқаным сағынышым — Шерден өрген қаралы азагүлім (ҚӘ, 1975, 5 сентябрь). Марқұмның азагүл көтерген достары мен қызметтестері (әр азагүлге 2 адамнан) алда жүреді, азагүлдердің бірі мен бірінің арасы — 2 қадам (Гражданские обряды и праздники. 1984, 93-б.).*

АЗАНАМА (некролог). Қ а р а : *Мынақып.*

Араға күн салып облыстық «Торғай таңы» газетінде төмендегідей азанама жарияланды (СК, 1988, 11 ноябрь). Азанама дегеніңіз тұжырымды жанр ғой. Қазір сол бір әйел жөнінде біраз білгеніммен ол жайында әлдеқайда көбірек айтуға болар еді деп ойлаймын (Сонда).

АЗАТКЕР (освободитель). *Бір елді, халықты таптық езгіден, басқыншылықтан құтқарушы адам немесе халық. Сол күні делегация азаткер совет жауынгерлерінің құрметіне Пхеньянда орнатылған «Азаттық монументіне» веноктар қойды (СК, 1983, 8 сентябрь).*

Болгарияның залын орден колодкасын таққан егде адам аралап жүр, ақсай басады, қолында беті ашық кітап, онда әлі жап-жас *азаткер* тумалардың топтанып түскен фотосы бар екен: ол өзіне-өзі «Менің командирім, менің командирім» ... деп күбірлейді (СК, 1981, 11 сентябрь).

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ саяси (продовольственная программа). *Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің шаралары, міндеттері*. Аға бақташы Сұлуаш бағымындағы 125 снырдан сонша бұзау алып, *азық-түлік программасына* үлес қосуда (Қаз. әйел., 1983, № 4, 2-б.). Мердігерлік коллективтер еліміздің *азық-түлік программасына* лайықты үлес қосуға тиіс (СК, 1983, 5 июнь).

АЙҒАҚ юриспр. (поятой). *Тінту, тергеу кездерінде куәгер болуға арнайы шақырылатын адам*. Берік кешіктірмей *айғақтарды* шақыртып, солардың қатысуымен Козелькинаға бірнеше суреттерді қатар қойып көрсетті (К. Құдабаева, Ұйқысыз түндер, 1986, 28-б.).

АЙДАР (рубрика). *Газет-журналдарда бір тақырып төңірегінде ұдайы беріліп тұратын материалдардың жалпы атауы*. Жаңа *айдарға* тек мұғалімдер ғана емес, әр түрлі мамандық иелері де үн қосты (Оңт. Қаз., 1978, 29 декабрь). Тұңғыш өлеңнің тұсауын кесу — жауапкершілігі мол, азаматтық іс. «Жолашар» — осы мақсатта ашылған, тұрақты жарияланып жүрген тәп-тәуір *айдар* (рубрика) (ҚӘ, 1981, 23 январь). «Озаттар лебізі», «Құрыш қолды құрылысшы», «100 жол интервью» тәрізді жаңа *айдарлар* газет оқушыларын елең еткізді (СК, 1981, 16 апрель). ...«Ұлы Октябрь эстафетасы», «Еліміздің Негізгі Заңы», ...«Өмірі өнегелі жандар» деген көптеген *айдарлар* ашылып, облыс еңбекшілері мен партия ұйымының сан салалы жұмысы жан-жақты жазылды (Оңт. Қаз., 1978, 1 январь).

АЙДАРМАН (шофер). *Автомобиль жүргізушісі*. Бұлар дастархан жайған алаңға елу-алпыс қадамдай қалғанда, ақ белдемшелі «тех-помощь» қисалаңдап-қисалаңдап тоқтады. Кабинада үшеу екен, шеткі біреуі — *айдарманы*, іште қалды, шляпалы екі қазақ жерге түсті (Жұлдыз, 1988, № 3).

АЙКЕЗБЕ (лунатик). *Әсіресе айлы түнде ұйқылы күйде үй ішін шарлап жүретін жүйке сырқаты бар адам*. Тамыз айының ортасында жұлдызды түс көріп, *айкезбе* болғандай шығысқазақстандық орыс ақыны Е. Кураков (байқаймысыз, бұл да шығысқазақстандық) Москвадан шығатын «Книжное обозрение» (№ 33, 17 тамыз, 1990 ж. апталығында) «Абайдың ажалы» атты мақала жариялады (Алматы ақшамы, 1990, 30 тамыз).

АЙҚЫНДАМА (позиция). *Нақты бір мәселе бойынша көзқарас, пікір*. Өткен сыннан дау-дамай, партия мен қоғамның жайын аңғартатын *айқындамалардың* қақтығысы да байқалады ғой (СК, 1990, 4 шілде).

АЙЛАБҰЙЫМ (приспособление). *Белгілі бір жұмысты мейлінше жеңілдетуге арналған тетік*. Балалар бояу жаққыштың басына мұфтаным көмегімен ішіне бояу құйылған пластмасса ыдысы бар *айлабұйым* бекітті. Бұл құрал қаладағы жөндеу-құрылыс мекемелерінің бірінде сынақтан өтті (Біл. және еңб., 1987, № 6, 10-б.). Станокта танкіге қарсы қолданылатын гранатаның бөлшектерін жонып жатқанмын. Жасағанымның бәрі аз көрінді. Содан аяқ астынан бір *айлабұйым* (приспособление) ойлап таптым да, бір сменада екі сменаның тапсырмасын орындап тастадым (Біл. және еңб., 1987, № 11, 28-б.).

АЙЛАҚ (пристань). *Өзен, теңіз жағалауларындағы кеме, баржа тоқтайтын жер, кемежай*. Каспийдегі Ақтау порты мұнай құю қуат-

тарын қаржы жұмсамай-ақ бір жарым есе көбейтті. Жаңашылдар сирек пайдаланылатын паром тоқтайтын *айлақты* жанармай шикізатын құятын аралық орын етіп қайта жабдықтауды аяқтады (СК, 1983, 22 июнь).

АЙЛА-ШАРҒЫ (машинация). *Белгілі бір мақсатқа арамдық, қулық әдістермен жетуге тырысатын іс-әрекеттер.* Жаппай қырып-жоятын қаруларды саяси *айла-шарғының* бұйымына айналдыру — ең бері қойғанда, парасатсыз, ал саяси тұрғыдан алғанда, жауапсыз іс (М. С. Горбачев. Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасы. 1986, 90-б.).

АЙЛЫҚ әлеу.-саяси (месячник). *Белгілі бір жұмысты, қоғамдық компанияны өткізу үшін бөлінген бір ай уақыт, науқан.* Биылғы жылдың 28 июнінен бастап жемшөп дайындау жөнінде *айлық* жарияланды (ЛЖ, 1982, 29 июнь). Жақында А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханада әскери-патриоттық әдебиет туралы *айлық* ашылды (СК, 1983, 9 май).

АЙЛЫҚ БИЛЕТ. Қ а р а : *Сапарлық билет.*

Сөйтіп тұрғанда контролер келіп, билет алуды ұмытқан екем, түк қалдырмай сөгіп, елу тиын айып салды. Қыздың (оның *айлық билеті* бар болып шықты)... мыскылдай қарағанын андап қалдым (М. Мағауин, Көк кептер. 1979, 36-б.).

АЙМАҚАРАЛЫҚ (межзональный). *Бірнеше аймақ бойынша өткізілетін шаралар, жарыстар* т. б. СССР біріншілігінің екінші тобының жеңімпаз командалары *аймақаралық* турнир ойындарын аяқтады (СК, 1983, 15 ноябрь).

АЙНАЛЫМ (оборачиваемость). *Белгілі бір процесс циклінің қайталанып, айналып отыруы.* ...Материал және ақша ресурстарының *айналымын* жақсарту, айналмалы қаржының *айналымын* жеделдету қажет (Совет Одағы Коммунистік партиясының программасы. 1986, 39-б.).

АЙНАМҰЗ. Қ а р а : *Мұзойнақ.* 1. ...алыс елдерден жететін Аязата, кәусар күлкілі Ақшақар, оқушының әлі арналмаған дәптеріндей нұрлы да *айнамұз*, жаңа қыс таны... (Қаз. пионері, 1987, № 1).

АЙТЫСКЕР (мастер айтыса — словесного турнира импровизаторов). *Айтысқа түсуші адам.* Шопандар тойында әр совхоздың *айтыскер* ақыны сөз сайысына түсіп, бар мен жокты батыл сарапқа салуы қандай жарасымды (ЛЖ, 1982, 18 декабрь).

АЙЫҚТЫРҒЫШ (вытрезвитель). *Мас адамдарды айықтыруды мақсат ететін арнаулы санитарлық-медициналық мекеме.* Ойбай-ау, кеше өлердей ішіпті, *айықтырғышқа* түсіпті (Қаз. әйел. 1973, № 6, 14-б.). Бұлар *айықтырғышқа* он үш адамды өткізді (ЛЖ, 1983, 22 июнь).

АЙЫПАҚЫ. Қ а р а : айыппұл. Мұндай жағдайда ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтарға *айыпақы* салудан бастап, істі халық сотына беруге дейін ықпал ете алатын күші бар (Алматы ақшамы, 1989, 1 ақпан).

АЙЫППҮЛ (штраф). *Ақша төлету арқылы жазалау түрі.* Екі жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзеу жұмыстарымен немесе бес мың сомға дейінгі мөлшерде *айыппұл* салумен жазаланады (СК, 1991, 3 қаңтар). Бұрын әр айға, тоқсанға жүйелі түсіп тұратын мақта қазір жылдың басында бір-ақ әкелінеді. Содан оны қоймаға сыйдыра алмай әлек болады. Ал қоймаға тасып алмасаң, «вагондарды қаңтардың» деп теміржолшылар *айыппұл* салады (СК, 1990, 20 мамыр). Аталған *айыппұлды* көбейту сомасының бестен екі бөлігі тиісінше темір жолдардың, жүк алушылардың қарамағында қала-

- ды, ал бестен үш бөлігі одақтық бюджетке жіберіледі деп ұйғарылды (СҚ, 1990, 9 қаңтар).
- АЙЫПТАУ БАЙЛАМЫ** ю р. (обвинительная речь). *Сот процесінде айтылатын сөз. Айыптау байламы жариялана бастады, оны оқу бірнеше күнге созылады* (СҚ, 1988, 7 сентябрь).
- АЙЫРСАДАҚ** (рогатка). *Екі жақ жоғарғы ұшына резинка тартылған, таспен ату үшін жасалған кішкентай аша таяқ*. Ернардың сөзін тындап отырып мен мынадай ойға шомдым. Бала кезімізде қолымызға айырасадақ (рогатка) алып, онымен торғай ұяларын ата-тынбыз (ЛЖ, 1980, 16 июль).
- АЙЫРША** (штепсельная вилка). *Розеткаға салынатын екі айыршасы бар электр шанышқысы*. Пәтердің әр бөлмесінің қабырғасында екі-екіден тесік бар. Соған апарып айыршаны сұға салсақ, ток дегенің өзі-ақ ағылып келеді, қалағаныңша ала бересің,— деп нығыздай нүкте қойды да үлкен шаруа тындырған кейіппен профессорға қарады (Қаз. әйел., 1987, № 1, 24-б.).
- АЙЫРЫП-ҚЫСҚЫШ** техн. (переключатель). *Токтың бағытын өзгертіп отыратын тетік*. Қажетті температура айырып-қосқыш арқылы беріледі (Біл. және еңб., 1985, № 1, 5-б.).
- АҚБАРАТ** ақпарат (информация). 1. *Белгілі бір жағдай және оның жай-күйі туралы хабарлама*. 2. *Қоршаған орта және онда жүріп жатқан процестер туралы мәліметті адамның арнайы құралдар арқылы қабылдауы*. Конструктор материалдардың, дайын бұйымдардың көптеген түрлерін, олардың сипаттамаларын білуі керек және де осылардың ішінен бір ғана керектісін таңдап алуы қажет (ЛЖ, 1990, 11 сәуір). Осыған орай біз ақпарат пен білімді, ақпаратты технологияны ғылыми-техникалық процестің өзегі... деп түсіне білуіміз өте маңызды (Сонда).
- АҚЖАЙМА** (простыня). Матадан (көбінесе ақ матадан) жасалған төсек-орын жабдығы (жұқа төсеніш). Бір күні қарсы бөлмеден көрпе, *ақжайма* тәрізді бытықы-шытықы заттар ұрланады (Қаз. әйел., 1983, № 3).
- АҚҚАЙНАР** (шампанское). *Жүзім шарабы*. Өздеріңіз ойлап көріңіздер. Сіздер жаңа 1991 жылды қарсы алу үшін *аққайнардың* тығынын суырып, бойшаң, сұлу бокалдарға құйып жатқанда, бұл жандар сөре сызығына тізіліп... бір орындарында секіріп тұрған (ЛЖ, 1991, 3 қаңтар). Әсіресе *аққайнар* жасау технологиясы бойынша әзірленетін өзі құрғақ әрі дәмді «Шипучее» шарабы мен «Вечер» коктейлі — біздің цехтың негізгі өнімі (СҚ, 1991, 19 наурыз).
- АҚҚҰЛА ЖАЛАҚЫ** (не заработанная зарплата). *Кейбір адамдардың қоғамдық пайдалы еңбек сіңірмей, тектен-тек алатын айлығы*. Көлеңке экономиканың жиынтық айналымы қосып жазуларды және *аққұла* алынатын жалақы мен сыйлықтарды, тікелей ұрланған ақшаны, ұрланған шикізат пен материалдардан жасырын өндірілген өнімді сатудан түсетін табысты, товарсыз операцияларды, негізінен импорттық және контрабандалық товарлар мен алыпсатарлықты, есірткі бизнесін, ақылы қызметтердің көлеңке рыногын қамтиды (СҚ, 1989, 24 желтоқсан).
- АҚПАР-КІТАПША** (путеводитель). *Анықтамалық*. Музейдің ақпарат-кітапшасын қайдан алуға болады? (Орысша-қазақша тілашар. Алматы, 1987, 217—218-б.).
- АҚТАҢДАҚТАР** қоғ.-саяси (белые пятна). *Мүлде немесе жете зерттелмеген, сондай-ақ дұрыс түсіндірілмей бұрмалана жазылып келген тақырыптар*. Пікірталаста тарихтың «ақ таңдақтары» тақырыбының елеулі орын алуы кездейсоқ емес (СҚ, 1988, 30 апрель).

Шынтуайтына келсек, ғылымда, оның кез келген саласында аз зерттелген, немесе мүлде зерттелмеген беттер әрдайым болған. Мәселе сол «ақ таңдақтардың» қандай себептермен қалыптасқандығында болса керек (СК, 1988, 25 август). Тарихи «ақтаңдақтарды» игеріп — тануымыз да журнал назарынан тыс қалмақ емес (Өркен, 1988, 12 ноябрь).

АҚТӘНДІ (белокожий). *Ақ нәсіл, ақ тәнді адамдар. Ақтәнділер* мұны, біздің жанымызды ұға алмақ емес. *Ақтәнділердің* қалаларында тыным-тыныштық деген жоқ. Онда жапырақтың сыбдырын, жәндіктің қимыл-дыбысын елітіп тыңдар оңаша жер таба алмайсың. (Алматы ақшамы, 1990, 5 маусым).

АҚШАҚАР (Снегурочка). *Орыс фольклорында қардан пайда болған қыз тұлғасы.* Сықырлап есік ашылды. Сырттан зор денелі Аязата мен *Ақшақар* айналып, Жаңа жылдың биін билеп кетті (Қаз. мұғ., 1981, 1 январь). ... алыс елдерден жететін Аязата, кәусар күлкілі *Ақшақар*, оқушының әлі арналмаған дәптеріндей айнамуз, жаңа қыс таңы... (Қаз. пионері, 1987, № 1).

АҚЫЛАҚ пед. (поведение). *Мектеп оқушыларының мінез-құлқы, тәртібі.* Біріншіден, оқуда озат, екіншіден, ақылағы (тәртібі) үлгілі, үшіншіден, қоғамдығы (белсенділігі) жақсы тандаулы оқушылар ғана комсомол бола алады (Ұлан, 1990, 20 қыркүйек).

АҚЫЛШЫ — ҰСТАЗ (наставник). Қ а р а : *Тәлімгер.*

№ 2 звено іс сапасы мен жұмыс өнімділігі жөнінде ерекше көзге түсті. Осы звеноны *ақылшы-ұстаз* Айтан Бақырамов басқаратын (СК, 1981, 9 август). Алғашқы еңбек жолын қиындықтан бастағанды жөн көрген жігітті тәжірибелі маман, жастардың *ақылшы-ұстазы* А. Шишловтың бригадасына жіберуге шешім қабылданды (ЛЖ, 1982, 20 январь).

АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚ (платная автостоянка). *Мөлшерлі ақысын төлеп, жеке меншіктегі жеңіл автомобильдердің сақталуын қамтамасыз ететін орын.* Ателье, шаштаразы, іс қағаздарын, кітаптарды қаптап-түптеу шеберханасы, *ақылы автотұрақ ашылады*, пәтерлер жөндейтін, есік және терезе блоктарын жасайтын, жеңіл автомобильдерге арналған резина-техникалық бөлшектер дайындайтын боламыз (Алматы ақшамы, 1988, 18 октябрь).

АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ (платные услуги). *Соңғы жылдарда кең тарала бастаған көпшілікке түрлі тұрмыстық қызмет көрсетудің ақылы, бір формасы.* *Ақылы қызмет* көрсету үшін басқа цехтарда да осындай үлкен мүмкіндіктер табылады (Алматы ақшамы, 1988, 18 октябрь). Егер біз активаторларды дайындауды игеріп алатын болсақ, онда оларды қаламыз ғана үшін емес, бүкіл республика үшін де шығаруға болар еді, демек заказ берушілердің саны әлдеқайда артады, *ақылы қызмет* көрсету кірісінің статьясы да айтарлықтай өседі (Сонда). 1986 жылдың жоспарына халыққа көрсетілген *ақылы қызметтердің* көлемін сипаттайтын жиынтық көрсеткіш тұңғыш рет енгізілді (СК, 1985, 12 декабрь).

АЛАНҚАЙ (площадка). *Тұрғын үйлердің әрбір қабатындағы бос қалдырылған бөлік.* ...Есік қоңырауы сылдыр етті. Есікті ашсам, Рая апай екен. Бір *алаңқайда* тұратын көршіміз (Қаз. пионері, 1986, 19 июнь). Аблез Омар тұратын үйде, бір этажда, бір *алаңқайда* тұратын (Ә. Тарази. Бұлтқа салған ұясын. 1977, 187-б.).

АЛАРМАН (покупатель). *Магазиннен зат сатып алушы адам.* Бірақ бұрын майлы қасықтай жылпылдап тұрған жылдам жігіт енді дүкенге бас сұққан *аларманды* ала көзімен атып, жүре жауап беруді шығарған (КӘ, 1983, 2 июль). Сол сияқты аға шопандар Өмірбек Құлышев, Сартбай Айтбаев, бөлімше тұрғыны Тұрсынхан

- Құттыбаевтар да өздерінің сатушыға деген ризашылығын білдіріп, рахмет айтып жатыр. Бір топ *алармандардың* ішінде бөлімше тұрғындары Қалмағанбет Әшірбаев, Нұрлыбек Әзімханов, совхоз прорабы Брон жолдастар бар (Оңт. Қаз., 1978, 5 январь). *Алармандар* өздеріне қандай товар керектігін өздері айтады,— дейді Николай Александрович (Ком. еңбек, 1988, 29 сентябрь).
- АЛҒЫ ДАҚЫЛ//АЛҒЫ ЕГІС** а у ы л ш а р. (предшественник). *Алқапқа өткен жылы егілген дақыл немесе пар.* Күздік бидайдың аса тиімді алғы дақыл — қант қызылшасы (І. Сейітов, Р. Өрісбаев, Суармалы егіс өнімін арттыру. 1984, 7-б.). Тұқымды парға және пардан кейінгі алғы егіс орнына, уақтылы және қолайлы тереңдікте септік (СК, 1986, 12 июль).
- АЛҒЫСКЕР** (призательный, городской). *Бір нәрсеге ризашылық білдіріп, алғыс айтатын адам.* Большевиктің қаһармандық дәстүрлерінің негізін қалап, коммунистік мұраттарға қалтқысыз адалдығын барлығын ауыртпалықтар мен қиындықтар арқылы алып өткен лениншіл-революционерлер, Ильичтің серіктері *алғыскер* совет адамдарының есінде мәңгі сақталады. (ЛЖ, 1987, 14 март).
- АЛДЫҢҒЫ ЖЕТЕКТІ ЖЕҢІЛ АВТОМОБИЛЬ** техн. (легкий автомобиль с передней тягой). *Жетегі (тяга) алдыңғы жаққа орналасқан автомашинаның түрі.* Волга автомобиль заводында алдыңғы жетекті жеңіл автомобильдердің алғашқы өнеркәсіптік сериясы шығарылды (СК, 1986, 26 январь).
- АЛЖҰМЫР** (помидор). *Домалақ не сопақша келген қызыл түсті көкөністің түрі.* Салмағы 1,5 килограмдық алып алжұмырды Алматы қаласындағы өз бақшасында пенсионер М. И. Барсукова өсірді. (СК, 1989, 5 тамыз).
- АЛҚАГҮЛ** (венок лавровый). *Лавр жапырағынан өрілген гүл.* Осыдан он жыл бұрын женіске жеткені үшін лавр алқагүлін Атье Кейлен — Деелстта (Нидерландия) иеленген еді.. (СК, 1984, 10 январь).
- АЛМАТЫМЕТРОҚҰРЫЛЫС** (АлмаАтаметрострой). *Алматы метро құрылысы басқармасы.* «Алматыметроқұрылыстың» Әлимухамедов, Өскенов, Яримала секілді басшылары «Самал» мөлтекауданынан пәтер алып алған (СК, 1990, 12 мамыр).
- АЛТЫН КІТАП** қоғ.-саяси (Золотая книга). *Еңбек озаттарын және ғылым, өнер, мәдениет т. б. салаларда зор табысқа жеткен адамдарды тіркеп көрсететін Құрмет кітабы.* Ұзақ жылдарғы жемісті еңбегі бағаланып, Мүгіл Қадыржанованың есімі республиканың *Алтын кітабына* жазылды. Қалалық Совет депутаты, Мүгіл бес бала тәрбиелеп отырған ана, семья ұйтқысы (СК, 1983, 22 октябрь).
- АЛТЫН ТОЙ** (золотая свадьба). *Елу жыл отасқан ерлі-зайыптылардың салтанатты тойы, елу жылдықты мерекелеу салты.* Тың төсіндегі алтын тойға той иелерінің ұл-қыздары, немере, шөберелерімен бірге осы ауылдың үлкені де, кішісі де қатысты (СК, 1983, 29 ноябрь).
- АМАЛШЫ** (иллюзионист). *Көз байлап, әр алуан сиқырлы өнер көрсететін адам.* Тамаша талантымен танымал амалшылар (Раиса және Балтабек Жұмағұловтар) сондай-ақ талай рет шетел сахналарында да өнер көрсетіп қайтты (Білім және еңбек, 1988, № 6, 1-б.).
- АНЫҚТАМА-ИНФОРМАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ** (справочно-информационный центр) *Түрлі мәлімет беріп отыратын анықтамалық орталық.* Партия ұйымдарының секретарьлары саяси хабаршылармен

- және үгітшілермен ай сайын нұсқау кеңестерін өткізеді. Ауызша үгіт активистері үшін 57 анықтама-информация орталығы құрылды. (Қаз. үгітшісі, 1983. № 22, 2-б.).
- АНЫҚТАМАЛЫҚ** (справочник). Белгілі бір саладан жан-жақты мәлімет алуға болатын кітап, құрал, кітапша. Бір жағынан бұл анықтамалық малшылар үшін ғана емес, сонымен бірге колхоз, совхоз мамандары, механизаторлары, барлық жұмысшылар мен колхозшылар үшін өте бағалы құрал (Қом. еңбек, 1977, 23 декабрь). Телефон жанында жатқан анықтамалықтан қажетті код номерлерін тауып алды да, сөйлескенде не айтып, не қоярын ойластырып ұзақ отырды. (М. Асылғазин, Ауылдастар. Алматы, 1980, 104-б.).
- АҢСАР** (трактат). Ғылыми шығарма. «Әл Фараби — әртүрлі ғылым саласынан 160 аңсар жазған адам (С. Ақатаев. Тереңнен тартқан тамырлар. Алматы, 1988, 25-б.).
- АҢЫЗДЫҚ** ауыл шар. (зять). Күз мезгілінде егіндік жерлерді жырттып, келесі жылға дайындау. Зять деп жүргеніміз егінді жинап алынған жерді, яғни егіннің аңызын өңдеу тәсілі болса, бұған «аңыздық» дегеннен артық қандай балама бар? (СК, 1976, 26 август).
- АПТАЛЫҚ** (еженедельник). Апта сайын шығаратын мерзімді баспасөз. 1984 жылдың февраль айынан бастап «Правда» баспасы «Комсомольская правда» газетіне қосымша «Собеседник» атты көркем апталық шығара бастайды (ЛЖ, 1984, 2 февраль).
- АРАЛАТПА САУДА** (передвижная торговля). Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің тиімді әдістерінің бірі. Еңбек адамдары қыстың басынан бері бір рет те автоклуб көрмепті. Аралатпа сауда өте сирек қатынайды (Семей таны, 1979, 6 июль). Жуықта Үржар аудандық тұтынушылар одағының ұйымдастыруымен орталықтан алыс мал отарларына аралатпа сауда негізінде универсалды магазин жолға шықты (Семей таны, 1970, 17 ноябрь).
- АРАТӨРЕШІ** спорт (рефери). Бокс, теннис тәрізді спорт жарыстарында төрелік етуші адам. Аратөреші атакты палуан Әбілсейіт Айхановтың өзі. Әзірге жаңа ережені білетін тек Әбекең ғана (ЛЖ, 1991, 15 қаңтар). Аратөреші Әбекең екеуін екі айырды. Бірақ «Көк белдеулі палуан, жеңілгенінді мойындадың ба?» деп сұрап үлгермеді (Сонда).
- АРДАГЕР** (ветеран). Бір іске ұзақ уақыт еңбек сіңірген адам. Сондай-ақ. Отан соғысы және еңбек ардагері, коммунист Атаншинов Кәрімтай — ардақты әке, жұбайы Бақыбала екеуі алты бала тәрбиелеп өсірді (ЛЖ, 1983, 29 октябрь). ... Тамаша мінезге бай ардагер атаның жастарға әрдайым айтары көп (Біл. және еңб., 1981, № 12, 10-б.).
- АРНАЙЫ МӨРЛЕНДІРУ** (спецгашение). Белгілі бір тарихи уақиғаға байланысты конверт, открытка немесе басқа да почта қағаздарына мөр басу. 1990 жылғы 14—20 көкекте Киров көшесіндегі № 134-үйде орналасқан Алматы почтамтының операциялық залында «Аралға көмектесіңіздер» ұранымен өтетін «Арал-90» телемарафонына арналған арнайы мөрлендіру жүргізіледі. (Алматы ақшамы, 1990, 13 сәуір).
- АРТЫҚШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ** (приоритет). Ғылымдағы, өнертабыстағы жаңалықтарды ашуда уақыт жағынан бірінші болушылық. Егер коллективтерде барлық жаңа және озық атаулыны белсене енгізетін, жоғары сапалы және тиімді бұйымдар өндіру жолдарын іздестіретін зерттеу мекемелеріне, өнеркәсіп орындарына ғана артықшылық жағдайды қамтамасыз ететін тұтқаларды таппасақ, біз

ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөнінде алға қойылып отырған міндеттерді шеше алмаймыз (М. С. Горбачев. Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасы, 1986, 39-б.).

АСАБА (тамада). *Той басқарушы*. Біздің бір байқағанымыз студенттердің үйлену тойын олардың өздері қалаған *асабалары* жүргізеді. Жиналғандардың басым көпшілігі жастар болғандықтан да, бұл дұрыс та шығар (ЛЖ, 1983, 2 ноябрь). Биғаным *асаба* қызға жақындап, жайбарақат қана:— Апай, анау...— дей беріп еді, Гуляның өзі орнынан ұшып түрегелді (ЛЖ, 1989, 27 декабрь).

АСА ЖАҢА ЖҮЛДЫЗДАР астрон. (сверхновые звезды). *Кенеттен жарқ ететін жұлдыздар, олардың жарқ еткен кездегі жарық шығару күші жаңа жұлдыздардың күшінен бірнеше мың рет асып түседі*. Бұлар құпиялы квazarлар, пульсарлар, рентген сәулелерінің көзі болатын жұлдыздар, қопарылғыш галактикалар, *аса жаңа жұлдыздар...* және басқалар (Біл. және еңб. 1983, № 5, 10-б.). «Квант» модуліндегі телескоптар Үлкен Магеллан бұлтындағы *аса жаңа жұлдыздардың* рентген сәулесін дүние жүзінде бірінші болып тіркеді (СК, 1987, 30 декабрь).

АСАРШЫ (участник коллективной взаимопомощи). *Біреудің қауырт жұмысына тегін көмек беретін тойдың мүшесі. Асаршылар ас ішіп болып, тараған соң, көкем ақтарылды-ай келіп:— Біздің ауылдың ынтымағы қандай. Шетінен бауырмал,— деді* (Балдырған, 1987, № 7, 7-б.).

АС КӨГІ (укроп). *Көк балауса күйінде тамаққа пайдаланылатын бір жылдық бақша өсімдігі*. Дастарханға қоярда окрошканың үстінен ас көгін себелейсіз (Қаз. ауыл шар., 1981, № 7).

АСКАРПАЗ (альпинист). *Альпинизммен айналысатын спортшы*. Құз жартастан Міз бақпастан, Шыжым арқан кермелеп, Тау сарбазы — *Асқарпазы*, Барады, эне, өрмелеп... (Балдырған, 1983, № 8, 15-б.).

АСПАНСЕРІК (стюардесса). Азаматтық Әуе және Теңіз флотының қызметкері. «ИЛ — 62» самұрығы бірте-бірте біктей берді. *Аспансерік* қыздың саңқылдаған таза, ашық үні қалындай бастаған күдік тұманын жел кеулегендей ыдыратты (З. Қыстаубаев. Жүректегі жүзік. 1987, 258-б.). *Аспансерік* қыз жолаушыларға түскі тамақ тарата бастады да, аға шопанның ойы тағы үзілді (Сонда).

АСПАПШЫ-СЛЕСАРЬ (слесарь-инструментальщик). *Құрал, аспап жасаушы слесарь*. «Электромашинна» заводының *аспапшы-слесары* Михаил Иосифович Дони, СССР халық артисі Мария Лукьяновна Биешу, Молдаван ССР Министрлер Советінің Председателі Семен Кузмич Гроссу жоғарғы сенімге ие болды (СК, 1979, 12 январь).

АСПАШАМ (люстра). *Үй жиһазы*. Іле-шала тербеліс күшейе түсті. Көп қабатты тұрғын үйлердегі *аспашам*, жиһаз шайқалып, бөлмелердің сылағы сыдырылып түсе бастағанда ғана бойларын үрей билеген адамдар далаға жөңкіді (СК, 1990, 16 маусым).

АСТАМ ДЕРЖАВА (сверхдержава). *Экономикасы, әскери-соғыс потенциалы аса күшті дамыған держава*. *Астам девжалар* арасындағы тайталастан келіп буржуазия саясатшылары жанталаса қарулануды ақтайтын үрей тепе-теңдігі концепциясын шығарады (Қаз. ком., 1983, № 5).

АСТЫҚ ТИЕГІШ т е х н. (зернопогрузчик). *Астық тиеуге арналған арнайы машина*. Дәнді кептіріп тазалайтын әрқайсысының сағаттық өнімділігі 40 тонналық «ЗАВ-40» маркалы екі алып агрегат, ... сондай-ақ бес *астық тиегіш* тоқтаусыз жұмыс істеді (СК, 1983, 20 сентябрь).

АТОМГЕР жағымсыз (атомщик). *Атом бомбасын жасаушы немесе оны қолдануды жақтаушы адам.* Даңғазамен алдамақшы жұмыссыздық ығырын, Қысқартпақшы дағдарыстар ғұмырын. *Атомгер* боп аты шығып ордандап, Бітемекші капиталдың тығынын (СК, 1983, 27 октябрь).

АУДАРМАЛЫ КАЛЕНДАРЬ. Қара: *Күнпарақ.* Столының үстіндегі *аудармалы календарьға* қарады (Жұлдыз, 1986, № 2, 84-б.).

АУДИОВИЗУАЛЬДЫҚ ҚҰРЫЛҒЫ (аудиовизуальная установка). *Фильм т. б. көрнекі құралдарды көрсетуде пайдаланылатын құрал.* Экскурсия кезінде *аудиовизуальдық құрылғылар* арқылы фильмдер көрсетілді (ЛЖ, 1988, 16 сентябрь).

АУЛАЛЫҚ КЛУБ (дворовой клуб). *Қорада, аулада мәдени-ағарту, спорт т. б. салалар бойынша өткізілетін шараларды ұйымдастырушы қоғамдық орын.* Балалардың *аулалық клубындағы* жұмыстар негізінен белгіленген жоспар бойынша жүргізіліп тұрады. Әрбір *аулалық клубтарға* шефтік қамқорлыққа алушылар бөлінген (Спорт, 1983, 22 октябрь).

АУЫСЫМ (смена). *Жұмыс істеушілер я болмаса оқушылар тобының мөлшерлі уақыты аяқталған соң, басқа бір топпен ауысуы.* Саты қыстағында үйлердің төбелері зақымданды. 640 орындық мектепте оқу бір *ауысымда* жүргізілетіндіктен, зілзала кезінде онда бірде-бір оқушы болған жоқ (Алматы ақшамы, 1990, 16 қараша). Алматы қалалық атқару комитетінің, «Главлмааастройдың» 1991 жылдан бастап Отан соғысының мүгедектері мен интернационалист жауынгерлер үшін Алматы қаласында *ауысымына* 780 адам қабылдайтын емханасы және 150 орындық пансионаты бар 540 төсектік республикалық клиникалық госпиталь құрылысының басталуын қамтамасыз ету қажет (СК, 1990, 5 мамыр).

АХДП (АНДП). *Ауған Халық Демократиялық Партиясы.* Ауғанстан Халық Демократиялық Партиясы (АХДП) Орталық Комитетінің Бас хатшысы болған, Ауғанстанның бұрынғы басшысы Бабрак Қармальмен Артем Боровиктің сұхбаты. (Өркен, 1990, 15 желтоқсан).

АХУАЛ саяси (атмосфера, климат). *Қоршаған орта, жай-күй, жағдай.* 101 мемлекеттің өкілдері қатысқан осы маңызды форумның жұмысы халықаралық *ахуал* едәуір шиеленіскен жағдайда өтті (СК, 1983, 15 март). Қандай да болсын теріс фактілерге қатаң партиялық баға беру, әрбір идеологиялық коллективте мінсіз таза моральдық-психологиялық *ахуал* болуы жөнінде нақты қамқорлық жасау маңызды, онда партиялық кадрлардың сенімді резерві де болуы керек (СК, 1983, 16 март).

АШЫЛУЛАР геогр. (открытие). Жаңа жерлерді, елдерді табу. Бұл кезек ұлы географиялық ашылуларға толы еді (Біл. және еңб., 1983, № 3, 20-б.).

АШЫЛЫМ (открытие). *Ғылым, өнер, әдебиет салаларындағы соны жаңалық, тың құбылыс.* Сонымен, Б. Майлиннің аяқталмай қалған, арада қырық жылдан астам уақыт өткенде, қайта дидарласып отырған «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылғы бірінші, 1935 жылғы бесінші сандарында алғаш жарияланған бұл повесть әдебиетіміз өмірінде және қалың оқырман қауым үшін де келелі бір құбылыс, үлкен *ашылым*, зор жаңалық болып отыр (Сөзстан, 1-кітап, 1980, 192-б.).

АЯҚЖОЛ Қана. *Жаяусоқпақ.*

Беріде жасыл сырлы, ұзынша екі орындық түр. Үй мен үйдің арасын жалғастыра, тура қиғаштай тартылған асфальт *аяқжол* да айқыш-ұйқыш (ЛЖ, 1985, 3 июнь). Шалқар қаласында 30 шақырым-

дық көшеге асфальт төселіп, 8 шақырымдық *аяқжол* салынады (СҚ, 1990, 11 сәуір).

АЯҚДОП (футбол). *Спорттық ойын*. Қазақстанның бетке ұстар футболшыларының, оның ішінде қазақтың *аяқдоп* шеберлерін шындейтын басты команданың бірі болсақ деген мақсат-мұратымыз бар (ЛЖ, 1990, 17 сәуір).

Ә

ӘЙНЕКЕЙ (глазурь). *Қыш, фаянс т. б. заттардың сыртын жалтырататын қорытпа*. Тексеріп қарағанда мавзолейдің мықты кірпіштері осы Сауранның сазынан құйылған екен. Сөйтіп, Сауранның, Түйетастың топырағынан балшық иленді. Оған Қотырбұлақтың құмы қосылды. Осы жергілікті жер жынысынан ақ, жасыл, сары, көк, сұр реңді алуан жергілікті түсті *әйнекей* жасау жолы табылды (СҚ, 1986, 13 ноябрь). Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген құрылысшысы, геология-минерология ғылымдарының кандидаты Софья Сүлейменқызы Тәкібаева және оның өнерлі іскер серіктері Баян Тұяқбаева, Рақия Қарімбекова, Нышан Өмірзақов XIV ғасыр шеберлерінен қалған мұраның жұмбағын шешті, *әйнекейді* жаңадан жасады, қолдану, жасау технологиясын тапты (сонда).

ӘЙНЕКЕЙЛІ (глазурный). *Әйнекейі бар*. Бұл авторлар коллективі Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінің жұмбақтарын зерттеу үстінде құрылыстың негізгі жабдығы: *әйнекейсіз* қыш, алуан түрлі *әйнекейлі* қыш, майолика тақтасы, гипсті қоймалжың ылай құрамдарын анықтады (СҚ, 1986, 13 ноябрь).

ӘЙНЕКЕЙСІЗ (без глазури). *Әйнекейі жоқ*. ...Қожа Ахмет Яссауидың архитектуралық комплексін қалпына келтіруге арналған бұл *әйнекейлі, әйнекейсіз* керамикалық бұйымдар Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алуға лайық жұмыс демекпіз (СҚ, 1986, 13 ноябрь).

ӘЙНЕКТЕУШІ (стекольщик). *Әйнек салатын маман иесі*. «Жанар» тұрмыс қажетін өтеу фирмасы электриктерді, *әйнектеушілерді*, есіктің сыртын қаптаушыларды, жаңа қоныстанушылардың мебельдерін орналастыруға көмек бергісі келетіндерді жұмысқа шақырады. (Өркен, 1988, 22 октябрь).

ӘКІМГЕРШІЛІК. қ а р а : *әкімшілдік*. *Әкімгершілік* пен бұйрық беруде, орынсыз шектеуден, тыйым салудан арылмай тұрып, адамдардың парасаты мен тәжірибесіне, олардың қайта құру ісіне жанашыр, саяси және мемлекеттік көзқарасына сенімсіздік тосқауылды қиратпай тұрып, ілгерілеу мүмкін емес (СҚ, 1987, 10 июнь). Бүкіл өзгерістің мәні — басқарудың *әкімгершілік* тәсілінен экономикалық әдісіне көшу (СҚ, 1987, 14 июль). Бұл — әсіресе ауылдық жерлерде... *әкімгершілік*, бюрократизм әлі де болса, сақталған деген сөз (С. Асылбеков, Мұғалімдер күні. 1986, 63-б.).

ӘКІМШІЛДІК қ оғ. - с а я с и (администрирование). *Іске нақты басшылықтың орнына бұйрықшыл-жарлықшыл әдісті қолданушылық*. ...Басшылықты әлсіретіп жібергені және *әкімшілдік* жекелеген басшыларды жауапкершіліктен құтқарып жіберу фактілерінен көрінген жеке мінез-қылығындағы кемшіліктері... үшін В. М. Стринжаны Теміртау қалалық партия комитетінің бірінші секретары міндетінен босату туралы (СҚ, 1987, 8 июль). Бюрократизм фактілеріне, басшылықтың *әкімшілдік*, жарлықшыл әдістеріне қарсы күрес нашар жүргізілуде (СҚ, 1987, 14 июль).

ӘКІМШІЛДІК-ТҰҚЫРТУШЫЛЫҚ ӘДІСТЕРІ (административно-нажимные методы). *Еңбек коллективтерін белгілі бір жұмыс мөл-*

шерін немесе жоспарын орындатуға, жұмыс қарқынын тездетуге әкімшілік орындардың күштеп көндіру амалдары. Әсіресе партия органдарының совет, шаруашылық мекемелерінің қызметтерін алмастыратыны, жекелеген партия қызметкерлерінің іс-әрекетіндегі әкімшілік-тұқыртушылық әдістері жөніндегі пікірлер көп (СҚ, 1988, 9 февраль).

ЭЛЕМИЕТ поэт. (веселенная). *Күллі әлем; жер жүзі*. Күн мен ай аясында байтақ үйім, Төсінде толған өмір кернеп қайнап... Ішінде элмиет — дүние дүйім, Сен шығар жанды жалғыз тұрған жайнап (КӘ, 1984, 20 январь).

ЭЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫС (социальный заказ). *Белгілі бір затты, бұйымды және т. б. дайындау қажеттілігі туралы тапсырма*. Көп жылдар бойы осы проблемамен айналысатын қоғамдық ғылым өкілдері... *элеуметтік тапсырыс* бойынша жұмыс істеп келеді (СҚ, 1991, 9 қаңтар).

ЭМБЕБАП (универсал, универсальный). *Қызметі жан-жақты, көп іске бейім (машина т. б.)*. ... Сол шаруашылықта өздігінен жүретін жаңа үлгідегі жоғары өнімді *эмбебап* «УСК-16» комплексін көрді, оны жасаушылардың бірі Г. Д. Чернышевпен әңгімелесті (СҚ, 1983, 3 сентябрь). Өскемен конденсатор зауыдының коллективі шығара бастаған *эмбебап* қондырғылар еліміздің металлургия кәсіпорындарындағы электр жүйесінің жұмысын жақсартуға көмектеседі (ЛЖ, 1983, 5 ноябрь). Топырақ өңдейтін және тұқым себетін *эмбебап* машиналар, сондай-ақ белсенді жұмыс органдары бар машиналар мен құралдар өндіру ұлғайтылсын (Қаз. ауыл шар. 1981, № 2, 35-б.).

ЭМБЕБАПТЫҚ (универсальность, энциклопедичность). *Барлық саладан хабары бар, көп білетін адам*. Гегомян — дикан, Гегомян — пішенші, Гегомян — өнертапқыш. Бір ол ғана емес, осы Гегомян басқаратын бүкіл трактор-егіс бригадасы тұтастай — осындай *эмбебаптықтарымен* көптен бері атағы шығып, аты алысқа естіліп жатқан абыройлы коллектив. (СҚ, 1984, 17 июль).

ЭМІРШІЛ-ӘКІМШІЛ ЖҮЙЕ (административно-командная система). *Тоқырау кезіндегі әмір, бұйрық, әкімшілдікке негізделген жүйе*. Бұл істе РСФСР халық депутаттарына ерекше міндет жүктеледі деп есептейміз, өйткені *әміршіл-әкімшіл жүйенің* езгісін толық дәрежеде бастан кешірген нақ Россия халықтары жаңарған Одақты қалыптастыруда маңызды, әрі сындарлы роль атқара алады және атқаруға тиіс деп санаймыз. (Сұхбат, 1990, 16—28 ақпан).

ЭНҰРАН (гимн). *Мемлекеттік немесе элеуметтік бірліктің символы ретінде қабылданған салтанатты ән*. Республикамыздың музыкалық эмблемасы болып табылатын мемлекеттік *әнұранымыз* да еш сын көтермейді. Әйтеуір бір кезде, дәлірек айтқанда, 1945 жылы дүниеге келіп бекітілген *әнұранның* сөзін оқысаңыз, бетіңіз шыдамайды (Халық кеңесі, 1991, 31 қаңтар).

ЭРЛЕНДІРУ (дизайн). *Көркем проектилеу, көркем конструкциялау*. «Жігеріміз» бүгінгі талаптармен өзектесіп жатыр. Бұрын сырт қалатын сәулет және *эрлендіру* (дизайн) өнерлері ескерілген, ал музыкалық орындаушыларымыз он бес аспап түрінен тартысқа түсті (СҚ, 1988, 3 май).

ЭРЛЕУ (отделка). *Бір нәрсені әшекейлеу*. Бояулармен *эрлеудің* прогресті пайдалану түрлері есебінен трикотаж бұйымдарының түсі мен суреттері жақсартылды (СҚ, 1986, 5 январь).

ЭРЛЕУШІ (отделочник). *Үйдің іші-сыртын белгілі бір түрге келтіруші маман, құрылыс жұмысшысы*. Прораб В. П. Баженов сонымен қатар СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп әр-

леушілер бригадирі жас коммунист Л. И. Коровякованы ұсынды (ЛЖ, 1979, 5 январь). Әрине, табыс оңайлықпен келмейтіні айқын. Сылақшылар мен *әрлеушілер*, слесарьлар мен балташыларға кездесетін қиындықтар да бар (СК, 1981, 2 декабрь). Үй құрылысы комбинатының Н. Шапошникова жетекшілік ететін *әрлеушілер* бригадасы тындырымды еңбектің үлгісін көрсетіп, құрылысшылар коллективінің табысына елеулі үлес қосуда (Ком. еңбек, 1976, 29 июнь).

ӘРІПТЕС (партнер). *Белгілі бір істе бірлестік көрсетуші*. Құрама Штаттардың *әріптестері* өзгенің көзілдірігі кісінің өз көзіндегі болмайтындығына талай рет көз жеткізді (М. С. Горбачев. Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасы. 1986, 21-б.) Бірақ бұл шектің сипаты мен дәрежесі әлі де АҚШ-тың, оның бір блоктағы *әріптестерінің* позициясы мен әрекетіне тәуелді болып отыр (Сонда, 91-б.).

ӘСКЕРИ ЖЕЛІК с а я с и (военный психоз). *Соғысқұмарлыққа салынып елірушілік*. Қазір жалған жалаларға құлақ асушылар осы ірі арандату әрекетінің шынайы мақсаттарын күндердің күнінде түсінетініне күмән жоқ, бұл арандатуды ұйымдастырушылар оны өздерінің милитаристік саясатының және *әскери желік* өршітудің мүдделері үшін пайдаланғанына олар түбінде көз жеткізеді (СК, 1983, 9 сентябрь).

ӘСКЕРИ-ҚОЛДАНБАЛЫ (военно-прикладное). Әскери спорттың бір түрі. Осыдан төрт бұрын құрылған әскери-патриоттық тәрбие қоғамы Куба жастарына кеңінен таралуда. Бұл ұйымның басты міндеттерінің бірі — спорттың әскери-қолданбалы түрлерін тарату, халық жасақтарының территориялық құрамаларына жан-жақты көмек көрсету болып табылады (ЛЖ, 1984, 18 январь).

ӘСКЕРИ-ҚОЛДАНБАЛЫ КӨПСАЙЫС спорт (военно-прикладное многоборье). *Әскери-практикалық мәні бар көп сатылы жарыс, бірнеше түрдегі жарыс*. Жекелеген спортшыларымыз — Төлеген Мұсанов (*әскери-қолданбалы көпсайыс*), Рақым Құрманғалиев (биатлон), алматылықтар Елена Қопытко (су бетіндегі көпсайыс). Надежда Яковлева (биатлон), Раиса Жукова (байланыс спорты) алтын медальдарды жеңіп алды (СК, 1979, 24 январь).

ӘСІРЕИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ (сверхинтернационалист). *Ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді аяқ асты етуші*. Янис Петерс айтқандай, *әсіреинтернационалистер* — шолақ белсенділер түсінбейді деп автор тарихи шындықты бұрмалауы керек пе? (ҚӘ, 1987, 25 декабрь).

ӘУЕЖАЙ (аэропорт). *Әуе жолы транспортына арналған ірі станция*. Ойнақы, ақжарқын Ердуан атты түрік жігіті автобустың құлағында ойнап отырып, Ата Түрік *әуежайына* алып келді. Оларды *әуежайға* кіргізбейді... Енді, міне, шығарып салушыларды ішке кіргізбейтін *әуежайдың* бір саңылауын тауып біздің жанымызға жетіп келгені (СК, 1990, 6 ақпан).

ӘФСАНА ә д е б. (предание). *Аңыз (ертегі) әңгіме*. Шоқанның соңғы кезде шығарған ойларының ең ғажайып түрінің бірі, қазақтың жұрт таң қалатын атақты күйлері, ол туралы халық аузында айтылатын әдемі *әфсаналар*, оларды көркем етіп таратушылар (ҚӘ, 1980, 4 январь). Қорқыт *әфсанасының* ең таң қаларлық ғажайып варианты — XIV ғасырда-ақ Қойынлы оғыздары жарылаған, қағазға түсірілген жазба нұсқасы («Жұлдыз», 1983, № 3).

- БАҒА БЕЛГІЛЕУ** экон. (ценообразование). *Товарларға қойылатын бағаларды және тұтас бағалар жүйесін қалыптастыру процесі.* Бағалар қоғамдық қажетті шығындар деңгейін, сондай-ақ өнім мен қызмет көрсету сапасын дәлірек бейнелеуі, ғылыми-техникалық прогресті, ресурстар үнемдеуді, бұйымдардың техникалық-экономикалық және тұтыну қасиеттерін жақсартуды, барлық жана, озық атаулыны енгізуді белсендірек ынталандыруы, үнем тәртібін күшейтуге жәрдемдесуі үшін *баға белгілеуді* жетілдіру керек (Совет Одағы Коммунистік партиясының программасы. 1986, 42-б.).
- БАҒБАНДЫҚ ҮЙ** (дача). Қара: *саяжай.* Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясында «Үйлерге, пәтерлерге, *бағбандық* (саяжай) үйлерге және өзге де мекен-жайларға өз бетімен басып кіргені, сондай-ақ жерді өз бетімен басып алғаны және өз бетімен құрылыс салғаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы» заң қабылданды (Халық кеңесі, 1990, 29 қараша).
- БАҒБАНДЫҚ СЕРІКТЕСТІК** (садоводческое сообщество). *Бау-бақша шаруашылығымен айналысушылардың өзара біріккен ұйымы.* Партия мен үкіметіміз соңғы жылдары саяжай алқаптарын, бақша шаруашылығын дамытудағы барлық жасанды кедергілерді жойып, Азық-түлік программасын жүзеге асыруға *бағбандық серіктестіктердің* де лайықты үлес қосуына кең жол ашып берді (СК, 1988, 5 апрель).
- БАҒДАР** (маршрут). *Бағыт, беталыс жол.* Осыны ескеріп, жолаушы автомобиль транспорты басқармасындағы маршрут (*бағдар*) белгілейтін жолдастар № 40 және № 48 автобустардың жүрісіне өзгеріс енгізіп, алдағы *бағдарды* былай белгілессе дұрыс болар еді. (Алматы ақшамы, 1990, 5 сәуір).
- БАҒДАРЛЫҚ ҚҰЫСТАРДЫ ЖЫРТУ** ауыл шар. (нарезка направляющих шелей). *Аңыз топырағын аудармай, қопсыта жырту.* ... Отамалы дақылдарды өңдеу кезінде *бағдарлық құыстарды жырту* және гербицидтерді ленталық әдіспен енгізу үшін жұмыс органдары бар сеялкалар мен культиваторларды сериялап өндіруді ұйымдастырып, ауыл шаруашылығына беруді қамтамасыз ету ұсынылды (СК, 1985, 20 июль).
- БАҒДАРЛАМА//БАҒДАРНАМА** (программа). Жұмыстың, іс-әрекеттің жоспары. Бастауыш партия ұйымдары өз құрылымының, қызмет *бағдарламасы* мен формаларының мәселелерін өздері шеше алады (СК, 1990, 4 шілде). Үкімет *бағдарламасын* әзірлеу кезінде нақ солардың тиісті дәрежеде пысықталмағандығынан мұның өзі оған өте сыншыл көзқарасты туғызды (Сонда). Бұл туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің республика Компартиясының XVII съезіне және СОКП XXVIII съезіне арналған *бағдарламасында* нақты айтылды (СК, 1990, 11 сәуір).
- БАҒДАРНАМА** (Программа). *Келешектегі іске арнай жасалған программа, жоспар.* СОКП Орталық Комитетінің *Бағдарламасын* жақтамайтын партиялар мен топтардан бойды алыс салу қажет. (Алматы ақшамы, 1990, 7 мамыр).
- БАҒДАРЛАМАЛЫҚ** (программный). *Бағдарламаға қатыстылық.* Пленум СОКП XXVIII съезінің «Ізгілікті, демократиялық социализмге жетейік» *бағдарламалық* мәлімдемесінің және СОКП Устаының жобаларын негізінен мақұлдап, бұл құжаттарды съездің қарауына енгізуге шешім қабылдады (СК, 1990, 30 маусым).
- БАҒДАРШАМ** (светофор). Жолаушының жүрісін тәртіпке салып отыратын, түрлі-түсті сигналдық электр шамы. Астанамыздағы

Рысқұлов пен Сейфуллин проспектілерінің қиылысындағы *бағдаршамның* көкшіл көзі жанған кезде құстың сайраған даусы естіледі. Пленкаға жазылған бұл құлаққа жағымды үн нашар көретін адамдардың жолдан өтуіне үлкен көмек болуда (Алматы ақшамы, 1991, 18 ақпан). Қарт кісілер көшеге шыққанда бейғамдық танытып, көше тәртібін жиі бұзады. Оған кейде жасы келген кісілердің жол белгілерін, *бағдаршамның* түсін ажырата алмауы себеп болады (Алматы ақшамы, 1991, 25 наурыз).

БАҒЫМ (пастбищное стадо). *Бағылып жүрген малдың отары, табыны, үйірі.* Менің *бағымымдағы* сиырлар биыл бесінші рет бұзаулады (Қаз, әйел., 1983, № 4, 2-б.). Дәулет Шыныбаев үстіміздегі жылы *бағымымдағы* саулықтың әр жүзінен 191-ден қозы алды (СК, 1983, 26 июль).

БАЗАРЛЫҚ (сувенир). *Біреудің не бір нәрсенің естелігі ретінде ұсынылатын (сыйланатын) кішкене тарту-таралғы.* Мәдени-тұрмыстық және шаруашылық товарларын, атап айтқанда, бау-бақша құрал-саймандарын, металл ыдыстар, *базарлықтар*, балалар ойыншықтарын, пластмассадан жасалған бұйымдар, сондай-ақ халықтың көркем кәсіпшілік бұйымдарын... және түрлі қарапайым товарлар өндіру ұлғайтылады (СК, 1986, 5 январь).

БАЗАРМАН (торговец). *Сауда-саттықпен айналысатын адам.* *Базармандар* тауарын мақтап, бірінен бірі асыра айқайласып... азан-казан, у-ду (М. Мағауин. Аласапыран. 1-кіт. 1981, 266-б.).

БАҚЫЛАУ ДАНА (сигнальный экземпляр). *Кітаптың типографияда басылып шыққан ең алғашқы данасы.* Оның көлемін ұлғайтып, шығу мерзімін реттеу және республикалық баспалардан *бақылау данасы* шыққан кітаптардың ... тізімі жарияланып отыруы... тиіс деген пікір қорытындысы анкета жауаптарынан туындайды (ҚӘ, 1988, 16 желтоқсан).

БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛ техн. (контрольно-измерительный прибор). *Жөндеу жұмыстары үшін қолданылатын арнаулы жабдық.* «Овцевод» совхозының тұрғын халқына тұрмыстық қызмет көрсетудің нақтылы шаралары жасалды. Қажетті бақылау-өлшегіш құралдары бар жылжымалы радио-телемастерской бөлінді (СК, 1983, 11 октябрь).

БАЛАБАҚША (детский сад). *Үй жастан мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін қоғамдық орын.* Коммунистік партия мен Совет өкіметі жас бүлдіршіндерге әрдайым ерекше қамқорлықпен қарап, олардың бейбіт өмірін, бақытты балалық шағын қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде тек Қазақстанда ғана мыңдаған сәби мектепке дейін *балабақшаларда* тәрбие алады (СК, 1983, 5 ноябрь).

БАЛАМА (альтернатива). *Шешімі бірнеше мүмкіндіктің ішінен біреуін оңдау қажеттілігі.* Сонымен, № 163 сайлау округінің сайлаушылары жиналыс өткізді. Алайда бұл жиында енжарлық етек алды. Сондықтан *балама* негізде ұсынылған талапкерлердің арасында бәсеке бола қойған жоқ. (Алматы ақшамы, 1989, 23 октябрь).

БАЛАМА НЕГІЗ (альтернативная основа). Екі немесе одан да көп үміткердің бірін сайлау қажеттілігі. Театр қайраткерлері одағының пленумында сайлау *балама негізінде* өткізілді (ҚӘ, 1990, 16 наурыз).

БАЛҚАЙНАТПА. Қ а р а : *Тосап.*

Шай да бар. *Балқайнатпа* да табылады (К. Құдабаева. Ұйқысыз түндер. 1985. 66-б.).

БАЛҚЫМА металлург. (сплав). *Металдың балқытылған қоспасы, ерітіндісі.* ЦЭЛ-дің жас мамандары Москва болат және балқы-

ма институтының жас ғалымдарымен бірге біріккен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді (Біл. және еңб., 1981, № 12).

БАЛСЫРА (самогон). *Астықты, картопты және т. б. пайдалану арқылы фабрикалық емес, қарапайым әдіспен жасалатын спиртті ішімдік.* Оның бұл қаскүнемдігін байқап қалған Нүрке кемпір келініне ағаш күбіден *балсыраны* төгіп таста деп тапсырса да, Айна «Еріктен қорқам» деп ол өтінішін орындамады (ҚӘ, 1989, 14 шілде).

БАЛШЫРЫН б о т. (нектар). *Кейбір өсімдіктердің гүлдерінен бөлінетін қант татыған сок, шырын.* Бұл айдарға ұқсайтын болғандықтан, өсімдік аты да айдаршөп деп аталған. Әлгі гүлтегеуріннің түбінде *балшырын* (нектар) жиналады (К. Сыбанбеков. Жабайы өсімдіктер сыры. 1986, 117-б.).

БАП (статья). *Белгілі бір құжаттың тармағы, тарауы.* Шарт жобасының «Салықтар мен төлемдер» деп аталатын 8-бабында да республикаларды қанағаттандырмайтын тұстар аз емес (СК, 1991, 23 қаңтар). Біздің ойымызша, «Одақтық өкілеттіктері» деп аталатын 5-бапқа бірнеше қосымшалар мен түзетулер енгізілмесе, республика егемендігіне нұқсан келеді (Сонда).

БАРАБАНДЫ ЖИНАҒЫШ техн. (барабанный сборочник). *Жатып қалған дестелерді жинау үшін жатқаға орнатылған жабдық.* Қазір облыста үш жүздей ОВТ-1 агрегаты бар. Солардың бәрі дереу іске қосылды. Сонымен қатар жерге жатып қалған дестелерді жинау үшін жатқаға орнатылған *барабанды жинағыштар* да қолданылуда (СК, 1983, 9-сентябрь).

БАСҚОСУЛАР (встречи). *Адамдар тобының белгілі бір саяси, қоғамдық, тәрбиелік т. б. мақсатпен бас қосқан жиындары.* ... Қазір жастардың *басқосуларынан* қашқақтаймын (Қаз. әйел., 1982, № 3, 16-б.).

БАСПАГЕР (издатель). *Баспа орындарында жұмыс істейтін қызметкер, кітап шығарушы адам.* *Баспагерлердің* жаңа жылы әдеттегі жаңа жылдан ертерек келеді. Егін сарбалақтанып, дән толыса бастаған кезде, баспа редакторлары келесі жылдың қолжазбаларын өндіріске әзірлеп тапсырып жатады (ҚӘ, 1981, 1 январь). Болгарияның кәнігі бір *баспагері* көрме ашылатын күні таңертең біздің павильонға келді (ҚӘ, 1981, 18 сентябрь).

БАСТАМАШЫ (инициатор). *Белгілі бір жаңа істі бастаушы, үлгі көрсетуші.* Сондай-ақ қоғамдық малға жемшөп дайындауды үлгілі өткізу жөніндегі республикалық жарыстың *бастамашылары* да шымкенттіктер (СК, 1984, 17 июль).

БАСТЫРМА (апликация). *Түрлі-түсті матадан қиып кестелеп жапсыру немесе бояулы қағаздан жасалған оюларды желімдеу арқылы ажарлаудың бір түрі.* Айман Ержанова *бастырма* (апликация) арқылы бетінде республика молшылығын, дән миллиардтарын бейнелеген «Гүлденген Қазақстан» атты тұскиіз жасады (Біл. және еңб., 1982, № 7).

БАСТЫРЫМ а у ы л ш а р. (обмолот). *Егін массасынан негізгі өнімді айыру.* Дүркін-дүркін жаңбыр ору мен бастыру, тасымал арасында алшақтық туғызды. Орым мен *бастырым* арасындағы бұл сәйкессіздік сыры түсінікті, ал жинап алынғанның дер кезінде тасылмай, мыңдаған тонна астықтың қырманда су-су боп үйіліп жатуын немен ақтауға болады? (СК, 1987, 29 сентябрь).

БАС ХАТШЫ (генеральный секретарь). *СОКП-тың негізгі, бас секретары.* Бір адамның екі жауапты қызметті қосарлап атқаруы принципті тұрғыдан келгенде жол беруге болмайтын нәрсе десек те дәл бүгінгідей саяси тұрақсыздық жағдайында Михаил Горба-

- чевтің *Бас хатшылық* қызметке қайта сайлануы жеңіс деп айтар едік (Халық кеңесі. 1990, № 13).
- БАСЫЛЫМ** (издание). *Жарық көрген кітап, журнал, газет т. б.* Коммунистік партияның, Совет мемлекетінің және халықаралық коммунистік қозғалыстың көрнекті қайраткері М. С. Сулов еңбектерінің «Марксизм-ленинизм және қазіргі дәуір» атты үш томдық *басылымның* үшінші томы шықты (Соц. Қаз., 1983, 15 январь).
- БАСЫМ БАҒЫТ** (приоритетное направление). *Аса мәнді бағыт.* Іргелі зерттеу саласында *басым бағыттарға* ерекше мән берілсін — биотехнологияның, тендік және клеткалық инженерияның тиімді әдістері әзірленіп, игерілсін (СҚ, 1987, 13 август).
- БАСЫТҚЫ** (закуска). *Үлкен астың алдында желінетін салқын жеңіл тағам.* Шай үстінде Гүләй Қөпжасарға жылы шырай көрсетіп, шарапка қайта-қайта *басытқы* ұсынып, тәттіні де тыққыштап отырды (ЛЖ, 1981, 19 август).
- БӘДИҒА** ә д е б. (экспромт). *Суырыпсалма.* Иса Байзақов сияқты *суырыпсалма* өлеңге де, жазба өлеңге де бірдей ақындар бұл күндері сирек кездеседі. Сондықтан *бәдиға* (экспромт) ақындар мен жазба ақындарды салыстырып қарауға болмайды. Олардың сонау атам заманнан бері келе жатқан тарихы бар, мектептері бар (ҚӘ, 1981, 18 сентябрь).
- БӘКПАЙ:** техн. (бабка станка) *станок бәкпайы. Шпиндельге сүйеніш болатын станок бөлігі* (Ауыл шаруашылығын механикаландырудың орысша-қазақша сөздігі, 1983, 16-б.).
- БӘРЕНҒІ** (картофель). *Көкөніс түрі.* Бізді қызықтырған балалар бақшасы ауласындағы шағын бақша болды. Атыз-атыз, жүйек-жүйек болып егілген қияр, сарымсақ, пияз, сәбіз, шалқан, *бәреңгі* (картоп), жусай, ... не керек көкөністің түр-түрі баланың қарын шашындай болып бой көтере бастапты (ҚӘ, 1988, 27 мамыр).
- БӘСЕНДІК** с а я с и (разрядка). *Әр түрлі системадағы елдер арасындағы және халықаралық жағдайдағы шиеленісті бейбіт түрде шешуге бағытталған саясат.* Мадридте келісілген нақты қадамдар *бәсеңдік* саясатын одан әрі жалғастырып, дамыту ісіне жәрдемдесуі тиіс (СҚ, 1983, 13 сентябрь). Варшава шартының елдері *бәсеңдікке* жеткізетін көптеген нақты ұсыныстар жасады (СҚ, 1983, 6 июль). СССР өз тарапынан жанталаса қарулануды тоқтатудың, *бәсеңдік* жолына оралудың, бейбітшілікті баянды етудің пайдасына сай алдағы уақытта да белсенді түрде іс-қимыл жасай беруге бекем бел байлап отыр (СҚ, 1983, 13 сентябрь).
- БЕЗЕНДІРМЕ** (транспарант). *Ұрандар, үндеулер жазылып, рамаға керілген қағаз немесе мата.* Осының бәріне Алматы еңбекшілері қосқан үлес сүбелі, бұл олардың мерекелік колонналарының *безендірмелерінде* бейнеленген (СҚ, 1988, 1 май). Алматының жан-жағынан қаланың таяуда Жаңа алаң деген бұрынғы атына қайта ие болған басты алаңына ағылып келіп жатқан мерекелік колонналардың *безендірмесінде* данғаза, даурықпа сөз аз, нақтылық ақиқат өзгерістер көбірек (СҚ, 1988, 1 май).
- БЕЙНЕСАЛОН** (видеосалон). *Бейнефильмдер көрсетілетін орын.* Целиноград облысындағы *бейнесалондарға* бас сұғыңыз. Әрине, тегін емес, қалтаңызда пұлыңыз болса. Көрмегенді көресіз, білмегенді білесіз (СҚ, 1990, 3 сәуір). Қазір республикамыздың кез келген *бейнесалонында* Брюсь Ли ойнаған кинолардың бейнетаспасы көрсетіледі (СҚ, 1990, 17 маусым).
- БЕЙНЕТАСПА** (видеоопленка). Қазір республикамыздың кез келген *бейнесалонында* Брюсь Ли ойнаған кинолардың *бейнетаспасы* көрсетіледі (СҚ, 1990, 17 маусым).

- БЕЙНЕФИЛЬМ** (видеофильм). Совет адамдарының елімізде небір парнографиялық, жалған медициналық әдебиеттің, эротикалық *бейнефильмдердің* және басқа да осындай басылымдардың таралуына аландаушылығын ескере отырып... (Алматы ақшамы, 1990, 7 желтоқсан).
- БЕЙРЭСИМДЕР//БИРЕСМИЛЕР** (неформалы). *Бейрәсімдердің* депутаттыққа кандидаттары сөйлегенде майын тамызып, бәрін де үйіп-төгеді, ал іс жүзінде республикаға келтіріп отырған пайдалары мардымсыз (СК, 1990, 24 наурыз). *Биресмилер* беделге ие ме? «*Биресми*» деп кімдерді атайды өзі? Әуелі осыған келісіп алайықшы (Алматы ақшамы, 1991, 3 мамыр).
- БЕЙТЕКТИ** (космополит). Космополитизмді жақтаушы. Ұлттық дәстүрден ажырап қалған космополит (*бейтекті*) композитордың құлаққа жағымсыз дүмше дүниесі ешкімге де эстетикалық ләззат сыйлай алмаса керек (АА, 1990, 17 сәуір).
- БЕЙІМДЕМЕ** техн. (приспособление). *Тетік, құрылғы, құрал, аспап*. Сондықтан Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты тәжірибе шаруашылығы диқандары тыңайтқыш шашу үшін арнайы *бейімдемемен* жарақтандырылған КСО-9 көң шашқышын пайдалануды ұйғарды. (Қаз. ауыл шар., 1981, № 2, 39-б.). Бұл *бейімдемені* жасауға механизаторлар Т. С. Астраханцев пен А. С. Васильев белсене кірісті. *Бейімдеме* жылжымалы қабырғадан... және тыңайтқышты бөліп бергіштен тұрады (Сонда).
- БЕКЕТ** (полустанок). *Кішігірім теміржол станциясы*. Жүрдек поездай жүйткіген өмір бір күні: «Ал, пендем, сенің соңғы *бекетің* осы», деп түсіріп кете барады... (Е. Әлімжанов. Оралу, 1979, 5-б.).
- БЕКІТКІШ** (фиксаж). *Фотопленкаға түсірілген кескінді тұрақтандыруға арналған химиялық ерітінді*. Фотопленканы *бекіткіш* (фиксаж) ерітіндіде өндеп бітпейінше, оған ешқандай да жарық түсіруге болмайды (Пионер, 1988, № 5, 24-б.).
- БЕЛГІШЕ** (значок). *Қандай да болмасын топқа, ұйымға қатыстылықты көрсететін, белгілі бір кескіні бар, омырауға тағатын зат*. Кет біздің үйден. Шеш киіміді. *Белгішелерімді* де бер деп, өткенімді даулап, бет бақтырмадым (Ә. Бөрнев, Алматы әңгімелері, 1979, 117-б.).
- БЕЛТЕМІР** (турник). *Спортқа арналған құрал-жабдық*. Ертеден қара кешке дейін *белтемірге* асылып жататын балалар әр қала, әр ауылда көп (СК, 1989, 22 наурыз). Біз де соны айтайық деп жатырмыз. Бәрі чемпион болмас, бірақ *белтемірге* тартылып жатқандардың ішінде бірер чемпион шығу үшін қайткен дұрыс? (Сонда).
- БЕСБҰРЫШ ТАҢБАСЫ** (пятиугольник, знак качества). *Жоғары сапалы товарларға таңба ретінде қойылатын бес бұрышты белгі*. Кәсіпорында шығарылатын ас үйге арналған мебельдердің 85 процентіне құрметті *бесбұрыш* таңбасы соғылады (СК, 1983, 24 ноябрь).
- БЕСІҚ-АРБА** (коляска). *Сәбилерді қыдыртуға арналған қол арба*. Май шуақты мерекенің бір сәтінде біз осында *бесіқ-арбамен* келіп тұрған жас ананы сөзге тарттық (Қаз. пионері, 1987, 21 май).
- БЕТЕСЕП** фин. (лицевой счет). *Жинақ кассаларында белгілі бір адамның қаражат есебі көрсетілген документ*. Егер вклад иесі тиісті жарнаны басқа аудандағы жинақ банкісіне қолма-қол енгізсе, ол *бетесебі* бар жинақ банкісіне тегін аударылады (СК, 1988, 8 июнь).
- БЕТПЕРДЕ** (маска). *Адамның бет-жүзін жасырып тұратын арнайы жапсырма*. Ұлыс тойына арнайы қатысушылар Сал, Сері, Хан, Ханша, Батыр, Бақсы, Балгер, Диуана немесе халық ертегілерінің түр-

лі кейіпкерлері бейнесінде киініп *бетперде* тағынады (АА, 1990, 20 наурыз).

БИОӨРІС (биополе). *Бойдағы ем-домдық күш-қасиет*. Менің бойымда да *биоөріс* бар. Қазір қан қысымы жоғары адамдарды, демікпеге шалдыққан сәбилерді емдеп жүрмін (Денсаулық, 1990, № 5, 1-б.).

БЛКЖО (ВЛКСМ). *Бүкілодақтық Ленинил Коммунистік Жастар Одағы*. Қоғамдық ұйымдардағы аппаратты түгелдей жоққа шығарушылар да, оны жоқтаушылар да аз емес. Съезд барысында *БЛКЖО* Орталық Комитеті аппаратының қызметіне де баға беріледі ғой (СҚ, 1990, 11 сәуір).

БЛОКТАРҒА ҚОСЫЛМАҒАН МЕМЛЕКЕТТЕР саяси (неприсоединившиеся государства). *Әскери немесе саяси одақтар мен топтарға қосылмау саясатын ұстанушы елдер, мемлекеттер*. Біз кеңеске қатысушы басқа елдердің, әсіресе қорытынды документ жобасын әзірлеу кезінде көп еңбек сіңірген бейтарап және *блоктарға қосылмаған мемлекеттердің* сындарлы күш-жігеріне лайықты баға береміз (СҚ, 1983, 9 сентябрь).

БОПСА саяси (шантаж). *Қоқан-лоқы, сес көрсету*. Осы өрескел күш көрсетудің қауіпті сипаты барынша айқын. Сол арқылы Пентагон «советтік әскери қатер» деген лақаптармен бүркемелеп, Европадағы агрессиялық жоспарларын да, Вашингтонға саясаты жағымсыз елдерге *бопсасын* да көрсеткісі келеді (СҚ, 1981, 11 август).

БОРЛАМА (керамика). *Күйдірілген сазбалшық*. Сізде *борлама* құмыра бар ма? (Орысша-қазақша тілашар. 1987, 104-б.).

БОРТСЕРІК (бортпроводник). *Азаматтық әуе флотының қызметкері*. Алматының біріккен авиаотряды *бортсерік* мамандығына конкурс бойынша қабылдау өткізеді (Алматы ақшамы, 1989, 17 қараша). *Бортсерік* мамандығына кандидат саяси сауатты, кәсіби қабілеті жоғары, тәрбиелік қасиеті жақсы, ренді түрі және қызмет көрсету саласына икемі болуы қажет (Алматы ақшамы, 1989, 17 ноябрь).

БОСАЛҚЫ БӨЛШЕК (запчасти). *Қосалқы бөлшек*.

Транспорттың қажетті *босалқы бөлшектермен*, жанар-жағармайлармен қамтамасыз болуы, адамдарға барынша жайлы жағдай жасауды ұсақ-түйек деп қарауға болмайды (СҚ, 1987, 30 сентябрь). Бірқатар шаруашылықта транспорт жетімсіздігі сезіледі. Техниканы жанар-жағармайлармен, *босалқы бөлшектермен* жабдықтауда іркілістер бар (Сонда). Алдыңғы әйнектер мен авторезина сияқты *босалқы бөлшектердің* тапшылығы автомобильдердің ұрлануының және бөлшектеліп жіберілуінің негізгі себептерінің бірі болып табылады (Алматы ақшамы, 1988, 13 август).

БОСАЛҚЫ НЕГІЗ (на общественных началах). ... вице-президент және оның орынбасарлары *босалқы негізде* жұмыс істейді (ҚӘ, 1989, 8 желтоқсан).

БОСАТҚЫШ ТҮЙМЕШІК (спусковая кнопка). *Фотоаппараттың деталі*. Фототиектің ашылып-жабылуы үшін *босатқыш түймешікті* (спусковая кнопка) басу керек. Нәтижесінде фотоға түсірілген нәрсенің (мектептің) фотографиялық кескіні пленкаға түседі (Пионер, 1988, № 4, 23-б.).

БӨБЕК ҮЙІ (дом малютки). *Жетім сәбилерді тәрбиелейтін үй*. Есіңізде ме, кеше сізбен осындағы мұғалім Сабаев Айтжанбайдың

жетім қалған баласын *бөбектер үйіне* алуды сұраған едік (Мэд. және тұрм, 1984, № 5, 17-б.).

БӨКТЕРГІ (багажник). *Көліктерде (велосипед, мотоцикл, автомобиль) жүк қоюға, салуға арналған орын.* Сенбі күні сабылып, машинасымен ағылып келіп, құрағы жайқалған, орманы сыңсыған сай-салаға кіріп жоқ болып кетіп, ертесіне жексенбі күні кешке қарай *бөктергілерін* сықап, қоржындарын толтырып алып, қалаға қарай қайқайып бара жатқанын бір-ақ көресің (Алматы ақшамы, 1990, 14 желтоқсан).

БӨЛШЕК САУДА (розничная торговля). *Товарды жекелеп сататын сауда түрі.* № 74 «Шалкыма» магазинінде жуу және кір жуу ұнтақтарының көрмесі өткізіледі. Көрмеге қалалық өнеркәсіп саудасы мекемесі, «Қазгалантерейторг» *бөлшек сауда* базасы қатысады (Ком. еңбек, 1977, 17 декабрь).

БТА (БТА — Болгарское телеграфное агентство). *Болгар телеграф агенттігі.* 25 ақпанда Т. Живковтың сот процесі басталуына байланысты Болгарияның бұрынғы басшысы **БТА** агенттігіне мынадай мәлімдеме жасаған (СҚ, 1991, 26 ақпан).

БУЫЛТЫҚТЫ БІЛІК техн. (вал кулачковый). *Арнаулы итергіш жұдырықшалары бар білік.* Орал механикалық заводы — облыстағы іргелі кәсіпорындардың бірі. Мұнда шығарылатын трактордың запас бөлшектері — *буылтықты білік*, шатун, тағы басқа да тетіктер өте күрделі жабдықтар (СҚ, 1987, 8 октябрь).

БҰЙЫМТАЙ Қара: *тапсырыс.* М. М. Ахметова күйтабақтар шығару, «Қазреставрация» тресінен арнайы *бұйымтайлар* бойынша өнерпаздарға домбыра жасату, еңбегіне лайықты атақ беру ... мәселелері таяу арада қолға алынып, шешімін табатынын айтып өтті (ҚӘ, 1990, 16 наурыз).

БҰЙЫРМАН (заявка). *Белгілі бір нәрсенің қажеттілігі айтылып, жазба түрде берілетін талап қағазы.* Көптеген өндіріс бірлестіктері мен кәсіпорындар әлеуметтік және экономикалық даму жоспарын түзген кезде өздерінің ақиқат мүмкіндіктерін төмендетіп, ал материалдық және финанстық ресурстарға *бұйырман* (заявка) жасаған кезде мөлшерден молырақ қамтып қалғысы келеді (Біл. және еңбек, 1987, № 6, 10-б.).

БҰО (беймәлім ұшатын объект) (НЛО). *Шығу тегі айқындалмаған аспан денелері.* Осыдан соң барлығы бірігіп, **БҰО** (беймәлім ұшатын объект) қонды деп түспалдаған жерге барды. Ешқандай із жоқ (Алматы ақшамы, 1991, 20 ақпан).

БҰРҚАҚ (фонтан). *Қысым күші арқылы құбырдан сұйықтың (судың, газдың және т. б.) атқылауы.* Мұндай әсем нұршашулар осы шаршыдағы бірқатар *бұрқақтар* (фонтандар) басында өткізіледі (Алматы ақшамы, 1990, 17 наурыз). «Наурыз» мейрамы осы айдың 22-жұлдызында В. И. Ленин атындағы Мәдениет сарайы алдындағы алаңда сағат 13-те ашылып, түнгі 24.00-ге дейін созылды. Осы шаршыдағы алаңдар мен *бұрқақтар* (фонтан) басында түрлі сауық-сайран (ұйымдастырылды) (Алматы ақшамы, 1990, 16 наурыз).

БҰРЫШТАМА (виза). *Документтің тіркеуге және бақылауға алынғандығын дәлелдейтін бөлігі, жазба.* Ол осындай ой үстінде оны-мұны қағаздарын реттеп, *бұрыштама* жазып, қолын қойып, оларды бір шетке ысырып, қаттап тігіп отырған (Р. Ниязбеков. Қызыл үй, 1987, 20-б.).

БҰҰ (ООН) — Организация объединенных наций. *Біріккен ұлттар ұйымы.* Бұл **БҰҰ** Хауіпсіздік Советінің шешімдерінде тұжырымдалған мандатта баяндалған ең басты мақсатты таяудағы күндері

- нақты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады (Алматы ақшамы, 1991, 26 ақпан).
- БҮРКЕМЕЛІ ШАМ//БҰҚТЫРМА ШАМ** (торшер). *Басына шам орнатуға арналған қондырғы.* Мақаш іңір қараңғысында түсінен шошып оянды. Бұрыштағы *бүркемелі шамның* жарығы көмескілеу. Түсінде қара күңгірт жерде әлдекімдер оң қолын пышақпен тілгілеп жатыр екен (Жалын, 1979, № 5, 85-б.). Ернар төбедегі жарыққа тимей, бас жағындағы *бұқтырма шамды* жақты (Ө. Қанахин. Күдірет. 1979, 168-б.).
- БҮРІККІШ** (опрыскиватель). *Газ немесе сұйық заттарды шашу, бүрку үшін қолданылатын арнаулы құрал.* Қостанай ауданының совхоздары осы жағдайда ОВП-1 және ОН-400 *бүріккіштерін* қолданылып, тұйықтан жол табуда. ОВП-1 машиналарының қуатты желдеткіші дәстені аударып қана қоймайды, сонымен бірге оны екінші жерге көтеріп қоя алады. Дәстені тезірек кептірудің амалы да осы ғой (СК, 1983, 9 сентябрь).
- БҮРІКПЕ МОНША** (Душ). *Суы бүрке құйылатын құрылғысы бар жыыну орны.* Халықтың, кооперативтер мен ұйымдардың заказдары бойынша отқа төзімді қазандарды (орнатумен), саяжайлық монша мен жылу пештерін, *бүрікпе моншаларын* жасап береміз (Алматы ақшамы, 1989, 4 декабрь).
- БЫЛАУ** м. е. д. (ванна). *Емдеу мақсатымен қолданылатын су проц-дурасы.* Қажетіне қарай адам аяқ-қолын, басқа да дене мүшелерін *былауға* салуына болады (Мәд. және тұрм., 1980, № 4, 23-б.).
- БІЛДІРМЕ** (сводка). *Белгілі бір өндіріс, шаруашылық т. б. салалары бойынша берілетін мәлімет жиынтығы.* Бастығым жанды жерімнен ұрып отыр. Айтқанын орындап, техника туралы деректерді алып тастап, *білдірмеді* қайта жазып бердім (С. Кенжеахметов. Тышқан тірлік. 1983, 6 бет).
- БІРЖОЛҒЫ ШПРИЦТЕР** (одноразовые шприцы). *Медициналық құрал.* «Біз актөбеліктерді тағы да қуантамыз,— деді Г. Прель.— Киім, ойыншықтар, *бір жолғы шприцтер*, дәрі-дәрмектерді әзірлеп жатырмыз» (СК, 1991, 3 қаңтар).
- БІРЛЕСКЕН АВТОРЛАР** (соавторы). *Бір шығарманы (мақала, кітап, ұсыныс, өнертабыс т. б.) жазушылардың саны екіден асса, олар бірлескен авторлар деп аталады.* Жеке автор мен бірлескен авторлар (соавторлар) рационализаторлық ұсыныс туралы өтінішті СССР Орталық статистика басқармасында 1976 жылғы 18 августтағы № 681 бұйрығымен бекітілген № Р—1 фирмасының бланкісіне толтырып дайындау керек (Білім және еңбек, 1983, № 5, 4-б.).
- БІРТҮТАС ТӨЛЕМ ДОКУМЕНТІ** (единый платежный документ). *Пәтер, жарық, телефон ақысын төлеуге арнай жасалған құжаттық квитанция.* Яғни, ол бойынша, *біртұтас төлем документіне* бұрынғыдай тек телефондық төлем ғана енгізілетін болады (Алматы ақшамы, 1989, 21 желтоқсан).
- БІРЫҢҒАЙ НАРЯД** (единый наряд). *Коллективке, бригадаға тұтас берілетін өндірістік тапсырма.* Успен ауданының Урицкий атындағы колхозында И. Тисеннің бригадасы астықты тек өз күшімен жинап, қырманға жеткізуде. Озық коллектив *бірыңғай наряд* бойынша жұмыс істейді (СҚ, 1983, 15 сентябрь).
- БІРІНШІЛІК** спорт. (первенство). *Жұлделі орынға шығушыларды анықтау үшін жасалатын спорт жарысы.* Жарысқа қатысушылар әлем және Европа *біріншілігінің* бас жұлделерін сарапқа салады. 22—31 октябрь аралығында өтетін бұл жарыста ауыр атлеттер 10 салмақ дәрежесі бойынша күш сынасады (СҚ, 1983, 22 октябрь).
- БІТЕУГҮЛ** б. о. т. (бутон). *Өсімдіктің әлі гүл жара қоймаған күл-*

тесі. Таңқурайдың жас өркендері де жұптанып орналасады. Олардың бірі үлкен, екіншісі кіші болып келеді. Жас өркенде жапырақпен бірге бітеу гүл (бүтон) жетіледі (К. Сыбанбеков. Жабайы өсімдіктер сыры. 1986, 132-б.).

В

ВЕЛОЖОРЫҚ (велогонка). *Велосипед жарысы.* Веложорық бірнеше күнге созылды (СҚ, 1988, 8 май).

ВЕЛОШАБАНДОЗ (велогонщик). *Велосипед жарысына қатысушы.* Москвада велотресттен өткен СССР Кубогі жолындағы сында... 150 айналымға топтасып жарысқан 45 велошабандоздың арасында СССР чемпионы, қызылордалық Марат Сатыбалдиев жеңімпаз атанды (ЛЖ, 1986, 20 май).

ВКЛАДШЫ (вкладчик). *Жинақ банкісіне ақша салушы адам.* Бұл вкладтардың ерекшеліктері — *вкладшыларға* 2 процент есебіндегі кіріс «Жигули» автомобилі ұтыс түрінде, төленетіндігінде болып отыр («СҚ», 1988, 31 май).

Г

ГАЗЕТКЕР (работник газеты). *Газет қызметкері.* Жасы ұлғая келе Алматы облыстық «Жетісу» газетінде жемісті *газеткер болды.* (ҚӘ, 1985, 16 апрель).

ГАЗЕТХАНА (редакция). *Белгілі бір мерзімді басылымды редакциялаушы қызметкерлер тобы және олар отыратын мекенжай.* Аталмыш материал қолымызға тигеннен кейін біз Сара Садыханқызының экстрасенстік қасиетімен қабілетін өз көзімізбен көріп-білу үшін оны *газетханамызға* шақырдық (АА, 1990, 28 тамыз).

ГАЗҚАҒАР (противогаз). *Уландырғыш заттардан сақтандыруға арналған фильтрлі маска.* Жас армияшылдар «миналы» жарықты басып өтті. Балалар киіп алған *газқағарларымен* тұмшалаған түтінді кедергіні ойдағыдай жеңіп шықты (Алматы ақшамы, 1988, 8 август).

ГАУҒАР ТОЙ (бриллиантовая свадьба). *Алпыс жыл отасқан ерлі-зайыптылардың салтанатты тойы, алпыс жылдықты мерекелеу салты.* Жақында ғана астанадағы Неке сарайында *гауғар тойдың* нелері тіркелді. Бұл 15 жылдан бергі екінші той болатын. Әр жүректен ағытылған ақ тілектер Ағаділ мен Омлақан Фалиақпаровтарға жүзге келсендер де қартаймандар дейді (ЛЖ, 1988, 22 октябрь).

ГҮЛЗАР (газон, цветник). *Бақтардағы, көше бойындағы, аула ішіндегі гүл егілген, шөп өсірілген алаңқай.* Тек өткен жылдың өзінде мұнда 155 мың түп ағаш және бұталар отырғызылып, үш жүз шаршы метр жерде *гүлзарлар* мен саябақтар жасалды (СҚ, 1983, 23 сентябрь). Ауыл-село мәдениетін көтеру бұқаралық сипат алуға. Жеміс-жидек, сәндік ағаштар отырғызу, *гүлзарлар* жасау, көпір, жол, тротуарлар салу, демалыс алаңдарын құру жүйелі жүзеге асырылып келеді (Мәд. және тұрмыс. 1982, № 10). Марите ескерткішін қоршай отырғызылған *гүлзарды* қаумалай сап түзеп, сымдай тартыла қалған... пионерлердің мойындарындағы ал қызыл галстуктер желмен желпи ойнап, осы бір аймақты гүл базарындай жайнатты (ЛЖ, 1982, 17 декабрь).

ГҮЛ ҚОРШАУЫ (околоцветник) дейді. *Гүл күлтелерінің тұтас атауы.* Күлтелер саны алтау. Мұның бәрінің басын қосып, *гүл қоршауы* (околоцветник) дейді. *Гүл қоршауының* ішкі үш күлтесі бастарын ішке қарай ніп, ұштарын бір-бірімен түйістіреді де, күмбез жасайды... (К. Сыбанбеков. Жабайы өсімдіктер сыры. 1986, 133-б.).

ГҮЛСАУЫТ (ваза для цветов). *Гүл салуға арналған әсемдік бұйым.* Күміспен соншалық әшекейлеп, оймышталған сандықшалар, *гүлсауыттар*, табиғи асыл тастардан ойып, өрнектеп жасаған бейнелік заттар комиссиялық бағамен халықтан қабылданып сатылады (Алматы ақшамы, 1989, 2 қаңтар).

ГҮЛТӘЖ әдеб. (венок). *Әр шумақтың соңғы жолы келесісінің бастауы болып, ал он бесінші шумақ басқа он төрт шумақтың алғашқы жолдарынан құрылатын сонеттің түрі.* «Сырғалы сонеттер» атты жинағымды баспаға тапсырдым,— деді автор сол жинақтың бір цикілін редакцияға ұсынарда. Сонеттің бұл түрі орыс, әлем поэзиясына «венок» («гүлтәж») деген атпен белгілі (ҚӘ, 1981, 30 октябрь). Хор музыкасының асқан шебері саналатын Г. Свиридовтың «Пушкин гүлтәжі» деп аталатын он бөлімнен тұратын концертті кеште бірінші болып орындалды (СК, 1981, 19 ноябрь). Сондықтан сен қайнар көздің басысың, Мөлдіреп тұр таза мөлдір көзінде... Нұрлы кеуде керек ойлы бас үшін, Зәру оған *Гүлтәжінің* өзі де (ЛЖ, 1982, 16 февраль).

ГҮЛТЕГЕУРІН ГҮЛТЕПКІ бот. (шпорец). *Кейбір өсімдіктер гүлдерінің нектар жиналатын орны.* Айдаршөп көкнәрлер тұқымдасы. Әлгі күлтенің бүйірлері түтікше тәрізді қусырылып барып, түйікталып бітеді, оны ботаника тілінде *гүлтепкі* немесе *гүлтегеурін* (шпорец) дейді (К. Сыбанбеков. Жабайы өсімдіктер сыры. 1986, 117-б.).

Ғ

ҒАЛАМШАР поэт. (планета). *Аспан денесі, планета.* Жер жаным *Ғаламшарым*, сиқыр күшін, Шұғыла табиғаттың сыйысың ғой. Жаралған қуаныш пен жарық үшін. Халықтар жансаясы үйісің ғой (ҚӘ, 1984, 20 январь).

ҒАНЫШ (гипс). *Ақ немесе сары түсті, құрамында әк бар минералды зат.* Завод жанындағы Ф. Писман жетекшілік ететін үркердей творчестволық топ үнемі ізденіс үстінде. Көне үлгілерден жаңа нақыштар тауып, *ғаныш* пен саз балшықтан әсем керамикалар өндіруде (СК, 1986, 14 май).

ҒАРЫШ поэт. (космос). *Аспан әлемі (ғарыш сөзінің білдіретін ұғымына Жер мен оның атмосферасы енбейді).* Бұл арадан Байқоңырдан *ғарышқа* аттанған батырлардың ракеталарының жарығы көрініп тұрады. Бұл арадан ұлан-байтақ Отанның бейбіт өмірлі барлық түкпір-түкпірі көрініп тұрады (Т. Айнабеков. Алғы шептегілер. 1976, 188-б.). Болжам, болжам әрі күңгірт, әрі ашық. Жатқандай-ақ барлығы да бал ашып. *Ғарыш* жақта бар ма, жоқ па тіршілік? Сан мың ғалам жатыр қазір таласып (Біл. және еңб., 1983, № 3, 21-б.).

ҒАРЫШЖАЙ (космодром). *Космос корабльдері мен жасанды жер серіктерін ұшыруға арналған арнайы алаң.* Фантастикада қинайтын, қиналатын бір нәрсе — термин. Рысбектің осы саладағы ізденістері де көңілге қонады. Оның *ғарышжай*, жұлдызқыран, ғарышхат, хабарласқыш сөздерін тілімізде жиі қолдансақ, үйреншікті де болып кетер еді (ҚӘ, 1983, 11 октябрь).

ҒАРЫШ КЕМЕСІ поэт. (космический корабль). *Космос кораблі.* Сай табанының елу-алпыс метрдей құлай берісіндегі шоқы жанынан әлгі нәрсе жылт етіп тағы көрінді. *Ғарыш кемесі* шатқалға құлайды!— деп Айдар солай қарай ұмтылғанын өзі де байқаған жоқ (ЛЖ, 1981, 15 сентябрь).

ҒАРЫШКЕР поэт. (космонавт). *Космосқа ұшу сапарында космос техникасын сынаушы және эксплуатация жасаушы адам.* Ел қозғалса еселі еңбегімен, *Ғарышкерлер* бірлесе жердегімен. Жалқау, содыр азаяр дүмбілездер, Өмір кешкен мардымсыз ермегімен (СҚ, 1983, 27 октябрь). Мен бүгін *ғарышкермін*, ғұламамын, Телміріп тас тағдырдан сұрамадым. Ордам бар өмірімен өріс берген — Тел өскен бауырымын ұлы ағаның (СҚ, 1983, 7 ноябрь).

ҒАРЫШНАМА поэт. (космология). *Аспан әлемі туралы ілім, астрономиялық бақылауға болатын ғаламаның жалпы қасиеттерін зерттейтін ілім.* Біздің *ғарышнама*. (Білім және еңбек, 1982, № 11).

ҒИМАРАТ архитек. (сооружение). *Белгілі бір архитектуралық үлгімен салынған құрылыс; ғимарат деп көбінесе қоғамдық пайдаланудағы сәнді үлкен жайлар аталады.* Соңғы жылдары республикамызда типтік жобамен салынған бірнеше мектептен тыс мекемелердің жаңа *ғимараттары* бой көтерді (Қаз. мект., 1983, № 10, 3-б.). Ауданның тұңғыш ірі спорт *ғимараты* футбол алаңындағы жасыл көгалмен, волейбол, баскетбол, қол добына арналған алаңдармен, жеңіл атлетика комплексімен көз тартады (СҚ, 1981, 14 октябрь).

ҒҰМЫРНАМАГЕР (биограф). *Өмірбаян түзуші.* Нұрхан Еленов Мұхаметжан Сералиннің *ғұмырнамагері*, Жұмаш Еленовтың ағасы (ҚЭ, 1989, 3 ақпан).

ҒЫЛЫМИ-МАШЫҚТЫҚ ЖИЫН (научно-практическая конференция). *Ғылым және оның тәжірибелерін іске асыру мәселелеріне арналған жиналыс.* Қазақ ССР Ғылым академиясы Ғалымдар үйінің мәжіліс залында Республикалық *ғылыми-машықтық жиын* тарихта тұңғыш рет қазақ тілінде өтті (АА, 1990, 3 қаңтар).

Д

ДАБЫЛ ЖАҢҒЫРТҚЫШ (репредуктор). *Дауысты күшейтуге арналған құрал.* Микрофонды тақай ұстап: «Самолет Москва уақытымен таңғы сағат төртке дейін кешігеді»,— деп хабарлады да, қара тетікті басып, *дабыл жаңғыртқышты* ажыратып тастады (Дөңгеле, күн, дөңгеле. Жинақ. 1984. 100-б.).

ДАБЫЛХАТ (сигнал). *Жағымсыз құбылыс туралы алдын-ала айтылған ескерту, хабарлама.* *Дабылхат* бойынша (АА, 1988, 25 шілде).

ДАБЫЛШЫ (молния). *Күнбе-күнгі еңбек көрсеткіштерін жариялап тұратын бір күндік қабырға газеті.* Жауынгерлік листоктар, «*дабылшылар*» шығарып тұру уақыт ысырабын азайтуға ықпал етпек (СҚ, 1983, 14 апрель).

ДАҒДАРЫСТЫ АХУАЛ саяси (кризисная ситуация). *Тұйыққа тірелген жағдай.* А. А. Громыко мен Дж. Дуг дүние жүзінде орын алып отырған шиелінске байланысты алаңдаушылық білдіріп, халықаралық шиеленіс бәсеңдігі процесін сақтап дамыту, жанталаса қарулануды тоқтату, даулы халықаралық проблемалар мен *дағдарысты ахуалдарды* бейбіт жолмен шешу қажеттігін атап көрсетті (СҚ, 1981, 18 сентябрь).

ДАЙЫНДАМА (заготовка). *Іске (айталық, қолөнер кәсібінің белгілі бір түріне) қажет алдын ала дайындалған заттар.* Қолөнер шеберлердің жұмыс барысында түрлі *дайындамаларды* (заготовки) қысып ұстайтын атауыз, кемпірауыз, тістеуік, қысқаш, шымшық-тұмсық т. б. көмекші құрал-саймандар болады (Біл. және еңб., 1985, № 3, 27-б.). Үздіксіз болат құю машиналарынан құйма *дайындамалар*, электр болаты мен пештен тыс вакуумдалған, сондай-

ақ шөміште инертті газдармен өңделген болат шығару ұлғайтылды (СК, 1986, 26 январь).

ДАМЫТПАЛЫ ӘДІС//ДАМЫТПАЛЫ ОҚЫТУ (развивающий метод, развивающее обучение). *Мектеп оқушыларының жалпы психикалық дамуы мен ақыл-ойын кеңейтуге бағытталған педагогикалық тәсіл.* Оқытудың тиімді методтарын, мысалы, дифференциалды, проблемалы және *дамытпалы әдістерін* пайдаланып, мұғалімдер оқушылардың бойына қажетті білімдер, шеберліктер мен дағдылар жиынтығын қалыптастырады (Қаз. мұғ., 1983, 3 июнь).

ДАҢҚ МЕМОРИАЛЫ (мемориал славы). *Белгілі бір тарихи уақиғаға не атақты адамдарға арнап қойылған ескерткіш.* Сол күні ұлттық советі президент А. Бенья бастаған Австрия парламентінің делегациясы *Даңқ мемориалына* гүлшоқтарын қойды (СК, 1983, 13 октябрь). 28 гвардияшы-панфиловшылар паркіндегі *Даңқ мемориалына* ресми гүл шоғын қою рәсімі аяқталысымен, Офицерлер үйінің қанаты кең, еңселі басқыштарын кернеп тұрған хор назар аудартқан (СК, 1988, 11 май).

ДАЯРЛАМА (разработки). **Қ а р а:** **Талдама.** Біздер басты мекемеретінде республика партия, совет органдарының, министрліктерінің аса маңызды сұраныстарын даярлап, өндіріс тиімділігін арттыру жолында да біршама *даярламалар* жасаймыз... Ғылым мен өндірістің байланысын нығайтуға республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының келелі мәселелеріне арналған кейбір ғылыми *даярламаларды* іс жүзіне асырудың механизмі жасалынбаған (Біл. жән. еңбек, 1988, № 7, 3—4-б.). Президиумның қатысуымен ғалымдарымыздың экономикалық *даярламаларын* қарау, талдау, іске асыру, оларды қажет ететін шаруашылық органдарының праволары мен міндеттерін тағайындайтын, сөйтіп, өндіруді тездететін шешім қабылдаулары керек. Менің айтарым осылар (Білім және еңбек, 1988, № 7, 3-б.).

ДАЯРЛАУ БӨЛІМІ (подготовительное отделение). *Жоғары оқу орындарына түсуге дайындайтын және жеңілдік жасайтын арнайы бөлім.* *Даярлау бөліміне* толық орта білімі бар алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен колхозшылар және Совет Армиясы қатарынан запасқа шыққандар алынады (ЛЖ, 1982, 1 сентябрь). *Даярлау бөліміне* жолдама алғандар мына документтерді тапсырулары керек (ЛЖ, 1982, 1 сентябрь).

ДАЯРЛЫҚ ТОБЫ п е д. (подготовительная группа). *Балабақшада тәрбиеленушілердің 5—6 жастағы балалардан жинақталған тобы.* Ересектер тобы мен *даярлық тобының* бүлдіршіндері Ленин туралы тақпақтар жаттап, әндер үйренді (Қаз. мұғ., 1986, 9 апрель).

ДӘЙЕКНАМА. **Қ а р а:** **деректеме.** Олардың еңбектерінде казак тілінде сақталған құжаттар, *дәйекнамалар...* жатқаны ақиқат (Ана тілі, 1990, 7 маусым).

ДӘЙЕКСӨЗ (цитата). *Белгілі бір текстен алынған үзінді.* Мәдени, ғылыми және оқу орындарындағы, мектеп жасына дейінгі тәрбие мекемелеріндегі безендіру, көрнекті құралдарының текстерін, түрлі *дәйексөздерді* (цитаталарды), плакаттар мен ұрандарды, кино және театр жарнамаларын тәржімалайды (СК, 1990, 8 сәуір).

ДӘЙЕКСӨЗШІЛДЕР (любители цитат). *Дәйексөзге құмар адамдар.* Сталиндік тұрпаттағы *дәйексөзшілдер* ондаған жылдар бойы оның еңбектерін мемлекеттік монополия ретіндегі социалистік өндіріс жөнінде қалыптасып қатып қалған көзқарасқа сәйкес келеді-ау деген нәрселерді ғана іріктеп теріп, үзіп-жұлып қана пайдаланса, онда Лениннің қандай кінәсі бар? (СК, 1990, 10 мамыр).

ДӘЙЕКТЕМЕ **Қ а р а:** **дәйексөз.** Бір қызығы: ғылыми таласқа қа-

тыскандардың қай жағы болса да өз ойын марксизм классиктерінің пікірімен, олардан келтірілген дәйектемелермен түйіндеді (СК, 1990, 10 сәуір).

ДӘЙЕКТЕМЕ (обоснование). *Белгілі бір мәселені дәлелдеп түсіндіру.* Тағы да бес ұсынысқа дәйектемелер дайындау үстіндеміз (СК, 1983, 17 май). Андалусия авторының кітабында сондай-ақ бәдәуи ақындарының өлең, жырлары, ... дәйектемелер... аңыз, әңгімелер, әділ әкімдер мен дәуір даналары жайлы мол мағлұмат берілген (Ә. Дербісалиев. Араб әдебиеті. 1982, 166-б.).

ДӘЙЕКТЕМЕШІЛДІК (цитатничество). *Жағымсыз. Ой-пікірді жеткізу үшін дәйексөздерді шектен тыс пайдалануға ұмтылушылық.* Мәселені тарихи жағдайға сәйкес түсіне білудің орнына дәйектемешілдікпен (цитатшылықпен) әуестендік (СК, 1990, 10 сәуір).

ДӘЛДҮРІШ (халтуршик). *Жұмысты қалай болса солай, немкетті орындайтын адам.* Менің бір аңғарғаным: халтурамен айкасудан гөрі қаһарманмен айкасу әлдеқайда абыройлы. Женілсең де батырдан жеңілесің ғой айтуейір. Ал дәлдүріштермен жекпе-жек шығып болмайды (ҚӘ, 1988, 29 январь). Байғұс өлең, Бақ-талап тайды сенен, көкіректі қамады қайғы-шемен. Демегей де, дауқес те, дәлдүріш те, «Бұлбұлмын,— деп бағады,— жай құс емен!» (ҚӘ, 1990, 16 наурыз).

ДӘЛДҮРІШТІК (халтура). *Қалай болса, солай, немкетті істелген жұмыс.* Халтура (дәлдүріштік)— ықылым дүниеден бергі кереғарлық: бұлбұлдың — қарғасы, тұлпардың — есегі, сұңқардың — сұрқытайы бар... (ҚӘ, 1988, 29 январь). «Дилетант», дәлдүріштікке принципті түрде қарсы болғандығымен шығар, айтуейір, қандай құбылысқа болмасын, өзіндік көзқарас, қарым-қатынасымының болуын қадағалап көлемін (ЛЖ, 1988, 20 май).

ДӘМ ҚОЛОРАМАЛШАСЫ (салфетка). *Матадан немесе жұқа қағаздан жасалған шағын көлемді ас орамал.* Сол кездегі кесте түрлерін бүгінгі күні киімдерге, үй тұрмысында тұтынылатын дәм қолорамалшаларына, үстел үстіне төселетін дастарханға... т. б. бұйымдарға тігіп, әсемдеуге болар еді (Қаз. пионері, 1987, 23 август).

ДӘМҚОСАР (приправа). *Тағамның дәмін кіргізу үшін пайдаланылатын қоспа.* Қаламыздағы «Алматы» өндірістік сауда-дәмханалық кооперативтің барлық он магазинінен шығыс тағамдарын сүюшілер ерекше дәмқосарды — тұздалған су қырыққұлағын сатып алады (Алматы ақшамы, 1988, 3 сентябрь). Шығыста, Солтүстік Еуропа елдеріндегі сияқты крахмалға және белокқа бай оның балғын бұтақтары мен сабақты жапырақтарының сорпа, салат, тағамдарға дәмқосар, суостар дайындайды (Сонда).

ДӘМХАНА (закусочная). *Жеңіл, тез тамақтануға болатын қоғамдық орын.* Асханалар мен дәмханаларда мұғалімдердің кезекшілік міндетін атқару ұйымдастырылды (Қаз. мұғ., 1983, 11 февраль). Қазір асхана мен дәмхана тұрақты жұмыс істеуде (Қаз. мұғ., 1986, 9 апрель).

ДӘНСЕПКІШ ауыл шар. (сеялка). *Топыраққа тұқым сіңіретін ауылшаруашылық машинасы.* Практикада кең қолданылып жүрген СЗС — 2, 1 Л дәнсепкішін жасау осы мақсатқа орай өмірге келді (СК, 1985, 9 июнь). Жаңа дәнсепкіш маркасындағы «Л» әрпі ленталы деген ұғымды білдіреді (сонда).

ДӘН ТАЗАЛАҒЫШ техн. (зерноочистительная машина). *Астық тазалауға арналған машина.* Дәнді кептіріп тазалайтын... «ОБП-20» маркалы үш дән тазалағыш... тоқтаусыз жұмыс істеді (СК, 1983, 20 сентябрь).

ДӘРІСХАНА (аудитория). *Лекция оқуға арналған жай (бөлме, зал т.б.)*. Орта бойлы, қара торы қыз дәрісханадан көңілді шықты. Қасындағы құрбысына қолын сермеп бірдеңе айтып келеді (ЛЖ, 1981, 28 март).

ДӘРІХАНА (аптека). *Дәрі-дәрмек дайындайтын және оны сататын мекеме*. Түркістан қаласында жаңа балалар ауруханасы пайдалануға берілді. Оның талапқа сай жабдықталған емханасы, дәріханасы, рентген кабинеті бар (СҚ, 1985, 30 июль). Бану Қалмұратованың Шиелідегі № 34 дәріханада еңбек еткеніне он жылдан асты. Ол — осындағы таңдаулы фармацевтердің бірі (СҚ, 1985, 12 июль).

ДӘРІХАНАШЫ (аптекарь). *Дәріханада істеуші*. Қарапайым дәріхана қызметкерімін. Жаңыл Мұтаева, дәріханашы. (ҚӘ, 1988, 5 февраль).

ДӘУІРНАМА (эпопея). *Ірі тарихи уақиғалар жайында жазылған көлемді шығарма*. «Абайда» да қазақ халқының басынан өткен бүкіл бір дәуір жайында сыр шертіледі. Ендеше бұл нағыз дәуірханама — эпопея. Сондықтан оны тек қана «роман-эпопея» деп атау әділ (СҚ, 1981, 8 апрель).

ДЕЛДАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ (брокерлік қызмет көрсету). «Әлем» кооперативі халыққа мынадай делдалдық қызмет көрсетуді ұсынады: мүлік сатып алу мен сату... (Алматы ақшамы, 1988; 15 август).

ДЕМЕУШІ (спонсор). *Әлеуметтік мәні бар әр түрлі шараларға материалдық жәрдем беруші (кәсіпорын, мекеме, жеке адам т. б.)*. Қаладағы бірқатар ірі кәсіпорындар мен мекемелер Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамына демеуші (спонсор) болуға ынта білдіруде (Алматы ақшамы, 1989, 18 желтоқсан). Бірлестіктің қаржысы мүшелік жарна мен кооперативтік топтардың, творчестволық бригадалардың, демеуші ұйымдардың көмегімен құралады. Соның есебінен штат ұстайды (ҚӘ, 1990, 16 наурыз).

ДЕРЕКНАМА (источник). *Белгілі бір ғылыми зерттеуге негіз болатын жазба дүние, ескерткіш*. Тарихи дерекнама көздеріне сүйенер болсақ, ХХ ғасырдың өзінде Түркістан шаһарында медресе жұмыс істегені мағлұм (Біл. және еңб., 1987, № 12, 34-б.). Тарихи дерекнамаға жүгінер болсақ, жан-жануарлар, өсімдік әлеміне кенен Ұлытау өңірі, Қаракенгір, Сарысу, Сарыкенгір өзендері өрнектеп ағатын жалпақ жазық ең алдымен Жошының аң аулайтын, серуен құрып сергітін қорығы ретінде аталады (Біл. және еңб., 1988, № 2, 42-б.).

ДЕРЕКТЕМЕ қара: дерекнама. С. Қ. Ибрагимов А. Н. Бернштамның... пікіріне талдау жасап, олардың деректемелеріне (источниктеріне) сын көзімен қарау керектігін көрсетеді (Білім және еңбек, 1985, № 2).

ДИДАР ІЗДЕГІШ (видеоискатель). *Фотоапараттың суретке түсірілетін объектіні табу үшін жасалған бөлшегі*. Френель линзасы алаң ортасындағы микропирамиданың, дидар іздегіштегі мүсіннің бірқалыпты айқын да ажарлы шығуын қамтамасыз етеді (Алматы ақшамы, 1988, 13 июль).

ДОМАЛАҚШЫ (анонимщик). *Домалақ арыз жазатын адам*. Мұның өзі домалақ арыз жазушылардың «арқасы» болса керек. Өйткені, домалақшылардың лаңы әлі де баршылық қой. Олардың көбінің мақсаты түсінікті: тұнық суды лайлау. Әрі домалақшы үнемі тасада жүріп бақылауға еті әбден үйренген (Мәд. және тұрм., 1987, № 9, 24-б.).

ДОПТАЯК спорт (клюшка). *Хоккей, гольф ойындарына арналған басы имек таяқ*. Өйткені көгалдағы хоккейдің доптаяғының бір

жағы тегіс болғанымен, екінші жағы дөңестеу, жұмыр болып келеді де, хоккейші *Доптаяғын* оң жағына ұстағанда ғана допты дұрыс ұра алады (ЛЖ, 1985, 3 декабрь). Ал Марат болса, доп соққанда *Доптаяғының* қайқы тұмсығын төмен қаратып, тегіс жағынан ұруға машықтанған (ЛЖ, 1985, 3 декабрь). Не айтпаққа оқталғаныңды білдім. *Доптаяқты* алдағы жылы ұстар-ұстамасымды маусым соңында шешермін (ЛЖ, 1988, 9 август).

ДӨҢГЕЛЕК СТОЛ (круглый стол). *Белгілі бір мәселе жөнінде пікір алысу мақсатымен ұйымдастырылған шағын ресми жиын, отырыс.* Таяуда «Жұлдыз» журналының *дөңгелек столы* Жамбыл облысының Талас ауданында өткізілді (ҚӘ, 1983, 29 июль). Жуырда Ақсу аудандық партия комитетінде өткізілген «*дөңгелек стол*» басындағы кездесуде бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары жиналыстарды өткізу, онда жасалатын баяндама, сөйлеушілердің сөзі және қаулы қабылдау мәселелері жөнінде өзара пікір алысты СК, 1988, 8 апрель). «*Дөңгелек стол*» басындағы кездесуде «Қызылтаң» совхозы партия комитетінің секретары Ж. Игіліков те бірқатар ұсыныс пікірлерін ортаға салды (Сонда).

ДҮМБІЛ ТАҒАМ (полуфабрикат). *Пайдаланылуы үшін одан әрі толық пісіруді қажет ететін шала дайындалған тағам.* Рауза болса, үй шаруасына құлқы жок, *дүмбіл тағамның* неше түрін кулинар магазинінен алып, тоназытқышты толтырып қояды (Ә. Тарази, Бұлтқа салған ұясын. 1977, 187-б.).

ДҮНИЕҚОҢЫЗДЫҚ (вещизм). **Қара:** **Затқа табынушылық.** ...Басқалардың қолына түспейтін затты қалайда табуға тырысу, қымбат бұйыммен көзге ұру... киімімен айналасының мысын басуға тырысу немесе өзіндегі барға масаттану үшін әдейі кию сияқты белгілер — нағыз *дүниеқоңыздықтың* өзі (Қаз. әйел., 1982, № 3, 16-б.).

ДҮНГІР (фляга). *Ішіне сұйық зат құйылатын темір ыдыс.* Арадағы осы әңгіме сеп болды ма, әйтеуір кейіннен Әлібай Бибіжанға іш тартып, снырын байласып, бұзауын ұстасып, сүтін *дүңгірге* құйысып, қолғабысын тигізе жүргізді (ҚӘ, 1983, 1 май).

ДЫБЫС КҮШЕЙТКІШ: **Қара:** **Дабыл жаңғыртқыш.** *Дыбыс күшейткіш* тап бұлардың тұсында екен, құлақ қоюға еріксіз мәжбүр етті (К. Мұханбетқалиев. Қайдасың сен, махаббат. 1984, 105-б.).

ДЫБЫС СЕМДІРГІШ техн. (звукооглушитель). *Дыбыс қарқынын бәсеңдеткіш.* Сендастылық тетіктің, үш моторлы лента тартқыш механизмнің компандерлік үлгідегі пәрменді *дыбыс семдіргіштің* орнатылуы қосымша магнитофонның дыбыстық сапасын едәуір жақсартты (Алматы ақшамы, 1988, 13 июль).

ДЫБЫСТАНДЫРУ (озвучание). *Кино, күйтабақ, телевизия т. б. үшін техникалық құралдар арқылы ленталар мен пластинкаларға дыбыс жазу («сөйлеу»).* Қазір студия «Мың бір түн» дастанының 2-томын *дыбыстандыруда* (Еңбек таны, 1982, № 1, 11-б.).

ДЫБЫСХАНА (фонотека). *Дыбыс жазылған ленталар мен пластинкалардың жиынтығы.* Кітапхана жағынан шағын *дыбысхана* ұйымдастырылды. Онда В. И. Лениннің сөйлеген сөздері, Ильич сүйіп тыңдаған музыкалық шығармалар. Москва, Ленинград, Ульянов — қалаларындағы музейлердің жазбалары бар (Қаз. мектебі, 1976, № 3, 20-б.).

ДІРІЛДЕТКІШ БАЛҒА техн. (молоток-вибратор). *Біркелкі тербеліс, ырғақ жасайтын арнаулы құрал.* Білікті инженер Б. Паженцев басқаратын конструкторлар бюросы *дірілдеткіш балғаның* жаңа, өнімділігі күшті түрін модельдеді (СК, 1983, 6 октябрь).

ЕГЕМЕНДІК (суверенитет). *Мемлекеттің ішкі жағдайдағы және сыртқы қарым-қатынастағы толық тәуелсіздігі.* Бүгінгі нөмірдің екінші бетінде «Партиялық съездерге барар жолда» атты ортақ тақырыппен беріліп отырған материалдар республика егемендігі мен дербестігіне арналған (СК, 1990, 31 наурыз).

ЕГЕМЕНДІ МЕМЛЕКЕТ (суверенное государство). *Ішкі мәселелерді шешуде, сыртқы саясатты жүргізуде толық тәуелсіздікке ие мемлекет.* Біз егеменді мемлекеттің жоғары органының нақты өкілеттігі берілген, ... Қазақстанның күшті Жоғарғы Советі болуын жақтаймыз (СК, 1990, 25 наурыз).

ЕГЕУҚҰМ (наждак). *Шыны, металл, тас т. б. бетін тегістеу, әрлеу және тазалау үшін қолданылатын ұсақталған минерал.* Құрамында алюминий бар табиғи қосылыстарға алюмосиликаттар, бокситтер, корунд және оның бір түрі — егеуқұм (наждак) жатады (Ю. В. Ходаков, Д. А. Энштейн, П. А. Глорнозов. Аноорганикалық химия. 9-класқа арналған оқулық. 1981, 140-б.).

ЕЛТАҢБА (герб). *Белгілі бір мемлекеттің жалауда, теңгеде, мәрде және т. б. таңбаланытын белгісі.* Он бес одақтас республиканың жалаулары да, елтаңбалары да (гербілері) бір қолдан шыққандай (Халық кеңесі, 1991, 31 қаңтар). Іс жүзінде бұл елтаңба республикамыздың мемлекеттік егемендігінің шынайы белгісі бола алмады (Сонда).

ЕМДЕЛУ ҚАҒАЗЫ (больничный лист). *Сырқаттануға байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық көрсетілетін құжат.* Ивановтың мұнысы ашықтан-ашық ақылға сыймайтын тұжырым болатын: Максудтың ағасы, басқа қалада тұратын еді және ол кезде емделу қағазымен жүрген. (Алматы ақшамы. 1991. 11 қаңтар).

ЕМШІ БИБІ. Қара. Медбибі. Әлгі ақ халат киген әлдекімнің емші бибі екенін де сұм жүрек айқын танытты (Жұлдыз, 1988, № 3).

ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫ пед. (старшая группа). *Балабақшада тәрбиеленушілердің 4—5 жастағы балалардан жинақталған тобы.* Ересектер тобы даярлық тобының бүлдіршіндері Ленин туралы тақпақтар жаттап, әндер үйренді (Қаз. мұғ., 1986, 10 апрель).

ЕРТЕҢГІЛІК (утренник). *Таңертеңгілік спектакль, ойын-сауық.* Мазмұнды кештер, ертеңгіліктер, пионер жындары, диспуттар, конференциялар, батырлық-патриоттық оқулар, партия, комсомол, соғыс және еңбек ардагерлерімен, өндіріс жанашылдарымен кездесулер бұнда жүйелі өткізіледі (Қаз. мект., 1983, № 10, 4-б.). Сауран мектебінде «Ел қорғауға әзірміз» атты ертеңгілік өтті. Ертеңгілікке соғыс және еңбек ардагері Б. Әуелбеков, Совет Армиясы қатарынан оралған мектеп түлегі А. Өтебаев және бастауыш класс оқушыларының ата-аналары шақырылды (Қаз. мұғалімі, 1988, 20 май). Жақында Октябрьдің 40-жылдығы атындағы орта мектепте I класс оқушыларының Әліппемен қоштасу ертеңгілігі болып өтті (Қаз. мұғ., 1983, 16 декабрь).

ЕРІКТІ КІТАПҚҰМАРЛАР ҚОҒАМЫ (добровольное общество книголюбов). *Кітапсүйер қауымды біріктіретін қоғам.* Кітап жинаудағы талғамсыздықты, бәсекелестікті жойып, сұранымға ие кітаптарды қоғамдық кітапханалар мен ерікті кітапқұмарлар қоғамы арқылы насихаттау керек (ҚӘ, 1988, 1 апрель).

ЕСТЕЛІКНАМА (мемуары). *Өмірбаян негізінде құрылған көркем шығарма.* ...Жастық шағын Шыңғыста өткізген, көне сырға қанық Ғайса Сармурзин ақсақал «Өмір сабақтары атты естелікнамасында құнды мағлұматтар келтіреді (Жұлдыз, 1987, № 9).

ЕСІМНАМА (персоналин). *Ғылыми еңбектердің, журналдардың, көрсеткіштердің соңында берілетін, жеке адамның (қайраткердің) өмірі мен қызметі туралы жазылған мақалалардың, хабарламалардың тізімі.* «Есімнама» айдарымен берілген белгілі ғалымдарымыз туралы жазылған монография, очерк, юбилейлік мақалалардың жастарға танымдық және тәрбиелік мәні зор (ҚӘ, 1984, 6 январь).

ЖАҒАЖАЙ (пляж). *Суға шомылуға, құмбұлау, күнбұлау қабылдауға қолайлы жалпақ жағалау.* Багиланы сол жолы жағажайдан көрді. Құм үстінде күнге қыздырынып жатыр екен (Жалын, 1980, № 3, 123-б.). Төбеде аптап, Дүние тұр мөлііп. Салқын суды кетесің кімге кыып. Қасымда сен және де Орысбай бар, Жағажайда жаттық біз күнге күйіп (ҚӘ, 1981, 31 июль).

Ж

ЖАДАҒАЙ (плащ). *Сыртқы жеңіл киім. Жадағай тігуге арналған маталар мен жасанды теріден тігілген тұтас киімдер (комбинезондар) бар* (АА, 1990, 12 маусым). Жаз аяқталып келеді, енді жылы көйлек, костюм, жадағай, күпсер киетін күндер де алыс емес (АА, 1990, 14 тамыз).

ЖАДЫҒАТ (материал). *Бір нәрсені жасауға қажетті жабдық.* Әсіресе мазар үймереттерін салуға қолданылған күйген қыш, майоллика тақтасын жасайтын жадығат (материал) таптырмайды (СҚ, 1986, 13 ноябрь).

ЖАЗБА (письменный памятник). *Жазылып қалдырылған ескерткіш, жазылған дүние.* Бізге көне Шығыстан жеткен құнды мәдени мұралардың бірі — Индо-Тибет шежіресі, өкіншіке орай, бұл күні кешегіге дейін Улан-Удэ архивінде шаң басып қозғаусыз, зерттеусіз жатты. «Бришаның» сарғайған парақтарына үңілген сайын басыңды көтеріп, көзінді алғын келмейді. *Жазбаның мән-мағынасы еріксіз қызықтырып әкетеді* (Біл. және еңб., 1983, № 3, 19-б.).

ЖАЗХАНА (дача). *Қала сыртындағы жаздық үй, мекен-жай.* Жазханаға жеміс ағаш, гүл егеіін деп ем, кеңес берінізші деп қолқа салып келіпті. Бағбан ондай азаматтардан алтын уақытын аямайды (Ә. Бөриев. Алматы әңгімелері. 1979, 34-б.).

ЖАЗЫҚ СЫНДЫРҒЫШ ауыл шар. (поскорез). *Жер жыртатын құрал.* Астықты комбайнмен жинап, сабанын тасып алғаннан кейін аңызды 10—12 см тереңдікте жазық сындырғышпен немесе сыдыражыртқышпен өңдейді (І. Сейітов, Р. Өрісбаев. Суармалы егіс өнімін арттыру. 1984, 11-б.).

ЖАЗЫЛЫМ//ЖАЗЫЛЫС (подписка). *Мерзімді баспасөзге жазылу науқаны.* Қазір қала қоғамдық таратушылардың алдында тұрған басты міндет — бірінші жарты жылдықта жазылым мерзімі бітетін басылымдарды толық қалпына келтіру болып табылады (Семей таны, 1972, 8 апрель). Қалада қоғамдық негізде жұмыс істейтін 482 жазылым қабылдау пункті бар (Сонда). «Орда» совхозында газет-журналдарға жазылыс өте ұйымшылдықпен жүргізілуде. Әсіресе, 3 ферманың коллективі бұл істі саяси науқан ретінде түсініп, баспасөзге жазылуды алғашқылардың қатарында бітірді (СҚ, 1983, 11 октябрь).

ЖАЙМА (лоток). *Дүкендегі зат сатушының алдындағы стол.* Қалампыр мен раушан, гүлкайыр мен гербер — ежелгі Краковтың мейманына гүл өсіруші қыздар өз жаймасынан тандап алып ондаған гүл шоқтарын тарту (ЛЖ, 988, 14 июль).

ЖАЙМА САУДА (выносная торговля). *Магазиннен тыс көше, далаға шығып сауда жасау.* Екі күн ішінде көпшілікті түрлі өнімдермен

қамтамасыз ету үшін *жайма сауда* ұйымдастырылды (ЛЖ, 1988, 4 март).

ЖАЙМА ТӨСЕК (раскладная кровать). *Жиналмалы төсек*. Ұйықтайтын әр бөлмеге 22 кішкентай төсек, оған қосымша 4 *жайма төсек* қойылыпты. Сонда бір бөлмеде 28 бөбек ұйықтайды деген сөз. Ал, келесі бөлмеде әлгіндей 16 төсекке қосымша 6 *жайма төсек* қойылған (Жетісу, 1988, 20 май).

ЖАЛАУГЕР поэт., публ. (флагман). *Алдыңғы қатарлы, маңдай алды, үздік*. Шарпыған шабытының алау лебі — Қаншама халқымыздың қалауы ері. Жасай бер, жаса мәңгі, қартаймастан, Республика Жастығының *Жалаугері* (ҚӘ, 1981, 20 март).

ЖАЛГЕР (арендатор). *Жерді, тұрғын үйді, және т. б. уақытша иеленуші*. Ондаған адамға қысым жасалып, жұмыстан кетуге мәжбүр болды. Олардың ішінде он, одан да көп балалы *жалгер* шопандар, жүргізушілер де бар еді. Біріншіден, колхоз басқармасы, қоғамдық ұйымдар ақылдаса келіп, диқандардың жұмысын ынталандыру мақсатымен социалистік жарыс ұйымдастырған. Әрине, *жалгерлер* ақырғы өнім үшін онысыз да ынталы емес пе деген сұрақ туындайды, бұл жерде. (СҚ, 1990, 21 шілде).

ЖАЛГЕРЛІК (аренда). *Уақытша пайдалану үшін жерді немесе тұрғын үйдің бір бөлігін жалдауға алушылық*. *Жалгерліктің* алғашқы қорытындылары — олар он екі тонна картоп, арпа мен бидай өсіді (АА, 1991, 7 қаңтар). Облыстық партия комитетінің бюросы... *Жалгерлік* қатынастардың негізін бүлдіру фактілері туралы мәселе қарап, басшылық тағы көптеген кемшіліктердің бетін ашты (СҚ, 1991, 10 қаңтар).

ЖАЛҒА БЕРУ ПУНКТИ (пункт проката). *Тұрмысқа қажетті заттарды азаматтарға уақытша пайдалануға беретін орын*. Қарағанды мемлекеттік университетінің жатақханаларында 270 орындық оқу комбинаты, сегіз демалыс бөлмесі, екі студенттер клубы, төрт спорт бөлмесі, *жалға беру пункті*... жұмыс істейді (СҚ, 1983, 15 январь).

ЖАЛҚЫ БАСТЫ АНА (мать-одиночка). *Күйеуі жоқ балалы ана*. 1988 жылдың 1 январынан бастап асыраушысынан айырылған үшін пенсия алмайтын баласы бар жесір әйелдерге *жалқы басты ана* ретінде мемлекеттік жәрдем ақша төленетін болып белгіленді (Мәд. және тұр., 1988, № 2, 3-б.).

ЖАНАМА КӨКСІЗ ауыл шар. (без ростка). *Жанама өскінсіз*. Республиканың ең қиыр солтүстік облысында әрдайым егінді бөлектеп жинау тәсілі артық саналатын. Биыл егін аласа, *жанама көксіз* болды (СҚ, 1981, 11 сентябрь).

ЖАНАМА ӨСКІН//ӨСКІН ауыл шар. (росток). *Жаппай піскен егін ішінде дәні кенжелеп барып толысатын масақтар*. Парсыз алқаңтарда ерте себілген бидай құрғақшылыққа ұшырағандықтан тікелей оруға лайық. Ал пар алқаптарында тез себілгендерін бөлектеп оруға әбден болады. Жалпы *жанама өскін* көп, әрі орақ кеш басталған жағдайда осы әдістің артықшылықтарына ерекше ден қойған жөн (СҚ, 1985, 23 август). Жақсы өсіп жетілген бидай өскіндері кейінгі жаңбырлардың күшімен қосымша жапырақтанып, масақтары одан әрі толысуының нәтижесінде оның өнімділігі арта түсуі мүмкін (Сонда).

ЖАНКҮЙЕР спорт (болельщик). *Жанашыр, жақтас*. Осынау түбірлі жарыста жерлестерім тамаша шеберліктерімен *жанкүйер* қауымды қуантуда (СҚ, 1983, 2 ноябрь). Футбол *жанкүйерлеріне* арнап бес сұрақ жариялаған едік (Спорт, 1983, 7 май). *Жанкүйерлер*, әсіресе невинномыскілік Ю. Александровтың, қарағандылық

С. Нұрзақовтың, львовтық В. Качановскийдің шеберліктеріне тәнті болды (СК, 1983, 22 октябрь).

ЖАНҰЯ (семья). *Үй іші, шаңырақ*. Маскүнемнің ең әуелі жанұясы зардап шегеді (Біл. және еңб., 1985, № 9, 23-б.). Екінші жағынан, бұл — адам арын таптау, азаматты, жанұя, басын, бала-шағаның әкесін қорлау. (СК, 1990, 13 маусым).

ЖАҢАШЫЛ (новатор, рационализатор). *Өндіріс пен шаруашылық салаларында тиімді жаңа әдістер, еңбек ұйымдастырудың жаңа түрлерін өндіруші*. Бір миллионнан астам жас жаңашылдар жұмыс істейді (Біл. және еңб., 1981, № 1, 1-б.). Ол көптеген рационализаторлық ұсыныстардың иесі. Слесарь А. Т. Горбуновқа Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген рационализаторы атағы берілген. Бәйге «*Жаңашылдар — дәуірге*» атты девизбен жүргізіледі. (Біл. және еңб., 1983, № 3, 10-б.).

ЖАҢБЫРЛАТҚЫШ//ЖАУЫНДАТҚЫШ МАШИНА (ТЕХНИКА, ҚОНДЫРҒЫ) (дождевальная машина). *Егістік т. б. жерлерді себелеп суаратын машина, қондырғы*. Ауыл шаруашылығына... 8,3 мың жаңбырлатқыш машина мен қондырғы, басқа да көптеген техника берілді. (СК, 1981, 25 июль). Жекелеген совхоздар мен колхоздарда сүрлемдік және басқа жемшөптік дақылдарды күту жөніндегі жұмыс мардымсыз жүргізіледі, жаңбырлатқыш техника нашар пайдаланылады (ЛЖ, 1982, 29 июнь). Ең алдымен қыста сушылар мен жаңбырлатқыш қондырғылардың машинистерін даярлау ұйымдастырылып, олар арнаулы курстан өтті (Семей таңы, 1972, 30 июнь). Қазір плантацияларда «ДДА-10» және ДДН-75» жауындатқыш 30 қондырғы жұмыс істейді (Орт. Қаз., 1976, 18 июнь).

ЖАҢҒЫРТУ (реставрация). *Архитектуралық ескерткіштерді, көне өнер туындыларын алғашқы қалпына келтіру*.

Бертін келе құрылысшы мамандығын игерді. Жетпіс бірінші жылы Түркістан ғылыми-жаңғырту шеберханасы керамикалық цехының шебері Х. Шахаповқа көмекші болды (СК, 1983, 30 август). Жаңғырту былайша ойлап қарағанда оңай сияқты. Ал, шын мәнінде, кірпіштен өрнек салып өру, байырғы тендессіз шеберлердің қолтумасын айнытпай қалпына келтіру — қол ұсталығымен қатар зерде мен сезімді қажет етеді (сонда).

ЖАҢҒЫРТУШЫ (реставратор). *Архитектуралық ескерткіштерді, көне өнер туындыларын алғашқы қалпына келтіруші маман*.

...«Қазреставрация» бірлестігі Түркістан арнайы ғылыми-жаңғырту шеберханасының жаңғыртушысы А. Оразбаевқа «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын берді (СК, 1983, 30 август). Құрылысшы мамандығын жетік меңгерген соң Арынбек өз алдында істейтін жаңғыртушы атанды (Сонда).

ЖАППАЙ ЖЕДЕЛ ФУТБОЛ спорт (блиц-турнир по футболу). *Әрбір таймы 15 минутқа созылатын футбол ойыны*. Бүгін таңғы сағат онда астанамыздағы Қазақ ССР-інің Орталық стадионының жанындағы футбол алаңында... жаппай жедел футболдан «Қайрат» командасының жанкүйерлері арасында ұйымдастырылған турнир басталды (ЛЖ, 1985, 1 июнь). Жаппай жедел футболдан өткізілетін жарыстық жүлделері адам қызыққандай (ЛЖ, 1985, 31 май).

ЖАПСЫРМА ШЕГЕ (кнопка). *Қағазды қабырғаға, ағашқа бекітуге арналған кішкентай шеге*. Кіші Селезнев нерулік лама бейнеленген жұмсақ кілемнің үстімен әрлі-берлі еңбектеп, жапсырма шегені іздеуге кірісті, кенет қолына кірші етіп шеге кірді де, сұлқ түсіп отырып қалды (Жалын, 1988, № 1, 89-б.).

ЖАРҒЫ (Устав). *Ұйымды құрудың негізі болып саналатын ереже-*

лердің жиынтығы. Қоғам съезінің, конференциялардың шешімдерінің, Жарғы (Устав) талаптарының орындалуын қадағалайды (ҚӘ, 1989, 8 желтоқсан). Біз бүгін өз оқырмандарымыздың тілегін орындау үшін... Қазақстан халық ақындары бірлестігінің Жарғысының жобасын қоса назарларыңызға ұсынып отырмыз (ҚӘ, 1990, 16 наурыз). Құрылтайда Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының Жарғысы (уставы) мен Мұратын (программасын) талқылау, практикалық ұсыныстарды саралау, міндеттерін айқындау, басқармасын сайлау жоспарланып отыр (А. А. 1989, 18 декабрь).

ЖАРИЯЛАМА (репортаж). *Газет жанры. Журналистің өзі көрген оқиға туралы баспасөз бен радиоға әзірленген мәлімет.* «Бұл кімге пайдалы?», «Московские новости» газетіндегі жарияламаға байланысты (СК, 1988, 2 июнь). 2. Әр қилы өтіріктер мен сыбыстарға батыл тойтарыс беріліп жатқан кезде, «Московские новости» газетіндегі «жариялама» жаңа дақпырттардың тууына жәрдемдеседі (СК, 1988 2 июнь).

ЖАРИЯЛАМА (объявление). *Хабарландыру. Жариялама.* Маған өзімнің туған жерімде соңғы жылдарда құрылған жас совхозға өздеріңіз сияқты барлық мәдениет қайраткерлерінің тікелей қатысуымен кең мағынадағы үлкен кітапхана жасау ойы келіп еді (Ғ. Мүсірепов. ҚӘ, 1980, 24 октябрь).

ЖАРИЯЛАНЫМ (публикация). *Жарыққа шыққан кітап, мақала т. б.* Ғалым ой пікірін тарата әңгімелейді. Оның көп пайымды газетіміздегі жоғарыда аталған жарияланымдарға үндес шықты (ҚӘ, 1988, 28 октябрь). Жұртшылықтың баспасөзге ықыласының артуы да табиғи нәрсе. Ал эфирден естілген немесе газет бетінде басылған сөздің құны бүгінде осыдан бір немесе екі жыл бұрынғыдан өлшеусіз арта түскеніне орай, қандай да болсын жарияланымның зардаптары үшін жауапкершілік те анағұрлым елеулі бола түсті (СК, 1990, 22 ақпан).

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ қоғ. - саяси (гласность). *Жағымсыз құбылыстар мен кемшіліктерді ашып көрсетудің, қоғамды сауықтыру мен демократияландырудың негізгі құралы.* Біз өз өміріміздің және қайта құрудың өзінің, оның өзгерістерінің сөзсіз шарты ретінде келген жариялылықтың — тек ағартушылық категория емес, сонымен бірге терең адамгершілік проблема да екендігі, міне, сондықтан (СК, 1988, 1 июль).

ЖАРҚ ЕТУ ТЕТІГІ. Қара: Шақпақ шам. *Жарқ ету тетігі ... кез келген жағдайда суреттің неғұрлым сапалы болып шығуына себін тигізеді* (ЛЖ, 1984, 14 сентябрь).

ЖАРНАМА (реклама). *Тұтынушылардың, көрермендердің назарын аудару үшін белгілі бір товар т. б. уағыздайтын хабарлама.* Сәтбаев көшесіндегі жаңа еңселі үй алдында қала жұртшылығы өкілдері, құрылысшылар, кітапхана қызметкерлері мен оқырмандар әдеттегіден көп жиналды. Есік маңдайшасындағы екі тілде жазылған «Облыстық жасөспірімдер кітапханасы» деген жарнама назарға ерекше ілігеді (ЛЖ, 1982, 14 декабрь).

ЖАРНАМАЛАУ (рекламировать). *Бір нәрсені жарнама арқылы уағыздау.* МЖК-ның (жастардың мекен-жай комплекстері) дамуын қадағалағаным 20 жылдан асты. Болашағы бар бастаманы жарнамалаудың керегі де жоқ, дегенмен оны санаға салып салмақтаған дұрыс (Арай, 1988, № 1, 10-б.). Сауда жасайтын ұйымдар мен өнеркәсіп орындары халықтың сұранымын зерттеу мен қажеттерін қалыптастыру жөніндегі қызметті жетілдіріп, ұтымды тұтыну негіздерін насихаттайтын болсын, товарларды жарнамалау жақсартылсын (СК, 1986, 5 январь).

- ЖАРТЫЛАЙ ДАЙЫН ӨНІМДЕР** (полуфабрикаты). *Толық тұтыну дәрежесіне жетпеген, әлі де болса өңдей түсетін бұйымдар.* Олар асханалардың, кафелер мен ресторандардың жанынан *жартылай* капуста, баклажан, помидор, *жасылша*, бітік өсіп пісіп тұр. Олар-*дайын өнімдер* өндіруді ұйымдастыра алар еді. (СК, 1988, 14 июль).
- ЖАСТЫҚҚАП** (наволочка). *Жастықтың тысы.* Сол кездегі кесте түрлерін бүгінгі күні күімдерге, үй тұрмысында тұтынылатын дәм колорамалшаларына, үстел үстіне төселетін дастарханға, *жастық-қапқа*, түскиізге т. б. тігіп, әсемдеуге болар еді (Қаз. пионері, 1987 23 август).
- ЖАСЫЛША** (петрушка). *Жапырағы тағам үшін пайдаланылатын бақша өнімі.* Оңтүстіктің маманданған шаруашылықтарында пияз, капуста, баклажан, помидор, *жасылша* бітік өсіп тұр. Оларды өсіріп жинап алу — зор міндет (СК, 1982, 20 август).
- ЖАУЫНГЕРЛІК БЕТШЕ** (боевой листок). *Еңбектегі күнбе-күнгі табыстар мен көрсеткіштерді жариялап тұратын шағын форматты қабырға газеті.* Апта сайын төл алудан шопан бригадалары арасындағы социалистік жарыстың барысын көрсететін *жауынгерлік бетше* шығарылып тұрады (Ком. еңбек, 1977, 29 март). № 4 автоклуб бұл сапарында 20 рет концерт қойып, 12 кинофильм көрсетті, үш жерде *жауынгерлік бетше* шығарылып, магнитофон лентасы арқылы бір неше рет концерт берілді (Ком. еңбек, 1976, 21 декабрь).
- ЖАЯУСОҚПАҚ** (тротуар). *Көшенің жаяу адамдар жүруге арналған бөлігі.* Осы кеште біз де көптің арасында Түркістан көшесінің *жаяу соқпағымен* (тротуар) жоғары өрлеп келе жатқанбыз (Мәд. және тұрм., 1982 № 10, 18-б.).
- ЖӘДІГЕР//ЖӘДІГЕРЛІК** (памятник). *Ертеден қалған мұра, ескерткіш.* Қазіргі ұғымдағы Ғылым академиясы, ...кітапханалар, обсерватория және көне шығыс мәдениетінің жазба *жәдігерлерін* жаңғырту мақсатымен грек, сирия, санскрит, фарси-дари, паһлауи тілдерінде жазылған шығармаларды араб тіліне тәржімалауды мұрат еткен аудармашылар коллегиясы құрылды (Ә. Дербісалиев. Араб әдебиеті. 1982, 6-б.). Даңқымыздың кастерлі *жәдігерлері.* Елімізде партия мен совет халқының тарихындағы айтулы датаға — РСДРП екінші съезінің 80-жылдығына белсенді әзірлік жүргізілуде (Ком. жол, 1983, 10 июнь). Неолит мұрағатының *жәдігерліктері* Қазақстанның көптеген аудандарында кездеседі (Е. Тұрсынов. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. 1976. 22-б.).
- ЖӘРДЕМАҚЫ** (пособие). *Көбінесе ақша беру арқылы көрсетілетін көмек.* Одақтық бюджеттен бөлінетін *жәрдемақы* үстіміздегі жылы 2,5 миллиард сомнан астам болады (СК, 1988, 10 сәуір). Бізде аналарға бір рет және ай сайын *жәрдемақы* беру тәжірибесі біраз уақыттан бері жүзеге асырылып келе жатса да бұл әлі жетілмеген деңгейде деп білеміз (Қаз. әйелдері, 1989, № 1). Совет Армиясы қатарындағы борышын өтеп келгендер жұмысқа қабылданып, оларға 200 сол мөлшерінде бір реттік *жәрдемақы* берілді (А. А. 1989 4 декабрь).
- ЖЕДЕЛДЕТУ** қоғ.-саяси (ускорение). *Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын тездету.* 1985 жылғы апрель Пленумының қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын *жеделдету* жөніндегі нұсқауы — ел ішіндегі және дүниежүзілік арендаға принципті жаңа жағдайды, Отанымыздың тағдыры үшін өз жауапкершілігін партияның терең сезінгендігінің белгісі... (СК, 1986, 26 февраль). Апрель пленумында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын *жеделдету* стратегиясын ұсынып, КПСС Орталық Комитеті осы арқылы тарихи маңызға бар шешім қабылдады (СК, 1986, 26 февраль).

ЖЕДЕЛСАТЫ (лифт). *Көп қабатты үйлерде, шахталарда болатын көтергіш машина.* Қолы бос, істерге ісі жоқ мектеп жасындағы зиянкестерден енді көп қабатты үйлерге орнатылған *жеделсатылар* (лифтілер) зардап шегуде (Арай, 1988, № 12). Жалпы биылғы бес ай ішінде Алматы қаласы бойынша *жеделсатылар* 185 рет қаскүнемдердің кесірінен істен шықты (Сонда).

ЖЕДЕЛ-САУАЛДАМА (экспресс-опрос). *Шұғыл жүзеге асырылатын сұрақ-жауап.* Бүкілодақтық референдум қарсаңында Қазақстан Компартиясы саяси процестердің әлеуметтік орталығы республика жұртшылығымен *жедел-сауалдама* өткізді (Алматы ақшамы, 1991, 16 наурыз).

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ (экспресс-интервью). *Шұғыл өтетін және қысқа түрдегі сұхбат.* Бірінші бетте наурыздың 17-сінде өтетін бүкілхалықтық дауыс беруге байланысты *жедел-сұхбат* берілген (Алматы ақшамы, 1990, 2 наурыз).

ЖЕДЕЛХАТ (телеграмма). *Телеграф немесе радио арқылы берілетін шұғыл хабар және оны жазуға арналған бланк.* ...Ұлы Отан Соғысы, еңбек ардагерлері, басқа да азаматтар бұл хабарға наразылықпен қарсылық білдірген, газеттің бас редакторы Ефимов жолдастың атына *жеделхат* жолдаған еді (СҚ, 1991, 16 қаңтар). Қазір хат-хабар жібергенде оның адресін әрбір адам өзінің қалауынша қазақша немесе орысша толтыра беруіне болады. *Жеделхаттарды* да қазақ тілінде қабылдай береміз (АА, 1991, 11 қаңтар).

ЖЕКЕ МЕНШІКТЕГІ ЖИНАҚТАР (собрание личных коллекций). *Жеке адамдардың үйінде жиналатын коллекция.* 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы паркте Кафедралық шіркеудің концерт-көрме залындағы *жеке меншікті жинақтар* көрмесінің жабылуына байланысты 2 июльде сағат 11-ден 17-ге дейін картиналар, сирек кітаптар, иконалар, ескілік заттары (сағат, француз дүрбісі, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі өндірілген фарфор бұйымдары) сатылатын болады.

ЖЕКЕЛЕЙ БІРІНШІЛІК спорт (личное первенство). Спортшылардың өзара *дербес жарысы* (салыстыр: командалық біріншілік). *Жекелей біріншілікте* де совет спортшылары тамаша өнер көрсетті (СК, 1983, 7 сентябрь).

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ (приватизация). *Мемлекеттік меншікті жеке меншікке беру.*

Кеңес мүшелері мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен айыруға, *жекешелендіруге* байланысты проблемаларға баса көңіл бөлді (СК, 1991, 21 ақпан).

ЖЕЛАЯҚ спорт (бегун). *Әр түрлі қашықтыққа жүгіруші.* ...күзгі кросс, *желаяқтар күні*, футбол, жеңіл атлетика, теннис, баскетбол т. б. спорт түрлері бойынша бәсекелер өткізіледі (ЛЖ, 1983, 5 апрель).

ЖЕЛДЕТКІШ (вентилятор). *Ыстық кезде бөлмені салқындатуға арналған аппарат, құрал.* «Қаргормаш» бірлестігіне қарасты заводтар жыл сайын 110—120 *желдеткіш* жүйелеріне күрделі және жеңіл жөндеу жүргізеді (Орт. Қаз., 1978, декабрь).

ЖЕЛЕК АҒАШ (дерево декоративное). *Көше бойларын, парк, скверлерді безендіру үшін өсірілетін ағаш.* Сенбілік есебінде 2400 түп жеміс ағаш көшеті, 1500 түп *желек ағаш* отырғызылды (Оңт. Қаз., 1985, 19 апрель).

ЖЕЛЖАЛАҚ (эрозия). *Топырақтың құнарлы қабатының құрғақ желден бұзылуы.*

Трактормен таптап, соқамен жер жыртып, Жер-анадан алуды ғана

біліп, оған беруді білмейтіндіктен Сарыарканың ғасырлар бойғы қатпарлы, ырысты жоны *желжалаққа* (эрозияға) ұшырап, берері мен берекесі кеміп кетсе де «Қазақстандық миллиард» деп лепірдік, «бірінші тыңгер» Брежневке алғысымызды қарша бораттық (Алматы ақшамы, 1990, 26 қазан).

ЖЕЛКӨЗ (форточка). *Терезенің ауа алмастырып тұруға арналған бөлігі.* Кенет Толик терезеге ұмтылды. *Желкөз бар екен ғой. Желкөзден бала емес, үлкен адам сыйып кеткендей.* Толик терезенің алдына шықты да, әуелі *желкөзден* портфелін лақтырып жіберді (А. Лиханов, Асыл тас. 1984, 82-б.). Бөлменің іші ысып кетті ғой,— деді *желкөзді* ашып жатып.— Қалай шыдап отырсындар? (ЛЖ, 1989, 27 декабрь).

ЖЕЛКӨК (хрен). *Крестгүлділер тобына жататын өсімдік және оның тағамға пайдаланылған дәні.* Жуылған петрушка мен балдыркөкті ұзын талшықтап тұрап, *желкөк* (хрен) мен сарысақты (чеснок) үккіштен өткізіп саласыз (Қаз. әйел., 1984, № 8, 23-б.).

ЖЕМДІК ҚОСПАЛАР (кормовой концентрат). *Қара: Құрама жем.* Ауыл шаруашылығы 109 мың тонна минералдық тыңайтқыштар, 8,8 мың тонна химиялық *жемдік қоспалар* алды (СҚ, 1983, 23 июль).

ЖЕМШӨП ТАРАТҚЫШ ауыл шар. (кормораздатчик).

Ауыл шаруашылығына жалпы қуаты 34,7 миллион ат күші бар 393 мың трактор, 3 мың астық, 2,5 мың жүгері, 8,6 мың картоп комбайндары, 19,5 мың жаңбырлатқыш машиналар мен қондырғылар, жай жемшөпті ұсақтап-жаншитын 4 мың агрегат, 2,6 мың тіркемелі *жемшөп* араластырғыш — *таратқыш* және басқа көптеген техника берілді (СҚ, 1986, 26 январь).

ЖЕМІС ЖАПЫРАҚШАСЫ бот. (плодолистик). *Өсімдіктің түйін-жасалатын аналық түйіннің өзі жеміс жапырақшасынан (плодолистик)* пайда болады (Қ. Сыбанбеков, Жабайы өсімдіктер сыры. 1986, 81-б.).

ЖЕНДЕК (жем). *Жеміс-жидек қайнатпасының қойытылған түрі.* Аталмыш аймақтардағы орман шаруашылығы кәсіпорындары алманың жазғы сорттарын, өрік және басқа да жемістерді жинап, өндеуге кірісті. Жеміс *жентегінің* алғашқы партиясы өндірілді, ол Алматы, Қостанай, Қарағандыдағы кондитер фабрикаларына жөнелтілмекші (Алматы ақшамы, 1990, 30 шілде).

ЖЕҢІЛГЕК (запонка). *Жейденің жеңінде түйме орнына қолданылатын сәндік бұйым.* Әйелінің қолқалауымен ғана киген шақпақты костюмі де, ауыр алтын *жеңілгегі* де оған жараспайтын (Жалын, 1988, № 1, 82-б.).

ЖЕҢІЛДІКТІ ЖАҒДАЙ (льготные условия). Жалпыға бірдей тәртіптен тыс берілетін жеңілдік. Отан соғысының мүгедектері үшін, сондай-ақ тегін немесе *жеңілдікті жағдайларда* транспорт құралдарын алатын мүгедектердің басқа да топтары үшін бензин бағасының арттырылуына байланысты мемлекет есебінен тиісті компенсация беріледі (ЛЖ, 1981, 15 сентябрь).

ЖЕҢІЛ ТАСТАР (легкие фигуры). *Шахматтағы піл мен аттың жиынтық аты.* Ал, *жеңіл тастарға* піл мен ат жатады (Біл. және еңб., 1988, № 3, 44-б.).

ЖЕҢІСКЕР спорт (чемпион). *Спорт жарыстарында ең бірінші орынды иеленуші адам, команда, топ.* Біріншіліктің жеңіскері — ЦСҚА мен жүлдегерлер — «Динамо» және «Спартак» мерзімінен бұрын анықталған болатын (Көкшетау правдасы, 1972, 1 май).

ЖЕРАСТЫЛЫҚ (подземный). *Жер астында жасалатын (құрылыс).* Москва метросының өзінде *жерастылық* 115 вокзал бар (Ш. Айта-

лиев, Р. Баймаханов. Жер асты әлемінің ғажайыптары. 1982, 5-б.).

ЖЕРАСТЫ ӨТПЕ ЖОЛ (подземный переход). *Көшелерді т. б. жерлерді жерасты арқылы кесіп өтетін жол.* Оның өнімі жолдар, көпірлер, жерасты өтпе жолдарын, түрлі жақтаулар салу кезінде қолданылады (СҚ, 1983, 23 июль).

ЖЕРҚОЙМА (погреб). *Тағамдарды, жеміс-жидектерді сақтауға арналған, жерден қазып жасалған арнайы орын.* Жерқойма жақсы болса және жемістер дұрыс жиналып, дұрыс сақталса келесі жазға дейін жетеді (Орысша-қазақша тілашар. 1987, 235-б.).

ЖЕРСІНДІРУ (акклиматизация). *Белгілі бір жер, ауа райы жағдайынан ауысып, екіншісінде өмір сүруге, өсіп-өнуге бейімделу.* Ал балықтың бағалы түрлерін көптеп өсіру, оларды жерсіндіру, азықтандыру осы саладағы ғылыми-зерттеу мекемелеріне, ғалымдар мен мамандарға үлкен жауапкершілік жүктейді (СҚ, 1983, 17 май).

ЖЕТЕКШІ АРЫС тех.н. (ведущая тяга). *Жүріс, жұмыс машиналарына әсер, қозғалыс күштерін жеткізуге арналған құрылғы.* Шумендегі «Мадара» комбинатының автомобиль жасаушылары еңбектегі жеңістерін осы айтулы датаға арнайды. Олар мереке қарсаңында «Мадара-Лиаз» жүк машиналарына арналған отандық тұңғыш алдыңғы жетекші арыс өндіруді игерді (Жетісу, 1983, 9 сентябрь).

ЖЕТТІГУ (развитие). *Даму, жетілу.* Мұның өзі планетамыздың европалық бөлігінде саяси-әлеуметтік жеттігудің және ғылыми ізденістің ілкімділік танытқандығынан болар (Біл. және еңб., 1985, № 11, 5-б.).

ЖЕТІМХАНА (детский дом). *Жетім балаларды асырап-тәрбиелейтін мемлекет мекемесі.* Жылтыратқан опамен бетін ғана, Қадірінді осылар кетірді, ана. Мұңға толы терезе — жанарымен Жәудірейді әлемге жетімхана. (Өркен, 1988, 11 июль).

ЖИЕКТЕМЕ (тесьма). *Киім кешектерді әсемдеуге арналған жіңішке, тоқылған лента.* Мұнда киім-кешектерді құлпыртып әшекелейтін алуан түрлі ленталар мен тоқыма жиектемелер қойылады (Алматы ақшамы, 1988, 1 июль).

ЖИЕКТЕМЕ (оправа). *Металдан, мүйізден жасалатын, көз әйнегі орнатылатын көзілдіріктің сыртқы бөлігі.* Сирек металдан жасалған көзілдірік жиектемесі алтынмен апталып, аспан күмбезіндей көк-торғын бирюзамен, жалт-жұлт еткен інжумен құбылып тұрса ғой (Алматы ақшамы, 1988, 3 август).

ЖИНАҚШЫ (вкладчик). *Жинақ банкісіне ақша салушы адам.* 1987 жылдың декабріне дейін Барабанщикова мен Қабжанова әлгі жинақшалардың жалған атымен 22 мың 960 сом мөлшерінде мемлекет қаржысын ұрлаған (Алматы ақшамы, 1988, 3 август).

ЖИНАЛМАЛЫ ГАЗ ПЛИТАСЫ (складная газовая плита). *Құрастырмалы бөліктерден құралған газ плиткасы.* Шопандарға арналған көшуге ыңғайлы жиналмалы газ плиткалары неге жасалмайды? (Қаз. әйелдері, 1988, № 5, 2-б.).

ЖИЫНТЫҚ КИІМ (комплект одежды). *Сыртқы кизмнің барлық түрінің толық жиіпақтығы.* Мұның өзі нақ қазіргі уақытта, жиынтық киім, костюм, көйлектерді көздің жауын алатындай құлпыртып киетін шақта... ерекше байқалады (АА. 1989, 6 сәуір).

ЖИЛІК СӨЗДІК лингв. (часточный словарь). *Белгілі бір шығармадағы (текстегі) сөздер мен сөз тұлғаларының кездесу жиілігі жағынан кемімелі тәртіппен орналасқан тізбесі.* Жилік сөздік деген атау қазақ лексикографиясында 60-жылдардың басында қолданыла бастады (Қаз. мек., 1983, № 7, 65-б.).

ЖОБАЛАУШЫ-СӘУЛЕТШІ (зодчий-проектировщик). *Ғимарат, құрылыстың жобасын жасаушы архитектор.* Көтергені — оралған қатқат қағаз, рейшина, ұзын қаламұш... *Жобалаушы-сәулетші* екені, басқа жақтан келе жатқаны байқалады (Ә. Бөриев, Алматы әңгімелері. 1979, 57-б.).

ЖОҒАРҒЫ КЕНЕС (Верховный Совет). Бұл республикалардың арасында өзара экономикалық келісім бар, оларды республикалардың *Жоғарғы Кеңестері* бекіткен (СК, 1991, 5 наурыз).

ЖОҒАРҒЫ СҰРАНЫМДАҒЫ ЗАТТАР (товары повишенного спроса). *Халықтың тұтынуына аса қажетті товарлар.* Процентсіз арнаулы (сомдық) есеп ашқан азаматтарға *жоғары сұранымдағы заттарды* сатып алуына право беріледі (СК, 1988, 2 август).

ЖОЛАҚЫ БИЛЕТ. Қ а р а : *Сапарлық билет.*

Онда... қоғамдық транспорт жүргізушілерінің қосымша міндеті абонементтер мен *жолақы билеттерін* сату туралы әңгімелеген еді (Алматы ақшамы, 1988, 27 август).

ЖОЛАУШЫ АЙНАЛЫМЫ (пассажиروоборот). *Транспортта, белгілі бір мерзімде жолаушыларды тасымалдаудан алынатын жалпы есеп.* Жүк айналымы мен жүк тасымалы жоспары орындалды. *Жолаушы айналымы* 429 миллиард жолаушы-километр болып, 4 процент артты (СК, 1981, 25 июль).

ЖОЛАУШЫ КИЛОМЕТР (пассажир-километр). *Жолаушыларды тасымалдауға әрбір километр есебі.* Жолаушы айналымы 429 миллиард жолаушы-километр болып 4 процент артты. (СК, 1981, 25 июль).

ЖОЛДАМА (путевка). *Басқа бір жерге баруға рұқсат етілген қағаз.* Демалыс үйлеріне *жолдама* жеңілдік шартпен беріледі (КӘ, 1983, 4 февраль). Мербан демалыс орнына *жолдама* алды (Қаз. әйел., 1983, № 4, 3-б.).

ЖОЛДОРБА (рюкзак). *Зат, нәрсе салатын, арқаға асып жүретін қапшық.* Бүгіндері сан тарауға ағылып жатқан жүрдек поезд вагондарынан, ұшқыр самолет салондарынан *жолдорбаларына* қоса иықтарына гитараларын асынған жас жігіттер мен қыздарды көресің (ЛЖ, 1982, 20 январь). Каникулға шығысымен Алмас *жолдорбасын* қамдап, жиналуға кірісті (С. Сыматаев. Ғарыш көз тіккен жер. (1985, 4-б.).

ЖОЛКІРЕ (проездной, проездная плата). *Жолаушылар транспорттың пайдаланғаны үшін төленетін жол ақысы.* Литван және орыс тілдерінде жазылып алынған диктор сөзі дер кезінде *жолкіре* төлеуді, кезекті аялдама атын, сол мандағы жол ережесін еске салып отырады (Біл. және еңб., 1988, № 2, 14-б.).

ЖОЛСАПАР (командировка, выезд). *Қызмет, жұмыс бабымен тапсырылған істі орындау үшін басқа бір жаққа бару.* Жазғытұрым кеткен Сәрсенбай ауылына жаз ортасында оралды. *Жолсапарды* осынша ауыр, ұзаққа созылар деп ешкім онда ойлаған жоқ (Қаз. ауыл шар., 1981, № 6, 10-б.). Демалыс сәттеріне көрік беріп, ораққа қатысушыларды өрелі табыстарға жігерлендіруші аудандық «Алтын масақ» мәдени-үгіт поезының *жолсапары* бізбен «Жаңажол» совхозында түйісті (ЛЖ, 1979, 3 октябрь). *Жолсапарда* болып, өзім қатыспаған соң облыстық партия комитетінің ұйымдық мәселе қараған соңғы пленумы туралы жазу ойда жоқ еді (СК. 1991, 22 ақпан).

ЖОЛСЕРІК 1. (проводник). *Поездарда жолаушыларға қызмет көрсететін адам.* 2. (бортпроводник, стюардесса). *Самолеттегі жолаушыларға қызмет көрсетуші, азаматтық авиация қызметкері.* Ол ұзақ жылдар бойы *жолсерік* болып, кен-байтақ еліміздің түкпір-

түкпірлеріне алыс сапарларға шықты (Теміржолшы, 1983, 17 сентябрь). Алматы — Москва аралығында күнделікті қатынайтын «Қазақстан» жолаушылар поезында Б. Бейділдаев жетекшілік ететін *жолсеріктер* бригадасы мінсіз қызметімен жолаушылар көңілінен шығып, алғысқа бөленуде (СҚ, 1981, 7 июль). Мұндай жарыс жөнінде Алматы — Москва поезының жетінші вагонының *жолсеріктері* бастама көтерген еді (Орт. Қаз., 1979, 17 июнь). Алматы біріккен авиаотрядына өткен жылы Қазақ азаматтық авиация басқармасының ауыспалы Қызыл туы тапсырылды. Ал *жолсерік* Ұлтуар Әлімжанова «Еңбекке үздік шыққаны үшін» медалымен наградталды (Жетісу, 1981, 19 июнь).

ЖОЛСЕРІК КІТАПША (путеводитель). *Анықтамалық*. Бұған қоса әр музейдің өз ерекшеліктеріне байланысты экспонаттарының тарихы баяндалған *жолсерік* (путеводитель) *кітапшаларын*, буклеттерін, әр музейдің әрбір экспозициялық залдарының жеке-жеке брошюра үлгілерін, каталогтерін, значок-эмблемаларын, комплект-открыткаларын, көркем суретті альбомдарын, «Қазақстан музейлері» энциклопедиясы мен көрсеткіш библиографияларын, ең соңында «Қазақстан музейлерінің тарихы» атты жинақ кітабын шығаруға да мұрындық болар еді (СҚ, 1988, 16 октябрь).

ЖОЛСЫЗБА (маршрут). Алғашқы *жолсызбамыз* бойынша біз негізі Үндістанның, Калькутта және Дели қалаларын аралап барып, Непал астанасына өтуіміз керек еді (Зерде. 1991, № 2, 8-б.).

ЖОЛСІЛТЕМЕ (путеводитель). *Жолаушыларға, туристерге арналған анықтамалық*. Алматы жөніндегі *жолсілтемені* қайдан сатып алуыма болады? (Русско-казахский разговорник. 1986, 108-б.).

ЖОЛШЫ (путеец). *Темір жол транспорттының маманы немесе жалпы жол қатынасы қызметкері*. Жолаушылардың алдына сентябрь айында шаруашылықты қысқа дайындауда үлкен міндеттеме қойылуда (Теміржолшы, 1983, 19 сентябрь). *Жолшыларға зор жауапкершілік жүктелгенін естен шығаруға болмайды* (Теміржолшы, 1983, 11 июнь).

ЖОСПАРЛАМА (планерка). *Құрылыстарда, үлкен кәсіпорындарда күнбе-күнге жұмыс барысын қадағалап, бағыт-бағыттарын белгілейтін, көбінесе жұмыс басталар алдында болатын қысқа түрдегі мәжіліс*. «Прожекторшылардың» шағын бас қосуының соңында Талғат бұл мәселе жөнінде *жоспарламада* мәлімдейтінін айтты (ЛЖ, 1983, 10 сентябрь). Нағыз қызық ертеңінде сол *жоспарламада* болады (ЛЖ, 1983, 10 сентябрь).

ЖӨНДЕУШІ-РЕТТЕУШІ (наладчик-ремонтник). *Станок, машина, техникалық, құрал-жабдықтарды жөндеу, тәртіпке келтіру жұмысымен шұғылданушы шебер*.

Совхозда қандай техника түрінің де ең өнікті пайдалануына мүмкіндік бар. Айталық, бұрын *жөндеуші-реттеушілердің* көмегі уақыт талабына сай болмайтын. Жылжымалы шеберханалардың өзі оперативтілік жағынан кенжелеп жүретін (ЛЖ, 1983, 29 сентябрь).

ЖУҒЫШ ҰНТАҚ (стиральный порошок). *Кір жууға пайдаланылатын химиялық зат*. Бұған химиялық қоспалар (сабын, *жуғыш ұнтақтар*, косметикалық заттар, мұндай өнімдері, сода, техникалық майлы ерітінділер т. б.) жатады (Ком. туы, 1983 14 январь).

ЖҰҚАРТУ техн. (прокат) *Сом болатты екі біліктің арасына салып, бірте-бірте жұқартып, оны қажетті қалыпқа келтіру*. Прокат-технологиялық процеске үңілсек, бұл «*жұқарту*» деген сөзге дәл келеді... Ал «қақтау» деген сөздің «прокат»-тың баламасы ретінде алынуы, біздіңше, қате (Біл. және еңб., 1985, № 4, 33-б.).

- ЖУҚАРТУШЫ** (прокатчик). *Металлургия өндірісінде технологиялық процестің жұқарту (прокат) түрімен айналысатын маман. Прокатчики — жұқартушылар* (Біл. және еңб., 1985, № 4 33-б.).
- ЖҮЛДЫЗДЫ СОҒЫС** (звездная война). *Космоста не космос арқылы жүргізілетін соғыс. Францияға алдағы сапарында тоқтала келіп, Р. Ганди президент Ф. Миттеранмен кейбір маңызды халықаралық мәселелерді, соның ішінде «жұлдызды соғыс» проблемасын талқылағысы келетінін атап өтті* (ЛЖ, 1985, 7 июнь).
- ЖҮЛҚИ КӨТЕРУ** спорт (рывок). *Ауыр атлетикада штанганы жерден бірден көтеру. Жұлқи көтеруде ең бірінші болып Әлихан Бирсанов спартакиада рекордын жанартты* (Ком. туы, 1983, 13 май). *Жұлқи көтеруде Г. Шехоевтың мерейі үстем болды* (Ком. туы, 1983, 13 май).
- ЖҮРТ СЕНГЕН ӨКІЛ** (доверенное лицо). *СССР-де сайлау науқаны кезінде сайлаушыларды депутаттыққа кандидатпен таныстырушы адам. Жұрт сенген өкіл — «Речной» совхозының бас экономисі Ж. Ыбыраев Е. Н. Әуелбековтің өмір жолы, еңбек қызметі туралы әңгімеледі* (СК, 1979, 9 февраль).
- ЖҮҚҚАП** (дорожный мешок). *Матадан істелген шағын қап. Пақырдың сорына бір күні кешқұрым Брянскідегі баласына бір жылға кеткен шалымыз келіп тұр. Қолында алып кеткен көнетоз жүққабы* (Қаз. әйел., 1987, № 12, 14-б.).
- ЖҮҚСАЛҒЫШ** (багажник). *Жеңіл машинаның жүк салуға арналған бөлігі. Төртпак, қара бұжыр жүргізуші артқы жүқсалғыштың қақпағын көтеріп, Қалихан ішіне еңкейе үңілген* (Б. Қойшыбаев. Алтын дінгек, 1979, 65-б.).
- ЖҮКТЕМЕ** (нагрузка). 1. *Қоғамдық тапсырма. 2. Еңбекақы мөлшеріндегі сағат (жұмыс). Методикалық кабинеттің менгерушісінен бастап әрбір методиске өзінің кәсіптік мамандықтары мен қосымша қабілетіне сәйкес еңбек жүктемелер берілген* (Қаз. мұғ., 1981, 20 ноябрь). *Орта мектептерде комсомол ұйымына мұғалім ретінде 18—25 сағат жүктемесі және жауап, беретін класы бар жоғары білімді комсомол мүшесі — ұстаздар жетекшілік етіп келе жатқаны белгілі* (ЛЖ, 1984, 12 февраль). *Сондықтан менің пікірім: орта мектептердегі комсомол ұйымының секретарьлары сабақ жүктемесінсіз, жалақылы штатпен қызмет атқарса екен демекпін* (ЛЖ, 1984, 13 февраль). *Ең оңай фильтр жүктемеге жалғанған конденсатор болып табылады* (Физика. 10 кл., 1983, 117-б.).
- ЖҮРГІЗУШІ** (водитель). *Әр түрлі машина жүргізушісі. Қызылорда автокомбинатының Ленин орденді жүргізушісі Біспандияр Әлмұрзаев* (Біл. және еңб., 1983, № 5, 3-б.). *Жаңадала автомобиль кәсіпорнының жүргізушілері А. Пішенбаев пен В. Қоляденко астық тасымалында жүргізушілердің облыстық жарысын бастап келеді* (СК, 1983, 7 сентябрь).
- ЖҮРГІНШІ** (пешеход). *Жаяу жүретін жолаушы. Ересек көше жүргіншілер, көше қиылысынан өтерде кішкентай балаларға қол ұшын бергейсіз* (Алматы ақшамы, 1988, 30 декабрь).
- ЖҮРІМАҚЫ БИЛЕТІ** (проездной билет). *Қара: Сапарлық билет. Қалада ай сайын оқушылардың 35 мыңға жуық жүрімақы билеттері сатып алынады* (Алматы ақшамы, 1988, 18 сентябрь). *Мұндай ынсапсыздыққа себеп бір жарым сомдық бұл билеттердің «Союз-печатьтың» барлық киоскілерінде, абонементтер мен жүрімақы билеттерін таратушыларда сатыла беретіндігінде болып отыр* (Сонда).
- ЖҮРІС** транс. (движение). *Транспорт жұмысы. Жүріс хауіпсіздігінің жолдық ревизоры «Әркім жауапты» деген мақала жазды* (Теміржолшы, 1983, 11 июнь).

- ЖҮРІС АРАЛЫҒЫ** (интервал движения). *Белгілі бір маршруттағы автобус, трамвай т. б. транспорттың әрі-бері жүру кезіндегі аралық уақыты.* Бұл маршрутта жүріс аралығы 7 минуттан автобустың жұмыс істеуі жоспарлануда. Осыған байланысты № 80 және № 52 маршруттар жойылады. (Алматы ақшамы, 1990. 20 наурыз).
- ЖЫЛДАМ ЖҮРІСТІ** (скоростной). *Тез, жылдам жүретін транспорт.* Бұл маршрутта жаңадан жылдам жүрісті № 30 автобус ашады. (Алматы ақшамы, 1990. 20 наурыз).
- ЖЫЛЖЫМАЛЫ ОЙЫНХАНА** (передвижная игротека). *Елді аралай, уақытша пайдалану үшін үлестірілетін балалар ойыншықтарының жиынтығы.* Жазғы уақытта үйірмелердің, клубтардың, басқа да бірлестіктердің жұмыс түрлері өзгеруі ықтимал. Бұл кезде жылжымалы клубтар, үгіт бригадаларын, жылжымалы ойынханалар ашуға болады (Қаз. мек., 1983, № 10, 9-б.).
- ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҮЙ** (передвижной дом). *Қара: Көшпелі үй.* Ыстық суы, мұздай суы ішінде, бумен жылытылатын мұндай жылжымалы үй болса, көнеки. Қазіргі тұрмыстың талабы осы ғой. Осындай жылжымалы үйдің қажеттігін кейінгі кезде жастар жиі айтып жүр (Біл. және еңб., 1983, № 4, 8-б.).
- ЖЫЛНАМА** (летопись). *Халықтың, мемлекеттің, қаланың т. б. жылма-жыл жазылып отырылған тарихы, шежіресі.* 7,5 мың тұрғыны бар бұл қаланың өзіндік жылнама тарихы қалыптаса бастаған (Біл. және еңб., 1983, № 5, 1-б.).
- ЖЫЛНЫМАШЫ** (летописец). *Жылнама жазушы.* Ескерткіштер кезінде орыс елшілері мен саудагерлерін, шетел жылнамаларын да қызықтырғаны мәлім (Біл. және еңб., 1981, № 1, 12-б.).
- ЖЫЛПАРАҚ** (календарь). *Қара: Күнпарақ.* Онда қазақ жылпарағында жиырма шақты жылдан бері жазылып, құлаққа сіңісті болып кеткен ай аттарын сол күйінде неге бекіте салмаған? (Халық кеңесі. 1990. 17—23 шілде).
- ЖЫЛЫЖАЙ** (теплица). *Көкөніс, гүл т. б. өсімдіктер өсіруге арналған жылы үй, орын.* Саланы интенсификациялауға және комплексті механизациялауға бағыт алынды. Тек үстіміздегі жылдың өзінде 25 гектар пленкамен жабылған жылыжайлар (теплицалар) салынды (Алматы ақшамы, 1988. 23 август).
- ЖЫЛЫТҚЫ** (грелка). *Адам денесінің әр жерін қыздыру немесе жылыту үшін қолданылатын жабдық.* Жұмысынан түс әлетінде оралған зайыбы Гүлзейнеп қолынан келген жақсылығын жасап бәйек болып жүр: біресе ыстығын өлшейді, біресе қайта-қайта қымтап жабады, енді бірде аяғына жылытқы қойып, жанын шақырмақ болады (Жалын, 1982, № 2, 100-б.).
- ЖЫРТПАЛЫ КАЛЕНДАРЬ.** *Қара: Күнпарақ.* Әйтсе жыртпалы календарьдың бетіндегі цифрды көріп, жанары боталай жөнелді (Д. Досжанов. Келіншектаудағы тас түйелер, 1979, 74-б.).
- ЖІБЕКШІ** (шелковод). *Жібек піллесін өсіруші.* Мемлекетке бағалы шикізат одан әрі тапсырылуда. Өз мүмкіндіктерін есептей келіп, облыс жібекшелері мемлекетке жоспардан тыс 200 центнер жібек піллесін тапсыруға, сөйтіп оның жалпы мөлшерін 2310 центнерге жеткізуге міндеттенді (СК, 1984, 21 июнь).

3

ЗАҢГЕР (юрист). *Заң жөніндегі маман.*

Егер біз қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласында Республикалық үйлестіру кеңесін құруға негізінен келісетін болсақ,

заңгерлер оның ережесін жасап, статусын белгілеу және басқа мәселелерді шешу ғана қалады (СК, 1991, 9 қаңтар).

ЗАТ ЖІБЕРУ ЗАЛЫ. (посылочный зал). *Жәшік немесе дорбаға түрлі зат, материал салып жіберуге лайықталып жасалған зал.* Жіберілетін материалдарды қабылдау почтаптың *зат жіберу залында* сенбі, жексенбі және мерекелі күндерден тыс күндердің бәрінде 12-ден 20-ға дейінгі аралықта жүргізіледі (Алматы ақшамы. 1989. 4 қыркүйек).

ЗАТҚАПШЫҚ (вещмешок, вешевой мешок). *Әр түрлі заттар салып алып жүруге арналған ыдыс, дорба.* Сосын дереу жерге түсіп, шамның әлсіз жарығында бас жағында жатқан әскери *затқапшығын* нығына асынып, шинелін қолына ұстады (К. Ахметбеков, Жәніс сарбазы. 1980. 4-б.).

ЗАТҚА ТАБЫНУШЫЛЫҚ (вещизм). *Зат, бұйым мүддесін өзге мүдделерден жоғары қоюшылық.* Журнал бетінде... жарияланып келе жатқан осы «затқа табынушылыққа» байланысты... мақалаларға оқушыларымыздың әр түрлі мазмұнды хаттары түсуде (Қаз. әйел., 1982, № 3, 16-б.).

ЗЕЙНЕТ (пенсия). *Қартайған, мүгедек болған, асырайтын адамынан айырылған азаматтарды қоғамдық тұтыну қорларынан ақшалай қамсыздандыру түрі.* Ол саналы ғұмырының көп бөлігін астанамыздағы № 12 мектепке арнады. 1951 жылдан *зейнетке* шыққанға дейін орыс тілі мен орыс әдебиетінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып еңбек етті. (Алматы ақшамы. 1991, 7 наурыз).

ЗЕЙНЕТАҚЫ. *Пенсияға шыққан азаматтың ақшалай алатын мөлшері.* Зәуде бір хат тасушы *зейнетақысын* кешіктіріп әкелсе, кемпірден маза кетеді (А. Лиханов. Асыл тас. 1984, 13-б.). Хат тасушы әйел жүгіріп келіп, мазалап, жұмысына кедергі келтірмесін дегендей, өз учаскесінде бұған *зейнетақысын* алдымен әкеп береді (Сонда).

ЗЕЙНЕТКЕР (пенсионер). *Құрметті демалыстағы адам.* Гүлшекер Жүнісбаева мен *зейнеткер* Ұлман Мамыраева. *Зейнеткер* ана дүкенге май, кілегей, құрт өнімдерін тұрақты өткізіп тұрады (СК, 1991, 9 қаңтар).

— Бұл не деген масқаралық,— деді бізге телефон соққан *зейнеткер* М. Шалабаев.— Жана жылды тұңғыш рет газетсіз қарсы алдық. *Зейнеткердің* реніші орынды (СК, 1991, 3 қаңтар). Жасым біразға келсе де, еңбектен қалған жоқпын. Әйелім — *зейнеткер*. (СК, 1991, 9 қаңтар).

ЗЕЙНЕТТЕНДІРУ (вознаграждение). *Көрсеткен қызметіне, істеген жұмысына ақы төлеу.* Еңбекке ақы төлеу жүйесінің тиімділігі арттырылсын, қызметкерлерді *зейнеттендіру* мөлшері олардың еңбек үлесімен тығызырақ байланыстырылсын, теңгермешілік элементтері батыл жойылсын, жұмыстағы кемшіліктер мен олқылықтар үшін материалдық және моральдық жауапкершілік күшейтілсін (СК, 1986, 6 июль).

ЗЕМБІЛ (носилка). *Заттарды не адамдарды салып, бір орыннан екінші орынға апаруға арналған жабдық.* Шахтаға кіре берісте қан жұққан *зембілдер* тұрар еді — оларды жуып үлгіре алмайтын, өйткені жер астында бақытсыз жайт жиі болатын (СК, 1982, 13 март). Қалғаны ма ғұмыр бітіп, жыр бітіп, *Зембіл* арба алып келді зырғытып, Кесіп алып тастаймыз деп дертінді, Хирург пен ассистенттер тұр күтіп (К. Мырзалиев, Көкпар. 1981, 44-б.).

ЗЕРГЕРХАНА (ювелирная мастерская). *Әр түрлі әшекей заттар мен бұйымдар жасайтын шебердің шеберханасы.* Тұрды нәзік үмітпенен

Зергерхана есігінде. Қиылғандай күліп дүние, Өтті бір күн кеше мүлде (С. Баймолдин. Алтынгүл. 1978, 21-б.).

ЗЕРДЕЛІК САҚТАУШЫ ТЕТІК (запоминающее устройство). Үздік информацияны жазу, сақтау және қайта жанғырту үшін арналған есептегіш машинаның блогы немесе дербес тетік. *Зерделік сақтаушы тетік* цифрлы есептегіш машинада көбірек тараған. ЗСТ-тің негізгі көрсеткіштері: сыйымдылығы бір мезгілде ЗСТ-ке орналастыруға мүмкін болатын сөздердің немесе екілік разрядтардың максималды саны және әрекет тездігі — ЗСТ-ке қатынаудың толық қайталану уақыты (Біл. және еңб., 1987, № 11, 11-б.).

ЗЕРТТЕМЕ (разработка). *Зерттеу*. Бұл жайттар, сөз жок, осы зерттеменің теориялық тереңдігін байытып, лингвистикалық талдаулардың сәтті шығуына бірден-бір септігін тигізген (ҚӘ, 1988, 21 октябрь).

ЗИЯЛЫЛЫҚ ҚУАТ (интеллектуальная мощь). *Ақыл-ой пәрменділігі, күші*. Демек, қоғамды және мемлекетті басқаруға халықты және әрине, оның таңдаулы бөлігі, оның зияллылық қуатын, оның барлық деңгейдегі және барлық буындарындағы қабілетті, талантты өкілдерін қосады (СК, 1988, 24 май).

ЗІЛ (мамонт). *Піл тұқымдасына жататын, ертеде жоғалып біткен ет тұмсықты жануарлардың бір түрі*.

Құрылыс жұмыстары кезінде табылып, облыстық өлкетану музейіне әкелінген *зіл* (мамонт) сүйегі оншалықты таңдандыра қойған жоқ. Өйткені Ертіс өңірінде *зіл* сүйегі осымен он төртінші рет табылып отыр (СК, 1986, 25 октябрь).

ЗІЛЗАЛА (землетрясение). *Жер қыртысының сілкінісі*. Шығыс Қазақстан облысының жерінде болған күшті *зілзала* елеулі зардаптар әкелді (СК, 1990, 16 маусым).

И

ИЕГЕР (кавалер ордена). *Орденмен наградталған адам*. Олар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Ұлмекен Төлегенова, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ленин, Октябрь, революциясы ордендерінің *иегері* Турлыбек Әбдіхалықов және басқалар еді (Қаз. ком., 1982, № 11, 20-б.). Қазақ совет музыка өнерін дамытуға зор үлес қосқан дарынды композитор, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР халық артисі, үш рет Еңбек Қызыл Ту орденінің *иегері* Латиф Абдулхайұлы Хамидидің есімі республика жұртшылығына, бүкіл өнер сүйер қауымға кеңінен мәлім (Мәд. және тұр., 1983, № 11, 5-б.). Совхоз механизаторы Владимир Броткин — Ленин, Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту, Құрмет Белгісі ордендерінің *иегері* (Мәд. және тұр., 1983, № 1, 20-б.).

ИЕЛІК ҚАҒАЗ (ордер). *Пәтер алуға және т. б. берілетін арнайы құжат*. Сонымен, сіздер жаңа пәтерге көшіп қондыңыздар, ал енді біз қайда паналамақпыз? Бұл үйдің *иелік қағазында* мен жазылғанмын, Рахым да осында тіркелген (Жұлдыз, 1983, № 7).

ИМАНДЫЛЫҚ (мораль). *Адамгершілік және адамгершілік ережелері*. Комиссияға шараларды әзірлеу кезінде халықаралық праволық актілерді, басқа елдердің парнобизнеске қарсы күресу және қоғамдық *имандылықты* сақтау жөніндегі тәжірибесін ескеру ұсынылды (Алматы ақшамы. 1990, 7 желтоқсан).

ИММУНОЖЕТИМСІЗДІК ВИРУСЫ (вирусы иммунонедостаточности). СПИД. Поезға жолсерік болып жұмысқа тұрарда ол тапсыр-

ған қанның анализі сол жерде-ақ адамның *иммуножетімсіздік вирусы* — инфекциясына оң нәтиже көрсеткен (Алматы ақшамы, 1990, 17 көкек).

ИТЕРЕ КӨТЕРУ спорт (толчок). *Штанганы көтеру әдісі (әуелі кеудеге қойып, содан кейін серпіп көтеру)*. Итере көтеруде де Евгений Дзюба мен Александр Коробов жақсы өнер көрсетті (Ком. туы., 1983, 13 май).

ИЫҚАҒАШ (вешалка). *Киім ілетін зат*. Оң қолында киім ілетін *ыықағаш*. *Иықағашта* — былғары бешпент (М. Қабанбаев. Қала және қыз бала. 1984, 167-б.).

К

ҚАДЕСЫЙ (сувенир). *Естелік үшін берілетін сыйлық*.

Сондай-ақ осы мереке үстінде туған-туыс, жекжат-жұрат, дос-жарандарға естелік ретінде сыйлайтын ұлттық нақшты әдемі *қадесыйлар* дүкендерге түсіп жатса, көшелерде сатылып жатса, жарасымды емес пе (СҚ, 1990, 1 наурыз). Үйде отырып етік тігіп, тұрмысқа қажет техниканы жөндеуден өткізіп, *қадесый* бұйымдарын дайындайтын мүгедектерге қаланың ірі кәсіпорындарының коллективтері көмектесе бастады (СҚ, 1990, 13 маусым). Қазақ көркем кәсіпшілігінің, «Сувенир» фабрикасы жанындағы «Эдельвейс» кооперативінің әшекейлері, ағаштан, металдан, керамикадан, киізден жасалған *қадесыйлары* түгел дерлік сатылды (Алматы ақшамы, 1990, 10 тамыз).

ҚӘСІБИ БАҒДАР//КӘСІПТІК БАҒДАР (профориентация). *Жастарға, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесетін, бағыт беретін шаралар жүйесі*. Оқушыларға *кәсіби бағдар* беру оны аға буын ұрпақтың ісін ары қарай жалғастыруына, өзінің туған аулын, жерін сүйе білуіне тәрбиелейді (Қаз. мек., 1983, № 5, 23-б.). Фильмнің ғылыми консультанттары — Қазақ ССР Оқу министрлігі бастауыш еңбекке оқыту және *кәсіптік бағдар* бөлімінің бастығы И. Г. Мұханов пен осы бөлімнің инспекторы Е. И. Минят (Қаз. мұғ., 1983, 4 февраль). Қазір қаланың жалпы білім беретін мектептерінде жоғары класс оқушыларының *кәсіби бағдар* алуына, сүйген мамандықтарын терең меңгерулеріне толық мүмкіндіктер жасалуда (Қаз. мек., 1983, № 3, 61-б.). *Кәсіптік бағдар* беретін тігіншілер, тоқымашылар, трактор-машина жүргізушілер үйірмелері де жақсы жолға қойылған (Біл. және еңб., 1983, № 5, 66-б.).

ҚӘСІПҚОЙ (профессионал). *Белгілі бір мамандықпен, кәсіппен шұғылданушы адам*. Конкурса *кәсіпқой* суретшілер, студенттер, жоғары көркемсурет оқу орындары мен училищелерін бітірушілер және оқытушылар, творчестволық ұйымдар, Бейбітшілік қорғау комитеттері, Достық қоғамдары, жер бетіндегі барша ізгі ниетті адамдар қатыса алады (СҚ, 1981, 15 август).

ҚӘУАПШЫ (шашлычник). *Қәуап пісіруші*. *Қәуапшылар* да осылай істейді ғой? Солай Шымкент қалалық атқару комитетінің біздің *қәуапшылармен* күресетін реті жоқ, өйткені олар қоғамға кірмеген етті ғана пайдаланады (Алматы ақшамы, 1988, 10 ноябрь).

ҚӘУЕКТАС. *Қара*: Кеуек. Фосфор қожы химия өнеркәсібінде фосфор өндіру кезінде пайда болатын ашық көкшіл түсті, *кеуектасқа* ұқсас, жеңіл, ұсақ қиыршық құм тәрізді сусымалы қосалқы зат (СҚ, 1987, 17 июнь).

ҚЕБЕЖЕ (сервант). *Ыдыс-аяқ, дастархан жабдығын қоятын үй жи-*

назы. Енді бірде түсініксіз гуілдеген дыбыстан оянып кеттім. Сонда байқағаным — ширек центнер салмағы бар *кебеже* орнынан қозғалып барады (Алматы ақшамы, 1990, 9 ақпан). Орнымнан атып тұрып, *кебежені* тоқтаттым да, орындыққа отырайын деп едім, ол да менен каша бастады (Сонда).

КЕДЕРГІЛІ ҚАШЫҚТЫҚ (дистанция с препятствиями). *Жүгіруде, жүруде мәреге апаратын жолдағы түрлі кедергілер. Кедергілі қашықтыққа жарысуда Латвия ССР-і атындағы жүлде сарапқа салынды* (Спорт, 1980, 4 октябрь).

КЕНІШ (рудник). *Жер қойнауынан пайдалы қазба байлықтар өндіретін кәсіпорын.* Біз *кеніштегі* еңбек және жалақы бөлімінде болып, мердігерлік әдіске қалай көшеміз, үнемді қайдан, неден іздеу керек, инженерлік қолдау дәрежесі қандай болмақ, тағы басқа жайларды ақылдасып, талдап, ішкі резервтерге, бригаданың кәсіби мамандық ауқымына назар аудардық (СК, 1983, 11 октябрь).

КЕҢ АЛЫМДЫ ЖАҢБЫРЛАТҚЫШ МАШИНА ауыл шар. (*широкозахватная дождевальная машина*). *Егістік жерді себелеп суаратын машинаның түрі.* Кен алымды жаңбырлатқыш машиналар мен қондырғылар, микропроцессорлық техника мен есептеу техникасы негізінде су шаруашылығы құрылыстарын басқаруды автоматтандыру құралдары жасалсын (СК, 1987, 13 август).

КЕНЕС (Совет) совет. ССРО Жоғары Кеңесі. ССРО Жоғарғы Кеңесі Оңтүстік Осетин автономиялы облысындағы жағдай және аймақтағы ахуалды тұрақтандыру туралы қаулы қабылдады. (СК, 1991, 23 қаңтар); *Кеңес* Армиясы. Өзінің шығу тегі жағынан *Кеңес Армиясы* — халық армиясы (СК, 1991, 23 ақпан). *Кеңес* Одағының Батыры. Республикадан аттанған 500-дей майдангер *Кеңес* Одағының Батыры атағын алды (Сонда). Жоғары Кеңес Төрағасы. Өзбек ССР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс төртінші сессиясы Президенттің, вице-президенттің және Жоғарғы Кеңес Төрағасының атына көп алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ғайбат сөз айтқандардың жауапкершілігі туралы заң қабылдады (Сонда).

КЕПІЛ (заложник). *Қарсыласына талабын, бұйрығын орындату үшін соғысушы жақтардың бірінің күштеп ұстап отырған қарсы жақ азаматы, әскери тұтқыны, жаралы немесе ауру адамдары.* Иранда Құрама Штаттардың Иранға қарсы 1980 жылдың апрель айының аяғында жасаған американдық *кепілдерін* азат ету мақсатындағы қарулы агрессиясы туралы документтер мен фотосуреттер жинағы жарияланды (ЛЖ, 1981, 9 декабрь).

КЕПІЛДЕМЕ (рекомендация). *Ауызша және жазбаша түрде берілетін жағымды пікір.* Жоғарыда көрсетілген қоғамдық пәндер бойынша оқуға Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттерінің *кепілдемесі* бойынша алынып, қабылдау емтихандары С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде өтеді (ЛЖ, 1983, 22 июнь).

КЕПІЛДІ ҚОР (гарантийный запас). *Сенімді қор, молынан жиналған қор.* Бірақ біздің негізгі ойымыз, — деді тәжірибе шаруашылығының директоры В. И. Духнова, — жемшөптің *кепілді қорын* жасау (СК, 1987, 10 июль).

КЕРІШ. Қара: Ғаныш. Саманта Смиттің ескерткішін жасау жөніндегі жұмыс ақырғы сатысына аяқ басты. Көп ұзамай ол қоладан құйыла бастайды. Сондықтан да мүсіннің *керіштен* және балауыздан жасалған үлгілері... суретшілер шеберханасына әкелінді (СК, 1986, 23 июль).

КЕСЕНЕ (мавзолей). *Қабір басындағы ғимарат. Мұсылман әлемінен келген туристердің әсіресе Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне баруға ынта білдіретіні белгілі* (СҚ, 1991, 19 ақпан). ...Ежелгі Отырар қаласының орнына барып, ондағы қазбаларды көре алады. Қожа Ахмет Йассауидің ұстазы саналатын Арыстанбаитың *кесенесінде* болады (Сонда).

КЕСКІНДЕМЕ (живопись). *Нәрсенің бояумен салынған суреті, бейнелеу өнерінің түрі. XVII ғасырдың бел ортасындағы бюргерлік Голландия. Бұл Голландия кескіндеме өнерінің бұрын болып көрмеген серпінмен өркендей бастаған кезі* (ЛЖ, 1982, 16 январь). Кілемнің тағы бір ерекшелігі *кескіндеме* секілді сезімдік жүйеге емес... реңк жарасымдылығына негізделген (Қаз. әйел., 1982, № 3, 19-б.).

КЕСПЕ ҚАРТОЧКАЛАР (разрезные карточки). *Сурет, әріп бейнелері салынған кесінді карточкалар. Кеспе карточкалармен жүргізілген жұмыстар қайталау сабақтарында оқушылардың білімін бекітіп, оны тиянақтай түсуге көп септігін тигізуде* (Қаз. мектебі, 1983, № 10, 35-б.).

КЕСПЕКЕСКІШ (лапшарез). *Кеспе кесетін арнаулы құрал. Арнайы цех ұста төсі, балалар әткеншегі, кеспекескіш тағы басқа да үй шаруашылығына аса қажетті 9 түрлі товар өндіреді* (СҚ, 1983, 17 сентябрь).

КЕУДЕМСОҚТЫҚ қоғ.-саяси (амбиция). *Өзін-өзі өзгелерден жоғары ұстауға шектен тыс, негізсіз ұмтылушылық. Біз дүние жүзіне өзіміздің жоспарларымыз жайында, мақсаттарымыз жайында адал айтқымыз келеді және де біз әлдебір данғой кеудемсоқтықты басшылыққа алып отырған жоқпыз, мұны әлдебіреуге ұнау үшін, жақсы әсер қалдыру үшін істеп отырған жоқпыз* (СҚ, 1987, 17 июль).

КЕУЕК//КӘУЕК металлург. (кек). *Гидрометаллургияда немесе флотацияда сүзілген сұйық заттың (пульпаның) сүзіндісі, қатты қалдығы. Жаңа Лениногор кен орнын ашу, Чекмарь кен орнының бекітілген қорларын игеру, аудандағы шағын кен орындарын меңгеру, мырыш кеуектерін және қорғасын өндірісі қалдықтарын қайта өндіретін кәсіпорындарды іске қосу есебінен комбинаттың шикізаттық бағасы едәуір нығайтылуы тиіс* (СҚ, 1983, 12 октябрь). Лениногорскінің мырыш зауытында жоғары температуралы сілтілендіру цехында барлық мырыш *кәуектерін* қайта өңдеу қамтамасыз етіледі (СҚ, 1984, 17 январь).

КЕУЕКТІ. Қ а р а: Кеуек. *Кеуегі бар. Үшінші біріккен цех Вьетнам Социалистік Республикасында өткізілетін ... көрмеге қатысып, онда кеуекті титанның үлгісін қоятын болады* (СҚ, 1983, 17 сентябрь).

КЕШЕН (комплекс). *Белгілі бір нәрселердің тұтас жиынтығы. Бізге экономикалық реформаны жүзеге асыру шеңберінде практикалық және тиімді шаралардың өзара байланысты кешені қажет* (СҚ, 1990, 4 шілде). Жастардың тұрғын үй *кешендерінің* өкілдері өкіметтің жоғары және жергілікті органдарына сайланған (СҚ, 1990, 17 мамыр). (...) өздерінің қарамағындағы Спорт-сауықтыру *кешендерін*, демалыс үйлерін, пансионаттарды, санаторийлерді пайдалану кезінде жеңілдіктер беру, ардагерлерге әлеуметтік көмектің алуан түрлерін дамыту ұсынылды (СҚ, 1990, 5 мамыр).

КЕШЕНДІ (комплекті). *Кешені бар. Одақтас автономиялы республика, автономиялы округ өндірістік және шаруашылық объектілерді орналастыру мәселелерін дербес шешеді, өз территориясында тұратын барлық халықтардың мүдделерін ескере отырып, олар-*

да *кешенді* экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуды қамтамасыз етеді (СК, 1990, 5 мамыр). Бұл ретте бүкілодақтық *кешенді* бағдарламаны орындауға кіріскен Ш. Уалиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты әзірлеген «Адам, ғылым, қоғам» деген еңбек біршама назар аударарлық (СК, 1991, 9 қаңтар).

КИНОГЕР (кинематограф). *Кино өнерінің маманы.*— Бұл жігіттің дене бітімі, күрес кезіндегі қимылы мен түр-тұлғасы алып атамызға келіп-ақ тұр,— десті *киногерлер* (ЛЖ, 1988, 13 август)..

КИНОКӨРСЕТКІ (кинопередвижка). *Кинофильмді көрсету үшін арнайы жасалған көшпелі қондырғы.* (Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы, 1979, 25-б.).

КИНОҚОНДЫРҒЫ (киноустановка). *Фильмдерді көрсетуде пайдаланылатын жабдықтар мен тетіктер.* Әр совхоздың мәдениет сарайы, тұрмыс үйі, үш-төрттен дүкендері, жиырмаға жуық кітапханасы, *киноқондырғылары бар* (СК, 1983, 29 сентябрь).

КИНОСАЯХАТ (кинопутешествие). *Киноға түсіріліп алынған саяхаттар.* Кешке Советтік Қазақстанға *киносаяхат* хабары болады (ЛЖ, 1983, 8 октябрь).

КИНОСУРЕТТЕМЕ (кинозарисовка). *Киноға түсірілген шағын ғана шығарма.* Сегіз сағат бес минутта *киносуреттемені* көресіздер (СК, 1983, 15 октябрь).

КОМИССИЯЛЫҚ ҚАРАУ (осмотр). *Бір нәрсені комиссия арқылы тексеру.* Ең алдымен жолдарды және құрылыстарды, өткелдерді сапалы түрде *комиссиялық қараудан* өткізіп, ...дайындықты тексеру қажет (Теміржолшы, 1983, 17 сентябрь).

КОСМОКӨРІМ (космовидение). *Космостық аппараттың көмегі арқылы алынған телехабар.* *Космокөрімнің* дамуына байланысты көпшілік хабарлары мен үгіт-насихат жұмысының қызметкерлері алдында тау-тау міндеттер қойып отыр (Біл. және еңб., 1988, № 8, 29-б.). Соңғы уақытта баспасөзде теледидар мен *космокөрімнің* мүмкіншілігі жайында аз жазылып жүрген жоқ, бірақ сол пікірталастарда ғылыми дәлелді пайымдаудан гөрі сезім-күй, әсершілдік басым келеді (Сонда).

КӨГАЛДАҒЫ ХОККЕЙ (хоккей на траве). *Көгалда ойналатын хоккей.* Голландияда бірнеше күнге созылған *көгалдағы хоккейден* ерлер командалары арасындағы Европа чемпионаты да мәреге жетті (СК, 1983, 30 август).

КӨГЕРІС (растительность). *Жер бетіне шығатын көк өнім.* Қарст — «крас» деген славян сөзі, «тас» деген ұғымды білдіреді. Югославияда «Қарст» деп аталатын, тастақ жазық бар. Бұнда бір тамшы, су не көгерген бір түп *көгеріс* жоқ (Ш. Айталиев, Р. Баймаханов. Жер асты әлемінің ғажайыптары, 1982, 26-б.).

КӨГІЛДІР КҮЗЕТ (зеленый патруль). *Табиғатты қорғауды мақсат еткен топтар.* Әсіресе, бұл «*көгілдір күзет*» отрядтарының жұмысынан анық көрінеді. Мәліметке қарасаң мұндай отрядтар көптеп құралып, сан миллиондаған шабақты құтқарған сияқты. (СК, 1983, 24 март).

КӨЗЕМЕЛ (гипотеза). *Белгілі бір құбылысты түсіндіретін ғылыми болжам.* Бір қызығы К. Жұбановтың ғылымдық *көземелдерін* тек одан дәріс алған шәкірттері, үзеңгілестері мен марқұмды көре қалған әріптестері ғана мақұлдап қоймай, еңбектері арқылы кейіннен таныған ізбасарлары да оны айбынды ұстаз тұтады (Қазақ ССР ҒА Хабарлары, тіл, әдебиет сериясы, 1989, № 4).

КӨЗШЕ ТҮТІКШЕ. Қара: Тесіккөз. Енді құлып пен есіктен қарауға арналған *көзше түтікше* орнату, есікті қаптау ... жұмыстары

заказдарының барлығын орындайды (Алматы ақшамы, 1988, 15 сентябрь).

КӨКБАЛАУСА//БАЛАУСА ЖЕМШӨП (зеленая масса). *Жаңа шабылған, кептірілмеген, сүрлемдік мал азығы.* Зеренді аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің диқандары соңғы үш жылда дәнді дақылдардың әр гектарынан 19 центнерден, жүгеріден 180 центнерден көкбалауса жинады (СК, 1983, 11 октябрь). Совхоз бойынша траншеяларға 20 мың тоннадан астам көкбалауса салынуға тиіс (Жетісу, 1983, 9 сентябрь). Совхоздар мен колхоздар өздерін жай және балауса жемшөппен толық қамтамасыз етті (СК, 1983, 29 октябрь).

КӨКЕЙКӨЗ (интуиция). *Белгілі бір құбылысты нәзік ұғыну, сезімталдық.* Кеме іздеушілер әлімсақтан бері су астындағы іске көне карталар мен өздерінің ішкі көкейкөзін ғана басшылыққа алатын (Зерде, 1989, № 3).

КӨКНӘРШІ (наркоман). *Көкнәрді пайдаланатын адам.* Республиканың кейбір жерлерінде көкнәр өсірілетін плантацияларды күзету жағы нашар ұйымдастырылған. Қоймалардағы шикізат дұрыс сақталмайды, олар көкнәріші, апиыншы адамдардың ұрлап алуына оңай жерлерге сақталады. (ЛЖ, 1987, 15 май).

КӨКӨНІС (овощи). *Сәбіз, қияр, помидор сияқты тамаққа пайдаланылатын бақша өсімдіктерінің жалпы атауы.* Баптауындағы егістіктің әр гектарынан міндеттемедегі отыз тонна орнына отыз бес тонна көкөніс (помидор) жинады. Сөйтіп, тағы бір еңбек жеңісіне ие болды. Қыз қуанышында шек жоқ еді (Қаз. ауыл шар., 1982, № 9, 17-б.). 10 теплицада жыл бойы қияр, помидор, жуа және басқа көкөніс өнімдері, гүл өсіріледі. Сонымен бірге колхоз басқармасы Павлодар қаласында көкөніс сататын үлкен фирмалық магазин салуды да көздеп отыр (СК, 1979, 21 январь) *Көкөніс, жеміс-жидек шопанның күнделікті тұтынатын азығына айналса, бұл жат болып па?—* деп қалды (Мәд. және тұрм., 1978, № 2, 8-б.). Быыл совхоз бойынша жалпы көкөніс жоспарын орындадық (Қаз. әйел., 1983, № 4, 28-б.).

КӨКӨНІСШІ (овощевод). *Көкөніс өндірумен шұғылданушы.* «Біздің сөрелерімізге көз салыңыздаршы: сарғайып кеткен укроп, семіп қалған қияр мен өзектеніп кеткен пияз жатады. Түр-түрі дегенің, міне, осы. Біздің көкөнісшілер мен бақшашылар шынымен-ақ жұмыс істеуді ұмытқаны ма? (СК, 1987, 5 август).

КӨКПАР (вымпел). *Басқа бір планетаға апарып тасталған ескерткіш белгі.* Советтік техника дүние жүзінде жүйріктердің бәрінен озып, әуелі Айға барып қонды, оны да місе тұтпай, зымырап отырып, Шолпанға жетті де, социалистік Отанымыздың аты жазылған көкпарды (вымпелді) тастап кетті (Қазақстан әйелдері, 1986, № 5, 1-б.).

КӨҚТАТ. Қ а р а: Көкөніс. Мемлекетке ерте пісетін шалқан, көк пияз, қияр, көқтат, капуста сату жөніндегі тапсырма едәуір асыра орындалды (СК, 1984, 4 сентябрь).

КӨҚТЕМІР (робот). *Күрделі техникалық операцияларды орындауда адамдардың қызметін атқара алатын автомат.* Алды-артынан екі шелек су құйғызған Қаратай көқтемір адамға ұқсап, жиырма минуттай сіресіп тұрды да, тағы үн қатты (Жұлдыз, 1987, № 11, 189-б.).

КӨҚШАНДЫР (огородное растение). *Бақшалық дақыл.* Жалпыға мәлім, фитонцидтер (әр түрлі ұшатын химиялық заттар) күрт-күмырсқалардың өсіп-өнуін тоқтатып, жойылып кетуіне әсер етеді, сондықтан аңыздық егіске жапсарластырылып, немесе араластырып

- өз бойынан фитоцидтер шығаратын дақылдарды (жуа, бұрыш, қыша, сарымсақ, яюпин, хрен, *көкшандыр*, шалқан, рапс, томат, кендір, темекі, аскөк, қалампыр т. б.) егу керек (СҚ, 1988, 7 сентябрь).
- КӨКШІН БАЗАР** (зеленый рынок). *Көк базар*. Бір күні екеуіміз «анау болсақ, мынау болсақ» деп *көкшің базардың* төңірегінде Максим Горький көшесімен жай басып келе жаттық (С. Шаймерденов, Ағалардың алақаны, 258-б.).
- КӨЛДЕТІП СУАРУ//КӨЛКІТЕ СУАРУ** ауыл шар. (лиманний полив). *Екпе және табиғи шөптерді бастыра (көлкіте) суару*. Алайда бұл бөгенді неғұрлым тиімді пайдалану үшін механикалық су шығарушы құралдардың көмегімен *көлдетіп суару* тәсілін жүзеге асыру керек (Бегалиев Ф. Б. т. б. Суармалы жемшөп өндіру тиімділігі. 1983, 8-б.). Көлемі 100 мың гектардан асатын суармалы екпе шабындықтар мен жайылымдарда, сондай-ақ шалғындар мен *көлкіте суарылатын* учаскеде жемшөптің көп мөлшері дайындалуда (СҚ, 1981, 6 август).
- КӨПТІЛДІК** (многоязычие). *Белгілі бір мемлекет, республика шеңберінде бірнеше тілдің тең дәрежеде болуы*. Біздің лингвистеріміз «СССР-дегі көптілдік пен көптілдіктің типологиясы» деген бүкілодақтық 6 томдық зерттеулерді жариялауға ат салысуда (Біл. және еңб., 1987, № 6).
- КӨПШІЛІК ҚОЛДЫ ТОВАРЛАР** (товары массового потребления). *Жұртшылықтың күнделікті тұрмыста қолданатын бұйымдары*. Магазинімізде 29 түрлі азық-түлік, 20-дан астам *көпшілік қолды товарлар* түрі бар (СҚ, 1985, 13 сентябрь).
- КӨРКЕМДЕУШІ** (художественный оформитель). *Белгілі бір затты әсемдеу жұмысымен айналысатын маман*. Отыздан астам *көркемдеушілер* мен суретшілер... жұмыс істеді (Біл. және еңб., 1981, № 1, 12-б.).
- КӨРКЕМ КӨРІНІСТІ ФИЛЬМ** (видеофильм). *Видеотехниканың көмегі арқылы көрсетілетін фильм*. Алдымен айтарымыз — «Қолаңкесін қуған шал» — қазақ телевизиясының толық метражды *көркем көріністі фильмі* (ҚӘ, 1985, 11 январь). Сондықтан біз Қазақ ССР Телевизия және радиохабарлары жөніндегі мемлекеттік комитеті жанынан құрылған *Жүркем көріністі фильмдер* шығару бөлімінің аға редакторы Сайлау Жұбатыровқа телефон шалып, оқырмандар сауалына жауап беруін сұрағанбыз (Сонда).
- КӨРСЕТУ** (представление, показ). *Театр т. б. сияқты көпшілікке көрсетілетін тамашалар, ойындар, кино, телефильмдер*. Фильмді Эй-Би-Си телевизия компаниясының каналдары арқылы 20 ноябрьде *көрсету* белгіленіп отырғанымен, елде фильм төңірегінде қазірдің өзінде айтыс өрбіді (СҚ, 1983, 25 октябрь). Қаланы күн ауғанша аралап, мән-жайды біраз аңғарған соң, Мысыр Тревол конак үйіне орналастық. Бұл көп қабатты, осы заманғы әсем салынған жай екен. Тамақтанып, тынығып алдық. Кеш түсе пирамидалар маңында болатын «Дыбыс және жарық» атты *көрсетуге* алып барды. Бұл үлкен танымдық, тәлімдік мәні бар нәрсе екен. *Көрсетуді* баяндаушы бастайды (ЛЖ, 1982, 17 декабрь).
- КӨРСЕТУ ЗАЛЫ** (демонстративный зал). *Товарларды, суреттерді көрме ретінде көрсетуге арналған зал*. Магазиннің *көрсету залына* товарлардың көптеген түрі қойылған. Қелушілер сондай-ақ осындағы үлгілер бойынша өздеріне қажетті бұйымдарға заказ береді (СҚ, 1988, 30 апрель).
- КӨРСЕТІМ** (вид). *Көрініс*. Фотосуретшілер — сіздердің мерей-тойлық шараларыңызды, кәсіби мерекелеріңізді, халықтық көше көр-

сетімдерін, үйлену тойларын салт-дәстүрлері элементтерін сактай отырып әзірлеп, өткізіп береді (Алматы ақшамы. 1989, 18 желтоқсан).

КӨРСЕТІМДІК ӨНЕР // (*көрсетімдік жүріс*) (показательное выступление). *Спортшылардың, манекеншілердің өз өнерлерін жалпыға бірдей таныстыру мақсатындағы «концерті». 11 тамыз Бүкілодақтық физкультурашы күні. Сайран көлі. «Спорт — баршаға» программада: каратэ, дзюдо, у-шу, таэкван-додан көрсетімдік өнерлер (Алматы ақшамы, 1990, 10 тамыз). Фестиваль программасында: киім сәндері коллекциясының конкурсы; үздік бұйымдардың, сувенирлердің және қол өнері бұйымдарының аукционы; манекеншілердің көрсетімдік жүрістері (Алматы ақшамы, 1990, 10 тамыз).*

КӨРСЕТІНДІ (донос). *Адамдардың іс-әрекеті туралы өкімет орындарына құпия хабарлау. Отыз жетінші жылдың аласпыранында Сүкен бір түнде ұсталды. Қандай көрсетінді болды, кім пәле жапты, білмеймін (М. Қабанбаев. Айшылық алыс жол, 276-б.).*

КӨРСОҚЫРЛЫҚ (нигилизм). *Барлығын да жоққа шығарушылық. Онда не экономикалық қатынастар дамуы тоқырап қалады, не ол мүлде жарамсыз болып шығады. Осыдан келіп, праволық көрсоқырлық (нигилизм) сияқты құбылыс пайда болады (СҚ, 1991, 9 кантар).*

КӨТЕРМЕ БАҒА (повышенная цена). *Әдеттегі бағасынан жоғартылған баға. Не керек, бір қап ұнсыз қалудың қаупі туады. Сонан кейін көлігі, ұн әкелуге мүмкіндігі бар адамнан үстіне «косып» беріп көтерме бағамен сатып аламыз. (ЛЖ, 1984, 2 февраль).*

КӨШПЕЛІ САЛОН-ДҮКЕН (передвижной салон-магазин). *Ел аралап сауда жасайтын және жұрттан заказдар да қабылдайтын автодүкеннің бір түрі. Сондай-ақ, көшпелі салон-дүкен ұйымдастырмақшымыз, ол облысты аралап жүріп, қалдық материалдарын сататын және ақылы қызметке заказдар қабылдайтын болады (Алматы ақшамы, 1988, 18 октябрь).*

КӨШПЕЛІ ҮЙ (передвижной дом). *Шопан, малшы қауымының жазы-қысы көшіп-қонып жүруіне қолайлы, бір орыннан екінші орынға ауыстырып отыруға болатын, құранды конструкциялы үй (мұндай үй әзірге жобада). Көшпелі үйдің моделімен танысып шықтым. Бүгінгі шопанға киіз үймен бірге мұндай көшпелі үй де қажет деп ойлаймын (Біл. және еңб., 1983, № 4, 8-б.). Егер бұл көшпелі үйдің жобасы жүзеге асып, жаппай шығарылса, тұрмыс жағдайы бүгінгі заман талабына сай өркендеп келе жатқан шопан малшы қауым, әсіресе кейінгі жастар үшін жайлы үй болар еді (Сонда).*

КҮЙМЕ-БЕСІК Қара: *Бесік-арба. Күйме-бесік, әдемі велосипед қашан көбейеді? (ЛЖ, 1984, 17 май).*

КҮЙТАБАҚ (пластинка). *Радиоқабылдағыш құрылғысында ойналатын дыбыс жазылған дөңгелек табақша. Бейсекең жөнді қанбаған ұйқымен мазаны алып, құлақ етін жеген музыкадан дөңгереген басын ұстаған күйде орындыққа отырды. Күйтабақ зар қақсап, әлгі әнді қайталай береді. Ас үйде шайнек ысқырады (Ә. Бөриев. Алматы әңгімелері. 1979, 47-б.). Симфоникалық оркестр концерттерін олар жоғары оқу орындарында оқыған кездерінде немесе үлкен қалаларға барған уақыттарында көреді, ал ауылда күйтабақшалар арқылы тындайды (СҚ, 1981, 3 октябрь). Міне, таяуда Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасы Қорқыт күйлерін жеке күйтабақ етіп шығарып, өнерсүйер қауымның тілегін қанағаттандырды (ЛЖ, 1983, 12 октябрь).*

КҮЛДЕУІШ (пепельница). *Темекі күлін түсіретін, қалдығын сала-*

тын ыдыс. Маған күлдеуіш берсеңіз (Тілашар. Орысша-қазақша, КСЭ, 3-б.).

КҮЛКІРПІШ (кирпич из шлага). Құрылыс материалы, құрамында күл қоспасы бар кірпіштің түрі. Өкінішке орай, жылына 25—30 мың осындай күлкірпіш шығаратын цех бүкіл республикамыз бойынша тек Қарағандыдағы қабырға материалдарын шығаратын өндіріс бірлестігінде ғана іске қосылды (СК, 1986, 13 октябрь).

КҮНДЕЛІКТІ СҰРАНЫМҒА ИЕ ТОВАР (товары повседневного спроса). Адамдардың күнделікті пайдалануына қажет товарлар. Маталардың, киімнің, аяқ киімнің қалыптасқан түр-түрінің және күнделікті сұранымға ие басқа да көптеген товарлардың, сондай-ақ мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы негізгі товарлардың, соның ішінде ыдыс-аяқтың, телевизорлардың... (ЛЖ, 1981, 15 сентябрь).

КҮНҚАЛҚА (беседка). Жеке үйлердің алдында, саяжайларда жаңбырдан, күннен қорғануға арнап салынған төбесі жабық орын. Әңгіме балалар тамақтанатын күнқалқаның астында өткен (Ә. Тарази. Бұлтка салған ұясын. 1977, 99-б.).

КҮНПАРАҚ (отрывной календарь). Бір жылдың барлық мезгілі, айы мен аптасы белгілі бір жүйемен көрсетілген анықтама кітапша.

— Шәке, жетіде жиналысымыз бар ғой, ұмытқан жоқсыз ба?— деді жігерлі қоңыр дауыс.— Міне, күнпарақта жазулы түр, ұмытып кететіндей не көрініпті (Жұлдыз, 1986, № 7, 107-б.). Алдағы уақытта қазақ күнпарағына біржола көшуімізге байланысты бұл жайды мықтап ойластырып, ғылыми жағынан негіздеп бір токтамға келгеніміз жөн (СК, 1990, 1 маусым).

КҮНТАРТҚЫШ (лупа). Үлкейткіш әйнек. Мен саған күнтартқышымыды берейін. Бодан осы арада өкініштен өз тілін өзі тістегендей болды. Егер сонда күнтартқышын Қанатқа бере салса, қазір оның компасын қыңқ еткізбей алатын сияқты (Б. Сокпақбаев. Аяжан, 1985, 109-б.).

КҮНТІЗБЕ//КҮНТІЗБЕК қара: күнпарақ. Сондықтан қазақ тілінде шариғат кітабын жазсам да деймін. Содан кейін қазақ тілінде жыл сайын діни күнтізбе шығармақпыз. Сондай-ақ таяу болашақта «Иман» атты газет шығару ойда бар. (Қазақстан коммунисті. 1990, № 6, 44-б.). «Қазақ әдебиетінің» биылғы 14 қыркүйектегі нөмірінде Мұхамед пайғамбар мен Абайдың суреті басылған әдемі күнтізбе жарияланды (ҚЗ, 1990, 5 қазан). Бұрыннан мәлім, Наурыз — 22 наурыздағы күн мен түннің теңесуіне сәйкес келетін, шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жылдың алғашқы күні (СК, 1991, 20 наурыз). Осынау жаздың басқы айының аты да әуел баста жердің отайып, малдың тойынуына орай отамалы аталған. Кейін ғана түрлі әдебиетке, атап айтқанда «Қазақ ССР тарихына», «Маусым» болып еніп, одан жырtpa күнпарақтарға, күнтізбектерге ауысып жазылып жүр (СК, 1990, 1 маусым).

КҮН ҰЗАҒЫНА БОЛАТЫН ТОП (группа продленного дня). Қара: Ұзартылған күн тобы. Күн ұзағына болатын топтар оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде кітаптарды пайдалануға тоқталған пайдалы (Қаз. мұғ., 1983, 13 май).

КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ ЖӨНДЕУ (Капитальный и текущий ремонт). Жұмысы, машақаты көп жөндеу және жеңіл, ұсақ жөндеу. Клуб үйлерінің көрермендер залындағы орындықтар қазіргі заманғы жұмсақ креслолармен ауыстырылды. Клубтар күрделі және мерзімді жөндеуден өткізіліп, қысқы маусымға әзір етілді. (СК, 1983, 3 ноябрь).

КҮРДЕЛІ (АУЫР) ТАС (тяжелая фигура). *Шахматтағы ферзь бен ладья фигураларының жиынтық аты.* 64 шаршылы шахмат ойынының негізін күрделі (ауыр) және жеңіл болып екі түрге бөлінеді. *Күрделі, ауыр тастарға* ферзь бен ладья, ал жеңіл фигураларға піл мен ат жатады (Біл. және еңб., 1988, № 3, 44-б.).

КІБІСЕ ЖЫЛ (високосный год). *366 тәуліктен тұратын календарьлық жыл.* Саны төртке бөлінетін жылдар осындай *кібісе жыл* болады. Мысалы, 1960, 1964, 1968, ...жылдар — *кібісе жылдар.* Бірақ Лиллий ережесі бойынша 1700, 1800, 1900 жылдар я жай жылдар, 2000 жыл — *кібісе жыл* болып есептеледі. Ғасыр аяқталатын жылдар *кібісе жыл* болу үшін, оның ғасырының саны (мысалы, 20) 4-ке қалдықсыз бөлінуі керек (М. Ысқақов, Халық календары. 1980, 297-б.).

КІНӘРАТСЫЗДЫҚ (нравственное здоровье общества). *Қоғамның адамгершілік, моральдық нормаларын сақтаушылық.* Тек осындай позиция ғана партияның моральдық *кінәратсыздығын* қамтамасыз ете алады, ал мұның өзі — бүкіл қоғамның *кінәратсыздығының* кепілі (М. С. Горбачев. Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасы, «Қазақстан», 1986, 114-б.). Қоғамның адамгершілік *кінәратсыздығы,* адамдар өмір сүріп отырған рухани ахуал көп дәрежеде әдебиет пен өнердің жайы арқылы айқындалады (Сонда, 121-б.).

КІНӘРАТСЫЗ ӨМІР САЛТЫ (здоровый образ жизни). *Қоғамның адамгершілік, моральдық нормаларын берік дәстүрге айналдырушылық. Кінәратсыз өмір салты* жолында құлаш жайып келе жатқан қозғалысқа сіздердің қатысуларыңыздың дәлелі ретінде 7 апрельде темекі тартудан аулақ болыңыз (СҚ, 1988, 8 апрель). Шылым шегуге қарсы күрес — салауатты және *кінәратсыз өмір салты* жолындағы күрес, ұзақ ғұмыр кешуге бастайтын жол (СҚ, 1988, 8 апрель).

КІРЕБЕРІС ДӘЛІЗ (подъезд). *Көп қабатты тұрғын үйлердің кіруге арналған алдыңғы бөлігі.* Үй басқармаларының қызметкерлері осындай элементтердің кешкі мезгілде, түнгі уақытта үйлердің *кіре беріс дәлізіне* паналауын тыю керек (СҚ, 1987, 7 февраль).

КІРЕШЕК (подъезд). *Үй тұрғындарының кіретін ортақ есігі.* Жаңа жылдан бастап велосипедтер мен бала арбаларының уақытша қойып қойған жерден (*кірешек* пен көшеден)) ұрлану жағдайына орай да (СҚ, 1989, 21 желтоқсан). Балалар әдетте, мұндай жерде өзін қауіпсізбін деп санап, бұта түбінен не *кірешіктен* ойламаған жерде жүгіріп шыға келуі мүмкін. Ал олар жүгірсе, қауіп-қатер болады екен-ау деп ойлап жатпай, ышқына жүгіретіні белгілі. (Алматы ақшамы. 1988. 30 декабрь).

КІРМЕ ЖОЛДАР (подъездные пути). *Өнеркәсіп орындарына жүк транспорты кіретін темір жолдар. ...Өнеркәсіп орындарының кірме жолдарында вагондардың босқа тұруы белгіленген нормадан артық* (СҚ, 1981, 25 июнь).

Қ

ҚАБЫЛХАНА (приемная). *Қабылдау бөлмесі.* Әуесхан қабылханадағы дабыр-дұбырдан кілт ойын жния қойды. Әлдекімдер кіруге келе ме, қос қабат есіктің сыртқысы ашылғанын аңдасымен, дереу бой түзеп, үстеліне қарай бұрылды (Қ. Ахметбеков. Жалаулы жасыл дүние. 1986, 174-б.). *Қабылханада* отырған кісі:— Қалқам, про-

фессор Данаев мәжілісте отыр,— деді экраннан (Б. Қойшыбаев. Алтын дінгек. 1979, 226-б.).

ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚ (бумаготворчество). *Іске нақты, практикалық тұрғыдан басшылық жасаудың орнына нұсқаулармен жұмыс істеу стилі.* Көптеген институттар министрліктер аппаратының бір бөлігі болып қалып отыр, олар... кертартпалық пен қағазбастылыққа белшесінен батуда (СҚ, 1986, 25 февраль). Бұл күндері комсомол жұмысының барлық формалары жұмыс стильдерін қайта құру қиын да барынша әділ күрес жағдайында өтуде. Бұл күрестің формализмге, данқұмарлыққа, қағазбастылыққа қарсы күрес екенін бәріміз де жақсы түсінеміз (ЛЖ, 1987, 10 июнь).

ҚАЗАНАМА Қ а р а : *Мынақып* Бұл уақиғаны Ташкентте шығып тұрған «Ақжол» газетіндегі қазанамадан көрген Мәшһүр Жүсіп: «Қан түсті алпыс үште аяғыма, оқ тиді түзде жүрген саяғым»,— деп қатты күніренген көрінеді (Алматы ақшамы, 1988, 31 декабрь).

ҚАЗАНШҰҢҚЫР (котлован). *Құрылыс, өндіріс немесе шаруашылық мақсатымен қазылған көлемді жер.*

Шілденің шыжыған ыстығында қазаншұңқырдан алғаш рет бір самосвал топырақ шығарылды (Біл. және еңб., 1983, № 5, 1-б.). Содан бері қазаншұңқырдан бес миллион текше метрдей жыныс шығарылды (СҚ, 1983, 13 март).

ҚАЗЫАЛҚА (жюри). *Сарапшылар алқасы.* Десе де жюри мүшесі болу аса қиын шаруа екенін мүше болғандардан да естідік. *Қазы-алқаның* құрамын жаңартып, әр алуандатып, түрлентіп отырған да теріске шықпас. (Халық кеңесі. 1991, 28 ақпан).

ҚАЙНАҚ (настой). Қ а р а : *Қайнарынды.* Бала кезінде Тұрардың тамағында баспасы бар болатын. Сәл суық тисе, денесі қызып, тамағы қырылдап шыға келетін. Ахат оның тамағын көкемарал *қайнағымен* қайта-қайта шайғызған (Ш. Мұртазаев. Жұлдыз көпір, 243-б.).

ҚАЙНАТПА (варенье). Қ а р а : *Тосап.* Столға түрлі жеміс шырыны қайнатпасы салынған шыны құтыларды тізіп қойды (Ә. Бөриев. Алматы әңгімелері. 1979, 30-б.).

ҚАЙНАТЫНДЫ (отвары). *Дәрілік өсімдіктердің дәндерін, тамырларын т. б. қайнатқаннан алынатын емдік препараттар.* Арпа дәндерінің қайнатқандысының денеге қуат беретін... қасиеті бар (Ә. Іскендіров. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері, 1980, 16-б.).

ҚАЙТА ЖАРАҚТАНДЫРУ (переворужение) *Әскердің қару жарағын жетілдіріп, жаңадан қаруландыру.* Министрліктер мен ведомстволар өндірісті техникамен қайта жарақтандыру, халық шаруашылығының жоғары сапалы өнім жөніндегі қажеттерін қанағаттандыру мәселелерін басты назарда (СҚ, 1983, 28 август).

ҚазМПУ (ҚазГПУ). *Қазақтың мемлекеттік педагогикалық университеті.* Мектеп әкімшілігі оқу жылының басында ҚазМПУ-ге өтініш білдірген еді. Қазір мұнда университеттің бесінші курс студенттері ұстаздық етіп жүр (СҚ, 1991, 12 наурыз).

ҚазМУ (ҚазГУ). *Қазақтың мемлекеттік университеті.* Бетті ҚазМУ-дың студенті Серік Мұқашев пен Алматылық белгілі дискожокей Болат Алақұзов жүргізеді (Өркен. 1990, 15 желтоқсан).

ҚАЙТА ҚҰРУ қоғ.-саяси (перестройка). *Совет қоғамындағы тоқырау процестерін жойып, қоғамдық-әлеуметтік дамуды жеделдетуге, демократия мен жариялыққа негізделген жаңа бағыт.* Қайта құру мен жаңару рухы өміріміздің барлық салаларына барған сайын табандырақ еніп, адамдардың белсенді жұмыс істеуге, кемшіліктерге қарсы күресіп, толғағы жеткен барлық проблемалардың шешімдерін іздеп табуға деген құлшынысын тудыруда (СҚ,

1987, 22 июль). Олардың ортақ міндеті — тарихтың объективті логикасын, оның заңдылықтарын, тарихи оқиғалардың байланысын ашу, Ұлы Октябрь идеяларын, революция мен қазіргі *қайта құру ісінің* сабақтастығын көрсету (СҚ, 1988, 29 апрель). *Қайта құру* біздің жағдайымыздан туды. Ол бізге керек. Біз оны кеңінен де тереңдетіп жүргізе береміз (СҚ, 1988, 24 май).

ҚАЙТАЛАМА РЕСУРСТАР (вторичные ресурсы). *Көне, ескі-құсқы нәрселердің қайтадан айналымға түсіп, өндіріске оралуы.* Сондықтан да КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі қайталама ресурстарды халық шаруашылығында пайдалануды одан әрі жақсарту шаралары жөнінде арнайы қаулы қабылдап, оны жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көрсетіп берді (СҚ, 1988, 3 август).

ҚАЙТАЛАМА ШИКІЗАТ (вторичное сырье). *Алғашқы толық пайдаланудан кейін өндірісте бастапқы шикізат есебінде өңделетін материалдар.* СССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 25 январьдағы «Халық шаруашылығында қайталама шикізатты пайдалануды одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысында да макулатура мәселесіне баса назар аударылды (ҚӘ, 1982, 5 март).

ҚАЙТАРМА ӘДРІС (обратный адрес). Хат жазушының өз мекенжайы. Сөйтіп, ол хат Орталық Комитет арқылы емес, почтамен жіберіледі. Конверттің қайтарма әдірісіне Алматыда тұратын Ф. Мүсірепов үйінің номері, пәтері көрсетіледі (Мәд. және тұрмыс 1989, № 3, 12-б.).

ҚАЙТАРМА ТӨЛЕМ (компенсация). *Шығарылатын шығынның орнын толтыру.* Мемлекеттік бөлшек сауданың нарқы қымбаттаған кезде тұтынушылардың дорбасын толтыру үшін *қайтарма төлем* (компенсация) жүйесі іске қосылады. (Зерде. 1990. № 12. 18-б.).

ҚАЙТАРЫМ экон. (отдача). *Негізгі өндірістік қорлардың бір сомына шаққандағы өнім мөлшері.* Тың гектарының мол қайтарым беруінің сенімді кепілінің бірі нақ осында (Қаз. ауыл шар., 1981, № 2, 5-б.). Суармалы және құрғатылған жерлерден жоғары *қайтарым* алуды қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асыруға ерекше назар аударылатын болады (СҚ, 1983, 17 сентябрь). Минералды тыңайтқыштардың, техниканың колхоздарда өнімді, шебер қолданылуына, неғұрлым үлкен *қайтарым* беруіне қойылар талапты күшейту қажеттігіне аударған болатын (Қаз. ауыл шар., 1981, № 2, 3-б.). Мейлінше мол *қайтарым*, үнемшілдік пен ұқыптылық жастардың мүдделі мұратына айналып отыр (ЛЖ, 1983, 12-октябрь).

ҚАЙТЫМДЫЛЫҚ (обратимость). Бастапқы қалыпқа қайта келу. (Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы. 1979. 34-б.).

ҚАЙЫН ЕНЕ ТІЛІ (Тещин язык). *Адамның тіліне ұқсай тұрған көшенің ұзындау келген бір бөлегі.* Оған қалай Керімсіз бармақсын. Лайықты сыйлық алынған соң, салып-ұрып «*Қайын-ене тілі*» жақта пәтерде тұратын Керімге тартайын (ҚӘ, 1983, 18 февраль).

ҚАЙЫРЫМ экон. (отдача). Қара: *Қайтарым.* Қордың *қайырымын* жақсарту және өнім өндіруді молайту үшін шаруашылықтарда негізгі өндірістік қордың қолайлы құрылымын жасауға бағытталған шаралар жүзеге асырыла бастады (Қаз. ауыл шар., 1981, № 2, 39-б.).

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ (милосердие). *Адамды сүюшілік, аяушылық сезімдерінен туындайтын іс-әрекет.* Жуырда жосалы поселкесінде құрылған «Ақ көгершін» қыз-келіншектер ансамблі Қармақшы мәдениет үйінде *қайырымдылық* концертін қойды. Одан түскен бүкіл қаржы В. И. Ленин атындағы балалар қорына жіберілді (Алматы ақшамы, 1988, 12 тамыз). Бұл қызметтен түскен табыс «Ақ

ниет» кәсіпорнының қайырымдылық кешінің шеңбері мен көлемін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді (Алматы ақшамы, 1991, 16 наурыз).

ҚАЛАБАСЫ (мэр). Қала, муниципалитет басшысы. Көзқарастар. Астананың қалабасы З. Нұрқаділовпен сұхбат (Алматы ақшамы, 1991, 2 қаңтар).

ҚАЛБАҒАЙ тех. (мотовило). Шөп, дән сабақтарын отағыш аппараттың кесуіне бейімдейтін және тасуышқа салып тұратын (комбайндағы арнаулы бөлшек). Қалбағайдың сыңғанында шаруаң жоқ. Мына темірің саз балшық емес, бұзылған жеріне жапсыра салатын (ЛЖ, 1983, 15 сентябрь).

ҚАЛЕМШЕ (отводок). Бау-бақша ағаштарының (алма, өрік, алмұрт) жерге отырғызуға арналған жас шыбық күйіндегі түрі. Мерке жеміс-жидек совхозының қалемшелер өсіретін питомнигі өз өнімін республиканың көптеген бау-бақша шаруашылықтарына жөнелтті. Шығымдылығы жоғары сортты алға ағаштарымен қатар совхоздар мен колхоздарға осы жерден алмұрт, шабдалы, өрік ағаштарының шыбықтары жөнелтілуде (СК, 1983, 15 апрель).

ҚАЛТАЛАУШЫ (упаковщик). Өндірісте, шаруашылықта дайындалған өнімді қорапқа, пакетке салушы. Дайын өнімді өлшеуші Ұлжан Шоқаева мен өнімді қалталаушы Елена Софина — өз ісінің шеберлері. Бұйым қалталаушы ВЛКСМ мүшесі Бижамал Жиенбаева (ЛЖ, 1983, 14 октябрь).

ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРУШІ (реставратор). Көне жәдігерлерді, мәселен, архитектуралық мұраларды қайта жаңғыртушы. Құрылысшыға қарағанда, қалыпқа келтірушінің (реставратор) мамандығы әлдеқайда күрделі екендігі де тегіннен-тегін емес (Жалын, 1988, № 4, 15-б.).

ҚАЛЫПТАУШЫ (формовщик). Қалыптау жұмысымен шұғылданытын маман, жұмысшы. № 3 үй құрылысы комбинатының қалыптаушылар бригадирі В. Н. Береговский және басқалар осы кандидатураларды қолдап сөз сөйледі (СК, 1984, 17 январь).

ҚАМҚОР ҚАҒАЗ (ходатайство). Ресми өтініш. Одан соң сені жұмысқа алам деп отырған жердің қамқор қағазы (ходатайство) керек (Арай, 1989, № 8).

ҚАМЫРЛАНҒЫШТЫҚ//ҚАМЫРЛЫҚ//ҚАМЫРЛЫЛЫҚ (хлебопекарное качество зерна). Бидай ұнының нан пісіруге жарамдылық сапасы. «Ленинград» совхозынан келген астық та осындай жолмен қабылданды. Олардың бидайының қамырланғыштығы 28 процент болатын, бірақ дымқылдылығы жоғары екен (СК, 1983, 15 сентябрь). — Ылғалдылығы 13 процент, белоктық құрамы қалыпты деңгейде, — деп жымиды астық қабылдау журналына алғашқы деректерді түсіріп жатқан тәжірибелі лаборанттар Загира Ақшалова мен Әмина Сәдуақасова. Бидайдың қамырлық және қаттылық сапасын айқындаған Бақыт Тәметова да разы (СК, 1983, 7 сентябрь). Қазір астық әкелген шаруашылықтарға сапа үшін қосымша ақы төленетінін ескерсек, біздің өз жұмысымызда сәл мүлт кетуімізге болмайды. Мәселен, дәннің қамырлығы 32 процент немесе одан жоғары болса, 50 процент мөлшерінде қосымша ақы төленеді (ЛЖ, 1983, 31 август).

ҚАНАХА (алтарь). Тақ тұратын орын, жер. Екі жаққа төсеніш төселіп, жастықтар тасталыпты. Төрде — қанаха. Қанаха ортасында — тақ (Жұлдыз, 1989, № 10, 43-б.). Қанаха бүйірінен ашылған есіктен Қарбышев пен Арсыланбек те кіріп келді (Сонда).

ҚАНАТТАС СЕРІК (город-спутник). Үлкен қалаларға жалғаса өскен қала. Қарағандының қанаттас серігі — Шахтинск қаласының

мәдени орындары жылдан-жылға көбейіп келеді (Орт. Қаз., 1979, 6 май).

ҚАНДАУЫР (нож хирургический). *Медициналық аспап*. Тұрар аға өзімен бірге ала келген оқулық кітабына анда-санда бір қарап қойып, қол сумкасының бір бұрышынан табылған әлсіреткіш дәріні егіп, *қандауырды* қолға ұстап іске кірісіп те кеткен (ЛЖ, 1984, 8 февраль). Қазіргі заман ғылыми-техникалық прогрестің өркендеген заманы ғой. Бәлкім, күндердің күнінде дәрігер атаулы қолымызға әлгіндей бір-бір *қандауыр* ұстап жүрерміз (ЛЖ, 1984, 8 февраль).

ҚАПТАМА: *Тіске арналған алтын қаптама* (золотые коронки для зубов). Бұл орайда балалар товарларының түр-түрі мен тіске арналған *алтын қаптамалардың* бағасы қолданылып жүрген деңгейде сақталады. (ЛЖ, 1981, 15 сентябрь).

ҚАПТӨСЕК (спальный мешок). *Альпинистерге, туристерге, спортшыларға арналған жабдық*. ...Нағыз тропикалық жаңбыр төпей жөнелді. Әп-сәтте шылқыған су болдык. Бір ғана жол — *қаптөсеке* кіріп алып, «жаман күні жатып тын» дегендей, жатып таң атқанын күту ғана қалды (Алматы ақшамы, 1988, 2 сентябрь).

ҚАРАЖАТШЫ (спонсор). *Белгілі бір коллективке, қоғамға ақшалай қаражат бөліп отыратын қамқоршы мекеме*. АДК командасының *қаражатшысы* СССР Ғылым академиясының «Прогностика» ғылыми-өндірістік бірлестігі. (Алматы ақшамы. 1989. 5 желтоқсан).

ҚАРАҚӨЛШЕ (жаракульча). *Қаракөл қойының күні жетпей туған қозысынан алынатын елтірі*. Қаракөлше — буаз саулықтардан 130—135 күнде алынады. Ол өзінің (терінің) жеңілдігімен және жылтырлығымен, әр түрлі құлпырып тұратын қасиетімен дүннежүзілік рынокта өте құнды товар болып есептелінсіді (ҚӘ, 1982, 5 февраль).

ҚАРАҚАЛ (степной барс). *Дала барысы*.

Маңғыстаудың айбары боп саналатын *қарақалдың* (дала барысы), қазір қалса, тек бірен-сараны ғана қалды (СК, 1990, 16 қыркүйек).

ҚАРА ШӨП (грубые корма). Жемшөптің сабан, қамыс-құрақ тәрізді өсімдіктерден өңделмей дайындалған табиғи түрі. Әр жүз төлдейтін малдан кемінде 105 қозы, 75 құлын, 37 бота алынды. 65 мың тонна *қара шөп* дайындалды (СК, 1984, 15 январь).

ҚАРЖЫРТҚЫШ (снегопах). Қар тоқтату үшін қар жолдарын жасайтын ауыл шаруашылық құралы. «СВУ — 2—6» маркалы заводтық қаржытқыштардың алымы тар және атжал түсіретін ойығы кең болғандықтан, алғашқы жұқа қарда ықтасынға жарарлық қалың атжал тұрғызуға жарамсыз (СК, 1982, 14 январь).

ҚАРЛЫҒАШ ДАНА Қара: Бақылау дана. Ал содан бір жыл өткен соң «Жазушы» баспасының тақырыптық жоспарында тұрған «Көкпар» кітабы барлық баспа процестерін басынан кешіріп, өндіріске аман-есен өтіп, *...қарлығыш данасы* келіп жатқан кезде... қайта терілді (ЛЖ, 1987, 19 август).

ҚАРСЫ НАСИХАТ (контрпропаганда). *Қарсы жауап түрінде жүргізілетін насихат*. Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданындағы Н. Островский атындағы орта мектебінде *қарсы насихат* жұмысының бірқатар формалары тиімді пайдаланылады (Қаз. мұғ., 1986. 10 январь).

ҚАРШАҚЫЗ фольк. (снегурочка). *Ертедегі қар қызының бейнесі*. Шаңғы мен шана тебу, тауға шығу, Аязата мен *Қаршақыздың* қатысуымен көңілді викториналар мен конкурстар өткізу, ұйымдастырушылар демалушыларға осындай мазмұнды программа ұсынды (СК, 1988, 6 январь). Оркестр орыс және шетел классикасының асыл мұраларын белсенді насихаттап келеді. Москвалықтар мен

астананың меймандары. Островскийдің «Қаршақыз» ертегісіне жазылған музыкасын тыңдады (СҚ, 1984, 22 сентябрь).

ҚАРЫЗГЕР (должник). *Біреуден уақытша ақша немесе затты қарызға алушы адам.* Қожа біреуге қарыз беріп жатып ішек-сілесі қатып күліпті. Онысын ерсі көрген қарызгер:— Мұның несі күлкі?— деп сұраса, Қожа ентігін баса алмай... (ҚӘ, 1982, 26 ноябрь).

ҚАРЫМАҚЫ (компенсация). *Теңдестіру, тең дәреже жеткізу түрі.* Оркестр штатын мейлінше ықшамдап, соның есесінен қарымақы (компенсация), қосымша ақы, тағы басқа үнем қорларының есебінен артистердің жалақысын екі есеге жуық көтеруге тиіс (СҚ, 1991, 28 наурыз).

ҚАСБЕТ (фасад). *Құрылыстардың, ғимараттардың алдыңғы бөлігі.* *Қасбеттер*, күмбездер, қуыс орындардағы жазба текстер идеологиялық, тарихи-мәдени тұрғыда айрықша маңыз алады (Біл. және еңб., 1987, № 3, 40-б.). Сәулет композициясының сүбелі түйіні құрылыс ортасынан орын тепкен үлкен мешіт бойында жатыр. *Қасбеті* күншығысқа қараған сарайдың ұзыны 54 метр, ені 28 метр... (СҚ, 1985, 24 июль). Конкурстық материалдар: масштабы 1:10 ескерткіш моделі, нақты тұлғасы мен *қасбеттік* масштабты 1:25... (СҚ, 1987, 16 июнь). Ғимараттың сақталып жеткен *қасбетінің* биіктігі 7,83 м., күмбесінің биіктігі 7,09 м. (Біл. және еңб., 1988, № 2, 43-б.). Мавзолейдің қасбетіндегі жазуды М. Е. Массон былай оқыған... (Біл. және еңб., 1987, № 8, 37-б.). Бұл мейлінше сымбатты архитектуралық құрылыстың еңселі порталы, *қасбетіндегі* нақышталған такталары жақсы сақталған (Сонда, 36-б.).

ҚАСІРЕТНАМА (трагедия). *Драмалық шығарма түрі.* Целиноград облыстық орыс драма театрының сахнасында «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» *қасіретнамасы* шығарылды. Облыстық орыс драма театрының халықтың фольклорлық негіздегі таза ұлттық туындысына ден қою кездейсоқтық емес-тін (ҚӘ, 1991, 8 ақпан).

ҚАТҚЫЛ ТАБАНДЫ ЖОЛ (дорога с твердым покрытием). *Құм, қиыршық тастарды т. б. тегістеп жасалған жол.* ...Селолық жерлерде автомобиль жолдарының құрылысын күшейтеміз, ауылшаруашылық кәсіпорындары үшін мердігерлік негізде 1,5 миллион сомның жол-құрылыс жұмыстарын атқарамыз, колхоздар мен совхоздардың 12 орталық мекеніне *қатқыл табанды жол* салып, шаруашылықтардың орталық мекенінің кем дегенде 75 процентін автомобиль жолдарының көрікті жүйесімен қамтимыз (СҚ, 1979, 18 январь).

ҚАТТЫ ӘТІР (твердые духи). *Ұнтақ күйдегі әтір түрі.* Өзінің хош иісін жан-жаққа қаншалық шашса да, *қатты әтірдің* өзі ұсақталып шашылмайды. (Алматы ақшамы, 1989, 26 қыркүйек).

ҚАТЫНАС БЕКЕТ (автовокзал). *Қатынас жолының үлкен станциясы.* Үлкен бесінге жақын *қатынас бекетінің* ауласына кіріп келген жолаушылар автобусынан үсті-басы шаң-тозаң, жүдеу өнді адамдар түсіп, буыншақ-түйіншектерін көтеріп, жан-жаққа тарай бастады (ҚӘ, 1988, 16 декабрь).

ҚАУЫМИЕТ (общественность). *Жұртшылық.*

(...) Петрушенко бастаған топ ССРО Жоғары Советін, ССРО үкіметін және бүкіл Совет *қауымиетін* Семей полигонында қой үстіне бозторғай жұмыртқалап жатыр деп сендіруі мүмкін. Осыған сақ болайық халайық! (СҚ, 1990, 12 маусым).

ҚАУЫНДОПШЫ (регбист). *Регби ойынының ойыншысы.* Сөйтіп жүргенде 1986 жылы СКА *қауындопшылары* төртінші орынға шықты. Мамандар бұған қайран қалысты (Арай, 1987, № 7, 31-б.).

ҚИҒАШТАМА Қара: *Бұрыштама.* Сөйтіп, август айының аяқ

кезінде жазылған В. Полоусовтың өтінішіне Ш. Мұстафаев «июльдегі бұйрыққа қосу керек» деген қиғаштама соқты (СК, 1984, 15 декабрь).

ҚИЫН ЖЕТКІНШЕК (БАЛА) пед. («трудные» дети). *Тәрбиелеуге оңай көндікпейтін, тәртібі нашар бала.* (Қуаныш Тұрлыбекқызы) «қиын» жеткіншектермен жұмыс істеп, оларды оқуға тартады (Қаз. әйел., 1982, № 3, 4-б.).

ҚОҒАМДАСТЫҚ (сообщество). *Ортақ мүдделі халықтардың, мемлекеттердің, ұйымдардың т. б. топтардың ұйымдасқан бірлестігі.* Өйткені жер шары халқы санының көбеюі біздің алдымызға қойып отырған мәселелерге ойдағыдай жауап қайтару үшін бүкіл халықаралық қоғамдастықтың денсаулық сақтау, білім беру, адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету саласындағы шұғыл шаралары қажет (СК, 1988, 20 февраль). Еуропалық қоғамдастық комиссиясының мүшесі. Францияның бұрынғы сыртқы қатынастар министрі Клод Шейсон Мексиканың «Эксельснор» газетіне берген интервьюінде АҚШ-тың Орталық Америкадағы саясатын өзгертуін жақтады (ЛЖ, 1985, 7 июнь).

ҚОҒАМДЫҚ ТАРАТУШЫ (общественный распространитель печати). *Еңбек коллективтерінде баспасөзге жазылу ісін қоғамдық негізде жүргізетін адам.* Жеке азаматтардың келесі жылы таратылатын совет және шетел газеттері мен журналдарына жазылуы бнылғы 1 августан бері әрбір еңбек коллективтеріндегі қоғамдық таратушылар және байланыс бөлімшелеріндегі жазылуға қабылдау пункттері арқылы жүргізіліп жатыр (СК, 1988, 17 август).

ҚОҒАМИ ПІКІР (общественное мнение). *Қоғамдық, әлеуметтік пікір.* Қоғам пикірі біздің бәрімізді Алатаудан да биікке көтерді. Жанға жайлы бұйрықтар туды, күллі коллективке қала сыртында той-банкет берілді (ҚӘ, 1980, 8 августь).

ҚОЖ (шлак). *Әр түрлі рудаларды ажыратудан қалған қатты қалдық; көмірдің жанғаннан кейінгі кеуекті қалдығы.* Қазір Шымкент цемент зауытында фосфор қожын негізгі шикізат ретінде пайдаланатын жаңа технология өндіріске енгізу үшін сынақтан өтуде (СК, 1987, 17 июнь). Фосфор қожы химия өнеркәсібінде фосфор өндіру кезінде пайда болатын ашық көкшіл түсті кеуектасқа ұқсас жеңіл, ұсақ қиыршық құм тәрізді сусымалы қосалқы зат (Сонда).— Фосфор қожын бетон және темір-бетон шығару өндірісінде цемент орнына пайдалану, әрине, болашағы бар технология (Сонда). Қазақ ССР Ғылым академиясының Металлургия және кен байыту институтының ғалымдары Шымкент қорғасын зауытында жылдар бойы қордаланып үйіліп жатқан бір жарым миллион тонна қожды кәдеге жаратуға көмектесті (Алматы ақшамы, 1988, 2 ноябрь). Жуырдағы уақытқа дейін күн сайын завод шұңқырлары 100 тонна қожбен толтырылып отыратын (Сонда).

ҚОЗЫЕМЕР ШАҚ (период, когда молодой кормится только молоком овцы). *Жаңадан туған қой төлінің отыққанға дейінгі кезі.* Қоземер шақ. Төл алу науқаны — малшы қауымның ең бір маңызсыз маусымы (ЛЖ, 1988, 20 апрель).

ҚОЙ ҚЫРҚЫМ (стрижка овец). *Қой жүнін қырқатын науқан, қырықтық.* Қырманда еңбек етуге Н. Оразымбетова, К. Қәртекова, қой қырқымы науқанына Ф. Қапалбаева, ал жүгеріні күтіп-баптауға барлық комсомолестер ұйымшылдықпен қатысып, зор белсенділік танытты (ЛЖ, 1983, 23 сентябрь).

ҚОЙТОҒЫТПА (купка). *Қойға қотыр түсірмеу және қотырдан емдеу үшін қолданылатын арнаулы шара. Ал қойтоғытпаны көргенде*

таң қалмасқа амалымыз қалмады. Екі скважинадан тынбай атқылаған мөлдір суды бір ізге түсіріп, қолдан жасалған шағын арнада қой тоғытылып жатыр (ҚӘ, 1981. 5 июнь).

КОЙЫЛЫМ (постановка). 1. Театр, телевидениелерде көрсетілетін спектакль, ойын-сауық т. б. көріністер «Шаһзада Турандот» спектаклі — Евгений Вахтангов театрының бағыт-бағдарын, творчестволық келбетін айқындайтын *қойылымдардың* көшбасшысы (ЛЖ, 1980, 11 ноябрь). Жиналысқа қатысушылар үшін «Біз 25-теміз» атты телевизиялық *қойылым* көрсетілді (ЛЖ, 1983, 14 октябрь). *Қойылымды* Грузия ССР халық артисі Георгий Калатозншвили жүзеге асырды (СК, 1983, 13 март). Шаһия ролінде мен осыдан тура 12 жыл бұрын, спектакльдің алғашқы *қойылымында* ойнаған едім (Қаз. әйел., 1983, № 9, 12-б.). Біржан — Сара айтысының беташар *қойылымымен* жүздестік (СК, 1983, 28 октябрь). 2. (экспозиция). Көрнекке (мысалы, көрмеде) *қойылатын* заттарды реттеп, орналастыру. Ш. Қожаканов қазақтың халықтық музыкалық аспаптар музейінің *қойылымдарын* жобалаушы автор болып, музейдегі көркемдік шешім үйлесімдігімен көп ықыласына бөленді (Біл. және еңб., 1985, № 1, 49-б.).

ҚОҚЫРСАУЫТ (ящик для мусора). *Қағаз, тағам қалдықтарын салуға арналған бөлек ыдыс*. Екінші қайтара ақтарып, ішінен төртбесеуін алды да, қалғанын өзіме қарай аударды. «Анау қоқырсауытқа апарып таста». Мен апарып тастадым (М. Мағауин. Көк кептер. 1979. 48-б.).

ҚОЛДАНБАЛЫ (прикладной). *Практикалық мәні бар міндеттерді шешуге арналған жұмыс, еңбек. Қолданбалы өнер* (прикладное искусство); *қолданбалы зерттеу* (прикладное исследование); *қолданбалы тіл білімі* (прикладное языкознание). Ғалымдардың күш-жігері іргелі және *қолданбалы* өзекті зерттеулерге, жұмысты орынсыз қайталаушылық пен тақырып жұтандығын жоюға бағытталуға тиіс (СК, 1983, 28 октябрь). Іргелі және *қолданбалы* зерттеулерді дамыту, олардың өнімділігі мен сапасын арттыру, ғылымның өндіріспен байланысын нығайту қажет (Біл. және еңб., 1981, № 1, 2-б.). Интенсивті қала құрылысы, жана индустрия орталықтарының өсуі, селолардың гүлденуі жағдайында монументтік және *қолданбалы* сәндік өнер ерекше маңызға ие болуда деп атап өтілді съезде (ЛЖ, 1982, 29 июнь).

ҚОЛ ДОРБА (сумка). *Қолға ұстап жүретін зат салуға арналған дорба*. Олай болса, амал не, даяшыны шақырайық, есебін алсын. Қыз қол дорбасына қол салып еді:— О не дегеніңіз, мен-ақ төлеймін ғой,— деп, шапшаң даяшыны іздеп кетті. (Жалын. 1982, № 2, 53-б.).

ҚОЛ КЕРУЕТ (коляска). *Сәбилерді жатқызатын арба*. Бесінші микроаудандағы тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының жанынан *қол керует* жөндеу, кілт жасау, конькиді тойтарып шегелеу мен қайрау жөнінде шеберхана ашылды. *Қол керуеттерді* жөндеу жөніндегі есеп айырысуды ақша аудару арқылы да жүргізуге болады (Алматы ақшамы. 1989, 21 желтоқсан).

ҚОЛ КҮЙМЕ. Қ а р а : *Бесік-арба*. Ертеңіне ол баласын қол-күймеге отырғызып, сирек ағаштардың арасында серуендеп жүрді (Т. Әлімқұлов, Шежірелі сахара. 1980, 92-б.).

ҚОЛ КІЛЕМ (ковер ручного производства). *Фабрикада машинамен тоқылмай, әрқайсысы қолдан жеке тоқылатын кілем*. Біз егер, әрбір ұлттық үлгімізге жоғары талап денгейінен қарасақ, сәндік жиһазы — *қол кілемнің* өзін нағыз көркем туындылардың санатына қо-

сылатын гобеленділік дәрежеге шейін көтере алар едік (Біл. және еңб., 1982, № 3, 19-6).

ҚОЛТАУРЫН//ҚОЛТЫРАУЫН (крокодил). *Тропикалық аймақтарда мекендейтін, бауырымен жорғалайтын ірі су жануары.* Кубадан ауланған екі қолтырауын (крокодил) Литваның Қлайпеда қаласына жеткізілді (СК, 1983, 27 октябрь). Оның үлкен ұлы... әкесінің орнына *қолтырауын* аулаудың қыр-сырымен таныстырды (ЛЖ, 1983, 23 июль). Ал күндіз семьялық бригада ауланған *қолтырауындардың* терісін сыпырып, оларды арнаулы сұйықтармен өңдейді (Сонда). Австралиядағы Сидней қаласының хайуанаттар паркінен 40 *қолтырауын* қашып шықты (Алматы ақшамы, 1991, 20 ақпан).

ҚОЛТУМА 1. (искусственный). *Табиғи емес, жасанды.* 2. (творение). *Творчестволық жұмыс* (сурет, көркем шығарма т. б.). *Қолтума* көлдің айна бетінің ауданы 14 шаршы километрге жетеді (Біл. және еңб., 1982, № 10, 11-6). Оқымран *қолтумасы* сәтті болып шыққан. *Қолтума* — «Өрісте» деп аталатын сурет (ҚӘ, 1983, 4 февраль). Көп уақыт өтпей-ақ село ісмерлерінің *қолтумалары* селолық Советтің үгіт пунктіне қойыла бастады. 75 жастағы бұрынғы сауыншы Екатерина Осьмак жіңішке жіптен төсек жапқыш, 62 жастағы Ольга Сербавеа түс кілем, ал Дмитрий Маржимян таспадан жүген өріпті (СК, 1983, 30 август).

ҚОЛҮЗДІК Қара: *кәдесый.* «Жалын» баспасының коллективі астанамызда жаңадан ашылған мектептерді қамқорлыққа алып, онда кездесулер ұйымдастыруды, өздері шығарып жатқан кітаптардан *қолүздік* беруді дәстүрге айналдырып келеді (ЛЖ, 1987, 19 июнь). ...Өздері шығарып жатқан кітаптардан *қолүздік* беріп отырды «Жалын» баспасы осылайша жалғастыра түсуді ұйғарды (Сонда).

ҚОЛХАТ (расписка). *Ақша, зат т. б. алғаны үшін бірнәрсеге уәде бергендігін куәландыратын ресми қағаз.* Төрт жылдан бері қамауда отырған адамдарды *қолхатпен* бостандыққа шығарсақ, «о-э, босатқаны соттамайтын болғаны ғой» демей ме? (СК, 1991, 30 қаңтар).

ҚОНАҚЖАЙ (гостиничный номер). *Қонақ үйдегі жолаушылардың тұратын бөлмесі.* Сіз әрқашанда өткізіп алып, өкінесіз... Маған дастарқанды жинауға көмектесініз.— Қыз кезекшіні шақырып, қонақ жайды тапсырды (Жалын, 1982, № 2, 65-6.).

ҚОНАҚХАНА (гостиница). *Мейманхана, қонақ үй. Қонақхананың бүгінгі кезекшісі — қартаң кісі* (Жалын, 1982, № 2, 44-6.).

ҚОНДЫРҒЫ (установка). *Бір нәрсеге ыңғайластырылып орнатылған механизм, аппарат.* Келешекте 220 мың халқы бар қаланы электр қуатымен қамтамасыз ететін үлкен *қондырғы* орнатылмақ. (Біл. және еңб., 1981, № 1, 2-6.). Ракеталарды ұшыратын шамамен 140 *қондырғы* бар (СК, 1983, 27 октябрь).

ҚОНЫСМАЙЛАР//ҚОНЫСМАЙ//ҚОНЫС ТОЙ (новоселье). *Жаңа мекенжайға, пәтерге, үйге орналасуды тойлау ғұрпы.* Жыл сайын мыңдаған қарағандылықтар жаңа *қонысмайын* жасайды. Жаңа пәтерге қоныстану қуанышты да машақатты қам-қарекет жасайтын оқиға болып табылады (Орт. Қаз., 1979, 25 март). Есней «*қонысмайларын*» осындай жұмыстарын бітіріп алып өткізді (Ғ. Мүсірепов, Ұлпан. 1975, 135-6.). Жаңа үйлерге ең алдымен озат механизаторлар мен мал өсірушілердің семьялары көшіп кіріп, *қоныстойларын* жасады (Мәд. және тұрм., 1982, № 10, 2-6.). Оразбаевтардың семьясы *қоныстойын* тойлады (СК, 1983, 8 февраль). *Қоныстойын* алдында жоғары сейсмикалық аймаққа орналасуына қарамастан, астана төңірегіндегі жаңа типті биік тұрғын үйлер ансамблін құрайтын

микрoаудандар мен ірі фирмaрттар бой көтеріп келеді (ЛЖ, 1983, 5 ноябрь). Ауданда қазірдің өзінде жалпы кезекте тұрған 306-сы пәтер алып, қоныстойын тойлап үлгерді (СК, 1988, 10 август).

ҚОРАМСАҚ (патронташ). *Мылтық оқтарын салатын, тағынып асынып жүретін бұйым.* Белінде бірде отыз екінші оғы сірескен былғары қорамсақ (Ә. Мейірбеков. Аспанғау. 1985, 144-б.).

ҚОРАП (кузов). Қара: Қау. Соған орай автомобильдің жүріс тораптарын және тіркемелерді өзгертіп, *қораптарын* (кузовтарын) биіктетті (Біл. және еңб., 1983, № 5. 3-б.).

ҚОРЫТЫНДЫЛАУШЫ ЖЫЛ (завершающий год). Бесжылдықтың соңғы, ақырғы жылы. Дақылдың егіс көлемі біртіндеп көбейтіліп, оныншы бесжылдықтың беташар жылында 1100 гектарға жеткізілді. Оның әр гектарынан 105 центнерден өнім жиналды. Сөз етіп отырған бесжылдықтың *қорытындылаушы* жылында картоптың егіс көлемі үш мың гектарға, орташа шығымдылығы 113 центнерге жеткізілді (Жетісу, 1983, 12 октябрь).

ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕК (запасные части). *Қажет болған кезде қолданылатын деталь.* Көбіне бұл жерлердегі автоклубтардың қыс күндері алыс қыстақтарды аралауына мүмкіндік туып отырған жоқ. Өйткені мұнда автомашинаның *қосалқы бөлшектері* жетіспейді. Оларды *қосалқы бөлшектермен* қамтамасыз етуге тиісті орындар әлі де жете мән бермейді (СК, 1979, 21 январь).— ...Техникада ақау көп, *қосалқы бөлшектер* жетіспейді дегенді жиірек естиміз, бұл жағы сіздерде қалай? (ЛЖ, 1981, 15 сентабрь).

ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚ (подсобное хозяйство). Мекеме не жеке меншіктің қарауындағы шаруашылық.— Бүгінгі бас қосуымызда азық-түлік молшылығын жасауда *қосалқы шаруашылықтардың* пайдасы жөнінде аз айтылған жоқ (Мәд. және тұр., 1983, № 11, 13-б.). *Қосалқы шаруашылықта* питомник те бар. 40 гектар жерді алып жатқан питомникте 135 ағаш өсіп тұр (СК, 1981, 1981, 14 август).

ҚОСАРЛАНУШЫЛЫҚ (дублирование). Бірдей нәрселерді, ұқсас заттарды жарыса жасау, бірін-бірі қайталау. Республика халық шаруашылығының жекелеген салаларында жұмсалған қаржының сомға шаққандағы экономикалық тиімділігі 20—40 тиыннан аспайды. Бұл көбінесе ғылыми мекемелердің жұмысындағы *қосарланушылық* пен бірін-бірі қайталаудың, олардың арасында тиісінше байланыстар болмауының, олардың халық шаруашылығындағы техникалық прогресс үшін жауапкершілігінің төмендеуінің салдарына тікелей байланысты болып отыр (СК, 1984, 16 октябрь).

ҚОСАРЛАСА АУДАРМА (синхронный перевод). *Бір тілден екінші тілге қолма-қол тәржімалау.* Сонан соң, *қосарласа* аударма жасайтын аудармашылар даярлау курстары бірде-бір облыста ұйымдас-тырылмаған (СК, 1989, 4 ақпан). Жергілікті Советтердің сессиялары, басқа да қоғамдық-саяси шаралар кезінде қосарласа аударма жасау баяу енгізілуде (Сонда).

ҚОСАР ТӨРАҒА (сопредседатель). *Ұйымның сайланбалы, тең пра-воға ие жетекшісінің бірі.* «Желтоқсан» партиясының *қосар төрағасы* Х. Қожахметов және басқалардың қазақ тілінің қазіргі халін... ашы шындықтармен ортаға тартуы әңгімеге қатысушыларды кәдімгідей иландырғаны байқалды (Ана тілі, 1990, 11 қазан).

ҚОСПАЖЕМ/ҚҰРАМА ЖЕМ// ҚҰРАМЖЕМ (комбикорм). *Ғылыми негізделген рецепт бойынша құрамында пайдалы заттары, витамин-дері бар жемнің бірнеше түрі араластырылып жасалған, малға берілетін азық.* Завод үстіміздегі он жыл ішінде жаңа кәсіпорындар

салу және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құру жолымен Қазақстанда *құрамжем* шығаруды екі есе ұлғайтуды көздейтін комплексті программа бойынша салынды (СҚ, 1983, 9 июль). *Қоспажеммен* қас-көзім «сүрмеленген», Сақал өсіп, сапсыяр түрге келген. Шірік сабан, қи мен жем иісі аңқыған, Алағөлен қораға кірген ем мен (Ж. Жақыпбаев. Ләйла, 1981, 82-б.). Шопандардың және басқа адамдардың арасында қоғамдық мал үшін түсірілген *құрама жемді* талап-таражға салушылық әлі де тоқталмай келеді (Қом. еңбек, 1976, 31 март). Бақбақ, шаруашылық коллективі іздене жүріп сабанды *құрама жем* азықпен араластырып, сумен жұмсаып берер үлкен учаске ашып, қазір соның игілігін көріп жүр екен (СҚ, 1982, 16 январь).

ҚОСТИЛДІЛІК (двуязычие) *Белгілі бір мемлекет, республика көлемінде екі тілдің тең дәрежеде болуы.* Біздің лингвистиріміз «СССР-дегі қостілділік пен көптілділіктің типологиясы» деген бүкілодақтық 6 томдық зерттеулерді жариялауға ат салысуда (Біл. және еңб., 1987, № 6).

ҚОСЫЛЫС х и м. (соединение). *Молекулалары бірнеше элементтердің атомдарынан тұратын зат.* Хромасома оң зарядты гистон белоктары және дезоксирибонуклейн қышқылынан қысқаша ДНК деп аталатын бұл күрделі органикалық қосылысты толық заряды теріс болғандықтан «қышқыл» деп атайды (Біл. және еңб., 1983, № 3, 11-б.).

ҚОСЫМША ТІРКЕМЕ (вкладыш). *Әскер қатарына шақырылуға жарамды адамдарға берілетін куәлік.* Паспорт, тууы туралы куәлік, әскери билет немесе оның қосымша тіркемесін әркім өзімен бірге ала келуі керек (СҚ, 1983, 26 июль).

ҚУМА МЕТР (погонный метр). *Ұзындық метр.* Биылғы жылдың бірінші жартысында еңбек өнімділігі 11,6 қума метрге дейін артты. Сөйтіп, бесжылдықтың басынан бері уақыттан озып, жоспардан тыс 610 қума метр проходка жүргізілді (СҚ, 1983, 11 октябрь).

ҚҰБЫЛАНАМА (компос). Бағыт-бағдарды айқындауға арналған аспап. Құбыланамасыз жол жүруге болмайтыны бәріне мәлім шығар. Біз бағытымыздан айрылып, қайда мәңгіп келе жатқанымызды білмей қалдық (Ә. Распе. Мюнхаузен хикаялары. 1982, 65-б.).

ҚҰЖАТ (документ). 1. *Белгілі бір фактіні немесе правоны растайтын іс қағазы;* 2. Жеке адамды куәландыратын қағаз (паспорт және т. б.). Ол Гречихинге сотқа шақырылды деген төрт күндік құжат жасап береді (Алматы ақшамы, 1990, 15 қаңтар). Совет азаматтары шет елге дос, жолдас, әріптестерінің шақыруымен де аз уақыт ішінде қажетті құжаттарды толтырып бара алатындығы жайлы Орталық басылымдарда жазылып жүр (Өркен, 1989, 15 сәуір). Одан қалған құжаттар (документтер), дерекмұра өте бай (Алматы ақшамы, 1989, 5 сентябрь).

ҚҰЖЫРА (кафедра). *Жоғары оқу орындарындағы белгілі бір ғылым саласына қатысты мамандар топтасқан бірлестік.* Жақында астанамыздағы шет тілдер институтының ректоры, профессор Б. Ермұхановтың ұсынысымен қазақ тілі құжырасы (кафедрасы) жұмыс істей бастады. Биылдың өзінде осы құжыраға 3 курстың 90 студенті қабылданып, қазақша оқи бастады (Алматы ақшамы, 1991, 19 наурыз).

ҚҰЗЫРЛЫҚ (шефство). *Мәдени, саяси және т. б. көмек көрсететін қоғамдық іс-әрекет.* Жетім балалар үйін, интернаттарды, балабақшаларды құзырлыққа (шефство) алу үшін ұйымдастырады (ҚӘ, 1989, 8 желтоқсан).

ҚҰЙМА ҮЙ (монолитный железобетонный дом). *Арнайы сырғымалы қалыппен құйылып жасалатын үй.* Сонымен енді, құйма үй дегеніміз не, оның артықшылығы неде деген сұраққа тоқтала кетсем деймін. Біздің жаңа үйіміз кірпіштен қаланған жоқ, темір-бетон детальдарынан да құрастырылмайды. Оның әр қабаты арнаулы қалыптармен құйылды (СҚ, 1987, 17 март). Өткен жылы менің бригадама жаңа типті, экспериментальды тұтас құйма үй объектісінде еңбек етуге ұсыныс жасалды (Сонда).

ҚҰЙЫЛҒАН ТІЛ (заливной язык). *Сорпа құйылып ұйыған тіл.* Балық уылдырығы немесе шпорт қосылған қанапе, құйылған тіл, «Сюрприз» рулеті, жас көкөністер, саңырауқұлақ тұздығы, «Изобилле» котлеттері, «Папшии» үйрегі, ұлттық ет тағамдарының түрлі және басқалары. (Алматы ақшамы. 1990. 6 наурыз).

ҚҰЙЫНДЫ (сплав). *Екі немесе одан да көп металл түрлерін қосып балқыту арқылы алынған зат.* Мысалы, Кемерово облысында ...металл қалдықтары деген атпен шет елге сату мақсатымен 110 тонна алюминий құйындысын... ұрлап әкеткен іскерлер тобы қамауға алынды (ЛЖ, 1991. 3 қаңтар).

ҚҰЛАҚҚАЛҚАН. Қ а р а: *Құлаққап.* ...үстел үстінде «Москва» машинкасы, бұрқыраған қағаз, велосипедтің жарық шамынан жасалған абажадай құлаққалқандар.— Мен мұны жазған кезде киемін,— деп түсіндірді Костя (Жалын, 1988, № 1, 80-б.).

ҚҰЛАҚҚАП (наушник). *Теле және радиобайланыс жүйелеріне қажетті құрал, аспап.* Құлаққаптармен және микрофондармен «қаруланған» байланысшылар сап түзеген коммутаторлар алдына қатарласа отырып алған (СҚ, 1977, 18 октябрь).

ҚҰЛАҚША ҚАҒАЗ (этикетка). *Товарлардың бағасы және т. б. мәліметтері көрсетілетін анықтама.* Мансұров барлық сатылатын бұлдарының бұрынғы бағасын көрсетіп тұратын құлақша қағаздарын жұла бастады (Ғ. Мүсірепов. Жат қолында, 266-б.).

ҚҰЛПЫРЫМДАР (переливы цветов). *Бір түстен екінші түске ауысу.* Нағыз өрнекшілер реңк құлпырымдарын ұтымды пайдалану арқылы күрделі колориттік жүйеге бара алатындығын да көріп жүрміз (Қаз. әйел., 1982, № 3, 19-б.).

ҚҰНАРЛЫЛЫҚ ОТРЯДЫ (отряд плодородия). *Егістік жерлерге әр түрлі тыңайтқыш шашатын арнаулы звено.* Ірілендірілген құнарлылық отряды жұмыс істейді, ол егіс басына қазірдің өзінде үш мың тоннадан астам органикалық тыңайтқыштар жеткізді (ЛЖ, 1983, 21 январь). Олар («сельхозхимия») әдеттегіден ерте, егін жинау аяқталысымен егістік жерді тыңайтуға кірісті. Шаруашылықтарға қызмет көрсету графигін, құнарлылық отрядтарының маршруттарын облыстық аграрлық өнеркәсіптік комплекс советі жасап бекіткен болатын (СҚ, 1983, 1 декабрь).

ҚҰПИЯ ДАБЫЛ (сигнализация). *Сигнал беруге арналған құрылғы.* «Ақсай-4» микроауданы тұрғындарының «Сирена» пәтер күзеті кооперативін құруын біз қолдап құптаймыз. Оның мәні өте қарапайым. Әр пәтерге құпия дабылды орнату 20 сомға түседі және айлық төлемақы 1 сом (Алматы ақшамы, 1988, 5 сентябрь).

ҚҰРҒАҚ ВИНО (сухое вино). *Спирт пен қант қатыстырылмай жасалған вино түрі.* Белмеге келген соң шай ішіп, музыка тыңдадық. Құрғақ винодан тартып алған ағам музыка сазына көміліп мол әсерде отыр (ЛЖ., 1984, 24 июнь).

ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫС (заслуженный отдых). *Зейнет демалысы.* Жетпістің екеуіне келген Оспан ақсақал қазір құрметті демалыста (Мәд. және тұрм., 1983, № 11, 12-бет).

ҚҰРЫЛҒЫ техн. (устройство). *Тетік, механизм.* Станцияның корпусына арнайы конструкциялық элементтер, құрылғылар мен тіркеу кондырғыларын орнату көзделген еді (СК, 1983, 3 ноябрь). Блокировкалау поездардың жүрісін реттеп, олардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған *құрылғыларды* қамтиды (ҚСЭ, 11-т., 27-б.).

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (структурные изменения). *Белгілі бір мекеме, өндіріс т. б. орындарының құрылымында жүргізілген өзгерістер.* Бұл күндері баспаларда *құрылымдық өзгерістер* жүргізіліп жатыр. Дәлірек айтқанда, бірқатар редакциялар біріктіріліп, творчестволық топтар құрылуда. Бұл топтар қолжазбамен жұмыс істеудегі ішкі редакциялық циклдың да барынша қысқаруына мүдделі болады. (ҚЭ, 1988, 1 апрель).

ҚҰСХАНА (птицефабрика). *Құс өсіріп, өнімін алатын фабрика.* Олар *құсхана* алаңына құрал-жабдықтардың тең орналасқан, орналаспағанын міндетті түрде қарап өтеді (Қаз. ауыл шар., 1981, № 7, 5-б.).

ҚҰТТЫҚТАУ-ХАТ (открытка). 1. Ашық хат жазуға арналған, түрлі-түсті суретті арнайы почта бланкісі. Биылғы «Наурыз мейрамы» жаңалықтарының бірі — осы мерекеге арналған «құт әкелсін Наурыз» атты тұңғыш *құттықтау-хаттың* жарық көруі (ЛЖ, 1989, 2 наурыз).

ҚҰТХАНА (дом). *Белгілі бір мамандық иелеріне мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін жеке жай.* Творчестволық қызметкерлер мен жас тар одақтары ірге тебетін «Домбыра» *құтханасы* шын мәнінде ұлттық музыка аспабына — шоғырланған бес домбыраға ұқсас. Творчестволық *құтхана* мен «Күбі» жатақханасының кең вестибюлінде қабылдау-информация қызметі, байланыс салоны, сауда пассажи, алуан киоскілер орналасады (Біл. және еңб., 1986, № 4, 3—4-б.).

ҚЫЗАН (помидор). Бақша өсімдігі және оның жемісі. Ә. Қасқырбеков бригадасы 17 гектар *қызан* (помидор) алқабынан жоспарлы 324 центнер 340 центнер өнім алып келеді (СК, 1987, 8 октябрь). *Қызан* — жиын-терінге келгенде өте кірпіяз дақыл. ...Біз, көкөнісшілер, уақытпен санаспай еңбек етіп жатқан *қызан* плантациясынан осындай оймен аттандық (СК, 1987, 8 октябрь). Әйел түйіншекті ашты да, тұзды қияр мен *қызанды* алып, баспалдаққа орамал төседі (С. Шаймерденов, Ағалардың алақаны, 1987, 103-б.).

ҚЫЗЫҚШЫ (конферансье, клоун). *Халықты күлдіріп, түрлі ойын қойып жүретін сахна шеберлері, масқарапаздар.* Гүл тәріздес Қоянды жәрменкесін дыр-думанға, бөлеп жүрген халық *қызықшылары* — Жынды Қара, жыпды Омар өткен ғой (Ш. Жиенқұлова. Өмірім менің — өнерім. 1983, 71-б.).

ҚЫЗЫЛ КІТАП (Красная книга). *Құрып бітуге жақын, сирек кездесетін немесе аулауға тыйым салынған хайуанаттардың аттары тіркелген кітап.* Қазақ ССР-інің «Қызыл кітабына» құстардың 43 түрі тіркелсе, соның төртеуі — торғай тұқымдастарының өкілдері. Олар: әсем шымшық, жұмақ теңбіл торғай, сексеуіл жорға торғай және көк құс (Қаз. әйел., 1983, № 12, 26-б.).

ҚЫЗЫЛІЗШІЛЕР (красные следопыты). *Революция мен Азамат, Отан соғыстарының ардагерлері туралы мәлімет жинаушылар немесе тұрған жеріне байланысты тарихи мәліметтер іздеп, жинаумен шұғылданатын жасөспірімдер тобы.* Қызылшілердің слетін өткізу бұнда дәстүрге айналған (Қаз. мект., 1983, № 10, 4-б.). Өз мектебі, ауданы, қаласы пионер және комсомол ұйымдарының тарихы жөніндегі ізденіс жұмыстары басталды. *Қызылшілер* қызметі әр буындар пионерлері мен комсомолецтерінің ерлігін насихаттаумен,

есте қалдыру шараларымен тығыз байланысты. (Қаз. мект., 1983, № 10, 6-б.).

ҚЫЛ техн. (спираль). *Арнаулы мақсатта қолданылатын бүгілген, иілген жіңішке сым. Электр плиткасының қылы жанып кетті де, оның ұштарын қайта жалғағаннан кейін біраз қысқарды* (Физика, 9-класс, 1983 180-б.).

ҚЫЛ ҚИҒАҚ (смычок). *Скрипка, қобыз сияқты музыка аспаптарында ойнау үшін қолданылатын, ұзына бойына қыл тартылған таяқша. Қыл қиғақ кескілегенде, қыл ішектер қиғылық салыпты-ау* (С. Сыматаев. Ғарышқа көз тіккен жер. 1985, 21-б.).

ҚЫМЫЗХАНА (кумысхана, кафе, где посетители могут напиток кумысом). *Қымыз ішетін көпшілік орны, кафе. Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарайды, демек, бардың орнына қымызхана ашу әлдеқайда тиімді болмас па еді?* (СК, 1983, 30 август).

ҚЫНАГҮЛ (Бальзамин африканский). *Бөлме өсімдігі. Африка бальзамині (қынагүл) — күй талғамайтын және тез өсіп жетілетін бөлме өсімдігі* (Мәд. және тұрмыс, 1983, № 1 4-б.).

ҚЫРЫҚҚҰЛАҚ (вид гриба). *Тағамдық өсімдік. Қала тұрғындары мен меймандарына «Алматы» кооперативі ұсынған қырыққұлақ Жапонияға экспортқа шығарылатын қырыққұлақ технологиясына сайма-сай дайындалады* (Алматы ақшамы, 1988, 3 сентябрь). *Қырыққұлақ* өзінің пайдалы қасиеттерімен ежелден белгілі (Сонда). *Қырыққұлақты* тұздалған және қуырылған күйінде де керегінше дайындайды (Сонда).

ҚЫСҚЫШ ТЕМІР (скрепка). *Бірнеше бет қағазды бекітіп ұстауға арналған бұйым. Кемпір менің бұл сөзімді құлағына да ілмеді. Столының тартпасынан қысқыш темір алып, бір қағаздың шетін бекіте бастады* (Б. Сокпақбаев. Аяжан. 1985, 121-б.).

ҚЫСТАМА (зимовка). *Мал қыстату, малды қыстан өткізу мерзімі. Ерте күзде шопан бақташылардың қысқы мекен жайларын мүмкіндігінше жөндеуден өткізіп, отын-суын түсіртіп, қыстамаға алдынала дайындық жасауды мұқият қолға алдық* (Жұлдыз, 1982, № 1, 30-б.). *Іс жүзінде барлық жерде сауын малы биыл қыстамаға қоңды келді, жай және балауса жемшөппен едәуір қамтамасыз етілген, коралар жайлы* (СҚ, 1983, 15 октябрь).

ҚЫША бот. (горчица). *Крестгүлділер тұқымдастарына жататын бір жылдық техникалық дақыл. Батыс және солтүстік облыстарда қыша мен салалы зығыр жақсы жерсіндіруде. Қыша жинауды аяқтап, диқандар мемлекетке тұқым сатудың жоспарын үш есе дерлік асыра орындады* (СҚ, 1983, 1 октябрь).

ЛЕЗДЕМЕ (летучка). *Күнбе-күнгі тығыз шаруаларды шешу үшін өткізілетін қысқа жиналыс. Соңғы кезде Балғабай лездемені тіпті қысқа қайыратын болып жүр* (Ком. таңы, 1981, 28 март). *Кеше газет редакциясында Қазақстан Ленин комсомолының 60 жылдық мерекесіне арналған «Лениншіл жастың» әр ұрпақ өкілдерінің лездемесі өтті* (СҚ, 1981, 25 июль). *Ол кезінде редакцияның лездеме мәжілісінде жақсы жағынан аталған да* (СҚ, 1981, 24 май). *Қойылған сұрақтардан аңғарып қалдыңыз, оқырманмен сырттай лездеме өткізгелі отырғанамызды* (ЛЖ, 1988, 2 февраль).

ЛОҢҚА мед. (банка). *Емдеу үшін қолданылатын медициналық жабдық. Суық тиіп ауырғанда арқаға лоңқа (банка) төңкеру де тиімді. Сол сияқты оны қабырғааралық нерв жүйесі қабынғанда, қуяң болғанда да пайдаланады* (Мәд. және тұрмыс, 1984, № 11, 17-б.).

- МАГНИТ ТАСПАСЫ (магнитная лента). *Магниттік тәсілмен дыбыс жазуға, әрі ол дыбысты қайта шығаруға арналған жабдық*. Исабаев жолдас өткен жылы мемориалды тақтамен бірге Габельбах музейіне *магнит таспасына* жазылған «Қараңғы түнде тау қалғып» әнін де тапсырған. Бұл әнді жылына елу мың адам тыңдайды (ҚӘ, 1980, 19 сентябрь).
- МАҒЛҰМАТНАМА (справочник). Қара: **Анықтамалық. ...Күнделікті тұрмысқа қажетті пайдалы деректер...** «Дәрігерді тосып отырсаң» тәрізді *мағлұматнама...* шығаруға әрекет етуде (Жұлдыз, 1983, № 5, 147-б.).
- МАДАҚНАМА (грамота). *Белгілі бір істегі жетістігі үшін берілетін құжат*. 1359 ж. шамасында Бұлатшы Құндызда Тұғлұқ-Темір ханнан «моғол тілінде және моғол әрпінде жазылған» грамота (*мадақнама*) алды (ҚСӘ, 2-т., 522-б.).
- МАЗАҚТАМА (скетч). *Әзіл-оспаққа құрылған қысқаша эстрадалық пьеса*. *Мазақтамаға* келгенде Өтепберген мәттақамдық, ыспарлық та танытпапты. *Мазақтамаларда* мәз қылатын күлкі, әзіл-қалжың болуы шарт (Қаз. мұғ., 1986, 10 январь).
- МАЗАҚТАМА АТ (прозвище). *Адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекетіне байланысты айтылатын әзіл түріндегі қосымша ат*. Бір баланың әр түрлі мазақтама аты болғаны секілді, газеттегі сатиралық бұрыштарды... әр қилы атапты (ҚӘ, 1984, 30 март).
- МАЙБАЛШЫҚ құрыл. (раствор). *Цемент және басқа да байланыстырғыш заттар қосылған, жабысқақ, қоюлау келген қоспа; сылақ жүргізу үшін арнайы жасалатын лай*. Мен өзім үш жылдан бері сылақшылар звеносында еңбек етіп келемін. Маған *майбалшықтың* дайындалуына көбірек назар аударуға тура келді (ЛЖ, 1981, 17 июль).
- МАЙДАНГЕР (фронтвик). *Ұлы Отан соғысына қатысқан адам*. Жуырда Талдықорған қаласындағы Н. Островский атындағы орта мектептің 7 класс оқушылары Сталинград *майдангері*, 2-емхананың медсестрасы Мария Харченкомен кездесті (ЛЖ, 1983, 7 январь). Балалар *майдангерлердің* хаттарын, солдаттар мен тыл еңбеккерлерінің естеліктерін жинастырады (Қаз. мек., 1983, № 10, 5-б.). Көптеген ірі-ірі ұрыстарға қатысып, сұрапыл майдан жолдарынан өткен *майдангер* бірнеше үкімет наградасын өңіріне тағып, елге жеңіспен оралысымен, соғыстан қатты күйзелген шаруашылықтың экономикасын көтеруге белсене кірісті (ЛЖ, 1981, 10 январь).
- МАЙЖҰҚПАН (вид национального хлебного изделия). *Майға шылап пісірген ыстық нан*. Етті өте көп мөлшерде пайдаланамыз. Ал етті көп қажет етпейтін, тіпті пайдаланбайтын бұрынғы тағам түрлері қазір аз. Қатырма қатырып, *майжұқпан*, сүтжұқпан сияқты ас түрлерін даярлау қазір сиреп барады (ЛЖ, 1983, 28 сентябрь).
- МАЙРАМПАЗ (иллюзионист), *Сиқыршы*.— Бақсының збн ойнағындай бірдеме ғой... түсінсем бұйырмасын!— дегенде ұзын кірпікті үлкен көздері жапақ-жапақ еткен. Бұрын-соңды талай *майрампазды* көріп едім, бірақ домбырасын көпшік қылып қаққан домбырашыны көргем де жоқ, естігем де жоқ (О. Сәрсенбаев. Уәде, 122-б.). Бәрін ұйтқытып, жұрттың құлағын көтеріп жүрген қиялшыл Ұстабай. Оған айтқызсаң жеңінен күс ұшыратын *майрампаз*, ...сымтемірдің үстімен құламай жүретін даршы болады деуден тайынбайды (Д. Досжанов. Келіншектаудағы тас түйелер, 21-б.).
- МАЙХАНА (банкет).— *Майханадағы* мәжілісті халқымыздың қадір-

лі ұлы Қаныш басқарсын,— деді (Алматы ақшамы, 1989, 23 маусым).

МАЙЫСҚАҚ СЫМ АРҚАНША (тросик). *Иілгіш болат арқанша*— Ал затворды іске қосуға арнайы *майысқақ сым арқаншаны* (тросикті) пайдалансақ, аппарат қозғалысы әлдеқайда төмендейді (Біл. және еңб. 1988, № 3, 46-б.).

МАҚСАТҚЕРЛІК (цслеустремленность). *Айқын мақсат қоюшы-қойған адам*. Ленинше жұмыс істеу — шын мәнінде ұйымшыл, іскер және *мақсаткер* болу деген сөз (ЛЖ, 1983, 23 апрель).

МАҚСАТҚЕРЛІК (целеустремленность). *Айқын мақсат қоюшылық, алдыға қойған мақсатты орындауға ұмтылушылық*. *Мақсаткерлік* пен еңбексүйгіштік олардың өз мамандығын жете игеруге көмектесті (ЛЖ, 1983, 31 август). КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында атап көрсетілгендей, әрбір істі аяғына дейін жеткізіп, сөзбұйдалыққа салынбай *мақсаткерлікпен* жұмыс істеген жағдайда ғана табысқа жетуге болады (ЛЖ, 1983, 12 октябрь).

МАҚСАТҚЕРШІЛІК. қ а р а: *Мақсаткерлік*. Шын мәніндегі *мақсаткершілік* деген осындай болмай ма?!— деп ішімізден тағы сүйсініп қоямыз. (Жалын, 1981, № 2, 131-б.).

МАҚСАТНАМА (платформа). *Партиялардың, қоғамдық топтардың, сондай-ақ жеке адамдардың саяси бағдарламасы*. Александра Докучаева өз мақсатнамасында көп ұлтты Қазақстанның атауында тыныштық орнатуды мақсат еткенсиді (СК, 1990, 24 наурыз). Осы мәселелер жарияланатын *мақсатнамамыз* бен жарғымызда жан-жақты талданып айтылады (ЛЖ, 1990, 7 сәуір). Егер мен хатшы болып сайлансам, жұмысты былай ұйымдастырар едім» деп, үміткерлердің әрқайсысы өз мақсатнамасын алға тартты (СК, 1990, 17 сәуір).

МАҚСАТТЫ ҚАБЫЛДАУ (целовой прием). *Кәсіпорын, мекеме, ұйымдар үшін бөлінген арнаулы орындарға солардың жолдамасымен келген абитуриенттерді қабылдау*. Республика жоғары оқу орындарының басым көпшілігі *мақсатты* түрде *қабылдау* жүйесіне көшіп отыр (СК, 1987, 24 июль). Жолдама алғандар емтихандарды жалпы негізде тапсырып, *мақсатты қабылдауға* бөлінген орындарға конкурс бойынша қабылданды (Сонда).

МАҚСАТТЫ ОРЫНДАР (целевые места). *Мақсатты қабылдауға бөлінген орындар*. Мақсатты орындарға қандай абитуриенттердің үміткер болуына, олардың әзірлік дәрежесіне, кәсіптік бағдарлануына көп мәселе байланысты болмақ (СК, 1987, 24 июль).— Біріншіден *мақсатты орындар* барлық орындардың белгілі бір бөлігі ғана, бәлкім, кейбір жоғары оқу орындарында ол басым бөлігі болуы да мүмкін (СК, 1987, 24 июль).

МАҚТАНГЕРЛІК (хвостливость). *Мақтаншақтық*. Үйлену тойларында жана туыстасқан құда-құдағилардың бір-біріне қымбат тарту-таралғы ұсынуыда асыра *мақтангерлік* демекпін (ҚӘ, 1986, 7 февраль).

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ШАРУАШЫЛЫҚ (специализированное хозяйство). *Қоғамдық еңбек бөлісі мен еңбекті тиімді түрде ұйымдастырудың формасына негізделген шаруашылық*. Сонымен қатар, осы бас қосуда аудандық мамандандырылған шаруашылықтың «Арман» атты комсомол жастар қой бордақылау бригадасын қамқорлыққа алу жөнінде шешім қабылданды (Біл. және еңб., 1983, № 5, 2-б.).

МАҢШӨМІШ ОТОЖАУ. *Металл қорыту процесінде қолданылатын, ожау іспеттес үлкен металл ыдыс*. *Маңшөміш* немесе *отожау*. Ол

100—110 тонна шойын не 300 тонна болат тасымалдайтын ыдыс (Біл. және еңб., 1985, № 4, 33-б.).

МАСҚАРАМПАЗ МАСҚАРАПАЗ (клоун). *Цирктегі комикалық күлдіргі персонаж, цирк артисі.* Циркке кіргеннен бастап-ақ езуінді жинай алмай қайтсаңыз, ол — программаның күлкіге құрылғандығынан. *Масқарампаздардың* өнері, «жолбарыстар» биі, үйретілген иттер мен маймылдар қатысатын әрбір көрініс көрерменді өзіне үйіріп әкетеді (ЛЖ, 1982, 17 декабрь). *Масқарапаздар:* Құдайберген Қасымжановтың, Марат Жұмағалиевтің, Владимир Карповтың өнеріне жұрт әрдайым риза (Мәд. және тұрм., 1979, № 4, 6-б.).

МАССАЖДАУШЫ (массажист). *Массаж жасаушы.* Мына адресстер бойынша хабарласуға болады. Алматы қаласы, «Қазақфильм» микроауданы, 25-үй, 1-подъезд — инемен емдеуші, *массаждаушы* (Алматы ақшамы, 1988, 1 июль).

МАТЕРИАЛДЫҚ КӨТЕРМЕЛЕУ (материальное стимулирование). *Адамдардың еңбекке қабілеті мен ынта-жігерін арттыра түсуге бағытталған шара.* Олардың жұмысына баға бергенде, *материалдық көтермелеу* қорын белгілеуді де ұмытпау керек (СҚ, 1983, 9 июль).

МАТЕРИАЛДЫҚ МҮДДЕЛІЛІК (материальное заинтересованность). Адамдардың еңбек өнімін, қарқынын, сапасын т. б. арттыру арқылы өзіне тиімділік көздеуді. *Материалдық мүдделілік* принципі социалистік қоғамда алуан түрлі роль атқарады (Қаз. ком., 1983, № 5, 53-б.).

МАХАЛЛА (квартал). *Бір көшелес жер.* Муфти: «Жел болмаса шөптің басы қимылдамайды» дейді. Ол бекер сөз емес. Осы қазір жайғасып отырған махалла (квартал) тұтасымен біздің еншімізге тимек. (Қазақстан коммунисті). 1990, № 6, 41-б.).

МӘЗІР (меню). *Қоғамдық тамақтану орындарында берілетін тамақтардың тізімі және бағасы жазылған қағаз.* Тәжірибелі бас аспаз, СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің конкурсына қатысушы А. А. Литовтың нұсқалары бойынша әзірленген *мәзір* енгізілді (СҚ, 1983, 30 август).

МӘЙЕКТІ АЗЫҚ (сочные корма). *Малға жұғымды жемшөп.* Мал шаруашылығының экономикалық базасын нығайту, жемшөп өндірісін жетілдіріп, түлікті түгелдей *мәйекті азықпен* камтамасыз ету де осыған үйлесімді жүргізілуге тиіс түбірлі шаруалар (СҚ, 1986, 12 июль).

МӘЙІТХАНА (морг). *Жерлегенде дейін өліктерді қоятын жай.* 300 вольттық токқа түскен Ю. В. Воровьева жуан бөрене үстіне сұлап түсті. Мұнан соң дәрігерлердің келгенін, жедел жәрдем машинасымен *мәйітханаға* апарып тастағанынан бейхабар еді (Біл. және еңб., 1988, № 2, 19-б.). Дене *мәйітханаға* жөнелтілді. Екі қызметкер осы арадағы егінші, малшылармен сөйлесуге бөлінді (Жалын, 1984, № 3, 25-б.).

МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ спорт (фигурное катание). *Мұз айдынында сырғанау арқылы орындалатын спорт түрі.* Астанадағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы Спорт сарайында *мәнерлеп сырғанаудан* Алматы қаласының біріншілігі басталды (ЛЖ, 1983, 15 апрель). *Мәнерлеп сырғанаудың* тамаша шебері Ирина Роднина қазір тамаша маман болуға талпынуда (ЛЖ, 1981, 24 ноябрь).

МӘНГІ АЛАУ. МӘНГІЛІК АЛАУ (вечный огонь). *Белгілі бір ерлік уақиғаға байланысты орнатылған мемориал, ескерткіштерде күндіз-түні жанып тұратын от.* Біз *Мәңгі алау* алдында батырға орнатылған ескерткіштердің қасына келдік (СҚ, 1986, 5 сентябрь). Жыл сайын Ұлы Октябрь социалистік революциясы мерекесі күндерінде астана жұртшылығы 28 гвардияшыл-панфиловшылар паркіндегі

Мәңгілік алау жанынан бір елі үзілмейді (ЛЖ, 1983, 7 ноябрь). Жауынгер интернационалист Мунир Ахметжанов қос бұлдіршінің *Мәңгілік алауға* жетелеп кетті. От жүрек азамат енді сол алауды балаларының жүрегінде жағарында күмән жоқ (СК, 1988, 11 май). МЕДБИБИ (медсестра). *Емдеу орындарындағы кіші медициналық персонал*. Гүлбаршын Шағажанова — Ақтоғай ауданының «Қоңырат» совхозындағы ауруханада *медбиби* болып істейді. Ақ желенді абзал жан өзіне жүктелген міндетті әрдайым жауапкершілікпен атқарады (СК, 1991, 10 қаңтар). Целиноград қаласында өткен *медбибилердің* бәсекесіне ақ желенді тоқсан қыз қалысып, кәсіби шеберліктерін көрсетті (СК, 1991, 9 ақпан). Целиноград медицина училищесінің түлектері *медбиби* Гүлім Жандыбаева мен Бақыт Сәрсенованы жеңістерімен медицина саласының ардагерлері құттықтап тұр (СК, 1991, 9 ақпан).

МЕЙМАНДОСТЫҚТЫҢ БЕЙНЕЛІ ҒҰРПЫ (колоритный обряд гостепримства). *Мейман адамдарға ілтисиппен көрсетілетін меймандостық ғұрып*. Музей үйдің кіре берісінде *меймандостықтың бейнелі ғұрып*: кестелі сүлгі бетіне салынып нан мен тұз ұсынылды, Гураль музыканттарының капелласы ойнап тұр (ЛЖ, 1988, 14 июль).

МЕЙРАМХАНА (ресторан). *Қоғамдық тамақтану орны*. Бұл жаңа шаңырақ — Виноградов және Сейфуллин көшелерінің қиылысына орналасқан «Жерұйық» атты мейрамхана (ЛЖ, 1990, 11 тамыз). Солардың қатарына «Қазақтың тұңғыш ұлттық рестораны — «Жерұйық» қосылыпты», — дегенді естіген соң баруға асықтық. «Жерұйық» — шағын, бір адамға он бес сом тұратын билеті бар *мейрамхана* екен. (Алматы ақшамы. 1990, 21 тамыз).

МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ пед. (внутришкольный контроль). *Оқу-тәрбие істерінің сапасын көтеру, методикалық көмек беру мақсатында өткізілетін ішкі тексеру жұмыстары*. *Мектепшілік бақылауды* уақыт талабына сай жетілдіре түсу мектептегі оқу-тәрбие жұмысының тиісті дәрежеде болуының шарты (Қаз. мұғ., 1983, 26 август). Кейбір мектептерде мектепшілік бақылау нашар жүргізіледі (Қаз. мұғ., 1983, 3 июнь).

МЕКТЕПШІЛІК МЕТОДИКАЛЫҚ БІРЛЕСТІК (внутришкольное методическое объединение). *Мектеп ішінде оқу-педагогика жұмыстарының әдістерін талқылай отыратын бірлестік*. Қазіргі мектепшілік методикалық бірлестік жетекшісін тұрақты жалақы алатын қызметкер етсем деймін (СК, 1988. 30 апрель).

МЕРДІГЕРЛІК (подряд). *Белгілі бір жұмысты орындауды міндетіне алушы (мердігер) жақ пен сол жұмысты тапсырушы және ақы төлеуші жақтың азаматтық право негізіндегі шарты*. Бригадалық мердігерліктің артықшылығы қай істе де көрінуде (СК, 1983, 5 июнь). Бригадалық мердігерлікке — кең өріс (ЛЖ, 1983, 12 май). Коллективтік *мердігерлік* кеңінен тарады (СК, 1983, 18 май).

МЕРДІГЕРЛІК ӘДІС (подрядный метод) Қ а р а: *Мердігерлік*. Министрліктер мен ведомстволар бұл жерде ең жоғары тиімділікті, *мердігерлік әдістің* шаруашылық тәсілмен пәрменді ұштастырылуын қамтамасыз еткендері жөн (СК, 1983, 16 март). Н. Злобиннің бригадалық *мердігерлік әдісін* енгізе отырып, озат бригадалар жақсы нәтижелерге ие болуда (Қом. еңбек, 1977, 11 ноябрь). Жұмысты шапшаң және жоғары сапалы атқаруға бригадалық *мердігерлік әдіс* көмектесуде (СК, 1983, 4 июнь).

МЕРДІГЕРЛІК БРИГАДА (подрядная бригада). Қ а р а: *Мердігерлік*. Жаңа әдістің мектебінен өтіп, *мердігерлік бригадалардың* көшінде келеміз (СК, 1983, 11 октябрь).

МЕРДИГЕРЛІК ЖҰМЫС (подрядная работа). Қара: *Мердігерлік*. Мемлекеттік құрылыс-монтаж ұйымдары атқарған мердігерлік жұмыстың жалпы көлемі 2 процент, шаруашылықаралық құрылыс ұйымдары атқарған *мердігерлік жұмыстың* жалпы көлемі — 4 процент ұлғайды (СК, 1981, 25 июль).

МЕРЕЙГЕР (лауреат). *Аса жоғары баға алған еңбектің иегері, авторы*. Халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты (мерейгері) (ҚӘ, 1982, 13 август).

МЕРЕЙГЕРЛІК (дипломант) Аса жоғары бағаға ие болушылық. Қалыптасқан дәстүр бойынша Польшада өткен бүкіләлемдік фольклор фестивалінде Грузияның әйелдер хореографиялық ансамблі «Нино» екінші мәрте *мерейгерлікке* табан тіреді (ЛЖ, 1990, 15 мамыр).

МЕРЕЙТОЙ. Қара: *мүшелтой*. Абайдың бұл *мерейтойының* мүмкін болғанынша кең көлемде аталып өтуіне күш салғалы отырмыз. Мұндай мереке енді жарты ғасырдан кейін бір-ақ өтетінін қатты ескердік (СК, 1990, 29 сәуір). Алматы мемлекеттік циркінің жанындағы «Салтанат» творчестволық бірлестігі — сценарий жазушылар, музыканттар, мәдени ұйымдастырушылар, асабалар, суретшілер, фотосуретшілер сіздердің *мерейтойлық* шараларыңызды өткізіп береді (Алматы ақшамы. 1989. 18 желтоқсан).

(...) Сонымен қатар ақын-жазушылар Ә. Тәжібаевтың, Х. Есенжановтың, І. Жарылғаповтың *мерейтойларын* өткізу туралы мәселе қаралып, халық ақындары Ұмбетәлі Кәрібаев пен Айтбай Белгібаевтың, семейлік ақын Шәкір Әбеновтің, ұйғыр жазушысы И. Изимовтің мүшел мерекелерін атап өтуге орай комиссия құрылды (ҚӘ, 1988, 18 ноябрь).

МИКРОЖҮЙЕ (микросистема). *Шағын ғана системалар*. Микрожүйелердің қолданылуы арқасында «Вега-МП-120—стереоның» жұмысы аясы кеңіді (Алматы ақшамы. 1988, 13 июль).

МИНУТТЫҚ ҮНСІЗДІК (минутное молчание). *Қаза болған адамдарға құрмет көрсету мақсатымен өткізілетін бір минуттық үнсіздік сақтау салты*. Олардың құрметіне бір минуттық үнсіздік болды (СК, 1988, 8 май).

ММУ (МГУ — Московский Государственный Университет). Москва мемлекеттік университеті. Төртінші кездесуінде Харьковтың «Локомотивмен» тең түсті. Есеп — 8:8. Бұл топта ММУ мен Алматының «Динамо» және Киевтің су добы шеберлері біршама жақсы ойнап келеді (СК, 1991, 26 ақпан).

МОЙЫНТҰМАР (кулон). *Шынжырға өткізіп, мойынға тағатын әйелдердің сәндік бұйымы*. Сухумидің қолөнершілері шетелдік үлгіден көшіріп жасаған, «жиллет» деп аталатын *мойынтұмарының* алтын емес екені бадырайып білініп тұр (Жалын, 1988, № 1, 86-б.).

МӨЛТЕКАУДАН (микрорайон). *Үлкен қалалардың жаңадан салынған, тұтас архитектуралық кешенді аймағы*. Осы басқарманың шағын семьялыларға арнап салған жатақханасы «Айнабұлақ» мөлтекауданында болса, ондағылардың балалары қаланың екінші түкпіріндегі 9-шы мөлтекауданындағы балабақшаға барады (СК, 1990, 31 наурыз). «Алматыметроқұрылыстың» Әлимұхамедов, Өскенов секілді басшылары «Самал» мөлтекауданынан пәтер алып алған (СК, 1990, 12 мамыр). Билеттер... орталық колхоз базарында, «Айнабұлақ», «Тастақ» мөлтекаудандарында және кәсіпорындардағы өкілдер арқылы сатылады (Алматы ақшамы, 1990, 8 тамыз).

МӨЛШЕРЛЕП ТАСУ ӘДІСІ (порционный метод). Қара: *Үлесті әдіс*. Бұған астықты қырмандарға тасу кезінде осы облыста дүниеге келген комбитайерлік және мөлшерлеп тасу әдістерін кенінен

колдану... село рационализаторларының жаңалықтары жәрдемдесті (СҚ, 1981, 11 сентябрь).

МӨРТАБАН (штемпель). *Мөр басуға арналған құрал*. Әрқайсысын аударып-төңкеріп қарайды, кімнің кімге жазғанын жадына қоюға міндетті кісідей қастарын кере кегжиіп, қабақ түйеді. Содан кейін барып бір шекесіне *мөртабанды* келтекпен қойып кеп жібереді (ҚӘ, 1987, 16 январь).

МӨРТАҢБА Қ а р а: *тіркелгі*. Тіркелу үшін біреудің 9 шаршы метрден асатын басы артық тұрғын ауданы бар үйі керек... Бірақ паспортқа қойылатын *мөртаңба* тым қымбат — 500 сомнан 800 сомға дейін төлейсің (Арай, 1989, № 8).

МҰЗАЙДЫН. Қ а р а: *Мұзойнақ*. Таңат конькиін қолына алды да, жүгіре жөнелді. Қанат оны есік алдында тосып тұр екен.— Таңат, осы бізге *мұзайдында* не бар, дұрысы тауға баралық (Қаз. пионері, 1987, 11 январь).

МҰЗДАТҚЫШ (морозилка). *Ет, балық т. б. тағамдарды мұздатып қатырып тастауға арналған жабдық*. Тоңазытқыштар мен мұздатқыштар миллион дана. Оның ішінде камерасының сыйымдылығы 200 текше дециметр және одан да көп тоңазытқыштар (СҚ, 1983, 23 октябрь). Жалпы еліміз бойынша аса маңызды өнім түрлерін өндіру мынадай болды: ...телевизорлар — 6,4 миллион дана, тоңазытқыштар мен *мұздатқыштар* 4,3 миллион дана (ЛЖ, 1983, 25 октябрь).

МҰЗДЫҚ (ледник). *Тау басындағы мұз шыңдары*. Мұздықтың эстетті кейпі көз арбайды. Ұшар басы аспан тепкен мұзарт шыңдар шығар күннің жалқын сәулесіне шомылған қалпы биіктеген дерсің (ЛЖ, 1988, 13 октябрь).

МҰЗОЙНАҚ (массовое катанне, каток). *Көпшіліктің мұзайдында сырғанақ теуіп бой жазуы; сырғанақ тебу үшін арнайы жасалған орын, мұзайдын*. Аяз қатты болса да бүгін мейлі, Мұзойнақта сәбилер күлімдейді. Жүректердің отынан қаймыққандай. Қыстың қыңыр ызғары білінбейді (С. Жиенбаев, Қарлығаш, 1959, 10-б.). Көк мұзында шыр айналып ұшқыр ем, Қайда сол шақ? Енді кейде аунақшып, *Мұзойнақта* жүрмін ғой деп түс көрем (Жұлдыз, 1981, № 4, 14-б.). *Мұзойнақ* — айна теп-тегіс, Бейне дерсің көк теңіз. Ат шаптырым аумағы Айғыздапты өткен із (М. Рәшев. Қанатты қиял. 1962. 44-б.).

МҰРАҒАТ археол. (археологическая культура). *Ерте дәуірден қалған, тарихи, мәдени мәні бар зат, мұра; археологиялық мәдениет*. Эндогамияның арқасында археологиялық *мұрағаттардың* ауқымында рухани және материалдық көріністер біркелкіленіп, ортақ этногенетик тип пайда болды (Е. Тұрсынов. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. 1976, 26-б.). Астанамызға дүние жүзінің, әсіресе шығыс мемлекеттерінің өкілдері туристік сапармен келгенде республикамыздың, оның халқының өткен тарихына ой жіберіп, мәдени және тарихи мұраларын тамашалағысы келетіні сөзсіз. Ал бізде бұрынғы өткен бабаларымыздан қалған ондай *мұрағаттар* баршылық (СҚ, 1991, 19 ақпан).

МҰРАППА (варенье). Қ а р а: *Тосап*. Витаминдерге бай табиғи шырындар, *мұраппа* жеген пайдалы, әйтсе де қантты мөлшерден көп пайдалануға болмайды (Қаз. пионері, 1986, 4 декабрь).

МҮЛІҚБАСЫ (товаровед). *Товар жайын айыра білетін білгір маман*. Әлгі кісі бізді «футболмен» қоса басқа бір бастыққа, ол *мүлікбасына* (товаровед) жөнелтіп жіберді. *Мүлікбасыңыз* мұттәйім кісі екен (Арай, 1988, № 4, 30-б.).

МҮСӘПІРХАНА (дом инвалидов). *Мүгедектерді, кемтарларды ба-*

ғып-күтуге арналған орын. Әсекри ауруханадан шығарда госпиталь бастығы былай деп түсіндірді:— Жеміске жетер күн енді алыс емес, жолдастар. Соғыс біткен соң туған-туысқандарынды да іздеп табарсындар, бейбіт өмір арнасына қайта түсерсіңдер әлі-ақ... Әзірше, қайтеміз, баспанасы жоқтарға бірдеңе ғып орын тауып берерміз.— *Мүсәпірхана ма?*— деп айғай салды біреу мүгедектер жиналып тұрған дәліздің алыс түкпірінен (Жұлдыз, 1984, № 2, 150-б.).

МУШАЙРА әдебиетші (мушайра). *Арнайы белгіленген тақырып бойынша өткізілетін ақындар айтысы.* Оларға өз жырларын оқи жүріп, Бағдадтың Сарат каналы бойындағы бұлбұлды баққа жиналатын ақындарымен де *мушайраға* жиі түсіп, жеңіске жетіп отырады (Ә. Дербісалиев. Араб әдебиеті. 1982, 91-б.). Ақындар Қ. Мырзалиев, Т. Айбергенов және Т. Молдағалиевтің достық, өмір, адамгершілік туралы өлеңдері тыңдалып, сонынан ауылдың талапкер ақындарының *мушайрасы* өтті (Ком. еңбек, 1978, 23 сентабрь). Жас талапкерлер арасында *мушайра* (жыр жарысы) ұйымдастырылып, соны түрлі әдеби ойындарға ұласты (Ком, еңбек., 1977, 23 декабрь).

МУШЕЛТОЙ (юбилей). *Жеке адамның белгілі бір жасқа толғандығын және қоғамдық-саяси, мәні бар даталарды мерекелеу.* Бір жазушы *мушелтойын* құттықтай отырып, назарыңызға оның жаңа әңгімесін ұсынуды жөн көрдік (ЛЖ, 1977, 28 декабрь). Сөйтіп ССРО Одағы құрылуының 60 жылдық *мушелтойын* тамаша табыстармен қарсы аламыз (ЛЖ, 1982, 9 декабрь).

МХР (МНР). *Монғол Халық Республикасы.* МХР Министрлер кабинеті республикадағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды жергілікті өкімет орындарының қарауына беру туралы шешім қабылдады (СК, 1991, 12 наурыз).

МЫНАҚЫП (некролог). *Дүниеден қайтқан адамның өмірі мен қызметі туралы айтылған мақала.* Ы. Алтынсарин туралы газетте басылған *мынақыпта* (некрологте) Ыбырайдың білімі орысша-қазақша бастауыш мектеп көлемінде болса да, өзінің ерекше дарындылығымен, білім құмарлығымен, сондай-ақ орыстың Григорьев, Ильминский сияқты білімді адамдарының ықпалымен, өздігімен ізденіп, тамаша білім алғанын айта келіп, оны «қоғам үшін, өзінің туған қазақтары үшін пайдалы аса көрнекті қайрагер еді» деп көрсетеді (Б. Әбілқасымов. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. 1971, 16-бет).

МЫҢШЫЛАР (тысаячки). Еңбек өнімін мыңдаған өлшеммен (тонна, километр) т. б. беруші. Бассейн кеншілері өздерінің жарты ғасырлық торқалы тойын тойлау үстінде айтулы проходкашылардың жарқын істерін зор мақтаныш сезімімен еске алды. Өйткені олар — көмір кеніне алғаш жол салушылар. *Мыңшылар* мен бес жүз *мыңшылар* жарысының кең қанат жаюы солардың соны бастамаларымен берік сабақтасып жатыр (Мәд. және тұрм., 1982, № 10, 9-б.).

Н

НАИ (трубка). Бір жақ ұшында темекі үгіндісін салатын кішкене ұяшасы бар темекі тартуға арналған нәрсесі. Маған *най* беріңіз (Орысша-қазақша тілашар. 1987).

НАЙЗАҒАЙ (молния). *Коллектив ішіндегі күнбе-күнгі маңызды жаңалықты т. б. жедел жариялап тұратын шағын форматты қабырға газет.* Бұл күні ең үздік көрсеткішке жеткендердің құрметіне жаруыгерлік парақшалар, *найзағайлар* шығару көзделіп отыр (СК, 1986, 9 апрель).

НАРЫҚ (рынок). *Товар, зат алмасуы.* Айталық, шикізат өнімдерінің қымбаттап кетуі себепті олардан шығатын өнімдер де қымбаттау-

да. Сонымен бірге *нарыққа* көшу де амалдың жоктығынап бағаның өсуіне әкеліп соқтыруда. (Алматы ақшамы, 1991, 2 наурыз).

НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАС (рыночные отношения). *Зат, товар алмасу заңдылықтары. Нарық қатынастары* кезінде жұмыс істеу үшін кадрлар дайындау керек (СҚ, 1991, 21 ақпан).

НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА (рыночная экономика). *Нарыққа қатысты экономика.* Нарықтық экономикаға көшудің өтпелі кезеңінде Қазақстанның экспорт базасы мен агроөнеркәсіп кешенінің дамуы деңгейіне арқа сүйеуге де болады (Халық кеңесі, 1990, 14—20 тамыз).

НАУБАЙ (пекарь). Нан пісіретін маман. Бұл арада бас *наубай* А. Хазуевтің ерен еңбегін айрықша атап өту ләзім (СҚ, 1982, 9 июль).

НАУБАЙХАНА (пекарня). *Нан пісіретін шағын кәсіпорын.* Алғашында жер үйлерде тұрып, жаңа үлгідегі құрылысты бастағандары есінде. Алдымен *наубайхана* салынды. «Ас — адамның арқауы» демекші, нан, содан кейінгілері біте жатар дегеннен шықты ол (ЛЖ, 1983, 5 ноябрь). Орта ғасырларда нан дайындау кәсібі монастырлар мен қалалық *наубайханаларда* дамыды. Оның одан әрі дамуына француздық *наубайханалар* ерекше әсер етті (Қаз. ауыл шар., 1983, № 3, 4-б.).

НАУБАЙШЫЛЫҚ (пекарное дело). Нан пісірумен айналысушылық. Мұнда алғаш рет *наубай* және *наубайшылық* кәсібі жөнінде біздің заманымызға дейінгі 168 жыл есепке алынады (Қаз. ауыл шар., 1983, № 3, 4-б.).

НАШАҚОР (наркоман). *Наша, есірткіні пайдаланатын адам.* Бүгіндері республикада есепте тұрған үш мыңнан астам *нашақорлардың төрттен бірі* — шіп-шікі жастар, он сегізге толмағандар... (Арай, 1988, № 3, 12-б.).

НӘУБЕТШІ (вахтер). *Кәсіпорын, мекемелердегі кезекші күзетші.* Министрлер Советі Председателінің өзі тыйым салыпты. Нәубетшіге телефон соғып, ешкімді кіргізбеуге бұйырыпты! (СҚ, 1988, 18 ноябрь). Асықпаңыз, мұның бәрі онша бейкүнә да залалсыз емес... Олар құрылтайға жиналды, ал Министрлер Советі Председателінің «Ғалымдар үйінің» *нәубетшісіне* «телефон соққандығы» туралы қауесет менің ойымнан тіпті де шығар емес (Сонда).

НЕГЕШ (почемухка). *Әр нәрсені білуге, сұрауы таусылмайтын, құмар бала.* Бас редакция соны ескере отырып, «Почемучка» кітабының негізінде ұлттық бала тәрбиелеу, салт-дәстүрімізбен толықтырып, кітап шығарды. Оған «*Негеш*» деп ат қойып, айдар тақты (Қаз. мұғ. 1989, 27 қазан).

НУЛЬДІК НҰСҚА с а я с и (неулевой вариант). *Орташа қашықтықта қолданылатын ядролық қаруды да, тактикалық қаруды да жоюды жақтайтын ұсыныс.* Европа үшін жалған емес, қайта нағыз *нульдiк нұсқаны* — орташа қашықтықта қолданылатын барлық ядролық құралдарды, сондай-ақ тактикалық құралдарды жоюды ұсынған нақ Совет Одағы (ЛЖ, 1983, 27 август). «*Нульдiк нұсқаның*» және басқа айлашарғылардың жалған бет пердесімен американ милитаристері қайткен күнде де Батыс Европада өзінің орташа қашықтықта қолданылатын ракеталарын орналастыруға төтелеп келеді (ЛЖ, 1983, 23 апрель).

НҰРШАШУ (фейерверк). *Мереке, салтанат кездерінде ауаға ұшырылатын түрлі-түсті «сәндік» ұшқындар.* Сағат 23-те — мерекелік *нұршашу.* Мұндай әсем *нұршашулар* осы шаршыдағы бірқатар (фонтандар) басында өткізіледі (Алматы ақшамы, 1990, 17 наурыз).

- НҮСҚАМА** (стрелка). *Бағыттайтын, бағдарлайтын арнаулы белгі.* Ең алдымен тамақтанғымыз келді. Ортаңғы есіктегі нұсқала «Сәлем» ресторанының қай жақта екенін көрсетіп тұр (Алматы ақшамы, 1988, 22 июль).
- НҮКТЕ** (точка). *Бір нәрсенің орналасқан жері, бір оқиғаның болған орны, пункт.* Бұрғылау алаңындағылардың өнерпаздар өнеріне шөліккеп жүргендігін байқадық. Облыс, аудан өнерпаздары мұндағы нүктелерге ат ізін салмайды (ЛЖ, 1981, 17 июнь). Алматылық бес жігіт аптап жаздың бел ортасында әлемдегі ең ірі деген алты ыстық нүктенің бірі — Сырдария мен Амударияның арасындағы 520 шақырымдық Қызылқұмды кесіп өтті (ЛЖ, 1983, 8 сентябрь).
- НЫСАН** (планета). Күнді айналып жүретін аспан денесі. Себебі макала авторларының біразы НЛО-ны бөгде нысаннан (планетадан) келген жан иелерінің аппараттары мен кемелері деген... ойда (Қаз. пионері, 1989, 13 тамыз).

О

- ОЗОН ОЙЫНДЫЛАРЫ** (озоновы дыры). Атмосферадағы озон қабатының бұзылуы. Соңғы жылдардағы бақылау барысы озон ойындларының барған сайын жиі кездесетін құбылысқа айналып отырғанын көрсетеді (СК, 1991, 2 наурыз).
- ОЙРАНШЫ** (погромщик). *Тас-талқан қылып, ойран салушы адам.* Әр түрлі ұлттардың өкілдері Саяси Бюро мүшелерімен болған әңгімелерде *Өзбекстандағы оқиғалар туралы қинала және ашына айтты, ойраншылардың айуандық қылықтарын батыл айыптады* (СК, 1989, 16 маусым).
- ОЙСАНА** (эрудит). *Білім-ғылымнан жан-жақты біліктілік, білімділік.* Газет бұдан былай оқырмандарды толғандырған ой-пікір, сұрақтарына арнап, «ойсана» («эрудит») атты бөлімде қызықты хабарлар жариялап тұрмақшы («Өркен», 1988, 12 март).
- ОЙЫН АЛАҢШАСЫ** (детская площадка). *Тұрғын үйлердің қораларындағы балалар ойнайтын арнаулы орын.* Мұнда жаңа тұрғын үй жанынан балаларға арналған ойын алаңшалары салынып отырылады (ЛЖ, 1983, 30 август).
- ОЙЫНСЕРІК** спорт (партнер). *Спорттық ойынға қатысушы; қарсылас, әріптес.* — Қарындас, тал түсте жасырынбай ойнағандай бір-бірімізден тығылғанымыз ыңғайсыз ғой. Азды-көпті ойынсерік болдык, айып етпесеңіз, танысып қояйық (ҚӘ, 1982, 14 май).
- ОКЗ** (центральный концертный зал). *Орталық концерт залы.* Билеттер ОКЗ-ның кассасында сатылады (Алматы ақшамы. 1987, 16 февраль).
- ОҚЫЛЫМ** (чтение). *Белгілі бір құжаттың мәжілісте, жиналысқа дауысқа салып бекіту үшін оқылған нұсқасы.* Осыған орай айтарым, сессияда Жер туралы кодексті қарады. Ол алғашқы оқылымда-ақ депутаттардың әркілі пікірін тудырды (ҚӘ, 1990, 25 мамыр).
- ОНСАЙЫС** спорт (десятиборье). *Екі күн өткізілетін жеңіл атлетикалық көпсайыс: 1-ші күні 100 м, 400 м қашықтыққа жүгіру, ұзындыққа, биіктікке секіру, ядро лақтыру, 2-ші күні бөгесінді 110 м жүгіру, диск, найза лақтыру, таяқпен биіктікке секіру, 1500 м қашықтыққа жүгіру.* Киевте СССР — АҚШ онсайысшыларының дәстүрлі матчы болып өтті. Биылғы кездесудің ерекшелігі — қос командадан да жарыс жолына кіл жас спортшылардың шығуы (СК, 1983, 7 сентябрь).
- ОҢ ДАМЫТУ** саяси (позитивное развитие). *Алға қарай, жағым-*

ды түрде дамыту. Бір сөзбен айтқанда, өткен уақыттың өшпес өкінішіне қарамастан, мен екінші дүние жүзілік соғыс туралы айтып тұрмын, біз қатынастарды оң дамытудың тәжірибесін жинақтай алдық (СК, 1983, 6 июль).

ОҢ ӨЗГЕРІС қоғ. - саяси (позитивное изменение). *Бұрынғы күйінен жағымды жаңалығымен ерекшеленіп тұратын өзгеріс. Оң өзгерістер* мен жаңа әдіске ауысудың еңбектің өнімділігіне тікелей әсері жайында аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары Дәурен Әбілтаевтан әңгімелеп беруін өтінгенімізде ол:— Арендалық мердігерлік әдістің еңбектің өнімділігін артыруға тигізетін әсері мол (ЛЖ, 1988, 15 октябрь).

ОҢТАЙЛЫ ЕТУ (оптимизация). *Барынша қолайлы жасау.* Жерді комплексті мелиорациялаудың күрделі қаржыны және су ресурстарын пайдалануды оңтайлы өтудің тиімді бағыттары әзірленсін (СК, 1987, 13 август).

ОҢШЫЛДАНУ қоғ. - саяси (поправение). *Саясатта оңшыл* (реакцияшыл, консервативтік) көзқараста болу жағына ауыса түсу. Бірақ кейбір капиталистік елдерде саясаттық, бүкіл ішкі жағдайдың одан әрі едәуір оңшылдануының халықаралық қатынастар үшін де елеулі хауіп төндіріп отырғанын айтпауға болмайды (М. С. Горбачев, Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасы. 1986, 19-б.).

ОПАСАУЫТ (пудереница). *Опаға арналған қорап.* Күміспен соншалық әшекейлеп оймышталған сандықшалар, *опасауыттар...* комиссиондық бағамен халықтан қабылданып сатылады (Алматы ақшамы, 1989, 2 қаңтар).

ОРАМА (упаковка). *Затты, бұйымды және т. б. орайтын қағаз.* Қазір венгер магазиндерінде азық-түлікті жұқа полиэтилен, пленкаға орайтын, содан кейін *орамаға* ұсынылатын товардың дәл салмағы мен бағасы көрсетілген қағаз жапсыратын ұзын саны 4 мыңға жуық осындай арнаулы машиналар бар (ЛЖ, 1985, 30 май).

ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ (централизация). *Белгілі бір қызмет түрін бір орталыққа шоғырлау, бір орталыққа бағындыру.* Үштөбеде ... екі орталықтандырылған стрелка пайдалануға берілді (Теміржолшы, 1983, 17 сентябрь).

ОРЫМ (косовица). *Астық ору, шөп шабу кезі.* Таяу күндері екінші орымды бастаймыз. Оның түсімі де гектарына 60—70 центнерден кем соқпайды,— дейді бірінші *орым* есебінен-ақ жылдық жоспардың тең жарымын еңсерген шеберлер (СК, 1984, 10 июль). Дүркін-дүркін жаңбыр *оруды*, бастыру, тасымал арасында алшақтық туғызды. *Орым* мен бастырым арасындағы бұл сәйкессіздік сыры түсінікті, ал жинап алынғанның дер кезінде тасылмай, мыңдаған тонна астықтың қырмаңда су-су бои үйіліп жатуын немен ақтауға болады? (СК, 1987, 2 август).

ОРЫНДАУ ҚАҒАЗЫ (исполнительный лист). *Соттың шешімін іске асыру үшін жасалатын құжат.* 97-статьяға сәйкес орындау қағазы бойынша өткен уақытқа алимент өндіріп алу керек (ЛЖ, 1983, 7 июль).

ОТБАСЫ (семья). *Қара: жануя.* Сомалидегі советтік мекемелердің барлық қызметкерлері және олардың *отбасы* мүшелері 6 қаңтарда елдің астанасы Магадишоны тастап кетуге мәжбүр болды (СК, 1991, 9 қаңтар). ССРО қорғаныс министрі өз сөзінде «Литвада әскерилердің әйелдері және *отбасы* мүшелері болып табылатын 600-ге жуық әйел литван тілін білмегені үшін жұмыстан босатылғанын...» тілге тиек қылды (СК, 1991, 16 қаңтар). Әрлеу жұмыстары мерзімінде бітсе, тағы да жүз тоғыз *отбасы* мамырдың шуақты

күндерінде қоныс тойларын тойлайтын болады (Алматы ақшамы, 1990, 6 желтоқсан).

ОЯТАР (будильник). *Қоңыраулы сағат*. Дәліздің шамы жарық. Бұйрат шынылы есіктен түскен сәулемен бөлме іші де қоңыр көбең. Нағима бас жағында, текшеде тұрған *оятарды* алып қарады. Он екі жарым. Әрине, түнгі (Қаз. әйелдері, 1984, № 8, 10-б.).

Ө

ӨГЕЙШЕШЕК қоғ. - саяси (подснежники). Белгілі бір мекемеден, жұмыс орнынан заңсыз жалақы алушы адам. Алматы облысы Жамбыл ауданының бірқатар шаруашылықтарында «*өгейшешектердің*» кең өрістенуіне жол берілген. Соның салдарынан «Үлгілі» совхозында 4800 сом, «Қастек» совхозында 12828 сом мемлекет қаражаты заңсыз шығындалды (СҚ, 1987, 27 март). Бір жарым айдың ішінде жүзден астам «*өгейшешектер*» анықталды. Оларды ұстауға 10,5 мың сом жұмсалған (СҚ, 1987, 29 апрель). ...Ерікті спорт қоғамдары советтерінің кейбір басшылары да «*өгейшешек*» ұстаудан қымсынбайды (СҚ, 1987, 29 апрель). «*Өгейшешектің*» әрқайсысы үш-төрт адамның жалақысын алып, завод кассасын сүліктей сорып келді (СҚ, 1987, 3 апрель).

ӨЗДЕРІН ӨЗІ БАСҚАРУ пед. (самоуправление). *Өздерін өздері билеу, ұйымдасып істеу*. Негізгі міндеттердің бірі оқушылардың *өздерін өзі басқаруларын* дамыту болып табылады (Қаз. мұғ., 1983, 13 май).

ӨЗЕКТІ ЖЫЛ (сердцевинный год). Бесжылдықтың үшінші жылы. *Өзекті жыл* орағына арналған социалистік жарыс шарттарында да өзгешелік бар (ЛЖ, 1983, 31 август).

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ ЕТУ (самообслуживание). *Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің жетілдірілген әдістерінің бірі*. Магазин *өзіне-өзі қызмет ету* әдісі бойынша жұмыс істейді (СҚ, 1983, 20 август).

ӨКІЛЕТТІ (полномочный). *Қажетті деп танылған мекемелердің бәрінен тиісті өкілдер қатыстырылған* (жиын). Бүгінгі өкілетті актив жиналысы халық тұрмыс қажетін өтеуді мақсат етеді (СҚ, 1983, 28 октябрь).

ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІ (полномочный посол). *Шет елде өз елінің мүддесін қорғауға толық правосы бар елші*. Югославия Социалистік Федерациялық Республикасының Совет Одағындағы төтенше және *өкілетті елшісі* М. Орландия Алматыда екі күн болды (СҚ, 1981, 21 май).

ӨКІЛЕТТІК юр. (полномочие). *Белгілі іс-әрекетті жүзеге асыруға берілген право*. Совхоздар мен колхоздардың шаруашылықты ұтымды жүргізуі үшін барлық *өкілеттік* берілген (Қаз. ауыл шар., 1981, № 6, 10-б.).

ӨКІЛЕТТІ ӨКІЛ (полномочный представитель). *Белгілі бір право берілген өкіл*. Осынша зор күшті ұйымдастырып, белгілі бағытта жұмсап отыруда ішкі істер органдарының халық арасындағы *өкілетті өкілі* — учаскелік инспекторлар айта қаларлықтай жұмыс істеп келеді (СҚ, 1983, 14 январь).

ӨЛШЕМЕЛІ ҚӘМПИТ (развесные конфеты). *Өлшеніп сатылатын кәмпит*. Балалар тағамы — 5 қорап, немесе 10 құты. *Өлшемелі кәмпиттер* — 1 килограмм, Әдемі, қораптағы кәмпит — 1 қорап, Ұзын макорон 1 килограмм (Алматы ақшамы, 1990, 22 желтоқсан).

ӨЛІКХАНА (морг). Қара: *Мәйітхана*. Кемпір түн ортасы ауа бере жаны қиналған да, таң алдында ғана үзілген екен. Мүрдені

өлікханаға шығарып қойған, енді емдеуші дәрігер жақындарын іздеп жатыр (Қаз. әйел., 1987, № 12, 14-б.).

ӨМІРНАМА (биография). *Адамның жазылған өмірбаяны. Міне, сегіз қырлы жанның өмірнамасына тоқтау жасағанымыздағы сәл-пәл ғана тілге тиек етіп, ой-өрісін ширатқандығымыз осы ғана* (ЛЖ, 1979, 13 сентябрь).

ӨНЕРЖАҒИ ҮЙІ (дом творчества). *Қаламгерлердің, өнер адамдарының демалуына және творчествомен айналысуына мүмкіндік жасайтын жай, орын. Өнержай үйінің ашылу лентасын кию құрметіне қазақ совет әдебиетінің ақсақалдары Ғ. Мүсірепов пен Ғ. Мұстафин не болды* (ҚӘ, 1983, 10 июнь). *Өнержай үйінің ашылу салтанатына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Мәдениет бөлімінің меңгерушісі... қатысты* (Сонда).

ӨНЕРНАМА (творчество). *Адамның мәдени және рухани қызметтерді орындауға бағытталған ісі. Жыраулар поэзиясының дамып, өркендеуіне Доспамбет пен Шалкиіз өнернамалары айрықша әсер етті* (Бес ғасыр жыллайды. 1 том, 1984, 9-б.). *Ақтамберді өнернамасындағы отаншылдық, патриоттық, өзекті ойларын айқын танытады* (Сонда, 10-б.).

ӨНЕРТАБЫС (изобретение). *Ғалымда, шаруашылықта, техникада т. б. ойлап табылған зат, жаңалық. Жаңашылдардың қатысуымен өнертабысы ретінде 29 өтініш толтырылып, кәсіпорындағы ауыр да қиын процестерді механикаландыру мен автоматтандырудың 250 шарасы өндіріске енгізілді* (Біл. және еңб., 1981, № 12, 2-б.). *Өнертабыс нәтижелерін халық шаруашылығына тез енгізу жағын жеделдету керек* (СК, 1983, 28 август). *А. И. Зазубин — іргелі ғылыми еңбектер мен көптеген өнертабыстардың авторы* (СК, 1983, 23 сентябрь).

ӨНЕРТАПҚЫШ (изобретатель). *Өндіріс пен шаруашылыққа қатысты жаңалықтар ұсынушы. 1960 жылы республикамыздағы өнертапқыштар мен рационализаторлардың саны 40 мың болса...* (Біл. және еңб., 1983, № 3, 5—6-б.). *Өнертапқыштар ұсынысы өзіндік лайықты роль атқара алады* (СК, 1983, 17 май). *Өнертапқыш жаңашылдарымыздың ізденістері бұрынғыдан да кең өріс алды* (Еңбек таны, 1982, № 1, 3-б.). *Біздің өнертапқыштарымыз өздерінің қаржыртқыштарын жабдықтап дайындауда, міне, осы олқылықтарды ескерді* (СК, 1982, 14 январь).

ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚ (изобретательство). *Өндіріс пен шаруашылыққа қатысты жаңалық ашушылық. Жастарды ғылыми-техникалық творчествоға, өнертапқыштыққа, жаңашылдыққа баулумен қатар...* (Біл. және еңб., 1981, № 12, 7-б.). *Өнертапқыштық қызметке басшылықты күшейте түсу жағына көңіл бөлінбей келе жатыр* (СК, 1983, 28 август).

ӨРКЕНИЕТ (цивилизация). *Белгілі бір қоғамдық-саяси формацияның қоғам, мәдени дамуы жағынан көтерілген сатысы. Ұлан байтақ евразия даласын мыңдаған жылдар бойы жайлаған көшпелілердің соңғы тұяғы әлемдік өркениеттің өзекті бір саласы — көшпелілердің ұлы мәдениетінің заңды мұрагері...* (Ана тілі, 1991, 3 қаңтар). *Біз әулінеге айналдырылған емес, нағыз Ленинді оның қызметіне, біздің қоғамымыз бен әлемдік өркениет жинақтаған тәжірибеге ғылыми талдау жасау арқылы танып алуымыз қажет* (СК, 1991, 9 қаңтар) *Өкінішке орай, өркениет (цивилизация) дамуымызға байланысты соңғы жылдары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрдегі ара салмақта аталмыш тәртіптің бұзылу жағдайлары көп кездесуде* (ЛЖ, 1991, 4 сәуір).

ӨРКЕНИЕТТІ МЕМЛЕКЕТ (цивицированное государство). *Қоғам-*

дық-экономикалық, мәдени-рухани дамуы жағынан жоғары деңгейге көтерілген мемлекет. Кейбір қызба мінезділер талап етіп жүргендей, қоғамдық ғылымдарды оқытудан мүлдем бас тартуға біздің еш қақымыз жоқ. Кез келген *өркениетті* мемлекетте қоғамтану ыңкылы оқытуға айрықша көңіл бөлінеді (СҚ, 1991, 9 қаңтар). Кез келген *өркениетті* демократиялық мемлекет сияқты Қазақстан да бүкіл елімізбен тығыз байланыс жасау үшін құшағын кең ашып отыр (Сонда).

ӨРТ СӨНДІРУ-ҚОЛДАНБАЛЫ СПОРТЫ (пожарно-прикладной спорт). *Өрт сөндіруге машықтандыратын спорт түрі. Өрт сөндіру-қолданбалы спортының түрлерін айтыңыз* (Алматы ақшамы, 1988, 30 август).

ӨРТХАБАРЛАҒЫШ (пожарная сигнализация). *Өрт және оның шыққан орнын хабарлайтын техникалық құралдардың жиынтығы.* Мен туралы шыққан фельетон сайын жаза ала берсем, басымдағы шашым жетпес. Өткенде халықтық бақылаушылар келіп, «облыстағы 551 объектінің 235-інде ғана *өртхабарлағыш* орнатылыпты, оның да 515-і істен шыққан, қызметкерлеріңіз жылыту құралдарын дұрыс пайдаланбайды, облыстық өрттің 48 проценті соның салдары» деп жармасқаны (СҚ, 1983, 1 октябрь).

ӨСУ РЕТТЕГІШТЕР б и о л. (регуляторы роста). *Тамақ және жемішөптік өнімдер, аминокышқылдар, ферменттер. Өсу реттегіштері,* гормондар, биопрепараттар, өсімдік қорғаудың биологиялық құралдарын өндірудің қалдықсыз технологиялары мен технологиялық процестері, сондай-ақ агроөнеркәсіптік өндірісті электрондандыру жүйелері, модульдеудің тиімді экономикалық математикалық әдістері жасалсын (СҚ, 1987, 13 август).

ӨТЕМ (компенсация). *Шығынның орнын толтыру.* Өтем төлемдері кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігінің шешімі бойынша, ал егер ата-аналар жұмыс істемесе — аудандық (қалалық) әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі меңгерушісінің шешімі бойынша ананың (әкенің немесе ата-аналардың орнындағы адамның) өтініші негізінде тағайындалады (СҚ, 1991, 29 наурыз). Алайда жәрдемақы алатын семьяларға 1991 жылғы сәуір үшін алғашқы өтем төлеу жәрдемақылардың көбейтілген және қазіргі мөлшерлері арасындағы айырмашылық түрінде наурыздың 20-сынан бастап алдын-ала төленетін болады. Ал балалар товарларының қымбаттауына байланысты жыл сайынғы алғашқы өтем төлемдерін тоқсан сайын тең үлеспен төлеу ұсынылады (Сонда).

ӨТЕМАҚЫ Қ а р а : *айыппұл.* Алдағаны үшін өтемақы (Өркен, 1990, 5 мамыр).

ӨТКЕЛ (переезд). *Темір жолдан өтетін жер.* Тракторшы қаза тапты, халықшаруашылық жүгі тиелген он екі вагон рельстен шығып кетіп, төңкеріліп қалды, тепловоз зақымданды — Батыс Қазақстан темір жолының Орал бөлімшесінің Жайық станциясы жанындағы темір жол *өткелінде* товарлы поездың шынжыр табанды трактормен соқтығысуының қайғылы қорытындысы міне осындай (СҚ, 1989, 16 декабрь). Статистика темір жол *өткелдерінің* өте қауіпті жер екейін көрсетеді. Өткен жылы 464 адам қаза тапты, 978 адам жараланды (Алматы ақшамы, 1989, 12 июнь).

ӨТКІЗУ ТЕКСЕРУ ПУНКТІ (перевало контрольный пункт) *шекарадағы адамдарды, товарларды өткізу тәртібін реттеп, тексеріп отыратын пункт.* Осы арадағы шекаралық өткізу-тексеру пунктінен Курейіттегі совет азаматтарын отырғызған колонна Амманға қарай жүріп кетті (СҚ, 1990, 21 тамыз).

ӨТКІНШІ МАШИНА (попутная машина). Жолаушының бет бағдарымен келе жатқан жолай машина. Көшедегі *өткінің* машиналардың бірін тоқтатып, қызды медицина училищесіне алып келді (Жалы, 1981. № 1, 114-б.).

ӨТПЕЖЕЛ (сквозняк). *Желдің өтуі, желорай*. Сужылытқышты іске қосудан бұрын шамалы *өтпезел* жасап, міндетті түрде түтін тартуып тексеріңіз (Алматы ақшамы, 1989, 27 маусым).

ӨТПЕЛІ ЖАС (переходной возраст). *Балалардың 11—12 жастан 15—16 жасқа дейінгі өсу кезеңі*. Ол «жалғыз» *өтпелі жастан* (переходной возраст) өткен соң, Жомартбек тәрізді «бәрін де өзі біліп» кетпесіне кім кепіл (ҚӘ, 1981, 12 июнь).

ӨТПЕЛІ ТУРНИР (переходной турнир). *Төменгі топтан жоғары топқа өту үшін іріктеу ойындары*. Хоккейден «А» класының жоғары тобында ойнау үшін мүмкіндік беретін төрт жолдаманың иесін анықтайтын *өтпелі турнирдің* кезекті турының ойындары өтті (СК, 1988, 10 ақпан). Павлодардың «Тракторы» «А» класының екінші тобы Қазақстан аймағындағы командалар арасында *өтпелі турнирге* қатысуға мүмкіндік беретін жолдамаға ие болды (СК, 1988, 15 октябрь).

ӨТІМДІЛІК (окупаемость). *Жұмсалған шығынның* (каражат т. б.) *ақталуы, қайта өндірілуі*. (Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы. 1979, 34-б.).

П

ПАЙДАҚОР (коммерсант). *Сауда-саттық жасап пайда түсіруші*. Курска (...) менеджер, *пайдақор*, саудагер, салық инспекторы, бухгалтер-аудитор, банк қызметшісі және басқа экономика профилінде маман болғысы келгендер жолдамалар бойынша қабылданады (СК, 1991, 21 ақпан).

ПАЙДАЛАНЫМ (эксплуатация, использование). *Белгілі бір нәрсені пайдалану*. Жалпы пайдаланымдағы өзен транспорты мен автомобиль транспорты бар (СК, 1981, 25 шілде).

ПАРАҚША (листок). Қ а р а : **Жауынгерлік бетше**. Штаб мүшелері сәл ғана үзілісті пайдаланып, алынған мәліметтерді бір жүйеге келтіріп, әрбір бес күндік қорытындысы бойынша толтырылған «Комсомолдық хабар» *парақшасына* түсіріп жатыр (ЛЖ, 1983, 21 сентябрь).

ПАТШАХАНЫМ (императорша). *Ел билеуші ең жоғарғы титулдың әйел жынысты иесі, император әйел*. Екатерина патшаханымның қарауында қызмет істеді (Ә. Кекілбаев. Елең-алаң. 1984, 3-б.).

ПӘРМЕН (указ). *Жоғарғы өкімет орындарының қаулысы*. Жоғарыда айтылған министрлік жүйесі, советтер де бұл мәселені назардан тыс қалдырып отырған жоқ. Бұларға қоса республика тұңғыш Президентінің ең тұңғыш *Пәрмені* де осы мәселеге арналып, үкімет арнайы шара белгілеп отырған жоқ па? (СК, 1990, 19 мамыр).

ПЕДОҚУЛАР (педчтения). *Мектеп мұғалімдерінің пәндерін оқытудағы пікір-тәжірибелерін, педагогиканың теориялық және практикалық мәселелерін сөз етіп, пікір алысатын жиындары*. Ол көбінесе мерзімді және регионалды болады. Үшіншіден, бір тақырыпты алып, оны жан-жақты зертте. Аудандық, облыстық, республикалық *педоқуларға* қатысып, өз тәжірибеңді ортаға сала жүріп, басқаның тәжірибесінен үйрен (Қаз. мұғ., 1983, 10 июнь).

ПЕРЗЕНТХАНА (родильный дом). *Босану үйі*.— Әй, қайтіп шыдап отырсың? Әлгі Гүлімтайды толғақ қысып, *перзентханаға* алып кет-

- ті ғой.— Ал, иә,— дей берді қуанған Әйтен аузына басқа сөз түспей (ҚӘ, 1980, 28 март). *Перзентхананың* қақпасынан басына дәрігердің ақ телпегін киген, халатының сыртынан қоңыр плащын желең жамылған бір қыз көрінді (М. Сүндетов, Елiктің лағы. 1981, 44-б.).
- ПРОГРАММАЛАУ** (программирование). *Есептеу машинасының қызметі үшін программа жасау*. Жалпы белгілі бір программалау тілімен жұмыс жасау үшін осы тілдің, ең болмағанда, басты-басты операторларының қызметін жақсы білу қажет (Біл. және еңб., 1987, № 6, 10-б.).
- ПРОГРАММАЛАУШЫ** (программист). *Программалау жұмысымен айналысушы адам*. 15—26 июнь аралығында Алматыда жас программалаушылардың бірінші республикалық мектебі өтуде (Қаз. пионері, 1987, 21 июнь).
- ПРОГРАММАЛЫҚ-МАҚСАТТЫ ӘДІС** (Программно-целевой метод). *Келешекте істелетін жұмыстардың белгілі бір жоспар-мақсаты бар әдісі*. Қаулыда ғылым мен техниканы дамытудың программалық мақсатты жоспарлау әдісін қолдануды кеңейте түсу қажет деп табылды (СҚ, 1983, 28 август).
- ПРОЦЕНТ КҮЙТТЕУ** (процентомания). *Жалаң процент қуу*. Кер-тарпта бюрократтық басқару, инспектураның зорлық-зомбылығы, формализм, «процент күйттеу» педагогика коллективтерінің күш-жігерін тежеуде (СҚ, 1988, 26 февраль).
- ПІКІРСАЙЫС** (дискуссия). *Айтысу, пікір талас*. Алматы. Жаңа алаң. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті. Республикалық пікірсайыс және ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитеті. (СҚ, 1990, 20 ақпан). Егемендік туралы декларация жөніндегі пікірсайыста біз мемлекеттілік туралы мәселеге тым көп күш жұмсадық (Алматы ақшамы, 1991, 18 ақпан).
- ПІКІРТАЛАС** (дискуссия, диспут, полемика). *Даулы, талас мәселені көпшілік алдында (жиналыстарда, баспасөз беттерінде т. б.) талқылау, жұртшылық талқысына салу*.
- Сүйікті газетіміздің 10 февраль күнгі (1982) «Қыздар қалай ойлайды екен?» пікірталасына орай жарияланған мақалалар жастардың қайсысын болса да ойландырары сөзсіз (ЛЖ, 1983, 18 январь). Дели. 11 март. Блоктарға қосылмаған елдердің мемлекет және үкімет басшыларының VII конференциясында жалпы пікірталас аяқталды (СҚ, 1983, 13 март). *Пікірталастың* осындай қызған кезінде СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі И. Шкловскийдің айтқан пікірі аспаннан түскен жайдың оғындай болды (Біл. және еңб., 1981, № 5, 2-б.).
- ПІКІРТЕРІМ**. Қара: *сауалдама*. Осыдан біраз бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымының социологиялық орталығы Калининград тұрғындарынан телефон арқылы пікіртерім алған. Бұл зерттеу екі кезекте өткізілген. Рейтингі бойынша, осындағы әскери қызметкерлердің 30 проценті алғашқы пікіртерімде қолдау көрсетіп өз көзқарасын білдірсе, кейінгі пікіртерімде бұл көрсеткіш әскерилер тарапынан төрт процентке кеміген (Халық кеңесі, 1991, 28 ақпан).
- ПІШЕНДЕМЕ** (сенаж). *50—55 процентке дейінгі ылғалдылықта кептірілетін және саңылаусыз етіп жабылған темір-бетон қоймаларда сақталатын мал азықтық шөп*. Алдағы мал қыстату маусымы жоғары өнімділікпен өткізілу үшін қыруар жұмыс атқарылды. Пішен, пішендеме, шөп ұнын дайындау тапсырмалары толық орындалды (ЛЖ, 1983, 25 октябрь). *Пішендеме* салу мен витаминді шөп ұнын өндіру қарқыны арта түсуде (СҚ, 1983, 20 сентябрь). Алғашқы күні 85 тонна пішендеме салыпты (СҚ, 1983, 8 июнь).

ПІШЕН ҰНЫ (травяная мука). Қара: **Шөп ұны**. Шошқасы бар барлық шаруашылықтар бұл жаңалыққа ұнта қойып отыр: қыста осындай цехтарда 80 мың тонна сүрлем ұнтағы мен 60 мың тонна пішен ұны әзірленетін болады (СК, 1983, 12 октябрь).

Р

РАДИОҚАБЫЛДАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАР (радиоприемные устройства). *Радиоқабылдағышпен байланысты техникалық механизм*. Мұнда велосипедтер, мопедтер мен *радиоқабылдағыш құрылғылар* бар (СК, 1983, 28 июль).

РАСЫТХАНА (обсерватория). *Астрономиялық, метеорологиялық т. б. бақылау жүргізетін ғимарат және сонымен шұғылданатын мекеме*. Асылы, бірнеше ғарыштан да шалғай жатқан әлемді зерттеп тануда жарық спектрлерін анықтап-білудің берері өте зор десек, Армениядағы Бюрокан *расытханасы* әлемдегі ең үлкен объективтік призманы қолдану арқылы ондаған мың ғарыштардың спектрлерін (сәулелік қабаттарын) аса қуатты телескоппен «жақыннан» түсіріп алуы көптеген беймәлім жайдың бет пердесін ысырды (Біл. және еңб., 1987, № 6, 21-б.).

РӘСІМ (церемония). *Белгіленген, қалыптасқан тәртіп бойынша өтетін салтанатты, ресми акт*. Институттың акт залы халыққа лық толы. Жаңа ғана аяқталған салтанатты мәжілісте жыл қорытындысы бойынша социалистік жарыс жеңімпазы деп танылған Өскемен педагогика институтының коллективіне СССР Оқу министрлігінің ауыспалы Қызыл туын тапсыру *рәсімі* өткен еді (СК, 1981, 14 август).

РЕТТЕУШІ (наладчик). *Механизмдерді тәртіпке келтіру, реттеу жұмысымен шұғылданушы маман*.—Еген жинау-транспорт комплексі сонау қыста құрылған болатын,—дейді Качира бірлестігінің бас инженері М. Сироткин.—Оның құрамында *реттеушілер* звеносы, запас бөлшектердің қажетті мөлшері бар. Алқапта бір машина да бос тұрмайды (СК, 1983, 27 сентябрь).

РОК-ТОП (рок-группа). *Музыкалық ансамбльдің бір түрі*. Қалаға келетін ансамбльдер мен *рок-топтардың* концертін тамашалағанға не жетсін (Өркен. 1988. 22 октябрь).

С

САБЫНСУ (шампунь). *Сұйық сабын*. Қала магазиндерінің сөрелерінде жаңа зат — химия зауыдының қызметкерлері жерлестеріне ұсынған жоғары сапалы «Днона» *сабынсуы* пайда болды (Алматы ақшамы, 1988, 10 ноябрь). Ғалымдарымыздың көмегімен «алтын тамыр» деген атпен кеңінен танымал қызғылт радиола тұнбасы қосылған *сабынсу* өндіру ісін де жолға қою жоспарланып отыр (Сонда).

САЗ м е д. (грязи). *Құрамында органикалық және минералдық заттар бар, медицинада емге пайдаланылатын өзен, көл түбіндегі тұнба*. Мұнда электрмен, *сазбен*, сумен және басқа емдеу әдістері үшін арнаулы бөлмелер ашылды (СК, 1983, 5 апрель).

САЗҚҰНДЫЗ. САЗ ҚҰНДЫЗЫ зоол. (нутрия). *Қымбат бағалы терісі бар, суда да, құрғақта да жүре алатын кемірушілер тұқымдас сүт қоректілер*. Бір жыл ішінде 5—7 аналық *саз құндызы* жүзден аса балалайды (ЛЖ, 1981, 16 июнь).

САЛААРАЛЫҚ (межотраслевая). *Ғылымның, өндірістің т. б. салалардың тоғыспалы аралығы*. Сондай-ақ *салааралық* сипаттағы ғы-

лыми-техникалық міндеттерді шешу үшін осындай коллективтер құру көзделген (СҚ, 1983, 28 август).

САЙЛАМАЛЫ//САЙЛАНБАЛЫ ОРГАНДАР (выборные органы). *Кадрлары демократиялық жолмен сайланып қойылатын органдар. Сайламалы басшы кадрлардың ішінде әйелдердің үлес салмағы артып келеді* (Қаз. ком., 1985, № 8, 26-б.). Республикада *сайланбалы* партия органдарының қайта құруға басшылық жөніндегі есептері аяқталды (СҚ, 1988, 9 февраль).

САҚТАНДЫРҒЫШ ҚОНДЫРҒЫ техн. (предохранитель). *Хауісіздендіру тетігі. Мені* кабинаға отырғызбандар, бір тетіктеріңді жандырып жіберуім мүмкін десем, олар мұныма мәз болып күлді. Айтқанымдай, самолет жерден көтеріле алмай-ақ қойды. Мен оларға *сақтандырғыш қондырғыларды* қарандаршы дедім. (Алматы ақшамы, 1991, 16 қаңтар).

САЛАЛЫ ЗЫҒЫР (лен-долгунец). *Сабағы 20—28 процентке дейін талшықты болып келетін зығыр тұқымдас өсімдік. Батыс және солтүстік облыстарда қыша мен салалы зығыр жақсы жерсіндірілуде* (СҚ, 1983, 1 октябрь).

САЛАУАТТЫҚ//САЛАУАТТЫЛЫҚ (трезвость). *Алькоголь ішімдіктеріне бой ұрмаушылық. Салауаттық жолындағы күрестің Қазақ республикалық ерікті қоғамның құрылтай конференциясы қарар қабылдады, қоғамның советін, оның тексеру комиссиясын сайлады* (СҚ, 1985, 19 октябрь). *Салауаттылықты* орнықтыру қоғамдарының кейбір советтері мен оның жетекшілері көбіне тәртіп бұзушылар жөнінде күнделікті ақпар жинаумен ғана шектеледі (СҚ, 1987, 13 август). Таяуда құрылған *салауаттылық* жолындағы күрестің Бүкілодақтық ерікті қоғамы алкогольге қарсы бұқаралық қозғалысты дамытуға, оны еңбек коллективтерінің арасына таратуға көмектеседі (СҚ, 1985, 4 сентябрь). Кеңесте өміріміздің нормасы ретінде *салауаттылықты* орнықтыру жолындағы күресте күш-жігер еселене түсуге тиіс екені атап көрсетілді (СҚ, 1987, 12 июнь).

САЛАУАТТЫЛЫҚ ҚОҒАМЫ (КЛУБЫ). (общество (клуб) трезвости). *Алькоголь ішімдіктерінен бас тартушылардың ерікті қоғамы. Чапаев қаласындағы аудандық салауаттылық қоғамы мен физкультура және спорт комитеті қайта құру талабына сай еңбекшілердің жазғы демалысын көңілді өткізудің үстіміздегі жылға арналған программасын жасаған еді* (СҚ, 1987, 23 июль). Республиканың бірқатар облыстарында *салауаттылық* клубтарының жұмысы жанданғаны атап өтілді (СҚ, 1985, 4 сентябрь).

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ (резвый образ жизни). *Алькоголь ішімдіктерін әдет, дәстүрден аластаушылық. Салауаттық жолындағы күрестің Қазақ ерікті қоғамы жер-жерден кінәратсыз, салауатты өмір салтын орнықтыруға республика мен елдің алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге өзінің белсенді үлесін қосады деп сендіреді* (СҚ, 1985, 19 октябрь). *Салауатты өмір салтын* орнықтыру жөніндегі жұмыстың шеңберін кеңейте түсу — адамдарды тәрбиелеудің неғұрлым пәрменді формаларын табу, жаңа дәстүрлерді батылырақ енгізу, жастардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру... (СҚ, 1987, 12 июнь).

САЛТАН ЖҮРІС (порожний рейс). *Бос, жүксіз, жүріс, рейс. Қала мен ауылдың, ауыл мен ауылдың арасында салтаң жүрген машиналарды күнделікті өмірде аз кездестірмейміз. Осыны түпкілікті жоймағанмен, азайтуға, автотранспортты пайдаланудың тиімділігін арттыруға бола ма? Өйткені салтаң жүріс жанар-жағар майдың орны толмас шығыны* (СҚ, 1985, 11 июнь). Павлодар облысында жүк әкелген машинаны бос жібермей, қайтарында да жүк тасыту

колға алынғалы он жыл болды. Нәтиже айтарлықтай, *Салтаң жүріс* едәуір азайып, транспорт тиімділігі артты (Сонда).

САЛЫМ (вклад). *Банкіге сақтауға салынған ақша.*— Төлем өтемдері қандай салымдар бойынша жүргізіледі.— Төлем өтемдері 1991 жылдың 1 наурызындағы қалдық жағдай бойынша салымның барлық түрлерін 40 процент арттыру арқылы жүзеге асырылады (СҚ, 1991, 4 сәуір).

САЛЫМ ИЕСІ (вкладчик). *Банкіге сақтауға салынған ақшаның иесі.*— 200 сомға дейінгі өтем төлемдері салымның қалдығына қосылады да, салым иелерінің ол қаржыны 1991 жылдың 1 шілдесінен кейін алуға құқы бар. (СҚ, 1991, 4 сәуір).

САНАГЕР (мыслитель). *Ойшыл, дана адамдар.* Маскүнемдік туралы арғы-бергі әр кез-кезеңнің парасаткерлері, *санагерлері* айтқан ұлағатты ойларын келтіруді жөн көремін (Білім және еңбек, 1985, № 9, 23-б.).

САНАУЫШ (счетчик). *Газды, электр энергиясын есептеуге арналған арнайы құрал.* Мәселен, *санауыштың* тығыны бұзылды дейік. Жөндесе де, жаңартса да жарты-ақ минуттық шаруа (М. Мағауин. Алтын тіс, 9-б.).

САҢЫЛАУЛАУ а у ы л ш а р. (щелование). *Ылғал сақтау үшін аңыз топырағын аудармай жырту.* Биылғыдай құрғақшылықтың өзінде *саңылаулан*ып өңделген егін-жайдағы өскіндер ылғал тапшылығына ұрынбай қаулап шықты (СҚ, 1987, 18 октябрь).

САҢЫЛАУЛАҒЫШ АГРЕГАТ а у ы л ш а р. (агрегат для щелования). *Аңыз топырағын аудармай жыртатын агрегат.* Алғашқыда *саңылаулағыш* агрегатты өнертапқыш механизаторлардың күшімен өз шеберханамызда жасадық. Тек өткен жылы ғана заводтан шыға бастаған алты *саңылаулағыш агрегатқа* не болдық (СҚ, 1987, 18 октябрь).

САПАР 1. қоғ.-саяси (визит). *Өзге елге ресми түрде арнайы шақырумен бару.* 2. (рейс). Кеме, самолет, автомашина т. б. маршруты. Шофер өз көмекшілерін — слесарьларды да автобуска деген осындай ұқыптылыққа бірте-бірте үйретті, әрбір *сапар* алдында олардың жұмысына бақылау жасайды (ЛЖ, 1981, 17 июнь). Жітіқарадағы № 2 автомобиль транспортын пайдалану кәсіпорының жүргізушілері В. Воронцов, Н. Ғарифулин және Ғ. Федоров сағаттық график бойынша жұмыс істеуде. Олардың әрқайсысы тіркемелі ҚазАЗ машинасымен алыс *сапарларға* шығып, мемлекет қоймасына 1500 тоннадан астық жеткізді (СҚ, 1981, 2 октябрь).

САПАРЛЫҚ БИЛЕТ (проездной билет). *Транспортпен жүруге право беретін арнайы билет.* Біздерге қалалық № 3 автопаркінің № 96 автобусы қызмет көрсетіп келді. ...Қатынау ақысы өте қымбат — отыз тиын, ал *сапарлық* билеттер жарамсыз (Алматы ақшамы, 1988, 7 июль).

САПАРНАМА (путевые записки). **Қ а р а:** Жолжазба. Жазушы Қалаубек Тұрсынқұловтың соңғы жарық көрген кітабы «Анда — Қарағыз» топтамасына Якутияға барғандағы үш *сапарнамасы* енген (ЛЖ, 1983, 3 ноябрь). Шоқан күнделігін, *сапарнама* жазбаларын оқыған кез келген адамның көз алдына мәдени, тарихи байлығы тұтасқан халық бейнесі тұра қалады (Біл. және еңб., 1985, № 11, 22-б.).

САРАПШЫ 1. (жюри). *Түрлі жарыстарда озып шыққандарға сыйлық, жүлде, награда беруді шешетін білгір мамандар тобы.* 2. **ю р и с п р.** (эксперт). Белгілі бір істің, мәселенің қаралуында дәл, соңғы тұжырым беруші маман.— Бұл жолмен талай рет жүрдіңіз гоі, таныстыра отырсаңызшы — дейді *сарапшылар* тобының мүшесі,

республика «Мәдениет және тұрмыс» журналының бас редакторы Бақытжан Жиенғалиев Алматы облыстық «Жетісу» газетінің редакторы Пернебек Бейсеновке (бұл кісі де *сарапшылар* тобының мүшесі) (ҚӘ, 1981, 12 юянь). Тыңдаушылар мен *сарапшылар* үнсіз қалыпты. «Арай» ансамблінің жетекшісі П. Загуменов ән біткенде дауыстап жіберді:—Тамаша, тамаша! Дауысы қандай әдемі. Маған ұнайды (СҚ, 1981, 14 август).

«*Сарапшы* Лебедев, жолға шығыңыз»,—деді қырылдаған дауыс. Бірақ Хохтла—Ярведегі қалалық милиция бөлімінің *сарапшысы* Константин Лебедевтің естілген бұйрыққа тікелей қатысы болғанымен, ол «неге екені белгісіз», «жолға шығуға» асығар емес (СҚ, 1984, 6 январь). Жалақорлық қауесеттер таратқан адамдар қылмыстық жауапкершілікпен қатар материалдық жағынан да жауапты болады. Мәселен, айғақты заттарды *сарапқа* салуға (жазуы, графикасын, криминалистикалық және басқалар), сақтауға, басқа жерге жіберуге және зерттеуге байланысты барлық шығындар, сондай-ақ зардап шеккендерді, куәларды, *сарапшыларды*, мамандар мен аудармашыларды тергеу және сот орындарына шақыруға арнап жұмсалған сома жалақордан өндіріліп алынады (СҚ, 1987, 21 август).

САРАСАНА (самосознание). Қоғамдағы, өмірдегі өзінің орны мен ролін, атқаруға тиісті міндетін толық түсінушілік. Біздіңше, Абай айтқан ащы ойлар мен сындарлы сындардан салықалы қорытындылар шығармау азаматтық кемелдіктің кемдігін және адамгершілік *сарасана* (самосознание) төмендігін айғақтайды (ҚӘ, 1987, 14 август).

САРҒАҚ (созревание злаковых культур). Дәнді дақылдардың піскен кезі. Сарғақ—дәнді дақылдардың сүттеніп, қамырланып піскен шағы. Сарғағында ормасаң, сақалынды сипарсың (СҚ, 1976, 26 август).

САРҚЫНДЫ СУ (сточные воды). Өндірісте пайдаланылғаннан кейін ағызылып жіберілетін су. Табиғат қорғаудың кең көлемді программасы орындалды. Қара, Азов, Балтық, Каспий теңіздерінің және еліміздің басқа да су

САТАРМАН (торговец). Жеке саудамен айналысушы адам. Қостанай қаласында колхоз базары жаңадан салынды. Сатармандарға да, сатып алушыларға да өте жайлы, сәнді, осы заманғы құрал-жабдықтармен жарақтанған мұндай жабық базар комплексін бір-саран облыстардан ғана кездестіресің (СҚ, 1987, 24 сентябрь).—Мұндағы жұрттың қауынды тек қана пайдасы үшін өсіретінін нағып білмейсің. Ендеше ондай *сатармандарды* аяудың тіпті де керегі жоқ (Н. Ақышев. Сынық домбыраның сазы. 83-б.).

САТЫЛЫМ (продажа). Сауда, товар айналымы. Бүгін сатылымда (Алматы ақшамы, 1990, 27 наурыз).

САУАЛДАМА (вопрос-анкета). Сұраулық. Толтырылған сауалдаманы қиып алып, газет редакциясына жолдауға, немесе Ұйымдастыру комитетіне жіберілуі үшін жұмыс орнының партия ұйымы секретарына беруге болады (СҚ, 1990, 20 ақпан). Сауалдама қорытындылары туралы материалдар кейін жарияланатын болады (Сонда). Сауалдама жауабын, нақты жарияланымдар туралы пікірлеріңізді, өз ұсыныстарыңызды мына адреске жолдаңыздар (Сонда). Мұны конференция қарсаңында делегаттарға таратылған сауалдама жауаптары да аңғартындай (СҚ, 1990, 16 мамыр).

САУДА НҮКТЕСІ (торговая точка). Сауда жүргізілетін арнаулы орын. Халық көбірек қажет ететін товарлардың бір жерде көп, бір жерде жеткіліксіз болу себебі неден? Меніңше бұған ең алдымен

- сауда жүйесіндегі товар айналымын бақылап отыратын сауда қызметкерлері кінәлі дер едім. Өйткені олар *сауда нүктелерінде* жиі болып халықтың сұранымын зерттемейді (СК, 1981, 11 апрель).
- САУЫҚТЫРУ** (коғ.-саяси (оздоровление). *Халықаралық жағдайды мейлінше дұрыс, нормалы жағдайға келтіру*. Ұлы Женістің қырық жылдығы халықтар мен мемлекеттердің халықаралық жағдайды *сауықтыру*, бейбітшілікті нығайту бағытындағы ортақ күш-жігеріне жаңа қуатты серпін беретін болсын (СК, 1985, 10 май). Вьетнам Социалистік Республикасы жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермеуді және халықаралық жағдайды *сауықтыруды* дәйекті түрде жақтап келеді (СК, 1985, 3 февраль).
- САХНАГЕР** (актер). *Өнер адамы. Сахнагерлер* достығы. Өзбектің Хамза атындағы академиялық драма театры мен қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының арасында бірталай уақыттан бері творчестволық байланыс орнаған (ҚӘ, 1988, 8 сәуір). Ғұмыр бойы бейнетінен зейнеті көп болып, көз жұмған әке қазасының үстінде одырандап, пәлсапа соғуы... жантүршігерлік көрініс. Ондай тұстарда *сахнагер* алымды да шалымды (СК, 1990, 20 мамыр). *Сахнагер* Бикен Римованың «Еңлік-гүлі» — көпті қуантатын қымбатты рухани гүлдердің бірі деуге лайық (СК, 1990, 10 қазан). Осында облыстық қазақ музыкалық драма театры ашылатын болып, оның шаңырағын көтеретін *сахнагерлердің* жинала бастауы бұл мақсаттың жүзеге асырылуын тездетте түскен (ҚӘ, 1991, 8 ақпан).
- САЯБАҚ** (сквер). *Қала, поселкелердегі кішігірім қоғамдық бақ*. Шахтерлер қаласын көгалдандырып, көркейту жұмысы жүргізіле береді. Тек өткен жылдың өзінде мұнда 155 мың түп ағаш және бұталар отырғызылып, үш жүз шаршы метр жерде гүлзарлар мен *саябақтар* жасалды (СК, 1983, 23 сентябрь).
- САЯБАҚША** (садовый участок). *Жеке меншіктегі бау-бақша участка*. *Саябақшалар* мен үй маңындағы учаскелердің иелері осы жәрдемшіні (аспалы құралдары бар МБ-1 мотоблоқты) көптен бері күткен еді (СК, 1986, 23 февраль).
- САЯЖАИ** (дача). *Қала сыртындағы жаз айларында тұру үшін салынған шағын үй*. Сонымен, «Электроника» автомобильмен саяхатқа шықсаңыз да (аккумуляторға қосуға болады), *саяжайға* барсаңыз да ойдағыдай қызмет көрсете алады (ЛЖ, 1983, 6 июль).
- САЯЖОЛ** (аллея). Екі жағын ағаш көмкерген жол, көшенің ортасы. Павлодардың Бейбітшілік көшесімен жүріп өтсеңіз, қолөнердің шеберлігінен шыққан, қараған адамның көзі тоймайтын тамаша, әсем саяжолды көресіз. Тұрғын халық мұны «Бейбітшілік саяжолы» дейді (Сонда).
- САЯСАТКЕР** (политик). *Саясатпен айналысатын қайраткер*. ...Сардарға бітісі, *саясаткерге* сұқыты ұқсамайтын, бетінде қорасан дағы бар, орақ мұрын, арық адам (М. Мағауин, Аласапыран, 11 кіт., 1983, 24-б.). Тіпті көп ретте Борис Годуновтың, жекелеген боярлардың ғана емес, марқұм (марқұм емей немене, істен аласталған *саясаткердің* көрдегі өліктен айырмасы қанша) Андрей Шелкаловтың ұстанған жолына қайшы (Сонда, 43-б.). Еліміздің экономикасындағы саяси және әлеуметтік өміріндегі қиындықтар... қадірменді *саясаткерлерімізге* де соқпай өткен жоқ (Алматы ақшамы, 1991, 3 қаңтар.).
- САЯСАТШЫЛДАНУ** (политизация). *Саясатқа ден қою, саясат ұстану*. Соңғы кезде бұқараның күрт *саясатшылдануының* нәтижесінде дербес қоғамдық ұйымдардың белсенділігі едәуір өсті (СК, 1990, 8 маусым).

САЯСИ АХУАЛ саяси (политическая атмосфера). *Саяси хал-жағдай*. Жалпы алғанда, комитет ұсынған күн тәртібі мемлекеттердің басым көпшілігінің жер бетіндегі *саяси ахуалды* сауықтыруға, шиеленісті азайтуға, жанталаса қарулануды ауыздықтауға деген ұмтылысын бейнелейді (СҚ, 1981, 18 сентябрь).

САЯСИ ХАБАРЛАМАШЫ/САЯСИ ХАБАРШЫ (политинформатор). *Саяси тақырыптарға хабарлама жасаушы*. Еңбек коллективтері мен қалың жұртшылықты табиғи ортаны қорғауға белсенді жұмылдыру үшін насихатшылар, *саяси хабарламашылар*, үгітшілер, лекторлар, баспасөз, радио мен телевизия насихат жұмыстарын пәрменді жүргізуде (СҚ, 1981, 25 ноябрь). Қоғамдық ұйымдардың басшылығымен үгітшілер, *саяси хабарламашылар* өндірістің шешуші учаскелеріне аттанды (ЛЖ, 1983, 31 август).

САЯХАТНАМА (путевые записи). *Адамның жол үстінде, саяхат кезінде көрген-білгендері, ойға түйгендері жазылған жазба*. Ол ... «Дашти қыпшаққа да саяхаттун» деп жазған *саяхатнамасында* (көлемі 2 баспа табақтай) қазақ халқының көшпелі өмірі мен әдет-ғұрпын, қонақжайлық дәстүрін жан-жақты баяндаған (ҚӘ, 1985, 1 март).

СӘЛЕМДЕМЕ (посылка). *Почта арқылы жіберілетін зат, бұйым*. Біз жеделхаттар мен *сәлемдемелер* қабылдайтын бөлмелерге бас сұқтық. Қызметкерлермен әңгімелеспес бұрын осындағы жарнамалар мен әр түрлі жазуларға көз жүгірттік (Алматы ақшамы, 1991, 11 қаңтар).

СӘН АТЕЛЬЕСІ (ателье мод). *Киім тігу немесе жөндеу тәрізді тұрмыстық қызмет көрсететін шеберхана*. Биыл конкурсқа фабрика жастарынан 38 адам қатысты. «Элегант» *сән ательесінен* Л. Қим әйелдердің жеңіл көйлектерін тігуден бірінші орынға ие болып, «Үздік жас шебер» атағын алып шықты (Орт. Қаз., 1979, 6 май). «Жастар», «Сәуле», «Ақ қайың», «Қарлығаш» жатақханаларында комбинаттың ынтымақты еңбеккер семьясының негізгі бөлігі тұрады... Оларда буфет, шаштараз бөлмелері, киімді химиялық жолмен тазарту салоны мен *сән ательесінің* заказ қабылдау пункттері және аяқ киім жөндеу шеберханалары жұмыс істейді (СҚ, 1983, 15 октябрь).

СӘНГЕР (модельер). *Киім үлгілерін жасайтын маман*. Суретте: «Шанель» фирмасының *сәнгері* Карл Логерфельдтің жаңа жастар коллекциясының бірі (Алматы ақшамы, 1990, 28 наурыз).

СӘН ОРТАЛЫҒЫ (центр моды). *Түрлі сәндікпен таныстыратын орталық*. Билеттер *сән орталығының* кассасында сатылады (Алматы ақшамы, 1990, 5 сәуір).

СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ТВОРЧЕСТВО (декоративно-прикладное искусство). *Адамдардың қоғамдық тіршілігі мен күнделікті тұрмысында қолданылатын сәнді бұйымдарды жасау немесе мебель, мата, киім, ойыншық, сырға-сылдырмақ сияқты заттарды нақыштап, әсемдеу өнері*. ...Балалардың бейнелеу және *сәндік-қолданбалы творчествосы* көрмесін... өткізу бұнда дәстүрге айналған (Қаз. мек., 1983, № 10, 20-б.).

СӘНХАНА (ателье). Қара: *Сән ательесі*. Жаппай өскен заманда, екінің бірі ғылымға талпынғанда, *сәнхананың* арнаулы журналы тұрғанда киім мұнтаздай болуға керек деп ойлады (Т. Әлімқұлов. Шежірелі сахара, 1976, 169-б.).

СӘУЛЕ ТАБЛОСЫ (световое табло). *Түрлі жазу, цифрларды электр жарығымен жазып, көрсететін тақташа*. Цехтың көрнекті жерінде *сәуле таблосы* тұр, оған әр сағат сайын әрбір учаскенің, бригада-

- ның тапсырманы қалай орындап жатқаны жазылып тұрады (ЛЖ, 1983, 19 октябрь).
- СӘУЛЕТКЕР/СӘУЛЕТШІ** (зодчий). *Құрылыс, ғимарат, тұрғын үйлерді жобалаушы маман, архитектор*. БАМ-ға арналған тұрғын үй массивтерінің жобаларын жергілікті құрылысшылар Алматы *сәулеткерлерімен* бірлесіп жасауды (ЛЖ, 1983, 5 апрель). Нұрғазы Оразымбетов есімі республика *сәулеткерлерінің* де арасында көптен таныс (ҚӘ, 1981, 20 март). Суретшілер мен *сәулетшілер* байланысының нығаюы республика қалалары мен селоларын көркейту ісін дамытуға, монументалистер жұмысының тартымды болуына жәрдемдесті (ЛЖ, 1982, 29 апрель). Біздің елімізде *сәулетшілер* мобильді үйлердің алғашқы жобасын жасауда жақсы ізденістер жасауда (Біл. және еңб., 1981, № 12, 13-б.).
- СӘУЛЕТ ӨНЕРІ** (зодчество). *Құрылыстар, ғимараттар салу өнері, архитектура*. Бүгін осында ашылған облыстық көркем-архитектура музейі осы қаланың көрікті орнына айналды. Ол ХІХ ғасырдың аяғындағы халықтың *сәулет өнерінің* бірегей ескерткіші — бұрынғы Жаркент мешіті негізінде құрылған (СК, 1979, 24 январь).
- СЕБЕЗГІ** (душ). *Жуынып-шайынуға арналған, жоғарыдан су шашатын тетік* (прибор). Жаз айларында себезгі (душ) немесе басқа да тұрмысқа қажет суларды жылыту үшін күн энергиясын пайдалануға болады (Біл. және еңб., 1985, № 8, 27-б.).
- СЕКІРІС/СЕКІРҮ** спорт (прыжок). *Биіктікке немесе ұзындыққа секіретін спорт түрі*. Э. Ахметованың есебіне 600 *секіріс* жазылған (Біл. және еңб., 1983, № 3, 12-б.).
- СЕМСЕРЛЕСУ** спорт (фехтование). **Сапы** (Эспадрон, рапира т. б. арқылы спорттық мақсатта сайысу). Таяуда ғана *семсерлесуден* Таллин қаласында «Динамо» ерікті спорт қоғамының біріншілігі болып өтті (ЛЖ, 1983, 5 ноябрь). *Семсерлесу*. Алматыда «Буревестник» орталық ерікті спорт қоғамының біріншілігі өтті. Мұнда Вера Парьева тәуір нәтиже көрсетті. Ол рапирамен бәсекелесуде біріншіліктің күміс медалін жеңіп алды (СК, 1977, 14 октябрь).
- СЕМСЕРШІ** спорт (февтовальщик). *Семсерлесу спортына қатысушы адам*. Республикамыздың 200-ден аса *семсершілері* бүкіл-қазақстандық ХVІ спартакиаданың жүлдесін сарапқа салды. Шығыс Қазақстан облысының *семсершілері* үшінші орынды иеленді (СК, 1983, 7 май).
- СЕНІМ АХУАЛЫ** с а я с и (атмосфера доверия). *Түсінісу жағдайы*. ...Мемлекеттер өздерінің әлеуметтік құрылысына, белгілі бір әскери одақтарға қарамастан, бейбітшілікті нығайту, бәсеңдік пен *сенім ахуалы*н қалпына келтіру үшін барлық күш-жігерін жұмсауға бірлесіп еңбек еге беруге тиіс (СК, 1981, 2 декабрь).
- СЕНІМҚАҒАЗ**. Қара: *сенімхат*. Құн даулаушыларға ПМК-ның аға бухгалтері, *сенімқағаздарды* тікелей тексеруші М. Әбдірахманов бұл жолы жылы жауап қайтарды (ЛЖ, 1987, 1 қазан). 1982 жылдың 12 июлінде толтырылған *сенімқағазды* малданып қоймашы У. Алиев қалды (Сонда).
- СЕНІМХАТ** (доверенность). *Адамның белгілі бір іс-әрекетті сенім көрсетілетін құжат*. Жоғарыда аты аталған жүргізуші А. сол күні кешкілік машина жүргізуге рұқсат куәлігі, транспорттың техникалық паспорты, автомобильді басқару үшін берілетін *сенімхаты* болмаса да машинаға отырып, жолдастарымен бірге ішімдік ішкен (ЛЖ, 1990, 5 сәуір).
- СЕРТ ЖАЗБАСЫ** (клятвенная запись). *Біреудің өз сертін, антын жазып қалдырған құжат*. «Серт жазбасы» деген көркем фильмді көріп отырғанбыз (СК, 1983, 15 октябрь).

СЕРІКТЕС (соратник). *Күрес пен шайқастарда бірге сыннан өткен, бір сапта болған пікірлес, жолдас.* Орта Азия мен Қазақстанға аты мәлім Жүсіпбек Арыстанов, Құсайынбек Әміров, Сара Есова сынды Фани Мұратбаевтың жалынды *серіктестері* туралы көптеген тың мәліметтерді алғаш рет Ильяшевтің әңгімелеуінен естіген едік (СҚ, 1983, 11 октябрь).

СЕРІКТЕС ҚАЛА (город-спутник) *Қара: Қанаттас.* Көнетоз заттарды Қарағанды және *серіктес қалаларда* таяуда ашылған қабылдау пункттеріне тапсырып, оның орнына осында бар товарларды айырбас ретінде алуға болады (Орт. Қаз., 1976, 22 июнь).

СЕРІППЕ (рессора). *Транспорт машинасының қорабы мен дөңгелек білігінің аралығына орнатылған солқылдақ темір белдеу.* Ойқышойқы жол *серіппесі* мықты деген «Ниваның» өзін шайқалақтатып жіберді (КӘ, 1981, 5 июнь).

СИҚЫРШЫ (иллюзионист). *Арнаулы тәсілдер арқылы «керемет» көрсететін цирк, эстрада өнерінің шебері.* Сүйікті жас әншіміз Роза Рымбаева екі мәрте халықаралық сыйлықты, *сиқыршылар* Сара Қабиғожина мен Сұлтанғали Шүкіров Гран При халықаралық сыйлығын жеңіп алды (Мәд. және тұрм., 1981, № 5, 1-б.).

СОЛДЫРМА/СОЛЫМА (вилт). *Өсімдік ауруы.* Беденің тағы бір маңыздылығы зиянды ауруы (вилт) *солдырманы* азайтады (І. Сейітов, Р. Өрісбаев. Суармалы егіс көлемін арттыру. 1984, 97-б.).

СОЦИАЛИСТІК ТАПҚЫРЛЫҚ (социалистическая предприимчивость). *Дер кезінде іскерлік таныту.* Олар көбірек *социалистік тапқырлық* көрсету керек... (СК, 1988, 14 июль).

СӨЗТІЗБЕ/ЛҮҒАТТЫҚ (словник). *Сөздікке енгізілуге тиісті сөздердің алфавиттік тізімі.* *Сөзтізбе* үшін алынған терминдер энциклопедияның түрлеріне (әмбебап және салалық) қарай жиналып, әуелі ғылым салалары бойынша тізіледі де, кейін жалпы алфавит тәртібіне түсіріледі (ҚСӘ, 10-т. 381-б.). Алдында осы машиналарды пайдалану арқылы «Абай жолы» романының алфавиттік жиілігі сөздігінің толық *сөзтізбесін* жасап қойған болатынбыз (КӘ, 1987, 5 июнь).

СӨЗТІЗБЕК (анаграмма). *Әріптердің орнын алмастырып қою арқылы оқылатын сөз немесе сөз тіркесі сөзжұмбақ-кроссвордтың түрі.* Қалгериде өткен қысқы олимпиадаға арналған *сөзтізбек* тәуір жасалған (Біл. және еңб., 1988, № 7, 40-б.).

СТОЛҮСТІЛІК (настольный). *Қолдан түсірілмейтін, әр уақытта қажетті кітап.* Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні — жоғарыдағы кейбір өміршең деректерді кеңірек көрсету үшін *столүстілік* (настольный) кітапша-жылнама шығару керек. (Алматы ақшамы, 1990, 4 тамыз).

СУ АЙДЫНЫ (водоём). *Судың жиналған орны, көл, бассейн.* Дүниежүзілік мұхит пен ішкі *су айдындары* ресурстарының азық-түлік мақсаттар үшін тиімді түрде пайдаланылуы қамтамасыз етілсін (СК, 1987, 13 август).

СУБОЯУ (акварель). *Суда еритін бояу.* Бұл кітапшада жеті гүлдің суреті беріліп, қазақша, орысша атаулары жазылған... Оларды түрлі-түсті қарындаштармен де, *субояумен* (акварель) бояуға болады (Балдырған, 1987, № 5).

СУҚАЛБЫР (бочок для воды). *Су құбыры арқылы су жиналатын ыдыс.* Өжетханадағы *суқалбыр* ақау болса, одан күніне 12.00 литр су ағады (Алматы ақшамы, 1990, 11 мамыр).

СУРЕТТЕМЕ (зарисовка). *Газет жанрларының бірі.*

Өнегелі жас еңбеккерлер жайлы *суреттемелерге* конкурс жарияланды (Біл. және еңб., 1983, № 8, 10-б.).

СУРЕТШІ-ҚАЛПЫНА ҚЕЛТІРУШІ (художник-реставратор). *Көнерген, ескірген, тозған суреттерді, ескерткіш ғимараттардың, үй-жайлардың төбесіндегі ою-өрнек, әшекейлерді қайта жаңғыртушы. Жиырмаға жуық суретші қалпына келтірушілер жұмыс істейді* (Біл. және еңб., 1981, № 1, 7-б.).

СУСЫНХАНА (бар). Қоғамдық тамақтану орындарының бірі. Мұнан басқа творчество үйінде киноконцерт залы, биллиар бөлмесі, дыбыс жазатын студия, сусынхана жұмыс істейді (ҚӘ, 1984, 31 август).

СУШАРАП Қ а р а: *аққайнар.*

Өстіп қиналып жүргенде Қалышқа тамаша бір ой келген: автоловқада екі-үш жәшік *сушарап* бар. Соны алып радиаторға неге құймасақ? (С. Шаймерденов. Ағалардың алақаны. 1987, 238-б.). ...Есіл-дерті далаға төгілер *сушарапта* тұрған тракторшы желкесін қасиды (Сонда, 239-б.).

СУШЫ (поливальщик). *Егістікке, шабындыққа, бау-бақшаға су жіберу жұмысымен айналысатын кәсіп иесі. КПСС XXIV съезі атындағы совхозда құрылған сушылардың 24 звеносынан маусымдық суару жұмысының аяқ кезінде небәрі 16 звено сақталып қалған* (СК, 1985, 31 март).

СУШЫНЫ (графин). *Ыдыс түрі. Таңдайы кеберсіп бара жатса бас жағындағы сушыныда мөлдіреп тұрған қарақаттың шырынын ішіп шөлін басады. Ертеңінде шипалы шөптің тұнбасынан және бір стакан тартып алады* (ҚӘ, 1989, 14 шілде).

СҰЛБА (фасон). *Арнаулы үлгі бойынша тігілген дайын киімнің қалпы, түрі. Маған ілгіште тұрған мына пальто айрықша ұнады. Ашық күлгін түсті, тал бойға жарасарлықтай сәнмен тігіліпті. Далиып кетпеген жаға жарасымды қондырылған, ал оңтайлы орналасқан қалталар сәнді сұлбаны толықтырып тұр* (ЛЖ, 1984, 13 февраль).

СҰҢҒАТ (живопись). *Бейнелеу, сурет салу өнері. Сұңғат — бейнелеу өнері. Оның басты мақсаты — реализмге бейім шындықта кездесетін заттар мен құбылыстардың түсін, пішінін, түрін, қалыбын өнерде қайталау* (Біл. және еңб., 1984, № 9, 25-б.). *Сұңғат* образы адамдардың эстетикалық қабылдауының көру қабілетіне құрылады (Сонда). Ол (Жаннұр Әлімбаев) Ленинградтағы И. Е. Репин атындағы *сұңғат* (живопись), мүсін және сәулет институттарының түлегі (Біл. және еңб., 1985, № 11, 3-б.).

СҰРАНЫМ/СҰРАНЫС (спрос). *Халықтың қажет товарларды талап етуі, тұтынушы тарапынан белгілі бір өнімдерге деген талап, сұрау. Тұтынушылардың талғамдары мен сұранымдарына орай өнеркәсіп орындары ет және овош қосылған... көжелердің концентраттарын жасап шығарады* (Орт. қаз., 1976, 23 апрель). Товар айналымы өскенімен, халықтың кейбір азық-түлік және өнеркәсіп товарлары жөніндегі *сұранымы* әлі толық қанағаттандырылған жоқ (СК, 1981, 25 июль). Ол бірден онсыз да жетпей жататын машиналарға деген *сұранымды* қысқартып, жүк тасудың өзіндік құнын 30 процент арзандатып отыр (СК, 1981, 29 сентябрь). Халық арасында *сұранысы* мол заттарды алып-сатумен айналысып пайда тауып жүрген жандар... (Қаз. әйел., 1982, № 3, 21-б.). НТР кезеңінде мұнай өнімдеріне деген *сұраныстың*, қажеттіліктің қандай мәнге ие болып отырғаны өзінен-өзі түсінікті (Біл. және еңб., 1981, № 4, 12-б.). Киік мүйізіне *сұраныс* көп-ақ (Қаз. әйел., 1983, № 4, 31-б.). Оның үстіне сыртқы рынокта елтірінің осы түріне деген *сұраныс* өте үлкен: қарақөлге, қарағанда қарақөлше бағасы әлдеқайда жоғары (Қаз. ауыл шар., 1981, № 2, 28-б.).

СҰХБАТ 1. ҚОҒ. - саяси (встреча-беседа). Ғылым, мәдениет, әдебиет т. б. қайраткерлерімен кездесіп өткізілетін әңгіме, пікір алысу. 2. (интервью). Публицистика жанры. Журналистің белгілі бір мәселе төңірегінде бір немесе бірнеше адаммен әңгіме жүргізуі. Бүгінгі сұхбатымызда бірталай ойлар айтылды. Бұл пікірлесу — тек таныстықпен шектелмей, әрқайсымызға да творчестволық импульс берер пікірлесу (ҚӘ, 1982, 26 ноябрь). Сұхбатымызды дәстүрлі сұрақпен тамамдасак. Жастарға қандай тілек білдіресіз? (ЛЖ, 1983, 21 апрель).

СҮДІГЕР (зябы). Ылғалды жақсы сақтау және арамшөптерді құрту үшін топырақтың жаздық, күздік өңделуі. Сүдігер болашақ өнімнің негізі екенін диқандар жақсы біледі. Сондықтан шаруашылықтар егін танасынан десте жиналысымен іле сүдігер жыртуға жаппай кірісті (СК, 1983, 25 октябрь). Сүдігер — пардың баламасы. «Ерте сүдігер, шілде сүдігер, таза сүдігер, екпе сүдігер» дегендердің бәрі соған тән (СК, 1976, 26 август).

СҮЙЕРМЕН спорт (больщик). Спорттың белгілі бір түрін жақсы көруші, жақтаушы, жанкүйерлік көрсетуші адам. Бразилия футбол сүйермендерінің қорқынышы (Спорт, 1980, 4 октябрь).

СҮЙКЕЙСАЛДЫ (черкнуть). Ат үсті жаза салу. Сын садағына іліккендер көбінесе үндемей құтылатын, немесе редакцияның әлденеше рет қозғау салуынан кейін ғана, онда да «сүйкейсалды» жауап қайтарып тынатын (СК, 1987, 29 сентябрь).

СҮРГІН (катаклизм). Табиғаттағы шұғыл өзгеріс, апат. Қазір Арал десе, Үстірт десе, әркім-ақ жойқын экологиялық сүргінді (катаклизм) елестетеді. ...Бұл табиғат — Ананың бұлжымас заңы, айнымас мінезі. Бұл заңды аттап, бұл мінезге қарсы келгендер тарихтың ұзына бойында талай рет экологиялық сүргінмен беттескен (ҚӘ, 1988, 5 тамыз). Бұл ғалымдардың ойынша қазіргі кездегі экологиялық сүргіннің елеулі бір себепшісі адамдардың көп мөлшерде қоныс аудауына байланысты (ҚӘ, 1989, 27 қазан).

СҮТСІРНЕ (сыр). Сүтті айрықша әдіспен ұйыту арқылы дайындалатын тағам. Бірақ менің қиядағыны шолатын қырағы көзім сенің жөндеп жабылмайтын дипломатыңның саңылауынан тамған айран тамшыларын әлгінде-ақ шалған, айран құйылған құмыра жанында бір орама шұжық пен екі кесек сүтсірне жатқанын көрмей-ақ білем (Жалын, 1988, № 1, 86-б.).

СҮТШӘРБАТ (молочный коктейль). Балмұздақ, жеміс шырыны және сүт араластырылып жасалған салқындалатын сусын. Қауап, манты, палау, майшелпектер, сүтшәрбат, торт, пирожныйлар — міне, осыншалық сан алуан зат пен ішім-жем тағамдарын тек жәрмеңкелерден ғана көре аласыз (Алматы ақшамы, 1988, 6 июль).

СЫҒЫМДАМА (слиток). Балқытылған немесе құйылған металдық суытылған кесегі. Слиток — сығымдама. Өйткені бұл — призма формасындағы ұзындығы 2770 мм, қалыңдығы 795 мм, ені 1385 мм болат кесек (Бұл және еңб., 1985, № 4, 33-б.).

СЫДЫРАЖЫРТҚЫШ (луцильник). Аңызды қоспатын, дән себер алдында топырақ өңдейтін ауылшаруашылық құралы. Облыстағы барлық егістік жерлердің бестен төрт бөлігі дерлік сыдыражыртқыштармен өңделді (СК, 1983, 7 сентябрь). Егіс даласында сыдыражыртқыштары мен сабан жинауға арналған құралдары бар мыңдаған агрегаттар шығарылды (СК, 1983, 27 сентябрь).

СЫДЫРА ЖЫРТУ (шлиценне). Жер қабатын болмашы аудара жырту. Енді міне, Шкилевтің жетекшілігіндегі бригада егіншілік мәдениетін көтеруде аудан, облыс көлемінде танылып отыр. Сүдігерді

сыдыра жыртып өндейді. Мол өнім, міне, осылай келеді (СК, 1983, 17 сентябрь).

СЫДЫРМА ТЕМІР (молния). *Ашылып-жабылуы ыңғайлы бұйым.* Осы тұста баланың күлкісіне ұқсамайтын қырылдаған, жағымсыз күлкі естілді. Күлген — сансыз *сыдырма темірі* бар қара былғары бешпент киген он алты жасар бала еді (Жалын, 1988, № 1, 84-б.).

СЫЗБА (чертеж). *Құрылыстардың, ғимараттардың, механизм бөліктерінің және т. б. шартты түрде кішірейтілген графикалық бейнесі.* Олар болашақта жүзеге асуы көзделіп отырған Алматы метрополитенінің бірінші линиясының алғаш іске қосылатын бөлігінің де тұңғыш *сызбасын* жасап, көпшілік талқысына ұсынды (Біл. және еңб., 1987, № 7, 15-б.). Соғыс жылдарында гитлершілер талқандап кеткен ескерткіштер сақталған *сызбалары*, суреттері бойынша қайта қалпына келтірілді (ЛЖ, 1987, 32 июль). Алдымен ақ ватманға детальдардың айқындалған *сызбасын* толық түсірді. Үш айдай уақыт өткенде тас *сызбадан* тірілген көнеден жаңа адырна аспабы әзір болды (Біл. және еңб., 1987, № 1, 33-б.).

СЫЙАҚЫ. Қара: *сыйлықақы.* Әр медальды тапсырған кезде қаржылай сый көрсетіп тұрса да болмас еді деп ойлаймын. Ал «Ардақты ана» медалімен қоса ұсынылатын *сыйақы* да атына сай болу керек (ЛЖ, 1990, 8 наурыз). Мұнда негізгі еңбекақыға 15 процент қосымша беріледі. Еңбекақымен бірге *сыйақы* беріліп тұрады (Алматы ақшамы, 1989, 4 декабрь).

СЫЙЛЫҚАҚЫ (премия). *Материалдық көтермелеудің ақшалай түрі.* Мәліметтерді түсіндіруде дөрекілік көрсеткені үшін кіші сатушы З. Усмановаға июнь айының *сыйлықақысы* түгелдей төленбейтін болды (Алматы ақшамы, 1988, 25 тамыз). Бұл ұсақ-түйек емес, еңбекақы уақтылы берілмесе жұрт тықырши бастайды. Ал *сыйлықақы* тіпті үш айдан кейін беріледі (Алматы ақшамы, 1988, 2 сентябрь).

СЫЙЫНТЫ (святелище). *Алғашқы қауымдық дін ғибадаттарының атқарылатын орны — үңгір, қоршалған жер, шоқ қайың т. б.* Бұрынғы жұпыны культтердің орнына дамыған дін қалыптасты, өлген адамды жерлегенде, жанына түрлі құрал-саймандармен моншақ-тұмарлар қойылатын болды, әр қауым, тайпаның жеке *сыйынтылары* (святелище) пайда болды (Е. Тұрсынов. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. 1976, 9-б.).

СЫҚПАЛЫ ЖУУ ҚҰРАЛДАРЫ (моющие средства). *Сабын, порошок сияқты кір (ыдыс т. б.) жууға пайдаланылатын зат.* *Сықпалы жуу құралдары* практикада үнемді, ыдыс жуғаннан кейін одан дақ қалмайды, кір жуу машиналарын тот басудан сақтайды (Қом. еңбек, 1978, 29 март).

СЫНАҚ пед. (зачет). *Жоғары оқу орындарында студенттердің білімін тексерудің бір әдісі.* Осының нәтижесінде бірінші курс студенттері сынақтарды эзер тапсырып, емтихандардан жиі «құлайды» (Қаз. мек., 1983, № 5, 25-б.).

СЫНАҚША (зачетная книжка). *Студенттердің емтиханда алған бағасы көрсетілетін документ.* Агрофактың деканы Ермек Жұмабеков I курс студенті Ғабдулла Байғазинге студенттік билет пен *сынақшаны* тапсырып тұр (ЛЖ, 1984, 31 октябрь).

СЫНАМА (проба). *Жаңадан жасалынған жарамдылығын тексеру үшін жүргізілетін әдіс.* Мәселен, астық дайындау кезіндегі басты операциялардың бірі — *сынама* (проба) іріктеп алу (Қаз. ауыл шар., 1981, № 2, 9-б.).

СЫНАМПАЗДЫҚ (критиканство). *Негізсіз, үстірт айтылған, ұсақ-түйек фактілерге құрылған сын.* Көп ретте сын *сынампаздықпен*

алмастырылады, ал бұның негізінде істі жақсартуға ұмтылу емес, қайта адамды қасақана қайбаттап өш алу, даттау, абыройдан айыру, «оған күн көрсетпеу», әбден діңкесін құрту пиғылы жатады (СҚ, 1987, 2 июнь).

СЫНДАРЛЫ саяси (конструктивный). *Дәйекті, негіз бола алатын.* VII конференцияға қатысушылар бейбітшілікті нығайтудың, елдер мен халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаудың мүддесін көздеген *сындарлы* шешімдер қабылдады. (СҚ, 1983, 15 март). Таяу Шығыс жөнінде халықаралық конференция шақыру туралы ұсыныс жасаған Совет Одағы Бұған *сындарлы* жол ашады, ал конференцияға Палестина халқының бірден-бір заңды өкілі — Палестинаны азат ету ұйымы басқа жақтармен тең праволы негізде қатысуға тиіс (СҚ, 1983, 14 январь).

СЫНЫП пед. (класс). *Белгілі бір оқу жылындағы оқушылар тобы.* Апталық, айлық жұмыс қорытындысы шығарылып, үлгілі *сыныптарға* байрақ (жалау) тапсырылады (Ұлан, 1990, 20 қыркүйек).

СЫРҒАЛЫҚ (мочки ушей). *Құлақтың төменгі жақ ұшы.*

Шашы қара, аздаған ағы бар. Сақал мұрты қара. Құлағы орташа, сопақтау, түгі майда, *сырғалығы* салбыраңқы, әжімді, шұңқыры үлкен тереңдеу (КӘ, 1983, 14 январь).

СЫРҒЫМА (замок). *Киім-кешекте түйме, бау орнына қолданылатын нәрсе зат.*

Біздің завод киім-кешекке және түрлі сөмке, дорбаларға қажетті комплектілеуші бөлшектер шығарады. Олардың арасында металдан жасалған ілгектер, құрсаулар, кнопкалар, *сырғымалар* (замоктар) және басқалар бар (Алматы ақшамы, 1990, 31 қаңтар). Жұрт күрткелері мен аяқ киімдерінің сынған немесе бұзылған *сырғымаларын* жаңасымен ауыстыра алмай жүр ғой? (Сонда). «Молния» *сырғымаларын* жасайтын жаңа цехтың құрылысы жобаланғалы көп болса да, ол жұмыс әлі басталған жоқ (Сонда).

СЫРҒЫМАЛЫ КЕСТЕ (скользящий график). *Біз сырғымалы кестемен жұмыс істейміз ғой.* Сондықтан аптаның кез келген екі күнінде демаламыз. (Өркен, 1990, 15 қыркүйек).

СЫРҚАТТЫҚ БЕТШЕ. Қ а р а : *емдеу қағазы.* Бір жыл бойы ауырмай-сырқамай, яғни *сырқаттық* бетше алмай еңбек еткендерге жыл қорытындысында 20 проценттік қосымша ақы беріледі (Алматы ақшамы, 1989, 4 желтоқсан).

СЫРТТЫҚ ТРИКОТАЖ (верхний трикотаж). *Сырт киімдік трикотаж.* Сондай-ақ *сырттық* трикотаж фабрикасының коллективі теплоходпен Ертіс үстінде жүзіп, Медвежонок аралына барды (Семтаны, 1972, 29 июнь).

СЫРШЫ-СЫЛАҚШЫ БРИГАДАСЫ (молярно-штукатурная бригада). *Үйді жөндеу жұмыстарында сырлайтын және сылақ жұмыстарын жүргізетін бригада.* «Талдыкурғанпромстрой» тресіне қарасты № 42 құрылыс-монтаж басқармасының бригадирі, КПСС XXVI съезінің делегаты. (СҚ, 1983, 23 июль).

СІЛТЕМЕ (указатель). *Жол, бағыт сілтегіш.* Осы арада түсіп, *сілтемелер* жетегімен жүріп отырсаңыз, көп ұзамай фашистік террордың құрбандарына арналған Саласпиле мемориалдық ансамбліне тап боласыз (СҚ, 1988, 16 март).

СІРНЕ (меласса, патока). *Қызылшадан-түсетін қалдық, ол құрамажем үшін қолданылады.* Қант өндіру кезінде қалдық (*сірне*) шығады (СҚ, 1983, 14 январь). Комплекс құрамында мал бордақылайтын алаңмен қатар... қазандық сүрлем, *төп, сірне* сақтайтын ыдыстар орнатылған жем-шөп цехы бар (СҚ, 1983, 18 январь).

СІРНЕ. Қара: *сүтсірне*. Сыртында «Винстон» деген жазуы бар қағаз дорбаның ішіндегі бүкіл қазына — «Опал» шылымы, соя баяғы айран мен *сірне* (Жалын, 1988, № 1).

СІРІ (маска). *Басқа киілетін, бетке ұсталатын, адам, жануарлар, мифтік дүниелер бейнесіндегі жарқсырма*. Олар ойын бастап, би билерде... ағаштан жасалып, түрлі бояулармен боялған *сірі*... киеді, бұлардың айтуларына қарағанда (*сірілер*) бақсылық ойнағанда аян беріп, көзге көрінетін жындардың кейіп-келбетіне ұқсатылып жасалған (Е. Тұрсынов, Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. 1976, 15-б.).

Т

ТАБЫНДЫ археол. (археологическая находка). *Археологиялық қазба үстінде табылған олжа*. Сондықтан материалдық мәдениет тамтығына — археологиялық табындыларға сүйеніп, аты белгілі болған ұлыстың арғы жақтарын ашуға болады, бергісін де білуге болады (М. Ақынжанов. Қазақтың тегі туралы. 1957, 23-б.). Ол табындылар талдаулардан өтіп, тарихқа керекті мәліметтер бере бастайды (Сонда, 58-б.). Афанасий мәдениетінің өте құнды табындыларының бірі және болашақ андронға ізсалар болғаны — мал өсіру шаруашылығының белгілерін көрсететін мал сүйегінің қалдықтары (Сонда, 70-б.).

ТАҒАМХАНА Қара: *мейрамхана*. Мамандардың шамалауынша, орбитадағы тағамханаға алғашқы сапар келесі айдың 13-ші жұлдызына белгіленген сияқты. *Тағамхана* нелері: «Келушілерді асыға күтеміз.» дейді. (Зерде. 1990. № 6. 29-б.).

ТАЙЛАУ//СЫҒЫМДАУ (прессовать). *Шабылған шөпті қысып, сығымдап буу*. Жазда тайла қыстың шөбін (СК, 1983, 22 июнь). Шөп сығымдауға әлі кешік жоқ. Сұғанақтар дестені піскен қауындай түнде ұрлап әкетеді (Т. Әлімқұлов. Көкек айы, 1982, 27-б.).

ТАЛАБА (ученик). *Медресе шәкірті*. Оқу мерзімі екі жыл. Оқуға 19 бен 35 жас аралығындағылар қабылданады. Имамдар даярлайтын бұл оқуға жыл сайын 25 талаба (шәкірт) қабылданбақ. (Қаз. коммунисті. 1990. № 6, 41-б.).

ТАЛАП-ЕСЕП (счет). *Орындалған жұмысқа, жіберілген товарға төленетін ақшаның сомасы көрсетілген құжат*. Кейіннен Орталық Комитетке түрлі талап-есептер келе бастады: бірінші хатшының дүние-мүлкін тасып жеткізгені үшін 29 мың сом, отбасы мүшелерін алып барғаны үшін 7 мың сом талап етілді (Алматы ақшамы, 1990, 29 қараша).

ТАЛАПНАМА (требование). *Қоғамдар, ұйымдар тарапынан қойылатын шарт, талап*. Сонда қалай болғаны: он жетінші съезінде сөз болған «Әрбір комсомолец назарда болсын» деген талапнаманың қағаз жүзінде болғаны ма? (Б. Қойшыбаев. Алтын дінгек. 1979. 177-б.). Жаңағы талапнама тұрғысынан цехтың ұйым хатшыларының ролі әрдайым жоғарылатылып келе жатқанын саралап айтып берді де, нығына сүлгі, асынып, ...жуынуға кетті (Сонда).

ТАЛАПХАТ Қара: *талапнама*. Біздің алдымызда қазақ зағиптар қоғамының және басқа жерлердің кәсіподақ мөрімен қуәландырылған, көптеген жұмысшылары мен қызметкерлерінің қолы қойылған ресми талапхаты жатыр (Алматы ақшамы, 1988, 12 август).

ТАЛДАМА (разработка). *Белгілі бір мәселені немесе жұмысты дайындау үстінде қолданылатын есептеу, пайымдау*. Селоларда көлемді блоктардан үйлер салу проблемасы көтерілді. Бір ізге түсірілген талдамалар тек тұрғын үй салуға емес, сондай-ақ поликли-

никалар, балабақшалар салуға да мүмкіндік береді (СҚ, 1987, 22 июнь). Ғылым мен техниканы дамытуда оң өзгерістер байқалды, өнімнің техникалық деңгейіне қойылатын талап артты, ғылыми-зерттеу ұйымдарының *талдамаларын* игеру мерзімі қысқарды (СҚ, 1988, 29 июнь). Академия ұсынған 244 *талдама* халық шаруашылығының әр түрлі салаларына енгізілді (СҚ, 1987, 26 апрель). Колхоздардың, совхоздардың және басқа кәсіпорындардың практикасында ғылыми *талдамаларды* пайдалану ісін ұйымдастыруды түбегейлі жақсарту үшін ғылыми-өндірістік жүйелерде, ғылыми-зерттеу мекемелерінде және басқа ғылыми ұйымдарда, базалық шаруашылықтар мен кәсіпорындарда ғылым мен техника жетістіктерін енгізу жөніндегі шаруашылық есептегі бөлімшелердің болғаны жөн деп табылды (СҚ, 1987, 13 август).

ТАНЫЛМАҒАН ҰШУ ОБЪЕКТІЛЕРІ (Неопознанные летающие объекты). Қ а р а: БҰО. *Танылмаған ұшу объектілері* туралы соңғы уақытта көп айтылатыны соншалық, қазір оларды танудың өзі онша қиын болмай қалды (Алматы ақшамы, 1989, 6 май). Өз-өзі жамдарын дәлелдемекші болған ол атышулы «орташа статистикалық *танылмаған ұшу объектілерінің*» көлемі едәуір макетін де жасаған (Сонда).

ТАНЫМГЕР (знаток, мастер). *Белгілі бір өнерді үлкен біліммен, тума талантпен меңгерген маман.* Тылсым өнердің *танымгері*, Қазақ ССР халық суретшісі, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбілхан Қастеевтің туғанына 80 жыл (ЛЖ, 1984, 7 январь).

ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР (познавательные игры). *Балаларға тәрбиесі бар, дүние танымын кеңейтуге қажетті ойындар.* Мына жұмбақ әдеттегі *танымдық* ойындарға қарағанда өзгешелеу (Біл. және еңб., 1988, № 2, 32-б.).

ТАҢДАУ-БАЛАМА (альтернатива). *Бір-біріне қарама-қайшы бір-неше жағдайлардың бірін таңдау, мойындау.* Қазіргі дүние күрделі, сан алуан, серпінді, тайталас тенденцияларға өзектелген, қайшылықтарға толы. Бұл — аса күрделі *таңдау-балалар*, үрейлер мен үміттер дүниесі (СҚ, 1986, 26 февраль).

ТАҢНАМА Қ а р а: *ертеңгілік.* Егер сіз балабақшада, мектепте, ұйымдар мен кәсіпорындарда өтетін жаңа жылдық кештерге, *таңнама*ларға, ойын-сауықтарға жетік кәсіпқой фотосуретші шақырғыңыз келсе,... (Алматы ақшамы, 1988, 23 декабрь). Иә, қазір біз қанша *таңнамаға* қатысу керек, қанша фильм көру керек, қанша кәде алу керек деп ойлап жатпаймыз. Біз қазір шындығын айтқанда, күн ұзын өзімен-өзі жүретін бала-шағамыз бір нәрсеге кезігіп қалмаса жарар еді деп көбірек ойлаймыз. (Алматы ақшамы, 1988, 30 декабрь).

ТАҢСЫҚ ФОНД (редкий фонд). *Кітапхананың көне және сирек басылымдар орналасқан бөлімі.* ... Қырғыздың кітаби ақыны Тоголок молданың мұрасын тексеруге маған тапсырма берген-ді. Бұл мұрамен Қырғыз ССР Ғылым академиясының *таңсық фонд*ында танысқан-ды (Уақыт және қаламгер, 10-кітап, 3-б.).

ТАПСЫРМА-КОНКУРС (конкурс-задание). *Белгілі бір тапсырмамен (сурет салу, қол еңбегі т. б. байланысты өткізілетін конкурс.* Жас өрт сөндірушілерге *тапсырма-конкурс* ұсынылды (Алматы ақшамы, 1988, 30 август).

ТАПСЫРЫС (заказ). *Белгілі бір нәрсені дайындау үшін берілетін тапсырма.* «Ыссық» ресторанында *тапсырыспен* алынатын «Батыр» торты, АДҚ асханасында дәмді де өрнектелген жазулар бар «Алтын» торты шығарыла бастады. (Алматы ақшамы, 1990, 14 тамыз).

Орал облыстық тұтынушылар одағы... Мағжан Жұмабаевтың кітабына 100 данаға *тапсырыс* беріпті (ҚӘ, 1990, 5 қазан). Кеншілер қаласындағы № 6 кәсіптік-техникалық училище оқушылары да осы мейрамға орай ұлттық киімдер тігуге алғашқы *тапсырысты* қабылдады (ЛЖ, 1991, 1 наурыз). *Тапсырыс* әрі ықшам, әрі анық болу керек. *Тапсырысты* жай түрінен жедел түріне немесе керісінше өзгерте аласыз (Шымкент апталығы, 1990. 4 желтоқсан). Шын мәнінде олай емес. Мысалы үшін, өткен жылы Келлер ауданының шаруашылықтары 25 отбасын көшіріп әкелуге *тапсырыс* хат бергенімен, іс жүзінде бір ғана неміс әулетін қабылдады (СК, 1991, 7 ақпан).

ТАРАЗБАН (весовщик). *Таразышы*. Мұнан соң «Жетісай» совхозынан келген өкілдер алғашқы тонналарды завод ауласына алып кірді. Заводтың қабылдаушы *таразбаны* Алтай Ережепов, лаборанттар Гүлжан Әбділекова, Айман Жансейітовалар қызу іске кірісіп кетті (Оңт. Қаз., 1978, 26 сентябрь).

ТАРИХАЯТ лингв. (историзм). Күнделікті өмірде қолданылмайтын, жойылып кеткен заттардың, құбылыстардың қолданыстан шығып қалған атауы. Міне, халық поэзиясының құрамына осы Шоқан меңзеген «көненің көзі» — лексикалық архаизмдер мен *тарихаят* (историзм) сөздердің кездесетіндігі әммеге белгілі жайт (Е. Жұбанов. Эпос тілінің өрнектері. 1978, 102-б.).

ТАРИХНАМА (историография). *Тарихты зерттеу ғылымы*. Қазақ ССР тарихы кафедрасында дайындалған «Қазақстан тарихнамасының кейбір мәселелері», «Орталық Қазақстан археологиясы мен этнографиясы» деген ғылыми мақалалар жинақтарын республика ғылыми жұртшылығы жылы қарсы алды (Оңт. Қаз., 1984, 25 апрель). Осыған орай ғалым бұқаралық ауызекі *тарихнаманың* (устная народная историография) далалық сахна өнерінің өкілдері — сал-серілер мен суырып салма ақындар, жыраулар творчествосының болмыс-бітімін байыппен бажайлайды (Біл. және еңб., 1985, № 11, 20-б.). Қазақ халқының шығу тегіне қатысты ғылыми танымның көш басында Шоқан тұруы дау тудырмайды. XIX ғасырдың жуан ортасында дейінгі *тарихнамада* Витзен айтатын пікір бел алып жататын (Біл. және еңб., 1985, № 11, 21-б.).

ТАРИХШЫЛДЫҚ (историчность). *Тарихи фактілерге, тарихи шындыққа толық сәйкестік*. Баяндамашы атап айтқанда, көркем *тарихшылдық* ұғымына тоқталды (СК, 1988, 29 апрель). Сөйлеушінің пікірінше, әдебиеттанудағы *тарихшылдық* — ерекше проблема. ...Негізінде *тарихшылдық* жатқан шынайы көркем творчество әрдайым шығармада тікелей бейнеленген нәрселердің жиынтығы және қайта жаңғыртылған оқиғалар мен характерлердің тарихи қозғалысының перспективасы болып табылады (СК, 1988, 29 апрель).

ТАРНА (брюква). *Көкөністің бір түрі*. Қапуста, тарна (брюква), помидор, бұрыш, баклажан, кәді (кабачок) тағы басқа мәдени дақылдарды бірден тұқымдық дәнінен де, көшеті арқылы да егуге болады (Мәд. және тұр., 1987, № 4, 25-б.).

ТАРТЫМ МҮМКІНДІГІ (тяговые возможности). *Локомотивтің жүк (салмақ) тарту күшінің мүмкіндігі*. Шоқпар асуынан өту үшін 1930 жылдары сол кездегі паровоздың *тартым мүмкіндігіне* сәйкес учаскеде көптеген бұрылыстар салынған еді. (Теміржолшы, 1983, 17 сентябрь).

ТАСПА (лента). *Белгілі бір материалдан жасалған ұзынша нәрсе*. Ыстыққа төзімді транспортер *таспасын*, жоғары қысымды түтіктер, косинусты және электротермиялық конденсаторлар, жақсартылған трансформаторлар сортаң жерлерді өңдеуге арналған машиналар,

автомобильдерде орнатылатын жемшөп таратқыштар, дыбыс жутатын «Силактор — М» плиталарын шығаруды игереміз (СҚ, 1984, 24 январь).

ТАСТАМА БАҒА (бросовая цена). Болмашы, ең төмен баға.

(Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы. 1979. 13-б.).

ТАСЫМАЛ т р а н с. (перевозка). *Бір жерден екінші жерге тасу.* Жолаушылар тасымалына — басты назар (Теміржолшы, 1983, 11 июнь).

ТАСЫМАЛ ТЕЛЕВИЗОР (переносный телевизор). *Бір жерден екінші жерге тасымалдап апаруға лайықталып жасалған шағын телевизор.* Алып жүруге оңай тасымал телевизор қара, ақ сол сияқты түрлі-түсті көрсету программасын қабылдайды (ЛЖ, 1985. 7 июнь).

ТАУСЫНШАҚ (реликт). *Өткен дәуірлерден сақталып қалған зат, құбылыс.* Тұрмыс-тіршіліктің түрлі жағдайларына байланысты фольклор үлгілерін қоғамның барлық мүшелері жақсы білуге мәжбүр болуының таусыншақтары (қалдықтары) дамыған көп халықтардың тұрмысында соңғы кезге дейін сақталып келеді (Е. Тұрсынов. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. 1976, 13-б.).

ТӘЛІМГЕР/ТӘЛІМГЕР-ҰСТАЗ//ҰСТАЗ-ЖЕТЕКШІ коғ.-саяси (наставник). *Жастарды өндірісте, кәсіптік-техникалық училищелерде, ауыл шаруашылығында мамандыққа баулитын озат, тәжірибелі жұмысшылар, шеберлер, инженер-техник қызметкерлер т. б.* Ұстаздық қозғалыста терең сапалық та өзгерістер болып жатыр. *Тәлімгердің* ішінде 28 Совет Одағының Батыры мен Социалистік Еңбек Ерлері бар, 16-сы бүкілодақтық «Жастардың ұстазы» деген белгіге ие болды (СҚ, 1981, 7 июль). Демек, *тәлімгер-ұстаз* міндетін абыр-оймен атқарып жүрген коммунистер, байырғы жұмысшылар, еңбек ардагерлері ұстаздық қозғалысты бұрынғының үстіне кең өрістетіп, бұл орайда жинақталған жақсы тәжірибені былайғы жұртшылықтың ортақ игілігіне айналдыра бергені абзал (СҚ, 1983, 8 сентябрь). Менің көптеген құрбыларым *тәлімгерлер* ретінде коллективтің жақсы дәстүріне үлес қосып келеді (СҚ, 1983, 5 январь). *Тәлімгерлер* — үлкен өмірлік тәжірибелері бар, коллективте құрметті, жастар жүрегіне жол таба білетін жұмысшылар (ЛЖ, 1982, 30 декабрь). Ондай кезде ақылшы аға ретінде *ұстаз-жетекшіміз*, коммунист Тұрсынбек Манапов көмекке келіп... (Біл. және еңб., 1983, № 5, 1-б.).

ТӘЛІМГЕРЛІК (наставничество). *Озат, тәжірибелі, жұмысшылардың, шеберлердің, инженер-техник қызметкерлердің жастарда өндірісте, кәсіптік-техникалық училищелерде мамандыққа баулуы.* Конференцияға қатысқан ұстаз-жетекшілер, партия, кәсіподақ және комсомол қызметкерлері «Тәлімгерліктің әлеуметтік-педагогикалық мәні», «Жұмысшы коллективтерінде тәлімгерлердің ролі» деген тақырыптарда жасалған баяндамаларды тындады (СҚ, 1981, 1 декабрь). Сондай дәстүрлердің бірі ұстаздық, *тәлімгерлік* — байырғы озат жұмысшылардың өндіріс табалдырығын жаңа аттаған тәжірибесіз жастарға қамқорлықпен қарай білуі, ерінбей еңбекке, шеберлікке баулуы (СҚ, 1983, 5 январь).

ТӘЛІМІ ЖЕР (богара, богарные посевы). *Қолдан суарылмайтын егістік.* Ең алдымен суармалы жерден барынша мол өнім алуға тиістіміз. *Тәлімі жерде* көп жұмыс жүргізуіміз керек (СҚ, 1983, 5 ноябрь). Тәлімі жер, тәлімі егіс «богара», «богарные посевы» деген сөздердің баламасы (СҚ, 1976, 26 август).

ТӘМСІЛ ә д е б. (притча). *Өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар әңгіме.* Тау елінің тірлігіне байланысты жаңғырық.

Айқай тәрізді аңыздар елес түрінде көрінетін бала Арман, тоқылдақ кемпір туралы *тәмсіл* (притча)— бәрі де шығарма (О. Бөкеев. Сайтан көпір. Жұлдыз, 1982, № 1) өзегіне табиғи кірігіп, оқырман алар әсерді күшейтіп тұр (ҚӘ, 1983, 4 февраль).

ТӘРГІЛЕУ (конфискация). *Заңсыз табыспен келген дүние-мүлкті, ақшаны мемлекет меншігіне қайтару. ...Орта Азия комсомол ұйымдары тарихынан, Ақмола округіндегі тәргілеу (конфискация) науқаны қорытындысы жөнінен көптеген тартымды, дәйекті де деректі мақалалар, очерктер жазды (ҚӘ, 1988, 27 май).*

ТӘСІЛНАМА (инструкция). *Жүзеге асырылуға тиісті жұмыстардың реті, әдісі көрсетілетін нұсқаулар жиынтығы. Автоклубтардың облыстық байқауларын өткізудің аттестацияға негіз болатын «...балл қойып бағалаудың шартты шкаласы» деп аталатын тәсілнама да жасалды (Халық кеңесі, 1991, 28 ақпан). Сонымен бірге кез келген монополияның жолын кесетін ауадай қажет болып отырған арнаулы қаржысын әр экипаж өзі игеретін демократияландырылған экономикалық тәсілнамасы болмай келгендіктен, саяси-экономикалық реформа жасауға да мүмкіндік болмаған еді (Халық кеңесі, 1991, 28 ақпан).*

ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН-СПОРТТЫҚ МЕРЕКЕ (театрализованно-спортивный праздник). *Театр мен спорт элементтері араласқан қойылымдар. Алдыңғы күні астанадағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы Спорт сарайында Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ұйымдастыруымен Балаларды қорғаудың халықаралық күніне арналған «Балдырған» театрландырылған-спорттық мерекесі өтті (ЛЖ, 1988, 3 июнь).*

ТЕГЕРІШ (диск). *Беті тегіс дөңгелек зат. Оның төсіндегі тегеріш (диск) жарқырап бірден көзге шалынған... Олар төстеріндегі жарқыраған тегеріштері арқылы көзге түспей тасаланып қалатын сияқты (Қаз. пионері, 1989, 13 тамыз).*

ТЕГІСТЕУШІ (шлифовщик). *Металды ажарлап, өңдеу, тегістеу жұмысымен айналысатын маман. Алматы облысы ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі Іле ауданаралық өндірістік бірлестігінің тегістеушісі Виктор Ляхов осында токарь болып еңбек етеді (СК, 1981, 19 ноябрь).*

ТЕЖЕГІШ. Қара: *Тежеме.* Кенет күркелі сұр машина бұлардың жанынан өте беріп, тежегішін шик еткізіп тоқтай қалды (Қаз. пионері, 1987, 21 июнь).

ТЕЖЕМЕ (тормоз). *Машинаның жүрісін баяулатуға немесе тоқтатуға арналған құрылғы. ... алда оқ бойы жерде милиция қызметкерінің ала таяғы көрінсе, ағызып келе жатқан шофер бірден тежемені басып, баяулай қалатын (С. Шаймерденов. Ағалардың алақаны. 1987, 274-б.).*

ТЕЛЕӘНГІМЕ (телерассказ). *Телевизия арқылы берілетін әңгіме. Орыс тілінде: 18.40 «Алматының жасыл белдеуі». Алматы облысының қорықтары туралы телеәңгіме (ЛЖ, 1983, 8 октябрь).*

ТЕЛЕБАҒАН (телевышка). *Телевизияға арнай салынған бағана. Сонау телебағанның басындағы қызыл жарық бәрінен де биік, осы тұстан көз салғанда жер мен көктің екі ортасында ілініп қалған жетім жұлдыз секілді (Жалын, 1982, № 2, 70-б.).*

ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА (телепрограмма). *Теледидардан берілетін хабарлама. Сондай хабарлардың бірі, «Қауышу» атты телебағдарламасы наурыздың 5-жұлдызында Халықаралық әйелдер күніне орай астанамыздағы қыздар педагогикалық институтына қонаққа келді (Өркен, 1991, 8 наурыз).*

ТЕЛЕДИДАР (телевизор). *Телевизия хабарлары программасының*

сигналдарын бейне мен дыбысқа айналдыратын телевизиялық қабылдағыш. Жұмысынды қоя тұр, Суысын бір құт қолын, *Теледидар* — театр, *Теледидар* — футболың (Қ. Мырзалиев. Ақ отау. 1968, 129-б.). Сыр өңіріне танымал қобызшы Нышан қариядан жазылып алынған бұл күйлер *теледидар*, радио арқылы көпшілікке насихатталған еді (ЛЖ, 1983, 12 октябрь). *Теледидар* апталығы әр аптаның соңында тұрақты беріліп тұрады (Сонда).

ТЕЛЕКӨПІР (телемост). *Телевизия мүмкіндіктерінің бірі*. Космостық *телекөпірлер* жөнінде пікір-ой өрбіткенде, жадымызға диплом жұмысын жазып жүрген сәттерде қағазға түскен кейбір пайымдаулар оралады (Біл. және еңб., 1988, № 8, 29-б.). Екінші баса назар аударғымыз келген мәселе — Бейбіт Сапаралиннің тележурналистиканы дамыту, *телекөпірлер* өткізу жөніндегі ұсыныс-пікірі (Біл. және еңб., 1988, № 8, 28-б.).

ТЕЛЕКӨРЕРМЕН (телезритель). *Телевизор көруші*. Қазіргі қазақ радио мен теледидары, оның әдебиетіміздегі озық шығармаларды миллиондаған радиотыңдаушылар мен *телекөрермендерге* үздіксіз үгіттеу, таныстыру жолындағы соңғы жылдарда жүзеге асырып келе жатқан игі бастамалары — бәріміз құптап, қуанып айтарлық құбылыс (ҚӘ, 1981, 26 июнь). «Сәлем». *Телекөрермендердің* хаттары бойынша концерт (СК, 1983, 15 октябрь).

ТЕЛЕҚОЙЫЛЫМ (телепостановка). *Телевизия арқылы көрсетілетін көркемдік шығармалар негізінде жасалған спектакльдер* т. б. Телеқойылымды көру керек (СК, 1988, 8 май).

ТЕЛЕОТАУ. *Телевизия мүмкіндіктерінің бірі*. Қазақ телевизиясының «Тамаша» *телеотауы* қалт жібермей қадағалайтын көрермендердің есінде «Фестиваль» эстрадалық би ансамблінің өнеріне деген іңкәрлік сақталғандығы күмәнсіз (ЛЖ, 1987, 28 февраль).

ТЕЛЕСАБАҚ (телеурок). *Телевизия арқылы өткізілетін сабақ*. *Телесабақтар* педагогтер коллективінің жетекші жұмыс формаларының біріне айналды (ЛЖ, 1986, 16 январь).

ТЕЛЕТАСПА (телетайп). *Телеграф аппараты*. Сөзді телетаспадан қағазға түсірген — журналист Бақтыбай Айнабеков (ҚӘ, 1988, 15 январь).

ТЕЛЕТУЫНДЫ (телепроизведение). *Телевизиялық шығарма*. Осы фестивальға әкелінген телефильмдер тізімінен «А. Каверзнев — Ауған күнделігі» деп аталатын публицистикалық *телетуынды* ұшырас-ты (ЛЖ, 1983, 15 октябрь).

ТЕМСАҚ (крокодил). Қара: *Қолтырауын*. Ертедегі халықтардың көпшілігі әр түрлі хайуандарды пір тұтып, соларға табынған. Мәселен, Америка үндістер түйеқұсқа (страуска), Африка негрлері *темсаққа*, Полинезияның аралдарында көптеген халықтар китке табынған (М. Ысқаков. Халық календары. 1980, 285-б.).

ТЕҢГЕРМЕ ӘДІС (метод уравниловки). *Сіңірген еңбегінің аз-көптігіне не қажет-қажетсіздігіне қарамай бәріне бірдей бөліп беру* (ақшаны, суды т. б.). Кемшін жерлер де бар, — дейді цех бастығы А. Қарась.— Әзірге завод бойынша судың жалпы шығыны есептеледі де, ол *теңгерме әдіспен* әр цехқа бөлінеді. Мұны дұрыс деуге болмайды (СК, 1988, 27 февраль).

ТЕҢГЕРМЕШІЛДІК/ТЕҢГЕРМЕШІЛІК қоғ.-саяси (уравниловка). *Адамдардың еңбегін әділетсіз теңдестірушілік*. Еңбек пен тұтыну мөлшеріне бақылауды күшейту, жалақының еңбек өнімділігі мен сапасына қатаң тәуелділігін қамтамасыз ету, *теңгермешілдікті* түбірімен жою, еңбексіз ақша төлеуге, орынсыз сыйлықтар беруге жол бермеу қажет (СК, 1986, 11 март). Қоғам, коллектив және жеке адам мүдделерін үйлестіру үшін, еңбек және бөлу қа-

тынастары саласындағы қайшылықтарды, *теңгермешілдік*, масылдық тенденцияларын жою үшін әлі де көп жұмыс істеуге тура келеді (СҚ, 1987, 3 июль).

ТЕҢІЗ ДАҚЫЛДАРЫ (марикультура). *Тағам ретінде пайдаланылатын теңіз өсімдіктері*. Дүниежүзілік мұхит пен ішкі су айдындары ресурстарының азық-түлік мақсаттар үшін тиімді түрде пайдаланылуы қамтамасыз етілсін, балық пен басқа да теңіз өнімдерін өсірудің, оларды терең өңдеудің технологиялары мен техникалық құралдары жасалсын, *теңіз дақылдары* дамытылсын (СҚ, 1987, 13 август).

ТЕПКІШЕК (педаль). *Машиналар мен музыкалық аспаптарды аяқпен басу арқылы қозғалысқа келтіретін механизм*. Чарльстаун қаласының ортасында (Род-Айленд штаты) салмағы 41 килограмдық *тепкішекті* (педальды) самолет сынақтан өтті. Мамандардың айтуынша, бұл педальды самолет келешек бірнеше кісілік үлкен самолеттің бастамасы көрінеді (Біл. және еңб., № 2, 1983, 31-б.).

ТЕРІМ (сбор). *Мақта, астық т. б. нәрселерді теру жұмысы*. *Терім* жұмысында өнімді еңбегімен көзге түскен С. Байғабылова, С. Сұлтанова, А. Беккер, М. Энгельград, Ш. Сәрсекұлова секілді еңбек озаттары социалистік жарыс көрігін қыздыра түсуде. (СҚ, 1987, 15 ноябрь).

ТЕРМЕШІ а у ы л ш а р. (сборщик). *Теру, жинау жұмысымен шұғылданушы адам*. Он саусағы қоза бойында домбыраның пернесін басқандай ойнайды. Беліне байлаған алшалғышы басқалардікінен бұрын толды. Келіншек оны жүйектің қатар аралығына қалдырып, жалма-жан екіншісін байлап алды. Бір ғана бригада емес, шаруашылық бойынша саңлақ *термеші* Күнсұлу Әбілқасымова екен (СҚ, 1981, 3 октябрь). Алтынбек Рысбаевтың бригадасына келгенде ең алғаш көзімізге түскені — 10—15 гектар жүзімдіктің жартысына жуығына тарыдай шашылған *терімшілер*, тіркемелерге өнім артып жатқандар, үш-төрт кішкентай тракторлардың қарбалас қимылы еді (ЛЖ, 1983, 20 октябрь).

ТЕРІМШІЛДІК (собирачество). *Қоғамдық дамудың алғашқы сатысындағы шаруашылық түрлерінің бірі, азықтың дайын түрлері — тамыр, жабайы жеміс, моллюска т. б. жинаушылық*. Соңғы жылдарда жарық көрген зерттеулерге қарағанда, ол кездегі адамдар қауымы (община) болып аңшылықпен, *терімшілдікпен* күн көрген (Е. Тұрсынов. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. 1976, 9-б.).

ТЕСІККӨЗ (глазок двери). *Пәтерлердің сыртқы есігіне орнатылатын дөңгелек ойық*. Алдымен кім екенін сұрамаймысың?— Шешесі сол арада балигатқа жетсе де әрдайым осылай болымсыз көрінетін ұлының нығынан итеріп тастап, титімдей *тесіккөзге* өзі барып үңілді. Жап-жарық подъезде жалпып біреу тұр екен. *Тесіккөзден* бұлдыраған түр-түсін айыру мүмкін емес (О. Сәрсенбаев. Уәде. 1985, 249-б.).

ТЖҚ (ТСН). *Теледидардың жаңалықтар қызметі*. Москвадан ТЖҚ хабарын тыңдаймыз (Алматы ақшамы, 1991, 16 ақпан).

ТИЕКТҮЙМЕ. Қ а р а : *Жеңілгек*. Менің портфель, дипломат, *тиектүйме*, ине-жіп, қолшатыр сатып алуым керек (Русско-казахский разговорник. 1986, 65-б.).

ТИЕУ-ТҮСІРУ ЖҰМЫСТАРЫ (погрузочно-разгрузочные работы). *Транспорттағы заттарды тиеу немесе оны жерге түсіру жұмыстары*. Теңіз порттарында жүк *тиеу-түсіру жұмыстарының* жоспары 104 процент орындалды (СҚ, 1981, 25 июль).

ТОЙ АҒАСЫ (тамада). *Той басқарушы*. Қарақұрым меймандар сы-

рыққа кешке қонақтайтын тауықтайын құркылдасып барып отырсақан соң, *той ағасы* микрофон арқылы дауыстап, жас жұбайлар келе жатқанын хабарлады (ҚӘ, 1976, 2 июль).

ТОЙГЕРШІЛІК жағымсыз (пиршество). *Той жасау салтындағы әсірелеушілік*. Сонда да, амал нешік, алдарында сабақ алар талай *тойгершілік* оқиғалары бола тұрса да, бәрібір тыраштана жарысып, дастархан мәзрін, әсіресе ішімдіктерді бұрынғыдан да көп қоюға ұмтылысады (Мәд. және тұрм., 1982, № 10, 9-б.).

ТОЙМАҚАЛА (юбилейная статья). *Өнер, ғылым, әдебиет т. б. қайраткерлерінің белгілі бір мүшелді жасына байланысты оның еңбектерін, өмір жолын, қызметін қорытындылау мақсатымен жазылатын тоймақалалардың стилінде шаблон болған шиырлау, таптаурын болған тар шеңбер, қысқасы архисхематизмнен қарыс сүйем шыға алмаушылық бар* (Сөзстан, I-кіт., 1980, 177-б.). Юбилейлерге байланысты *тоймақалалардың* жазылу формасын басқаша бағытта ізденіп, мейлінше түрленту мәселесін тыңғылықты ойланатын мезгіл жеткен сияқты (Сонда).

ТОПТАМА (серия, цикл). *Бір тақырыпқа жазылған шығармалардың жиынтығы*. Бұл — «Он бірінші бесжылдық» деген сериямен шығатын кітаптардың тұңғыш *топтамасы*. Келесі 1983 жылы да осы формада ақылшы-ұстаздардың тәлім-тәжірибелері жөнінде сыр шертетін екінші *топтама* жарық көрмек (ЛЖ, 1982, 14 декабрь).

ТОҚЫРАУ КЕЗЕНІ қоғ. саяси (застойный период). *Қоғамның дамусыз, ілгерілеусіз күйде тұруы*. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумынан бергі жерде газет-журналдар беттерінде қоғамымызды *тоқырау кезеңінің* кеселдерінен сауықтыру, өткеннен қалған неше түрлі келеңсіз құбылыстардың бетін ашып, тазарту және елде шынайылық, ашықтық, адалдық ахуалын орнықтыру жөнінде үзбей жарияланып келе жатқан алуан түрлі қызықты материалдар адамдарымыздың мерзімді баспасөзге деген ынта-ықыласын мейлінше арттыра түсті (СҚ, 1988, 17 август).

ТОЛАССЫЗ ҚҰЮ МАШИНАСЫ техн. (машина непрерывного литья). *Металл өндіру процесінде қолданылатын машинаның бір түрі*. Металлургия комплексінің кәсіпорындары дайын прокат, металл өнімдерінің тиімділігі жоғары прогресті түрлерін — электр болатын, *толассыз құю машинасынан* құйылған дайындама, табақтық прокат және басқа бірқатар өнімдер шығару жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етпеді (СҚ, 1988, 29 январь).

ТОЛЫҚСЫМА ТОК физ. (пульсирующий ток). 115-суретте көрсетілген тізбекте *толықсыма ток* ағады. Осы *толықсыма ток* фильтрдің көмегімен тегістеледі (Физика. 10 кл., 1983, 117-б.).

ТОЛЫҚТЫРМА (дополнение). *Толықтыру, қосымша*. Тілшінің *толықтырмасы*: Щетинин мектебі туралы сұраққа қос педагог өз ойларын білдірді. Бірақ оның тәжірибесі жөніндегі пікірталас басталғалы да біраз болған. Оның жаңалығын қолдаушылар, сенімсіздік танытушылар да бар (СҚ, 1988, 30 апрель).

ТОРҚАПШЫҚ (сетка). *Зат, тағам салуға арналған жабдық*. Енді заказ берушілердің материалдарын алып, осы бір қарапайым өнерімді кәсіп қыла бастадым. Тоқыған әрбір *торқапшығым* үшін бір жапырақ нан алатынмын (Алматы ақшамы, 1989, 25 қаңтар).

ТОСАП (варенье). *Қант қосып қайнатылған жеміс-жидек*. Жаз айларында әр түрлі жеміс-жидектен варенье (*тосап*) қайнатып алған жөн (Мәд. және тұрм., 1982, № 7, 24-б.). *Тосап* жасалатын жеміс-жидектер күннің көзі ысып, жердегі, шөптердегі шық кепкенде жи-

налады. ...*Тосапты* 25—40 минут бойы әзірлейді (Шалекенова К. Х., Мұхамбетова В. Ф. Жеміс-жидек, бүлдірген. 1977, 18-б.).

ТӨБЕТОП са я с и (верхушка). *Капиталистік елдерде өкімет билігін ұстаушы жоғарғы тап өкілдері, әлеуметтік топтар.* Әскери режим өрістеткен науқан Чон Ду Хван төбетобының алдағы кезде де өктемдік пен озбырлықты күшейте түсуді көздейтінін білдіреді (СК, 1983, 28 июнь).

ТӨЛЕ (подвал). *Үйдің астынан қазылған жертөле.* (Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы, 1979, 37-б.). Газы бар баллондарды төлелерде, санитарлық жүйелерде, адам тұратын бөлмелерде сақтауға болмайды (Алматы ақшамы, 1990, 16 мамыр).

ТӨЛЕМАҚЫ (плата за...). *Халыққа қызмет көрсету орындарына төленетін тиесілі ақша.* Телефон аппаратының кесімді құнын есептемегенде, ай сайынғы төлемақы тұтынушыларға небәрі 70-ақ тиынға түседі (СК, 1988, 11 март). Ал экспрестердегі төлемақы қандай, олардың көпшілігінде төлемақы он тиыннан ғой (Алматы ақшамы, 1988, 8 август).

ТӨЛЕМШІ (плательщик). *Ақша төлейтін адам, мекеме.* Біздің төлемшілердің есіне мынаны хабарлаймын: барлық қаржы пенсия қорына банк мекемелерінде ашылған нөмірі 829 есебіне түсуге тиіс. (Алматы ақшамы, 1991, 4 қаңтар).

ТӨЛҚҰЖАТ (паспорт). *Адамның жеке басын куәландыратын ресми құжат.* Алматыда 8 аудан бар ғой. Сол аудандардың әрқайсысы өз территориясынан әлдебір мекенжайды — бірнеше жатақхананы немесе тұрғын үйлерді шартты түрде белгілеп, соларға қалаға жаңа келген қазақ азаматтарының төлқұжаттарын тіркеп отыруы қажет (Халық кеңесі, 1991, 28 ақпан). Содан кейін керағар жәйтке кез болдык: мал бағып, егін өсіретін ауыл-селоның бабалары қалаға келсе төлқұжатын (паспортын) тіркейтін орын таппай қаңғып қалады (Сонда). Куәлік дауыс берушілер тізімі негізінде төлқұжатын немесе тағы басқа жеке куәлігін көрсеткен, өзінің фамилиясының тұсына қолын қойған азаматтарға беріледі (Халық кеңесі, 1991, 14 наурыз).

ТӨЛТУМА ШЫҒАРМА// ӨЗІНДІК ШЫҒАРМА (оригинальное произведение). *Шеттен алынбаған, аударма емес, соны төл шығарма.* Төлтума әдебиет — оригинальная литература (Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы, 1979, 35-б.).

ТӨЛХАНА (помещение для ягнят). *Жаңа туған төлдерді бөлек күтімге, бағуға арналған жеке орын.* Ол күнделікті отар-отарларды аралап, жас қозыларға сырға тағып, оларды есепке алуда. *Төлхана* іші жылы әрі жарық (Оңт. Қаз., 1983, 18 март).

ТӨҢКЕРІСКЕР (революционер). *Төңкерісті жақтаушы және оған қатысушы. Төңкеріскер* Сәкеннің лениншіл идеясымен ауызданған Жұмакең оның жазушылық әсерінен қанаттанып, сонау 20-жылдары «Жылқышылар» атты хикая жазды (ҚӘ, 1985, 19 сәуір).

ТӨП ауыл шар. (барда). *Шарап, сыра дайындаудан қалған қалдықтардан әзірленетін, малға беруге болатын қоймалжың жем.* Қызылша төбі мал азығы үшін дәнмен барабар (СК, 1983, 14 январь). Комплекс құрамында мал бордақылайтын алаңмен қатар... қазандық сүрлем, төп, сірне сақтайтын ыдыстар орнатылған жемшөп цехы бар (СК, 1983, 18 январь). Он бірінші бесжылдықта қол жеткен орташа деңгейден тыс сатылған қант қызылшасы — 5 килограмм сірне, екі килограмм құрамажем және 80 килограмм төп (СК, 1986, 29 март).

ТӨРАҒА (председатель). *Ұйымның сайланбалы жетекшісі, коллегиялды мекеменің басшысы.* Біріккен бастауыш ұйымының төраға-

сы. болып казак жер сілкінісіне төзімді құрылыстар мен сәулетшілік ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Бақдәулет Құмаров сайланды (Алматы ақшамы, 1990, 24 ақпан).

ТӨРЕШІЛДІК (бюрократ). *Формализмге бой ұрып, кеңсешілдікке беріліп кету.* Қарапайым малшыны соншама сандалтқан аталған мекемеде бұл күндері *төрешілдік* іздері жойылды ма екен, әлді әлі де бар ма екен, ә? (Мәд. және тұрм., 1987, № 4, 20-б.). Өмірдің өзі көрсетіп отырғандай, *төрешілдік* — қайта құрудың ең басты жауы, қоғамның ілгері жылжуына, экономикамыз бен әлеуметтік өмірімізді жеделдете дамытуымызға кедергі жасайтын кесел (СҚ, 1988, 10 август). Жариялылық жолға қойылғанда, атқарушы аппараттың қызметіне жоғарыдан да, төменнен де бақылау мен талап күшейгенде еліміздің әлеуметтік-экономикалық өмірінде *төрешілдік* пен керенаулық паналайтын жер қалмайтыны даусыз (Сонда).

ТӨСТАБАН (насып). *Темір жол рельстері сияқтылардың астына төсеу үшін қолдан үйілген топырақ жал.* 507 километр. Сондай арақшықтыққа қол күрепкен жал үйіп, *төстабан* (насып) төсеп, қайламен тас қашап, тау тесу керек. (С. Сыматаев. Ғарышқа көз тіккен жер. 1985, 50-б.).

ТУТҰҒЫР (флагшток). *Туды көтеріп тұруға арналған арнайы диңгек, тұғыр.* *Тутұғырда* — 15 алқызыл жалау көмкерген СССР Мемлекеттік жалауы (СҚ, 1985, 2 май).

ТУҒЫРНАМА (платформа). *Қоғамдық топтардың, партиялардың саяси жарғысы.* Орталық Комитет қолданған барлық шараларға қарамастан, біз СОКП *тұғырнамасында* қалған және одан шыққан партияларға бөлінуге бөгет жасай алмадық (СҚ, 1990, 4 шілде). Қысқа пікірсайыстан кейін тіпті процедуралық мәселелерді қарау кезінің өзінде-ақ әр түрлі *тұғырнама*ларда тұрған коммунистердің арасына жік салмайтын, қайта оларды біріктіретін шешімдер қабылдау керектігіне келісті (Алматы ақшамы, 1990, 3 шілде).

ТҰЖЫРЫМДАМА (концепция). *Көзқарастар жүйесі.* Негізгі ой. социалистік ұлт, жаңа советтік жұмысшы табы, колхозшы шаруа табы, социалистік интеллигенция қалыптасуы туралы теориялық *тұжырымдамаға келді* (Зерде, 1989, № 3). Қазіргі кезде Москвада ССРО Жоғарғы Советінің, ССРО Министрлер Советінің жұмыс топтары мен республикалар Жоғарғы Советтерінің өкілетті өкілдерінің кездесуі қызу түрде өткізіліп, одақтық шарт *тұжырымдамасы* бірлесе әзірленіп жатқаны мәлім (Жетісу, 1990, 14 тамыз). Одақ көлемінде нарықты экономикаға көшудің үш *тұжырымдамасы* ұсынылғаны, сондай-ақ республикамыздың өзіндік жобасы да жасалғаны белгілі (Халық кеңесі, 1990, 4—10 қазан).

ТҰЙЫҚТАМА (тулик). *Көшенің тұйықталып бітетін жері.* ...Мекен жай мен телефон: «Автозаводск» *тұйықтамасы*, № 12 үй (Шымкент апталығы, 1990, 4 желтоқсан).

ТҰМАНДЫҚТАР а с т р. (туманности). Галактика кеңістіктеріндегі сиретілген газ бен тозан «бұлттары» (шоғырлары). Бұл дене оптикалық қасиеті жағынан қарапайым жұлдыздарға, ал спектрлерінің сипаты жағынан газды *тұмандықтарға* ұқсас, бірақ спектрлік сызықтары, толқын ұзындығы үлкен қызыл сызықтар спектрлеріне қарай ығысу құбылысы байқалады (Біл. және еңб., 1983, № 5, 10-б.).

ТҰМСЫҚҚАП (респиратор). *Газды, шаңды өткізбейтін фильтрлі маска.* Штурман салонның есігін ашты да, мотордың *тұмсыққабын* ала шықты... Құлақшындырын басына киіп, *тұмсыққаппен* терезені жапты.. *Тұмсыққаптың* бауын іштен штурман өткізіп алғасын ғана жан-жағына қарады (Дөнгеле, күн, дөнгеле. Жинақ. 1983, 117-б.).

ТҰМША (повязка). *Байлауға арналған матаның бөлігі.* Сырқағ

адаммен сөйлесуге тура келсе, ауыз-мұрныңызға төрт қабат дәкеден тұмша байлап алғайсыз. суыққа шалдығып, тоңудан сақтаныңыз (Алматы ақшамы, 1989, 20 ақпан).

ТҰМЫР б.от. (редька). *Иісі өткірлеу, дәмі ащылау, тамыр жемісті бақшалық өсімдік.* Атап айтқанда, шалқанның, тұмырдың, капустаның кейбір сорттарын аса көп тұтынған кезде, осындай тағамда йод мөлшері көп болады (СҚ, 1971, 10 январь).

ТҰРҒЫНЖАЙ (жилой двор). *Тұрғын үй басқармаларының қарамағындағы үй қоралары.* Жергілікті партия, совет, право қорғау орындары тұрғынжайдағы правовлық тәрбиеге ерекше мән бере отырып, оны жүргізудің алуан түрлі формаларын іздестіруге міндетті (СҚ, 1984, 26 август).

ТҰРМЫСТЫҚ БӨЛМЕ (бытовая комната). *Мекемелерде, фермаларда, жатақханаларда арнаулы тұрмыстық қызмет көрсетілетін бөлме.* Онда аудиторядан тыс сабақтар мен еркін пікірталастар өткізуге арналған бөлмелер, алкогольсіз сусындар бары, *тұрмыстық бөлмелер* ашылған (СҚ, 1987, 15 июль).

ТҰРМЫСШЫЛДЫҚ әдеб. (бытовизм). *Көркем әдебиетте адамдардың күнделікті тұрмысын, өмірін суреттеушілік.* ... Мұның ең біріншісі және ең бастысы — сол кезеңдегі өмір шындығын соншалықты қарапайым да көркем, типті берушілік. Соған орай бір зерделеріміз — Б. Майлиннің *тұрмысшылдығы*... (Сөзстан. 1-кітап. 1980, 193-б.). Олай болса жүйелі де, жіті, мұқият типтік тұлғалау да, адам жан-жүрегінің небір нәзік те тұңғық сын-сындарларын тап басып таныта білу де осы *тұрмысшылдықтан* туады (Сонда, 194-б.). Таң қалатын бір нәрсе — Б. Майлиннің осы бір өзгеше де ғажайып концепциясын... туысқан қырғыз қаламгері Шыңғыс Айтматов та тамаша терең түсініп, тағылым алған сияқты. Мәселен, оның шырқау шығармасы «Ақ кеме» ең алдымен *тұрмысшылдық* сипаттарға ие ғой (Сонда, 194-б.).

ТҰТҚЫР ЦЕМЕНТ (цеппий цемент). *Сапасы жоғары цемент.* Қордай жол-құрылыс материалдары комбинаты облыс жолшыларының жоғары маркалы *тұтқыр цемент* жөніндегі қажетін қамтамасыз етті (СҚ, 1983, 23 июль).

ТҰТЫМ (решение). *Жан-жақты ойланып табылған шешім, қорытынды.* Жөнейт атқа мінгенде, осындай қатты *тұтыммен* мінген (Ә. Кекілбаев. Күй. 1981, 21-б.).

ТҮЗЕМ э.ск. (стой, построение). *Әскерлердің немесе өзге де топтардың саны.* Жау тілеген ұрыстан қаша ма, біз де *түзем* құрдық (М. Мағауин. Аласапыран. 1 кіт., 1981, 100-б.). Таң бозында сұлтан ордасынан қозы көш жерде аншылыққа қатысуы тиіс, шамасы үш түмендей өншең аттылы қалың қол лек-легімен *түзем* құрды (Сонда, 115-б.).

ТҮЙІНДЕМЕ (резюме). *Айтылған ойдың қысқаша қорытындысы.* Тілші *түйіндемесі.* Иә, жыл басынан бері Атасудың абыройы асқақтап тұр. Жақсылықты енші еткен ерлер мерейін тасыту үшін мұндағы озық тәжірибе мектебі таратып отырған игілік пен жұмысшылардың кәсіби шеберлігін арттыру жолындағы жарыс көрігін қыздыруға қиуар ықпалы болып отырғанын айта кетейік (СҚ, 1988, 15 июнь).

ТҮЙІСПЕ (контакт). *Электр тогы өткізгіштері түйісетін жер.* ... а бөлігінің жоғарғы жағы екі батарея сиятындай етіп тесіледі де, төменгі жағына *түйіспе* (контакт) орнатылады (Біл. және еңб., 1983. № 4, 6-б.).

ТҮНЕМЕЛ ҚАП (спальный мешок). *Туристерге арналған арнайы*

«төсек». Бекет түнемел қаптың күләпарасын серпіп тастап, түрегіліп отырды (Жұлдыз, 1987, № 11, 75-6.).

ТҮПТҮРКІ (пратюрки). Ең алғашқы, ең негізгі, ең байырғы түркілер. Л. Хлобыстин мен Л. Викторованың жүргізілген арнаулы зерттеулері *түптүркі*, түпмонғол және түптунғустардың этник бірлестіктерінің неолит дәуірінде қалыптасқандығын аңғартты (Е. Тұрсынов. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. 1976. 21-б.).

ТҮСТІК (обед). Түс кезінде ішілетін тағам. Той ауылда болады, қазір давай түстік әзірлейік. Екеуміз түстік әзірлеуге кірістік. Жазушы көңілі қопарыла көтерілу үшін де, қопарыла құлау үшін де көп нәрсе керек емес (ҚӘ, 1980, 30 май).

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ (объяснительная записка). *Мойындау немесе ақталу дәлелдерінің жазбаша, ауызша түрде айтылуы*. Әлде облыстық прокуратураның тергеу басқармасы бастығының орынбасары А. Алексешовтің 1987 жылғы 18 февральдегі түсіндірме хаты жалтарма жауап қана ма? (ЛЖ, 1987, 1 октябрь).

ТҮСІНІКТЕМЕ (комментарий). *Сөйленген сөзге, текске берілген анықтама, түсіндірме*. 206 ескертулер мен түсініктемелерді қосып жеке кітап етіп бастырып шығарған еді (Біл. және еңб., 1983, № 1, 11-б.).

ТҮСІНІКТЕМЕШІ (комментатор). *Түсінік беруші* (радио-телевизия қызметкері). Республикалық басылымдар журналистерінің арасында сыйлықтар мыналарға берілді. (...) Құдайберген Жаманхинұлы Тұрсынов, Қазақ телевизиясының түсініктемешісі және Баян Ескендірқызы Сұлтанова, Қазақ телевизиясының насихат бас редакциясының режиссері — халық ісмерлерінің бұйымдарын өндіру мен сату проблемасына арналған хабарлары үшін (СК, 1987, 5 май).

ТҮЙІМ (запрет, табу). *Алғашқы қауым кезінде «киелі» деп танылған бұйымды, затты немесе сөзді қолдандырмайтын діни салт*. Сонымен, алғашқы қоғам мүшелерінің барлығы өз тұсындағы фольклорды жақсы білуге міндетті болған және барлығы орындалған... Орман, тау, жазық, аң иелеріне арнау-арбау оқымаса, олардың қаһарына ілінуі, түрлі аурулардың иелеріне бағышталған дұға, арбауларды білмей қалса, өлімге ұшырауы, түрлі *түйімдар* ішінен бірін білмей қалса, тағы да толып жатқан қауіп-қатерге қалуы мүмкін деп ойлаған (Е. Тұрсынов. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. 1976, 13-б.).

ТІГІНДІ//ТІКПЕ (подшивка газет). *Кітапханаларда немесе жеке үйлерде, мекемелерде газет-журналдың бір айлық немесе бір жылдық номерлерінің топталған түрі*. Істегенім де аз емес сияқты. Қаншама кітап оқылып, газет тігіндісі аударылды. Мен қазір ғана демалып жүрмін (М. Сүндетов. Еліктің лағы. 1981, 14-б.). Мен «Мәдениет және тұрмыс» журналының жарық көрген күннен бергі оқырманымын. Журналдың әр жылғы *тікпелері* де үйімде күні бүгінге дейін сақтаулы тұр (Мәд. және тұрм., 1981, № 5, 8-б.).

ТІЗГІНҮЗДІ (опережающий). *Озымпаз*. Халқының қалаулы ұлы, екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат, үлкен ғалым, *тізгінүзді* талант иесі Кәрім Мыңбаев қысқа ғұмырының ішінде қыруар іс тындырып, соңына өшпестей мұра қалдырды (ҚӘ, 1981, 2 октябрь).

ТІЛАШАР (разговорник). Өзге тілді өз бетімен оқып-үйренуге жәрдемдесетін арнайы көмекші құрал. Мәселенің шындығына келсек, сөздік, *тілашар*, тіл үйренетін анықтамалық, методикалық және оқу құралдарын шығару жөнінен біз көптеген республикалардан артта қалдық (СК, 1987, 30 май). «Мектеп» баспасы және Қазақ Совет

Энциклопедиясының Бас редакциясы әзірлеген қазақша-орысша және орысша-қазақша тілашарлардың әрқайсысы жақында жүз мың дана тиражбен жарық көрді (СҚ, 1987, 17 июль).

ТІРКЕЛГІ (прописка). *Адамның мекен-тұрағын көрсету үшін паспортқа соғылатын бөлігі.* Үйіне тіркелгі жасалатын болды (К. Ахметбеков. Жеңіс сарбазы. 1980. 139-б.).

ТІРКЕМЕ (прицеп). *Автомобильдің, трактордың т. б. көмегімен сүйретілетін, моторы жоқ, доңғалақты транспорт.* Жас жүргізушілер үнемі маған етене жақындап, тіркемемен қалай жұмыс істейтін тәсілімді ... үйренеді (Біл. және еңб., 1983, № 5, 3-б.).

У

УАҒДАЛАСТЫҚ қоғ. - саяси (договоренность, соглашение). *Келіссөз арқылы қол жеткен келісім.* Ядролық арсеналды қысқарту туралы ... *уағдаласуға* әзірміз. Тек бұл адал және тең праволы *уағдаластық* болуға тиіс (Ком. жол, 1983, 8 июнь). Сондықтан біз НАТО елдерін, соның ішінде әлбетте, Германия Федерациялық Республикасын сондай *уағдаластық* мүмкіндігінің уыстан шығып кетпеуіне жәрдемдесуге шақырамыз (СҚ, 1983, 6 июль).

УӘЖДЕМЕ (мотивировка). *Белгілі бір ойды, қағиданы негіздеу үшін ұсынылатын пікір-тұжырымдардың бірлігі.* Осындай шығарма желісінің *уәждемесі* (мотивировка) іспетті кезекті суреттер, нақтылы уақиғалар, ірілі-ұсақты тартыстар желігі жиыла келіп, үлкен полотноға ұласады да, фондық мәнге ие болады (ҚӘ, 1984, 18 май). Балағат, байбалам мен зорлық-зомбылық құмар *уәждемеге* айналды, ал пангерманизм, нәсілдік тазалық, бүкілдүниежүзілік «большевиктік қастандық» идеялары — бұқаралық идеологиялық желіктерді қоздырушылар болды (СҚ, 1990, 10 мамыр).

УСУ (водка). *Арақ.* Егер жұрт арақ-шарап татпай, шылым тартпай, жүрегін *усудан* аман сақтап жүрсе, Тицианша ұзақ өмір сүрген болар еді (Біл. және еңбек. 1985. № 9. 23-б.).

УЫЗДЫЛЫҚ (клейковина). *Бидай дәніндегі белоктық зат.* Екі колхозда да бидайдың *уыздылығы* 30—32 процент болды. Шаруашылықтар мұндай астық өткізгені үшін елу процент үстеме ақы алады (ЛЖ, 1983, 5 октябрь).

Ұ

ҰЗАРТЫЛҒАН КҮН ТОБЫ пед. (группа продленного дня). *Мектептерде оқушылардың сабаққа дайындалуы және басқа да жан-жақты тәрбие алуы үшін ұйымдастырылған шара.* Амангелді қазір мектептегі *ұзартылған күн тобында* істейді. Ол сабақ беретін топ толық үлгерім беріп келеді (Мәд. және тұрм., 1983, № 11, 5-б.). *Ұзартылған күн топтарында* оқушылар күніне бес сағат болуға тиіс (Сем таңы, 1977, 21 июнь).

ҰЛУТАС (ракушечник). *Құрылыс материалы.* Қаланы салуға жергілікті құрылыс материалы — кәдімгі аралап кесіп ала беруге болатын ақ *ұлутас* кеңінен пайдаланылды (Мәд. және тұрм., 1983, № 9, 14-б.). Бүгінгі күн талабына сай салынған сауықтыру ғимараты көгілдір мәрмәр, гранит, *ұлутастармен* безендірілген (СҚ, 1983, 9 май). Себебі топырақ астындағы бор және *ұлутас* қабаттары тығыз орналасқан (Ком. жол. 1983, 22 январь).

ҰЛЫС (народность, этнос). *Тайпалық қатынастың ыдырау барысында тарихи қалыптасқан адамдардың қоғамдастығы.* Елді социалистік индустрияландыру капиталистік даму сатысынан өтпеген

және революцияға дейін патриархалдық-феодалдық қатынас кезінде болған ұлттар мен ұлыстардың өзге халықтарға қарағандағы экономикалық және мәдени теңсіздігін жоюға мүмкіндік туғызды (СК, 1987, 18 октябрь).

ҰРА ауыл шар. (траншея). *Сүрлем салуға арналған ұзынша терең ор.* «ВИХР — 1,5» және «ҚИР — 1,5» агрегаттарымен орылып, бірден ұсақталған құрақ жүкті өздігінен аударатын автомашиналармен бірден ұраға жеткізіліп, нығыздалады (СК, 1984, 10 август).

ҰСАҚТАУШЫ металлург. (дробильщик). *Жынысты уату, ұсақтау жұмыстарымен шұғылданушы маман.* Коллективпен біте қайнасып, бірге жасасып келе жатқан ұсақтаушы, пенсияға шыққаннан кейін бірнеше жылдар бойы смена бастығы болып істеген А. Галиев, ...ұсақтаушы Т. Лаптева, дирменші Л. Гопко... тәрізді тарландарымыз қашан да жастарға ұстаздық етуден, тәжірибесін үйретіп, ақыл-кеңес беруден жалыққан емес (Қаз. ком., 1982, № 5, 16-б.).

ҰСТАЗХАНА (учительская). *Мектептегі мұғалімдер бөлмесі.* Сәуле ұстазханаға кіріп келгенде, сол туралы қызу әңгіме шегіне шығып қияндап тұр еді (Жұлдыз, 1976, № 4, 121-б.).

ҰСТАЛЫМ (выдержка). *Фотоаппарат затворының ашылып-жабылу уақыты.* Қараңғы жерде түсірсек, біз онда фототиектің ұзағырақ ашылып тұруы үшін ұсталым мөлшерін көбейтеміз, ... ал тым жарық жерде түсірсек, ұсталымды қысқартып 250 не 500-ге қоямыз (Пионер, 1988, № 4, 23-б.).

ҰСТАНЫМ (позиция). *Нақты мәселе туралы көзқарас.* Бұл мәселе жөніндегі менің ұстанымым және жұрт сенген өкілдерімнің ұстанымы «Огни Алатау» газетінің осы жылғы 5 апрельдегі санында толық бейнеленді (Алматы ақшамы, 1989, 7 сәуір).

ҰСТЫН (колонна). *Үлкен ғимараттардың ішкі төбесін және маңдайшаны тіреп тұратын, архитектуралық шеберлікпен салынған тіреу, баған.* Индиядағы аса таза темірден жасалған ұстын сияқты ғажайыптар сыры ғалам үшін әлі жұмбақ боп қалуда (Біл. және еңб., 1981).

ҰСЫНБА (рекомендация, предложение). *Белгілі бір ой-пікірді, құжатты ұсыну.* Қазақстан Компартиясы облыстық комитеті идеологиялық комиссиясының маркстік-лениндік білім беруді одан әрі қайта құру, 1989—1990 оқу жылының алғашқы сабағын ұйымдықпен өткізу жөніндегі ұсынбасы. (Орал өңірі. 1989. 26 тамыз).

ҰСЫНБАЛЫ КӨРСЕТКІШ (рекомендательный указатель). *Белгілі бір ұсыныстарды, пікірлерді қамтитын көмекші құрал.* М. Әуезовтің ғылыми-творчестволық мұрасын кең мағынада насихаттап танытудың ең өзекті де ұрымтал тұстарын білдіруге қолайлы ұсынбалы (рекомендательный) библиографиялық көрсеткіш жасау қажеттігі туады (СК, 1987, 15 июль).

ҰСЫНЫМ (предложение). *Көпшілікке товар т. б. ұсыну.* Спрос и предложение — сураным мен ұсыным (Казахско-русский словарь. 1981. т. II. 375-б.).

ҰШАТЫН ТАБАҚША (летающие тарелки). Қара: БҰО. Биылғы жаз мезгілінің өзінде отызға жуық қарағандылық ұшатын табақшаны көріп, қайран қалғандықтарын айтып жаза бастады (ЛЖ, 1991, 8 қаңтар).

ҰЯ-ТӨСЕМ (приспособление с лунками для хранения яиц). *Магазиндерде тасымалдау үшін бейімделіп жасалған ұялары бар төсем.*

Жұмыртқаны қағаз қалтаға салып беріңіздер, оларды тасымалдауға арналған *ұя-төсемдермен* босатпаңыз (Алматы ақшамы. 1990. 23 шілде).

Ү

ҮЙЛЕСТІРУ СОВЕТІ (координационный совет). *Белгілі бір мәселе жөніндегі жұмыстарды қадағалап тексеріп, бағыттап отыратын совет.* Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанынан құрылған *Үйлестіру советі* қылмыскерлермен, маскүнемдермен, еңбексіз табыс табушылармен аяусыз күресу туралы шаралар белгілеп отыр (ЛЖ, 1987, 15 май).

ҮЙЛЕСТІРУШІ (светофор). *Көше қиылысында орнатылған бағдар шамы.* Кішкентай қалалар көше қиылысынан өтерде, әсіресе *үйлестірушісі* жоқ — көше қиылысынан өтерде бар мүмкіндігінше көмек көрсетіп, қол ұшын бергейсіз (Алматы ақшамы. 1988, 30 декабрь).

ҮЙМЕРЕТ (сооружение). *Құрылыс, ғимарат.* Әсіресе мазар *үймеретін* салуға қолданылған күйген қыш, майолика тақтасын жасайтын жадығат (материал) таптырмайды (СҚ, 1986, 13 ноябрь).

ҮЙРЕТУШІ (репетитор). *Оқушының (студенттің т. б.) белгілі бір пәннен немесе өнердің бір саласынан білімін толықтыра түсуге ақы алып жәрдемдесетін адам.* Баласы жан-жақты жарасымды өсуі үшін түрлі үйірмелерге жаздырып, *үйретуші* жалдап, шет тілдерін білуге баулып жүрген кей ата-ананың ең басты міндеттерін — өз ана тілін үйретуді қағыс қалдыратыны қынжылтады (Қаз. әйел., 1983, № 9, 12-б.).

ҮККІШ (терка). *Көкөніс, сыр, алма сияқтыларды үгіп, майдалауға арналған жабдық.* *Үккіштен* өткізілген пиязға, су, май, жұмыртқаның сары уызы, бал (шай қасықпен) қосып, осы қоспаны басқа жағып, бір-екі сағаттан соң жуса, құрғақ шаштың түсуін тоқтатып, өсуіне көмектеседі (Мәд. және тұр., 1983, № 9, 7-б.). ...*Пиязды үккіштен* өткізіп, қоймалжыңын басқа жағып, сыртынан танып қойып, бірнеше сағаттан соң жуып тастайды (Сонда).

ҮЛГІШІ (модельер, модельщик). *Киім, кілем т. б. үлгісін жасаушы.* ...Музейде ... кілемдердің астында *үлгішінің* емес, кілемшінің аты жазылып жүр (Қаз. әйел., 1982, № 3, 19-б.).

ҮЛЕСТІ ӘДІС/ҮЛЕСТІК ӘДІС (порционный метод). *Астықты үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ететін тәсіл.* Соңғы жылдары аудан шаруашылықтарында кең өріс алған бұл комбитрейлерлік және *үлесті әдістер* біздің есебіміз бойынша автомобильдердің еңбек өнімділігін үш-төрт есе арттыра түсуге мүмкіндік береді (СҚ, 1981, 24 сентябрь). ...*Жабдықтармен* жарақтандырылуы астықты егіс алқабынан тасудың комбитрейлік және *үлестік әдістерін* енгізуге көмектесіп отыр (СҚ, 1983, 30 август).

ҮМБЕТ діни (чадо, мирян). *Діни атағы жоқ, жай адамдар.* Үстіміздегі жылы Русьтің шоқынғанына мың жыл толады. Осы кезден бері біздің шіркеу өз *үмбеттеріне* рухани қорек беріп, олардың бойына інжіл принциптерін сіңіруде. азаматтық рақымшылдық тәрбиелеуде (СҚ, 1988, 13 август).

ҮМІТКЕР спорт (претендент). *Спорт т. б. салада белгілі бір жарыс межесінен өтіп, одан кейінгі бәсекеге қатысуға мүмкіндік алған адам.* Бұл күндері Лондонда өтіп жатқан шахматтан элем тәжі үшін *үміткерлердің* жартылай финальдық сайыстарының әр партиясы жанкүйерлер назарын аударуда (СҚ, 1983, 29 октябрь). Шахматтан дүние жүзінің біріншілігіне *үміткерлер* кезекті партиясына ойнады (ЛЖ, 1975, 16 июль).

ҮНЖАРИЯ (газета). *Күн сайын дерлік немесе апта сайын шығатын мерзімді басылым.* Қазіргі аға үнжариямыз — «Социалистік Қазақстан» мен 1911 жылғы «Қазақстанның» атындағы ұқсастықтан басқа тарихындағы қызықты байланыс назардан қағыс қалып келеді (СҚ, 1991, 19 наурыз).

ҮРЛЕМЕЛІ ОРКЕСТР (духовой оркестр). *Үрлей ойнайтын аспаптарда ойнайтын музыканттардың оркестрі.* Сондай-ақ, сіздер біздерден үрлемелі оркестрді алдырта аласыздар, неке тойының көйлектерін жалға ала аласыздар. (Алматы ақшамы, 1989, 18 желтоқсан).

ҮРМЕЛІ МУЗЫКА (духовая музыка). *Үрмелі аспаптарға арналған музыка.* Үрмелі музыканың Бүкілодақтық мерекесі болмақ (СҚ, 1988, 8 май).

ҮСТЕЛ ОЙЫНДАРЫ (настольные игры). *Үстел үстінде ойналатын спорт түрлері.* Өрт сөндіру тақырыбына арналған үстел ойындарын ойлап табыңыздар (Алматы ақшамы, 1988, 30 август).

ҮШТАҒАН (триада). *Үш нәрседен, бөліктен тұратын тұтастық, бірлік.* Сәулетшіден өнері тұтастық пен жарасымдылықты туғып көтерген сонау ерте заманда «архитектура» ұғымы Ветрувийдің — пайдалылық, беріктік, әдемілік деген хрестоматиялық ұштағанмен сипатталатын (Алматы ақшамы, 1988, 18 август).

Ф

ФИЛЬМХАНА (фильмотека). *Фильмдерді сақтайтын мекеме немесе мекеме құрамындағы бөлім* (Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы. 1979, 52-б.).

ФОТОБЕЙНЕ (фотоизображение). *Фотоға түсіргенде оның суретке түсірілетін объектісі, бейнесі.* 1/250 секунд сияқты қысқа түсіру уақытының өзінде едәуір қозғалыс туып, болашақ фотобейнеге зақым келеді (Біл. және еңб., 1988, № 3, 46-б.).

ФОТОТЕРІМ (фотонабор). *Баспа орындарындағы кітап-журналдарды фото тәсілімен теру.* Кітап басып шығарудың өндірістік циклын тездетудің бірден бір ұтымды тәсілі — фототерім әдісіне көшу (ҚӘ, 1988, 1 апрель). Келесі кезекте біз фототерім учаскесінің жұмыс тәсіліне көңіл аудардық (ЛЖ, 1986, 11 февраль).

ФОТОШАҚПАҚ (фотовспышка). *Фотоаппараттың жарық беретін құрылғысы.* «Киев-35А» көлемі өте шағын отандық фотоаппараттардың бірінен саналады. Оның экспозициясы автоматты түрде жұмыс істейді. Шаппасы электронды басқарылатындықтан, ол выдержклардың қандай жағдайында да фотошақпақты пайдалануға мүмкіндік береді (Алматы ақшамы, 1988, 1 август).

Х

ХАБАРНАМА (информатика). *Ғылыми информацияның берілу әдістері мен жалпы қасиеттерін, құрылымын зерттейтін пән.* Компьютерлік техника және хабарнама туралы білім (информатика) — осы замандық ғылыми-техникалық революцияның перзенттері (СҚ, 1985, 16 июль). «Хабарнама» деген сөз тілімізде әлі кіріге қоймағаны мәлім. Ол байырғы латын тіліндегі информация (хабар, мәлімдеме) сөзі негізінде жасалып, жалпылық қолданысқа енді ғана ене бастаған «информатика» деген білім саласы атының қазақша баламасы болар деген ойдамыз (СҚ, 1985, 16 июль).

ХАЙУАНАТХАНА (зоопарк). *Айуанаттар паркі.* Зоопарк қызметкерлері мақаламыздың соңына «Пілдің даусын тыңдауға құмарлар

Қарағанды хайуанатханасына келсін» дегенді қосуды сұрап еді (ЛЖ, 1986, 30 август).

ХАЛЫҚНАМА (народоведение). *Халықтардың тұрмысын, салт-санасын, мәдениетін т.б. зерттейтін білім-ғылым саласы.* Ол — халықнама, халық туралы ғылым! Уақыт отына әбден қақталған Біз туралы ғылым! (Білім және еңб., 1985, № 11, 22-б.).

ХАТТАУ (оформление). *Хаттап-қағаздау, қағаз жүзінде заңдастыру.* Даулы халықаралық мәселелерді шешуде күш қолданудан немесе күш қолданамын деп қоқан-лоқы жасаудан бас тарту жөніндегі Хельсинки уағдаластықтарында *хатталған* принципі бұза отырып, Вашингтон өз мақсаттарына жету үшін әскери күшке иек артуда (СК, 1984, 15 январь). Тағы бір жаңалықты істі де кенінен пайдаланған ләзім. Ол — кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен қолхоздарға еңбек коллективі мүшелерінің баспасөзге жазылуын тұңғыш рет қолма қол есеп айырусыз *хаттауға* рұқсат етілуі (СК, 1988, 17 август).

ХАТХАНА (отдел писем). *Газет-журнал редакциясы мен мекемелерге жіберілген хат-хабарларды қабылдайтын бөлім.* Өткен жылы редакцияның *хатханасына* 23 мыңға жуық хат түсті (ЛЖ, 1976, 23 январь).

ХАШИЯ Қ а р а : *Һашия.* Мысалы, М. Әуезовтің Абай мұрасы туралы ғылым зерттеулері мен көркем туындыларының өзі және олардың түрлі қолжазба нұсқалары, тезистері, неше түрлі шашпа пікірлері, *хашиялары*, жазба пікірлері мен баяндамалары, сөйлеген сөздері және басқаларының көлемі жағынан 15 томдық туынды екендігі анықталып отыр (СК, 1987, 15 июль).

ХШЖҚ (ВДНХ). *Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі.* Ағаш көшеттерін және жеміс-жидек тұқымдарын сату көрмесін өткізу. *ХШЖҚ* территориясында (Алматы ақшамы, 1991, 19 наурыз).

ХИМТАЗАЛАУ (химчистка). *Қиім-кешекті химия әдісімен тазалау.* Егер сіз *химтазалау* салонына келе алмасаңыз, 53-13-13 телефоны арқылы қабылдаушыны үйіңізге шақыртуыңызға да болады (Алматы ақшамы. 1990. 22 тамыз).

Һ

ҺАШИЯ (заметки на полях книг). *Оқырманның кітап шетіне түсірген белгісі, қысқаша пікірі.* Біз оқушыларды есімі аңызға айналған, белгілі жауынгер-жазушы, полковник Бауыржан Момышұлының Абай кітабының шетіне жазылған *һашиясымен* таныстырамыз (Мәд. және тұр., 1981, № 2, 18-б.).

Ш

ШАҒЫН ЛИТРАЖДЫ АВТОМОБИЛЬ (малолитражный автомобиль). *Двигательінің литражы 0,85 л. және массасы 700—1000 кг жеңіл автомобиль.* Москваның Ленин комсомолы атындағы автомобиль заводы — еліміздегі жетекші кәсіпорындардың бірі. Мұнда автомобиль жасау өнеркәсібі саласындағы озық жетістіктер негізінде отандық *шағын литражды автомобильдердің* жаңа модельдері мен туынды үлгілерін жасап шығаратын өндіріс құру ұйғарылып отыр (СК, 1985, 15 сентябрь).

ШАЙЫРҒАН (юмор). *Мысқыл, келеке.* Стивен Ликок. *Шайырған* сөздер. «Жазушы» баспасы, Алматы, 1969 жыл.

ШАҚПАҚТАЛҒАН МЫС (медь рафинированный). *Тазартылған,*

- қоспасыз мыс.** Стандарттарды жетілдіріп және олардың ролін арттыра отырып, Мемлекеттік сапа белгісімен шығарылатын өнеркәсіп өнімдері өндірісінің жалпы көлемінің 20 процентіне дейін, соның ішінде *шақпақталған мыс* 66 процентке дейін өсірілді (СК, 1984, 17 январь), Жоспардан тыс мыңдаған тонна мыс және қорғасын-мырыш рудасы өндіріліп, едәуір мөлшерде марганец қоспасы, *шақпақталған мыс*, түсті прокат берілді, халық тұтыну товарларын өндіру 15 процент өсті (Сонда).
- ШАҚПАҚ ШАМ** (фотовспышка). *Фотоаппараттың жарық беретін құрылғысы.* Тағы бір ерекшелігі — *шақпақ шамды* кабель арқылы да, кабельсіз де жалғауға мүмкіндік беретін қосымша тетіктердің болуы (Алматы ақшамы, 1988, 2 август).
- ШАҚЫРУ** (лозунг). *Саяси ұрандар жазылған мата немесе қағаз.* Еңселі үйдің бір қабырғасында «Комсомол жастар, өз үйімізді өзіміз салайық!» деген *шақыру* түр. Бұл шақыруға завод қана емес, қазір қала жастары да үн қоса бастады (СК, 1987, 7 июль).
- ШАПАҚТЫ МУЗЫҚА** (цветомузыка). *Түрлі-түсті электр шамдары жағылып ойнатылатын музыка.* Жанар фирмасы былай деп хабарлайды: Дискотека, жастар кешін ұйымдастыруға қол үшін бере аламыз. Кешті жүргізуші, *шапақты музыка*, магнитофондық жазу жайында сіз ешқандай да қам жемейтін боласыз (Алматы ақшамы, 1988, 15 июль).
- ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕ** (договорные обязательства). *Белгілі бір шартпен жасалған келісім, міндеттеме.* Шартты міндеттемелердің орындалуы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнының төмендеуі байқалады (СК, 1983, 9 июль).
- ШАРУАКЕШ** (хозяйственник). *Мекеме, кәсіпорын, совхоз т. б. ұйымдарда шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырушы адам.* Шаруакештер тілмаш керек етпей, іштен ұққандай бас шұлғысты (СК, 1983, 8 май).
- ШАРУАГЕРЛІК** (хозяйственность). *Қоғамдық еңбекке, экономика мен шаруашылыққа ұқыпты, саналы қараушылық.* Сонымен бірге күнделікті өмірде кездесетін күрделі мәселелерді *шаруагерлікпен* талдайтын, тәртіпті күшейтіп, еңбек өнімділігін арттыру жолдарын көрсететін, орын алып жүрген кейбір кемшіліктерді жоюды талап ететін ұсыныс-пікірлер де мол (СК, 1984, 27 январь). Бағдарлап қарасақ, проходкашылар әдеттегі іске осылай *шаруагерлік*, ұқыптылықпен қарап, өндіріс процесінде жауапкершілігін арттыра түсті (СК, 1983, 11 октябрь).
- ШАРУАШЫЛЫҚ ЕСЕП** (хозрасчет). *Өзін-өзі қаржыландыру.* Шаруашылық есепке көшу мәселесі барлық цехтық партия ұйымдарында қаралып, іске талдау жасалды (СК, 1988, 27 февраль).
- ШЕКІМЕЛЕУ** (чеканка). *Металдың бетіне әшекей өрнектерді соғып салу.* «Бипазбен типылдау» арқылы жылтыратып, майда нақыштармен, *шекімелеу* тәсілімен өрнектеп, тартымды, құлпырмалы түске келтіретін болған (Қаз. әйел., 1983, № 9, 14-б.).
- ШЕРУ** публ. (шествие). *Қозғалыс, күрес.* Бейбітшілік *шеруі* (марш мира). Бейбітшілік үшін күрес қозғалысы. Қазіргі «Бейбітшілік *шеруі* — 81» сияқты әрекеттер қалың жұртшылыққа да едәуір ықпал жасайтынын өз басымнан өткен тәжірибемен білемін (ЛЖ, 1981, 1 август).
- ШЕРУШІ** (демонстрант). *Қоғамдық саяси көңіл күйін білдіру үшін шеруге шыққан адам (топ).* Іс жүзінде барлық шешімдерді, соның ішінде Ішкі істер министрлігінің әскерін қатыстыру, *шерушілерді* қуып-тарату туралы шешімдерді Г. В. Қолбіннің кабинетінде мо-

сқвалық жетекшілер жабық есік жағдайында қабылдады (Алматы ақшамы, 1990, 29 қараша).

ШЕТКЕ ШЫҒАРУ//ШЕТТЕН КЕЛТІРУ (экспорт, импорт). *Мемлекетаралық сауда операциясы: шет елдерге товар шығарып сату, шет елдерден товар сатып алу.* Апарым (вывоз), әкелім (ввоз) сөздері қазақ тілінің сөздік қорында бар ма? «Шетке шығару» шеттен келтіру» деп дұрыс алынған сияқты еді (СК, 1977, 15 июль).

ШОҚ ГҮЛІ (бутоцвет). *Күйеу жігіттің киім жағасына немесе түйменің ілгегіне қадалған гүл. Шоқ гүлді* пиджактың сол жақ жағасының қайырмасына тігіп қояды. Бұл гүл мүмкіндігінше қалыңдықтың көйлегімен түстес болуы керек (Алматы ақшамы. 1990, 12 наурыз).

ШОТЕСЕП (расчетный счет). *Өз-ара есеп жүргізетін есеп қағазы.* Қазіргі кездегі өмір қажеттілігіне сәйкес әртүрлі қорлардың шот-есептер (расчетный счет) ашылып жатыр. Ал, оған өзіндік көмек көрсету әркімнің азаматтық борышы. (Халық кеңесі. 1990, 17—23 шілде).

ШОШҚАБОРЫҚ м. е. д. (свинка). *Шықшыт безінің қабынып ауруы.* Біз — мен, жұбайым және екі қызым үйде қалып, шошқаборықпен ауырғанда, кітапханамыздағы кітаптардың бәрін оқып тауысқан соң мен прокатқа телевизор алдым (ЛЖ, 1978, 26 сентябрь).

ШӨНЖІК (детеныш тигра). *Жолбарыстың күшігі. Шөнжіктер* ырсылдай, пысылдай жарысып, қу шандырды аяусыз созғылауға кіріскен (Жұлдыз, 1985, № 2, 91-б.).

ШӨП ҰНЫ (травяная мука). *Мал азығы ретінде дайындалатын, көпжылдық шөптен жасалатын ұнтақ.* Өткен жылы өндірілгеннен витаминді шөп ұнын 6,1 мың тонна көп әзірледік. Бұл істі Жамбыл, Шелек аудандары ойдағыдай жүргізді (Жетісу, 1983, 12 октябрь). Шөп ұны өте құнды белокты витаминді мал азығы болып табылады (Сыыр етін өнеркәсіптік негізде өндіру жөнінде анықтамалық 1980, 62-б.).

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ (творчество). *Белгілі бір маман иесінің шығарма тудыру еңбегі.* Гастрольге дейін де тынбай ізденіп, Ш. Қалдаяқовтың шығармашылық кеші секілді мерейтойлар өткізген артистеріміз, гастрольден кейін де «Дарига, домбырамды берші маған» деп әнді сүйген М. Мақатаев ағамыздың ән-жыр кешін жасауды, думандатып сан алуан концерттер өткізуді ұйғарғанын да айта кеткен жөн (Алматы ақшамы. 1991, 26 ақпан).

ШЫҒАРЫЛЫМ (выпуск). *Лотерея, заем т. б. тәрізді финанс операцияларының баспасөзде жариялау, айналымға түсіру.* 2 июльде 1977 жылғы ДОСААФ лотереясының бірінші шығарылымы ойнайды. Оның тиражында 7 миллион 200 мың сомның ұтысы болады (Сем. таңы, 1977, 19 июнь).

ШЫҒАРЫМПАЗ ОДАҚ (творческий союз). *Шығарымпаз одақтар мен баспалардың, бұқаралық насихат құралдарының мәдениет ошақтарының биік міндеттері туралы айта кетсеңіз* (СК, 1990, 29 сәуір).

ШЫҒЫНҚЫ БАСПА (высокая печать). *Тасқа басылған баспа.* Орайы келгенде тағы бір нәрсені еске сала кеткіміз келіп тұр. «Қазақстан мектебі» журналы мен «Бастауыш мектеп» қосымшасының ішкі мұқабасынан шығынқы баспа деген сөзді кездестіреміз (КӘ, 1982, 26 март).

ШЫНЫТАС (кафель). *Құрылыс материалы.* Ал пәтердегі жөндеу жұмыстарын біздің шеберлерге тапсырсаңыз, «Жанар» фирмасы атқаратын үй әкетудің, линолеум төсеудің, шынытас жапсырудың,

тұсқағаз желімдеудің сапасына шек келтірменіз (Алматы ақшамы, 1988, 14 сентябрь).

ШЫҢЫЛТЫР (глазурь). Қара: Әйнекей. З. Р. Кәрімбекова, С. Т. Сүлейменов, С. С. Тәкібаева, Б. Т. Тұяқбаева, Н. Өмірзақов Қожа Ахмет Яссауидің архитектуралық комплексін қалпына келтіруге арналған ежелгіге ұқсас *шыңылтыр, шыңылтырланған және шыңылтырландырылмаған керамикалық бұйымдар* (СК, 1986, 13 октябрь).

ШЫРША (елка). *Жаңа жыл мейрамында түрлі ойыншықтармен арнайы безендірілген шырша ағашы*. Балалар шамы жаркыраған шырша жанында ән айтып, Аяз ата қолынан сыйлық алып, Ақшақармен және түрлі ертегі кейіпкерлерімен бірге ойнап, шат-шадымен болды (Алматы ақшамы, 1991, 7 қаңтар).

ШЫРЫНДЫ АЗЫҚ (сочные корма). *Ылғалдылығы 70 процентке дейінгі мал азығы*. Біз *шырынды* азық үшін 443 гектарға сүрлемдік жүгері еккен едік (Жетісу, 1983, 9 сентябрь).

ШЫРЫНСЫҚҚЫШ (соковыжималка). *Жеміс-жидектердің шырынын бөліп алуға арналған аппарат*. Сонымен бірге сүт сауатын аппараттарды, сепараторды, *шырынсыққыштарды*, бір рет және бірнеше рет пайдалануға болатын қалпақтарды... жоспарлы түрде сериялап шығару жағын да шешу керек (СК, 1987, 28 май).

Ы

ЫҚТИМАЛДЫҚ ТЕОРИЯСЫ матем. (теория вероятностей). *Математикада кездейсоқ болған уақиғаларға қарап соларға ұқсас уақиғалардың да болу ықтималдылығын табатын теория*. Тілді зерттегенде ... *ықтималдық теориясын* қолдану кең өріс алып отыр (Қаз. мект., 1983, № 7, 65-б.).

ЫҚТЫРМА (кулисы). *Пар айдалған жерге ұзын сабақты өсімдіктер (жүгері, күнбағыс, қыша т. б.) егілген алқап*. Топырақтағы ылғал тапшылығының тақсиретін көріп жүрген диқанدارдың биыл небәрі 1353 гектар парға *ықтырма* отырғызуын, облыс бойынша барлық жаздық дақылдар егістігіндегі пардың үлес салмағы 15—16 процентке жеткенде, мұнда ол бар болғаны 9 проценттен аспауын қалай түсіндіру жөн? (СК, 1983, 11 октябрь).

ЫРҒАҚТЫ ГИМНАСТИКА (ритмическая гимнастика). *Музыканың сүйемелдеуімен әбжіл ырғаққа негізделген гимнастика түрі*. Ертең *ырғақты гимнастика* болады (СК, 1988, 8 май).

ЫСЫРА ЖИҒЫШ ауыл шар. (волокуша). *Шабылған шөпті жинайтын ауылшаруашылық машинасы*. Өнім жинау комплексіне тырмалар да қосылды. Олар *ысыра жиғыштың* соңынан таза жиналған танаппен жүрген сияқты болып көрінеді. Соның өзінде тырмалар да гектардан үш центнерден астам пішен жинайды (СК, 1985, 11 июнь).

ЫСЫРМАЛЫ КАЛЕНДАРЬ. Қара: Күнпарақ. Ал оларға өмір ететіндер жөнінде мұның бірін де айта алмайсың. Себеп белгілі: басшылық қасаған соң отырған орнымен де, таққан галстугіңмен де, тіпті *ысырмалы календарыңмен* де оқшаулануың керек (КӘ, 1989, 29 қыркүйек).

I

ІЗАШАР (предшественник, первопроходец). *Белгілі бір істі алғашқы болып қолға алушы, оның әрі қарай дамуына қол ашушы*. Біз дұрыс, лениндік жолмен жүріп келе жатқанымызды білеміз. Бірақ

біз өзіміздің тәжірибемізден, сондай-ақ достарымыздың тәжірибесінен *ізашарлар* жолының кедір-бұдыр екенін де, жаңа өмір ізденіс пен күрессіз орнықпайтынын да жақсы білеміз (ЛЖ, 1983, 6 ноябрь).

ІЗГІ НИЕТТЕГІ КӨМЕК (гуманитарная помощь). *Ізгі ниеттегі көмек* жүктерінің көлемі артып келеді. 29 қарашадан 12 желтоқсанға дейін біздің елімізге 46 авиация рейсімен 740 тонна жүк жеткізілді (СК, 1991, 3 қаңтар).

ІЛГЕРІШІЛ (прогрессивный). *Ілгері қарай дами түсетін, жетіле беретін*. Шаруашылықтарда еңбекті ұйымдастырудың *ілгерішіл* формасын өндіріске енгізуге көңіл бөліне бастады (СК, 1985, 31 март). Шоқанның Петербордан кейінгі өмір кезеңі де әсерлі жазылған. Ғалымның сәтсіздікке душар болған сәттерінде бірге күйінесің, *ілгерішіл* ісіне бек сүйінесің (Біл. және еңб., 1988, № 7, 47-б.).

ІЛЕСПЕ АУДАРМА (синхронный перевод). *Сөйлеп тұрған шешеннің сөзін табанда, ілезде басқа бір тілге аудару*. Егер сессияда қазақша ұсыныс-пікірлер айтылып жатса, ел мен жұмыс жасайтын орыс тілді депутаттардың құлағы үйреніп, тілі сынар еді, олар түсінбейді деп қорқудың еш реті жоқ. Себебі *ілеспе аударма* жұмыс істейді (Халық кеңесі. 1991. 28 ақпан).

ІЛЕСПЕ ГАЗ (попутный газ). *Мұнай өндіру кезінде алынатын газ*. 1981 жылдың жеті айының қорытындысы бойынша басқарма жоспардан тыс 22 мың тонна мұнай, 1,4 мың текше метр *ілеспе газ* өндірді (СК, 1981, 2 октябрь). Энергетикалық программаны орындай отырып, тапсырмаға қосымша 45 мың тонна мұнай және газ конденсаты, 20 миллион текше метр табиғи және *ілеспе газ* өндіріледі (СК, 1984, 15 январь).

ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУ (фундаментальное исследование). *Теориялық негізі терең, өзекті ғылыми зерттеу*. Ғалымдардың күш-жігері *іргелі* және қолданбалы өзекті *зерттеулерге*, жұмысты орынсыз қайталаушылық пен тақырып жұтандығын жоюға бағытталуға тиіс (ЛЖ, 1983, 28 октябрь).

Э

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ (экономическое сообщество). Сөйтіп, Экономикалық Өзара Көмек Советі мен Европалық экономикалық қоғамдастық осыдан екі жылға жетпейтін уақыт бұрын түскен жолда тағы бір қадам жасады (СК, 1988, 2 август).

ЭЛЕКТРМЕН ПІСІРУШІ (электросварщик). *Электрмен металды балқытып, металды өз-ара қабыстырып қосатын маман*. Темір жонушылар Қ. Нұрмағанбетов, С. Бармаков, Д. Зиналиев, *электрмен пісіруші* Д. Ғаббасов, құрастырушылар С. Жәнекенов, К. Бисенбаев (СК, 1988, 30 апрель).

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

А. А.	— «Алматы ақшамы» газеті.
Астрон.	— астрономиялық
Әлеу.	— әлеуметтік
Әск.	— әскери
Әдеб. т.	— әдебиеттану
Бот.	— ботаникалық
Геогр.	— география
Зоол.	— зоология
Ком. еңбек	— «Коммунистік еңбек» газеті
Ком. жол	— «Коммунистік жол» газеті
Ком. таңы	— «Коммунизм таңы» газеті
Ком. туы	— «Коммунизм туы» газеті
Қаз. ауыл шар.	— «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналы
Қаз. әйел.	— «Қазақстан әйелдері» журналы
Қаз. ком.	— «Қазақстан коммунисті» журналы
Қаз. мект.	— «Қазақстан мектебі» журналы
Қаз. мұғ.	— «Қазақстан мұғалімі» газеті
ҚӘ	— «Қазақ әдебиеті» газеті
Қаз. пионері.	— «Қазақстан пионері» газеті.
Қоғ.	— қоғамдық
Қаз. үг.	— «Қазақстан үгітшісі» журналы
ҚСЭ	— «Қазақ совет энциклопедиясы»
ЛЖ	— «Лениншіл жас» газеті
Мәд. және тұр.	— «Мәдениет және тұрмыс» журналы
Оңт. Қаз.	— «Оңтүстік Қазақстан» газеті
Орт. Қаз.	— «Орталық Қазақстан» газеті
құрыл.	— құрылыс
лингв.	— лингвистика
мед.	— медицина
пед.	— педагогика
поэт.	— поэтикалық
публ.	— публицистикалық
саяси.	— саяси
СҚ	— «Социалистік Қазақстан» газеті
техн.	— техникалық
транс.	— транспорт
фин.	— финанс
фольк.	— фольклор
хим.	— химия
экон.	— экономикалық
юр.	— юристік

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Сөздіктің сипаты мен құрылысы жайында	10
Қазақ алфавиті	13
Шартты қысқартулар	127

Справочное издание

НОВОЕ В КАЗАХСКОЙ ЛЕКСИКЕ

(на казахском языке)

Редакторы **Ө. Кесікбаев**
Көркемдеуші редакторы **Р. Қойшығұлова**
Техникалық редакторы **Н. Мельник**

ИБ № 170

Теруге 23.01.92 жіберілді. Басуға 4.06.92 қол қойылды. Пішімі 84×108¹/₃₂.
Баспаханалық қағаз. Әріп түрі әдеби. Шығыңқы басылыс. Шартты баспа
табағы 6,72. Шартты бояулы беттаңбасы 7,04. Есептік баспа табағы 10,36.
Тиражы 9600 дана. Заказ 3443. Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің
«Ана тілі» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің
«Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фаб-
рикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспекті, 93-үй.

